


Мәриям
ХАКИМЖАНОВА




Шығармалары





«Ана тілі»
баспасы
ЖШС
2006



Мәриям
ХАКІМЖАНОВА

Шығармалары




«Ана тілі»
баспасы
2006

Мәриям
ХАКІМЖАНОВА

Шығармалары

Үш томдық
шығармалар жинағы




«Ана тілі»
баспасы
2006

Мәриям
ХАКИМЖАНОВА

Шығармалары

Екінші том

Өлеңдер
Поэмалар
Жазбалар



«Ана тілі»
баспасы
2006

ББК 84 Қаз 7

X—16

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды

Құрастырып, алғы сөзін жазған
Магира Қожахметова

X—16 Хакімжанова Мәриям. “Шығармалары” (II-том)
Алматы: “Ана тілі” баспасы, 2006 — 328 бет.

ISBN 9965-670-45-5

Қазақтың көрнекті ақыны Мәриям Хакімжанованың бұл екінші томына әр кезеңде жазылған толғаулары, поэмалары, балаларға арналған өлең, жоқтау және жұбату жырлары жинақталған. Кезінде Фариза Онғарсынова: “Еліме ана боларға лайық едің сен ғана” деп, Мәриям Хакімжанованың “әр сөзі — асыл батадай” екенін айрықша атап өткен-ді. Ақынның жүз жылдық мерейтойын өткізуге, осы шығармалар жинағының жарық көруіне тікелей ықпал еткен Ф. Онғарсынованың жазғанындай “жыр — отаудың сәні, ақыл — ойдың нәрі” — М. Хакімжанованың Ұлы Отан соғысы жылдары ерлікке, патриоттық сезімге баулыған дүниелері де тұнғыш рет осы кітапта топтастырылып берілді.

X—
 $\frac{4702250200}{415(05)-06}$ 06

ISBN 9965-670-45-5

ББК 84 Қаз 7

© Хакімжанова М., 2006
© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2006

Өлеңдер

Ағайынды бесеуміз бірге туған,
Жарыса өстік жасқанбай от пен судан.
Екі аға,
екі інім бар ортасында,
Жалғыз қызы бол қасқайып өзім туғам.

Өр көкірек үлдардың арасында,
Жалғызбын деп қорғалап қаласың ба?
Өлең атты ақ құстың қанатында,
Кетіп барам ақындар санатында.

БӘРІҢДЕ ДЕ ЖЕТЕРМІН
(Жамал келініме)

Ақ жарқын, қадірменді Жамал қелін,
Өзінмен бірге тұрған кезім менің.
Ескерткіш боп қолына бара жатыр,
Сағынгандай кәрі қыз туған жерін.

“Әжем ғой” деп Зәурешін елең етсе,
Күлшар мен Хамза айттар “Алам менің”.
Бәріңде де жетермін қарақтарым,
Толқын атып қеудемде тұрса демім.

1980

КӨЗІҢНЕҢ ЖАНАДЫ ШОҚ
(Әсия Аязбаеваға)

Ақ көңіл, кішіпейіл, көргенді жан,
Өмірге тік қарайтын мінезің паң.
Ақсия құліп, қарсы алған қылыштарын,
Жүргімді жібітіп тербейді қан.

Сен де өзімнің қызыымсың алаңы жок,
Сүйсініп келбетіне қарадым көп.
Мен келгенде алдыңа қуангандай,
Күлімдеген көзіңнен жанады шоқ.

Берген дәрің ем болсын біздей жанға,
Оттегінің қасиеті сіңсің қанға.
Қайғы көрме қасқайып, адымдай бер,
Дос-жараның сүйінсін самға, самға!

1981

ҰМТЫЛ АЛҒА
(Студент Сәбитке)

Он жыл бұрын барып едің мектепке,
Өлең арнап жазған едім сонда мен.
Үміт, тілек зая болып кетпепті,
Студент боп, қарсы алдымда тұрсың сен.

Ата-бабаң салтанатын сақтадың,
Білімдарлық қасиеті дарысын.
Бар жақынның тілегін де актадың,
Құтты болсын, бет алысың, барысың!

Надандықтан, арамдықтан жиренген,
Аруақты — Алтынсарин үрпағы.
Ұлы Ленин дөуірінен үйренгін,
Дегенді айтып, тойында жыр шырқадым.

Әдепті бол, азamat бол, алғыр бол,
Айыра біл дос пен қастың арасын.
Алыста емес,
 өз ортанды үлгің мол,
Сен талпынбай, қалай кейін қаласың?!

Қайырымды бол,
 мейірімді бол, көреген,
Еңбеккор жан ерінбейді, талмайды.
Жақсылық, бақыт келмейді өзі тобеден,
Сол үшін адам,
 бар қайратын арнайды.

Ұмтыл алға,
 қатарынан қалыспа,
Арманым жок,
 озып шықсан жарыста.
Өмірлі бол, бақытты бол, балғыным,
Еске аларсың,
 Кетіп қалсам алысқа!

1982

ТАҒДЫРЛАС ЖАН (Дәмеш Ермековага)

Әрі дос, әрі құрбым, қадыр білген,
Тағдырлас жан едік біз қатар жүзген.
Ұсындым кітабымды өзіңе арнап,
Туган жыр, арпалыста мандай терден.

Оқырсың, ойланарсың қайран Дәмеш,
Қарсы аламын, айттар болсаң ақыл-кеңес.
Жек көрем, жиіркенем жылпостардан,
Өсекшіл, екі жүзді, қызыл өңеш.

Кулық-сүмдышқ ондайдың ойлаганы,
Арсыздық, арамдыққа тоймағаны.
Көзге күліп, сыртынан тас атады,
Сезіп қалар деп малғұн ойламады.

Талай шалды талай ку, қалды есімде,
Айтшы өзің, күйіп-пісем мен несіне.
Ит үред-керуен көшеді деген бар ғой,
Тұнілгенде, тұседі сол есіме.

1982

ТОЛҒАНЫП АНА ЖЫРЛАЙДЫ (1984 жылға арнаймын)

Жарқырап атты, міне, бейбіт таңы,
Куанды, құшақ ашты жанның бәрі.
Ақ әже, ақын әже өлеңдесе,
Мәз болып, құшақтайды балалары.

Әжелеп, аймалайды қыз-келіні,
Құттықтап, жабысады жас еріні.
Немере-шөбересін сүйген ана,
Елжіреп ет жүрегі тебіренді.

— Бала үшін, бақыт үшін төккен терім.
Еліме бағышталды еңбектерім.
Жаракты жауды жеңген жайсандарам.
Жаңбыр боп жауған оқтан тайсалмадым.

Көп көрдім дүниенің жазы-қысын,
Алыстым, арпалыстым өмір үшін,
Ыстыққа суыққа да бой бермедім,
Егессем, еселенді қуат-қүшім.

Намыстың қасиетті туын үстап,
Қолымнан түсірмедім, қысса-қыспак.
Жарқырап жарық сәуле түрдү алдымда,
Бақыттың, бостандықтың жолын нұсқап.

Іздеген арманыма жетті қолым,
Өмірден ылайықты таптым орын.
Санама саф алтындаі құйып алдым,
Лениннің қасиетті әділ жолын.

Көп дүшпан күмпілдейді көре алмаған,
Еліне шуақты күн бере алмаған.
Коммунисті құртам деп құлшынады,
Өзінің келешегіне сене алмаған.

Аузынан қара көбік жынын шашып,
“Қырам”, “жоям” конбесен перне басып”.
Деп қорқытпақ ақ сүйек, алпауыттар,
Жынданған адамдай нақ қаны тасып.

Құтыға құйып алып ажал оғын,
“Қасына жинап алып азғын тобын.
“Батыс”, “Шығыс” тағдырың қолымда деп,
Арсылдап, айқайлайды күні бұрын.

Ойлан, мырза, ажалмен ойнамаңыз,
Жер жүзін жалтмаймын деп ойламаңыз.
Жауыздықтың қадамы қырқылсын деп,
Бар ана, соны тілеп ойланамыз!

Қара бұлт, тұнересің дауыл тілеп,
Дүниеде менен күшті жоқ деп білед.
“Ойнактаған от басар” деген сөзді,
Есіне есуастардың салғым келед!

1984.

ЖАН СЫРЫ

Жаңа жылдың кордім бүгін ақ таңын,
Куанышпен босағасын аттадым.
Жарық дүние, жайсан дүние төрінде,
Тебірене жыр төгілтпей жаттадым.

Өмірімнің отты жырын толғадым,
Жаным сергек,
сексен жасқа болмадым.
Ақындықтың қолыма үстап ақ құсын,
Аралаймын поэзия орманын.

Ақ қайың мен көк қарағай еменін,
Тік қараған теректерін көремін.
Қызыл арша, жасыл шырша, өрім тал,
Ортасында өлеңдетіп келемін.

Жарқыраған ашық менің аспаным,
Қара бұлттың қанатын қайырып таstadtым.
Ақ күмбезді Алатаудың торінен,
Сексен бірдің жаңа жырын бастадым.

Ақын киял аралайды шындарды,
Ақын үнін шымырлап шындар тындаиды.
Ақын жаны алаулайды лапылдап,
Бақыт жырын айту үшін тынбайды.

Ойландырад, толғандырад табиғат,
Күмбірлетіп көкірегіме жыр қүяд.
Жер бетінің сән-салтанат сөuletін,
Жырға қоспай, әнге қоспай кім қияд.

Өмір деген бейне бұлақ аққандай,
Шіркін дүние бар шырағын жаққандай.
“Жолың алыс, жүгің ауыр жинал”, – деп,
Бір керемет есігімді қаққандай...

Күн шығады, ай батады кезекпен,
Өлгеніңше ой тарқамас өзектен.
Ақын деген арпалысқан жандар ғой,
Дүниенің бар тынысын күзеткен.

Бар-жогына қарамайды ағындал,
Қасарысса тәңір ісіне табынбад.
Кейде асып, кейде тасып кетеді,
Кейде өрттей дүрілдейді жалындал.

Асықпаймын айтарымды айтамын,
Уақыт жетсе, мәңгі орныма қайтамын.
Отан аты, ұрпақ үні өшпейді,
Откендердің откелінен байқадым.

Береке, бірлік сақтайды елдің беделін,
Беделді елдің белесінде келемін.
Қайран елім, қайран жұртым, қамқорым,
Ақ жүзінен ақ пейілінді көремін.

Жаңа жылда жетсін даусым аймаққа,
Жыр шашуын шашайыншы жан-жаққа.
Өмір соны, жырдың соны бүл емес,
Жүйрік қалам, ақ қағазда ойнакта.

ҚАЙРАН ЕЛІМ!

Қос орденді қос қанатты Қостанай,
Ата мекен, саған келсем көнгілім жай.
Сенде тудым, сенде өстім, сен маган,
Көрінесің ақ сүт берген анамдай.

Көрем сені ыстық құшақ ұямдай,
Жырым төгіледі қөкіретіме сия алмай.
Келгенімде жас баладай қуансам,
Кетерімде қиналамын қия алмай.

Қайран елім, қайран жерім гүлдеген,
Қайран халқым қаталдықты білмеген.
Өзінен алған тәрбием гой жасымда,
Мейірімді жүргегімді тербеген.

Қайран елім, қайран жерім қуатым,
Саянда сенің өлең жырым туатын.
Таза ауан, жұпар исің, самалың,
Көкірегімнің қайғы-шерін жуатын.

Қайран менің жарқыраган көлдерім,
Сағынғанда аңқам кеүіп шөлдедім.
Әупілдегің көтере алмай жатқандай,
Сарғая күткен, сағынышын кеудемнің.

Қайран менің Тобыл сынды өзенім,
Сағынып келіп тогайынды кеземін.
Жастығымның бар қызығы сенде өткен,
Келін болып түскен жерім өз елім.

Желек жауып, бетімді ашқан жырменен,
Сәлем еттім құшағым толы гүлменен.
Ата-енемнің ақ батасын алғанмын,
Мандайымнан сипап еді-ау нұрменен.

Ақ отаудың сенде ашқанмын түндігін,
Тұңғышымның сенде кескен кіндігін.
Көрген түстей бар қызығым қысқа боп,
Арман болып артта қалды сол бір күн.

Ақ отаудың қапсыра сап есігін,
Таянушы ем бал бөбектің бесігін.
Сегіз байлық, сегіз жарлық сексенде,
Өткендерді еске алатын күн бүгін.

Өткен күндер оралмайды білемін,
Сағынғанда келіп-кетіп жүремін.
Топырағыңнан айналайын тұған жер,
Өлең арнап омырауыңа ілемін.

Көрем сені ыстық құшақ үядай,
Жырым төгіледі көкірегіме сия алмай.
Келгенімде жас баладай қуансам,
Кетерімде қиналамын, қиналамын,
кія алмай!

1986

ТОРФАЙ ТОЛҒАУЫ

Қасиетті қара шаңырақ Торғайым,
Сағынып келіп, саянда сенің толғайын.
Егізіңнің сыңарымын ежелден,
Сексенімді өз койнында тойлайын.

Ақ күмбезді, ақ тілеулі ордамсын,
Ерте оянып, елге үлгі болғансын.
Ақ батаңды алайын деп келдім мен,
Деші маган,
сапарынды онғарсын!

Ата-бабам мекендерген Торғайым,
Әткенінді, есkenінді ойлаймын.
Талдаң қарап, тарихынды зерттесем,
Елдігіне, ерлігіне тоймаймын.

Талай ұлың өткен кешіп өткелді,
Талай ауыр құнді бастан өткерді.
Ұлы-қызың бостандықтың жолында,
Киындықты, құғынды да көп қөрді.

Әлекен мен Аманкелді қос қыран,
Айқасканын аламандай бастырған.
Женістерін сол ерлердің жыр еткен,
Омар. Нуркан. Кайникейлей жас удан.

Атың Торгай болғанменен даңқың зор,
Тарихтан алар таңдаулы сенің орның зор.
Кенжеғали Сагадиев — ұлымдар үшқан үядан,
Фылымның өр биігіне батылдықпен созған кол.

Торгай сенің топырағың дарынды,
Атамай қалай отемін мен барынды.
Сырбай, Faфу ізін ала Кеңшілік,
Серік шықты жырымен от жалынды

Өзендерің қайнап жатыр шымырлап,
Қарай берем жақсылыққа ырымдап.
Ата мекен аруақ қонып, нар шөккен,
Үрпағыңа өшпейтүғын қонсын бақ.

Ел бастаған, білімді дүлдүл азамат,
Ер қанаты әділдік, шындық, ақиқат.
Елің-жерің гүлдей жатса мәуелеп,
Сонда бақыт, сонда алғыс, сонда атак.

Өлеңге орап, айтып өттім ұлагат,
Бауырымсың, емессіндер сендер жат.
Енді қайтып көріскеңше күн жақсы,
Артық айтсам кешіре гөр Жамағат!

1986

СЕКСЕН СЫРЫ

Серпіп қанат келіп қалдым сексенге,
Сыр бермедім сексен таудан өтсем де.
Тауды тесіп,

тасты езіп жеттім-ау,
Бір сілкініп қалайыншы сексенде.

Ұзақ жылдың арқаладым жүктегін,
Сыр жасырып ел-жүртімнан бүкпедім.
Қиналсам да, қысылсам да қынжылмай,
Еңбектендім,
көздің жасын төкпедім.

Үстаздарым агалар мен апалар,
Олардың аты тарихта мәңгі аталар.
Солар берді ұлғі-өнеге өшпейтін,
Өлеңім де, өмірім де от алар.

Көп жыл бойы жалғыз жырлап талмадым,
Жалғызыбын деп жолда жұтап қалмадым.
Жалғасымды ұзақ күттім жалықпай,
Жыр өрмегін қыздарыма жалғадым.

Тәуекел деп белді бекем байладым,
Ұлы еңбектің қазанында қайнадым.
Қолымдағы жетімдерді жетектеп,
Болашағын сәбілердің ойладым.

Жетімдікті, жесірлікті елемей,
Қарсы жүздім,
бейне алып кемедей.
Талай үлді, талай қызды өсірдім,
Қасиетті ана мейірін тежемей.

Сүт орнына жыр еміздім жүректен,
Аяладым, әлпештедім тілекпен.
Желге-күнгө тигізбедім мәпелеп,
Аққудайын балапанын түлеткен.

Білім бердім, үйлендірдім қолымнан,
Тапқанымды аямадым жолынан.
Балтандағы бөбектері еркелеп,
Әжетайлап жүгіріп жүр сонымнан.

Бәрі де үшты қанаттанып үямнан,
Кейде аңсаймын, күлкілерін қиялман.
Немерем мен шөберелер келгенде,
Куаныштан кең дүниеге сия алмай.

Дүниенің бар кетігі жетілді,
Айтқан ақылым, ілтипат пен өтімді.
Келіндерім еркелейді қызыымда,
Еш қайсысы қайырып көрмеді бетімді.

Түйдек-түйдек төгіледі өлеңім,
Өлеңдетіп ортасында келемін.
“Теріп алып, бала баққыш” дейтіндер,
Төмен қарап, өтіп жатыр көремін.

Сол балалар бақытый да мақтаным,
Аздырмадым саф алтындей сақтадым.
Қыршынынан қыылып кеткен боздақтын,
Қасиетті аманатын ақтадым.

Адалдық пен ақ пейілден азбадым,
Жоқ болсам да, сұранып қол созбадым.
Қайран елім, қайран халқым, бауырларым,
Өздеріңнің ортанда жүріп маздадым.

Қайран менің қасиетті отаным,
Куанышына, қызығына батамын.
Мәңгі өшпесін бейбітшілік туынан,
Ұлы көсем,
Ұлы Ленин атағың!

1986

МЕНИҢ КӨРШІМ

Менің көршім аракқа кетті батып,
Арланбайды ішуге құлап жатып.
Арақ үшін безіретті жақынын,
Арақ үшін тіленеді көзін сатып.

Менің көршім аракқа кетті жүзіп,
Адамшылық қасиетін болды бұзып.
“Түбіме сен жеттің-ау” деп әйелі,
Оңашада көз жасын алады үзіп.

Ұялғаннан ешкімге көрінбейді,
Сондадағы қомқорсудан ерінбейді.
Қыып кету жолдасын қыын екен,
Құсып-тышып жатса да жерінбейді.

Сондайлардың көз жасын тыйды бүтін,
Талай семья түсірді ауыр жүтін.
Талай тентек теңселіп есін жиды,
Партияның ести сап айбынды үнін.

Енді білді өздерінің адасқанын,
Совет заны көтерді, қара аспанын.
Сыртта отырып біздағы қуанамыз,
Еңбекпенен, ел-жүртпенен жарасқанын.

1986

МӘҮЕЛІ БӘЙТЕРЕГІМ

Бұл өлеңімді Зейнеп Тоқберлинаның 80 жасқа толған мерекесіне арнаймын. Ол менің ескіліктің құрығынан босап, астанаға келуіме себепкөр болған жанның бірі еді. Бейімбет аға, Халима Әbdікәримова, (Крайкомның әйелдер бөлімінің бастығы болатын), Зейнеп (“Әйел теңдігі” журналының жауапты хатшысы болатын) үшеуінің арқасында мен астанаға 1929 жылдың қысында келдім. Өзімнен бұрын алғашқы “Женотделге” деген өлеңім “Әйел теңдігі” журналының 12 санында басылып шыққан екен. Міне, оған да 58 жыл болды.

Өзінсің алғашқы рет бетімді ашқан,
Көрмей жатып журналға жырымды басқан.
Би — аға мен екеуің дамыл таппай,
Хат жазып,

Ақын қыздың жолын тосқан.
Екеуінен үйрендім,
алдым сабак,
Үмітпен түруші едіндер кезек қарап.
Еңбектерің еш болмай берді жеміс,
Ақ құсы ақындықтың қақты қанат.

Куанушы ең жазсам мен жақсы өлең,
Ерекше мән беруші ең сөзге терең.
Жан ашыр жан едіңіз ақ пейілді,
Басқаға сенбесем де саған сенем.

Алпыс жыл өтті міне содан бері,
Жетпіске толғалы тұр совет елі.
Бірге жасап келеміз қанаттасып,
Секіріп өттік сексеннен екі сері!

Өмір сүрдік Алатау аясында,
Астанамыз Алматы қаласында.
Немере мен шөберелер өсіп жатыр,
Алма бақ, гүл-бәйшешек саясында.

Жұмабек, Ардағың мен Сәуле, Раушан,
Ойланам өткен күнді есіме алсам.
Мәуелі бәйтеректей гүлдеп тұрсын,
Немере, шөберене көзім салсан.

Бір кезде ұстаз болдың ақыл айтар,
Дос болдың, сырлас болдық шерді шайкар.
Бір ауыз қатты сөзге кеп көрмәдік,
Достықтың бар қасиетін бізден байқар!..

Қатар жүріп қартайдық қайран досым,
Біздер жинап кетерміз өмір қосын.
Тірліктің де тірелер жері бар гой,
Артта қалған үрпактар аман болсын!..

1987

АНАНЫҢ АРНАУЫ

(Ұлы Октябрьдың 70 жылдығына арнаймын)

Шабыттанып шалқышы бір көңілім,
Нұрға, сырға, жырға толы өмірім.
Сексенде бір сілкінейін серпіліп,
Күмбірлетіп Алатаудың өнірін.

Ай астынан көк құмбезге қараймын,
Саусағыммен ақ шашымды тараймын.
Самал желге ашып тастап кеудемді,
Таза ауанды сіміріп-сіміріп алайын.

Ана атын арқау етіп толғанам,
Анаменен гүлденген гой бүл ғалам.
Ана алдынан басын имей өте алмас,
Адамшылық ар-намысы бар адам.

Үстық қаным неге мұнша тулайсың,
Жан тебіренбей,
жақсы өлең тумайсың.
Ақ тілеулі, асқақ даусым шыққанда,
Асау жүрек,
өз қабыңа сыймайсың.

Көрілікті сілкіп-сілкіп тастаймын,
Отсыз, ойсыз, жасық сөзді қоспаймын.
“Сырлы аяқтың сыны кетпес” деген бар,
Илмейді емен мен ақ қайың.

Ұшқан құспен жарысып ән салайын,
Жыр жүлдізының,
тойға алып барайын.
Партиямың қасиетті туына,
Байғазым деп қос-қосынан қадайын.

Кұлашымды мұхиттарға сермеймін,
Шын қуансам,
шың басына өрлеймін.
Ленин туын,
женіс туын көргендеге,
Россиямды жүргегіммен тербеймін...

Туган жердің топырағынан тік өскен,
Кек жал орман,
кек аспанмен тілдескен.
Қаһарман қала,
кайран менің Москвам,
Айбаттанып талай жаумен күрескен.

Алдырмаған алыбымсың,
мақтаным,
Отанымның бар қасиетін,
сақтадың.
Дүшпаныңды табанға сап таптасан,
Достарыңа құшақты ашып таstadtың.

Бейбіт туын берік ұстап қолыңа,
Барды арнадың бостандықтың жолына.
Адамзаттың ақтаймын деп тілегін,
Басшы болдың,
Пролетариат тобына.

Алған беттен,
айтқан серттен танбадың,
Жер мен көктің,
екі арасын жалғадың.
Қорғаймын деп жер бетінің тірлігін,
Қажымастан,
қайраттанып самғадың.

Ақындықтың періштесі қайдасың,
Көктің жүзін,
жердің бетін шарласын.
Ана сүті жетті аспанның төріне,
Жыр қанатын,
космосқа да жалғасын.

Ақ пейілімнің,
Бір тал гүлін,
Мавзолейге тәжім етіп,
Жыр шашуын

ақ сандығын ашайын,
жүргіме басайын.
бас иіп,
Кремльге шашайын!

1987

САМФАЙ БЕРШІ

*Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазак
қыздары арасынан шыққан тұңғыш халық суретшісі
Айша Фалымбаевага*

Арнаймын кең қеудемнің сарайын,
Бар қымбатын бүтін теріп алайын.
Жаңа өмірмен жарыса туған жан едім,
Артық кетпей, алды-артыма қарайын.

Ұлы октябрь таң боп атып нұрландын,
Бақыт болып, жеңіс болып жырландын.
Аймағына арай болып тарасан,
Дүшпандарға жай оғындей қырландын.

Талай-талай талантты үрпақ өсірдің,
Қамқоры болдың жетім менен жесірдің.
Соның бірі ақ маңдайлы Айшаның,
Ақ саусағы қыл қаламмен есілдің.

Ұға білдің — сиқырлы өнер құдыретін,
Ұға білдің — суреткердің міндетін.
Халқымның қасиетті тарихын,
Зерделіктен зергерлікпен тербеттің.

Қырағы көз, терен ойлы, сабырлы,
Бар керегің өз өміріңнен табылды.
Алуан түрлі ақ жібек пен ақ қағазға,
Алтын тонын Айша қыздан жамылды.

Жібек мінез, үян үнді, биязы,
Айтқандарым тал бойына сияды.
Бар өмірін бағыштаған өнерге,
Айша қызды айтпауга кім қияды.

Айша десем — жыр самалы толқиды,
Айша десем — ана көкірек балқиды.
Қазағымның тұнғыш қызы тұлымды,
Қиялында қыл қаламдар қалқиды.

Қанаттасым, қаламдасым, сырласым,
Самғай берші, сағың сенің сынбасын.
Жер бетінің, көк жүзінің кестесін,
Өрнектеген өренімсің, кимасым.

Үлгілі ана, үлгілі ұстаз шеберім,
Талай жасқа сабак болды өнерің.
Жетпіс деген жігіт жасы Айшатай,
Әлі де көп өз халқыңа берерің.

Адам жанын, заман сырын үқтың сен,
Халқымның қалауынан шықтың сен.
Мәншүтім мен Әлиямның бейнесін,
Енді қолға алар-ау деп күттім мен!

1987

ЖАҢА ЖЫЛ ТОЛҒАУЫ

Жаңа жыл, жаңа бақыт, жаңа шабыт,
Тебірендім қуанышым қанат қағып.
Төрт бөліп,
тұн үйқымды толғанамын,
Койғандай көкірегіме шырақ жағып.

Жаңа жыл жаңа үміт,
құтты қадам,
Карсы алар ақ тілекпен,
талай адам.
Бұлқынып, бой бермейді үшқыр қиял,
Қатардан тірі отырып қалай қалам?!

Сенемін,
сиынамын адалдыққа,
Тек адалдық бастайды бар шындыққа.
Ананың ақ тілегін ту ғып ұстап,
Тілеймін бейбіт өмір,
барлық жүртқа.

— Түйемін көкейіме өмір сырын,
Жырласам қанаттанам,
бақыт жырын.
Откіздім сексен бірді бұдан бұрын,
Мәні бар, мазмұны бұл жырымның.

Жоғары дәрежелі, кездескенде,
Екі елдің басшылары жұздескенде.
Шарттарға шаттықпен қол қойылды,
Ақ көніл,
шын пейілмен тілдескенде!

Партиям адал халық сеніміне,
Сырт елдің салды тұсау желігіне.
Ана жүрек — тілекші қуанады,
Алапат соғыс қаупі кемігенде.

Көпке дейін курсініп, елеңдедім,
Үміттендім,
жақсылық көрем дедім.
Ұлылық ақ пердесін,
ашқан кезде,
Ақ қанат үшты самғап,
өлеңдерім.

Ұласып үміт-арман ағындары,
Жақсылық жамандыққа,
багынбады.
Ойлаған халық қамын,
ардагерлер,
Ажалды, апаттарды шағындағы.

Тоғысты бар халықтың тілектері,
Тоғысты бар ананың жүректері.
Жасқанбай оқтан-оттан өсе бермек,
Бақытты болашақтың түлектері.

Па шіркін! Заман қандай,
адам қандай,
Ақ пейіл,
аппақ нұрдан жаралғандай.
Сомдалып,
сұрыпталды совет данқы,
Үлгі боп,
дүниеге таралғандай.

Па шіркін! Жаңа асудың күші қандай,
Ұядан өз түлегін ұшырғандай.
Лениннің сара жолын сақтап қалып,
Келенсіз қылыштарды ысырғандай!

1987

ӘМІР ШІРКІН

Дәңгелетіп келеді өмір шіркін,
Өкінішті ой көбейді дүркін-дүркін.
Қаласың-ау жарқырап жарық дүние,
Көз жұмылып,
тіл тоқтап қалса бір күн...

1987

МЕҢ КЕТЕРМІН

Мен кетермін, уақыт жақын, санаулы,
Бар жақыным қаларсыңдар аяулы.
Тұған-тыс, баққан бала, дос-жаран,
Ұмытпандар қарт адамды аяуды!

Шамаң келсе, құрметте де, сыйландар,
Тіл тигізіп, жамандыққа қимандар!
Алдыңды ойла, айналайын жас өрен,
Тапқаныңды тәрбиелеп жинандар!

Қайғы жұттым, жоқтық көрдім,
жасымнан,
Ауыр күндер отті менің басымнан.
Мен көргенді
сөндөр көрме, тілеймін,
Көргенінді қорытып ал осыдан!

1988

ПЕРИШТЕМ, ҚҰЛЫНЫМ АЙГУЛІМ!

Бұгін сенің туған күнін,
күтпес болсын!

Ақ отаудың ішіне адам толсын.

Тұстарың, Айнұрың аман болып,
Басыңа ұшпайтүғын бақыт қонсын!

Таланттың таусылмасын, терендесін,
Талабың жылдан-жылға өрендесін!
Тілеймін — қыл қаламның шебері бол,
Халқым іздел келіп көрем десін!

Мен бердім Айгүл — жаным, ақ батамды,
Жырмен тербеп өсіргем ақ ботамды.
Бәріңе де тапсырам — ұмытпандаңдар,
Арманда кеткен Серғали — ер атанды.

1988

ЖАЛМАЙМЫН ДЕП АТОММЕН

Мен разымын, қасиетті октябрь,
Үрпағымды бере көрме отқа бір...
Дүние жүзін жалмаймын деп атоммен,
Есуастар, айқай салды, оттап жүр!

Жер бетінде миллион, миллиард халық бар,
Бәрінің де аспанында жарық бар.
Бәрінің де бейбітшілік тілегі,
Біз көтерген бейбіт туын біледі.

Бәрінде де қала да бар, дала бар,
Бәрінде де ана да бар, бала бар.
Көпке топырақ шаша алмайсың жауыздар,
Атомынды өз молана ала бар!

1989

АҚ ОРДАМСЫҢ ШИПАГЕР

(Республика дәнсаулық сактау министрлігінің
№1 ауруханасының 60 жылдық мерекесіне арнаймын)

Тарихыңды көрген едім көзіммен,
Бірге жасап келем міне, өзіңмен.
Касиетті ақ ордамсың шипагер,
Жыр арнаймын ризашылық сезіммен.

Жыр арнаймын қуанышты көнілден,
Үлесімді алып келем өмірден.
Шыбын жаңға қатер төнген сағатта,
Айбатыңнан ажал талай жеңілген.

Қайран, дәрігер, көмегінді көп көрдім,
Көп күнімді өздерінмен өткердім.
Іккыласыңмен берген дару шипа боп,
Ана жасын 83-ке жеткердің.

Ақ сауытты, дұлығалы дәрігер,
Күні-туні жалықпайтын еңбеккөр.
Тұн үйқысын төрт бөледі біз үшін,
Ана алғысын дәрігерлерге айта көр!

Соның үшін ақ батамды беремін,
Қартайсам да өлеңдетіп келемін.
Айналайын ақ халатты ұл-қыздарым,
Арта берсін,

Абыройың мен мерейің!

1989

ӨЛЕҢ ӨРГЕН КӨК ТЕРЕК

Сая жайдың сәулеті,
Самсап өскен көп терек.
Көп теректің әuletі,
Көк аспанға өрмелеп.
Өлеңдетіп тұргандай,
Ақындарша термелеп.
Тау самалы есілсе,
Еркелене тербелет.
Көлеңкесі көсілсе,
Тау тұргандай дөңгелеп.

* * *

Көрген сайын көп терек,
 Көп ойларға батырад.
 Көп теректің көркіне,
 Табынып түр атырап.
 Саясына келсем мен,
 Шабытымды шақырат.
 Жапырақтары сыйырлап,
 Еріндері жыбырлап,
 Табиғаттың жыршысы,
 Өлең өрген көк терек!

* * *

Ақ көйлекті ақ қайын,
 Жасыл моншақ тағынып.
 Жаңа өспірім қыздайын,
 Бұрандайды малынып.
 Күн нұрынан арайлы,
 Алтын алқа тағынып.
 Жапырақтары қайынның,
 Қанаттарын қағынып,
 Көк терекке қол созат,
 Көтерші деп жалынып.
 Осыларды қөргенде,
 Откен күнді тергенде.
 Толғанамын, толғаймын,
 Арманды ойлар ағылып.
 Кәрілікке болмаймын,
 Қанатымды қомдаймын.
 Қайран жастық қайдасын?
 Жыр арнаймын сағынып!

1989

ҚАНАТЫНДЫ ҚАҒА БЕР

(Falym, депутат Нагима Айтқожинага)

Бүгін неге елеңдеймін асығып,
 Көптен бері жатыр едім басылып.
 Жыр шырағым бір өзінен от алды,
 Үшқындары қантамырыма шашылып.

Шымыр етті журегім де шыдамай,
 Тұра келдім тәуекел деп құламай.
 Falym қыздың нар тұлғасы серпілтіп,
 Тұра алмадым шабыт кілтін бұрамай.

Кілт буралды, жыр сарайым ашылды,
Інжу-маржан алдыма кеп шашылды.
Қайраткер қыз дарыныменерекше,
Тұған елдің қасиетін асырды.

Қазағымның қалаулысы үл-қызым,
Ондарыңнан тусын бақыт жүлдізын.
Үлтқа адап қызмет етіп әрдайым,
Қалсын мәнгі кейінгіге үлгі-ізің.

Халқың үшін қанатынды қаға бер,
Қыршын кеткен аға ісіне мұрагер,
Үкіліген үмітінді үзбей сен,
Болашаққа нұрдан шырақ жаға бер.

1989

СЕКСЕН ЎШ

Аттадым босағасын сексен үштің,
Селдіреген шағында қуат-қүштің.
Ақ шашты, ақ түяқты әже болып,
Мамырлап, жәй басатын жолға түстім.

1989

МАЙ КЕЛДІ

Көктем келді, май келді,
Шақырады тойға елді.

Мен көтерсем жалауды,
Май да бірге көтерген.
Басып үлкен аланды,
Маймен бірге өтем мен!

1989

АҚ БАТА

Бата мирас атадан,
Ел азбайды батадан.

Тұрлі-тұрлі заман көрдім,
Тұрлі-тұрлі адам көрдім.
Ақ тілеулі ана көрдім,
Ақ бата алған бала көрдім.

Тұрлі-тұрлі заман көрдім,
Тұлғалы туған адам көрдім.
Талай-талай жылды көрдім,
Елім деп туған үлды көрдім.

Тұрлі-тұрлі заман көрдім,
Заманға лайық адам көрдім,
Еңсесі биік елді көрдім,
Шалқып жатқан жерді көрдім.

Жарқыраған көлді көрдім,
Сарқыраған селді көрдім.
Күмбірлеген тауды көрдім,
Күркіреген көкті көрдім,
Гүл жайнаған жерді көрдім.

1990

ЖАН ШУАҒЫМ

Бибігүлім — жан шуағым,
Ұзақ болсын өмір жасың.
Махаббаттың құдырыеті,
Алдыңдан сені жарылқасын!

Жарылқасын, жар болсын,
Бастарыңа бақ қонсын.
Ата-ана, ел-жұртың,
Әрқашанда шат болсын!

Берік болындар Алатаудай,
Жемісті болындар, бақша-баудай.
Шуағынды шаш халқыңа,
Шыққан күндей,
туған айдай!

Жер менен көк аман болсын,
Бейбітшілік заман болсын.
Ақ әженің
ақ батасы,
Осыменен тамам болсын!
Алла акпар!

1990

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ӨРІСІҢ

(*Қазақстан мұсылман әйелдері үйымының
“Ақ босаға” газетіне*)

Ақ босаға! Құтты болсын өрісің,
Мәуелесін сарғая күткен жемісің.
Ақ перденді ақ нұрменен жуайын,
Өткен күннің еске алмай-ақ кемісін.

Ақ босаға! Тұсауынды кесейін,
Жан сырымды ақтарыла шешейін.
Ар-иманның ақ туы бол ардағым,
Ақ жанымды, ақ жолыңа төсейін!

Ақ босаға! Биік болсын Мерейін,
Тілегімді өлең етіп өрейін.
Сексен төртті серпіп тастап артыма,
Қалған күнде қызығынды көрейін.

Ақ босаға! Болашақтың нұры бол,
Ақ босаға! Бебектердің жыры бол.
Ақ босаға! Қабыл болып тілегім,
Үл-қызымың әдебінің гулі бал!

Ақ босаға! Құтты болсын қадамың,
Куаныштан жарыла жаздал қаламын.
Қарт ананың жыр шашуын қабыл ал,
Байғазым деп маңдайыңа қададым.

1990

ЖАН-ЖАҒЫНА ҚАРАФЫН

(*Жиенім Ербол Серікұлы Оспановтың
үйлену тойына*)

Ербол менен Данага,
Жыр арнамай бола ма?!.
Үндемей қалу бүл тойда,
Жараспайды анаға.

Дара туған дарагым,
Жан-жағына қарағын.
Жүргелі тұрсың жат елге,
Жолдарың болсын қарағым!

Ақын анаң толғайды,
Барма деуге болмайды.
Талапты ерге нүр жауар,
Дегенді халқым қолдайды.

Айнымайды тілегім,
Аңсар сағынып жүрегім.
Аман барып, сау кел деп,
Тілектерінді түледім!

Отаныңды ұмытпа,
Бар қасиет шындықта.
Кір жуытпа қаңқына,
Аман кеп, косып халкына!

Ақ батамды беремін,
Көр десе құдай көремін.
Келіп қалса сүм тағдыр,
Амалсыздан ғана қөнемін...

1990

ЖҰЗІҢ ЖЫЛЫ
(Райхан Ахметоваға)

Мен көргем жоқ апаң менен атанды,
Тұған жерің Сарыарқа бол атанды.
Жұзің жылы, сөзің дәмді, көреген,
Бір көргенде ақын апаң от алды.
Өміріңнің ең қызықты кезені,
Қуанта біл жарың менен Ботанды.
Бақытты бол, өмірлі бол қарағым,
Ақ пейіліммен беремін ақ батамды!

1991

БАҒЫНДЫ ІЗДЕ (*Күләнға*)

Мезгілінді өткізбей, бағынды ізде,
Бақытты бола алмайсын жалғыз калған...

1991

ЖАРЫСА ӨСІП ЕРЖЕТТІК

Жалғыз женгем Нагима,
Сен де келдің сексенге.
Саған арнап жыр жаздым,
Сексен төрттен өтсем де.

Балалық күндер бірге өтті,
Тұған жердің қойнында.
Жарыса өсіп ержеттік,
Сарыарқаның бойында.

“Мезгілдің” ақ қайынын,
Аралаушы едік әндептіп.
Шығушы едік серуенге,
Киініп әсем, сәндептіп.

Ақ отаудың тұндігін,
Ашушы едің ертемен.
Жаны сергек жас келін,
Атанып ең ертеден.

Үл да сүйдің, жар сүйдің,
Қысқа болды қызығың.
Бар қайғынды ішке түйдің,
Еске алдым бір үзігін...

Жайнаған жастық күніміз,
Қатар өтті жарасып.
Біздің балғын үніміз,
Қайда қалды-ау адасып!

Сексеннен асып жасымыз,
Кәдімгі “кемпір” атандық.
Құлақ мұқіс, көз тұман,
Аяқ сарып, маталдық...

Бәрін де көрдік Нагима,
Бұған да шүкір етейік.
Қалғаның көрмей қайғысын,
Мәңгілік “Мандатты” күтейік.

Шаңырақта қалған үрпактар,
Аман болса үмытпас.
Ей, үрпактар, естеріңе ал,
Жүрмесін күліп,
дос пен қас!

ДОС ЛЕБІЗІ

(Еңбек Ері Нұртазина Рафиқаның 70 жылдық мерекесіне арнаймын)

Қадірлесім, сыйласым, заманың бір,
Осындауда айтылар іштегі сыр.
Желдей есіп, 70-ке сен келгендे,
Қалай тірі отырам арнамай жыр.

Күттү болсын Рафиқаш қуанышын,
Мандайынан үшпасын бақыт құсын.
Кемесінде отырып 85-тін,
Қalam алдым қолыма сенің үшін.

Бір қызысың қазактың атың шыққан,
Қазақ-орыс егіз ел сырын үққан.
Ұстазысың жастардың жаны ашыр,
Саны жоқ шәкіртінің оқып шыққан.

Жүргегіннен еміздің екі тілді,
Екі тілдің қасиетін халқың білді.
Окушың ел басқарып жүрседағы,
Алдыңа іздел келіп, сәлем берді.

Адамдық пен ададық зор қасиет,
Ақ пейіл, ақ жанды халық сүйед.
Үлгілі үл өсірдің, қыз өсірдің,
Досың түтіл дүшпаның басын иед.

ҚУАНЫШТЫҢ ҚҮДІРЕТІ

(Темірхан деген немере інімнің ұлы Сәбит Хакімжсан шөбересінің үйлену тойына шашу)

Көк жұлдызы көкте тұр,
Қара тұнді баққандай.
Жұлдызым кірді ордамда,
Қуаныш шамын жаққандай.

Қуаныштың құдіреті,
Өлең болып селдеді.
Қуаныштың құдіреті,
Тауды-тасты тербеді.

Қуаныштың құдіреті,
Ән боп, жыр боп өрілді.
Ата, ананың құрметі,
Алдарынан төгілді.

Хош келдіндер құдалар,
Құтты болсын қадамың.
Құдалар да, құп алар,
Астананың адамың!

Екі жастың достығы,
Ұласа берсін өмірге.
Татулықпен тәттілік,
Нұр қүяды көнілге!

Сәбит пenen Жұлдызыым,
Қолынды жайып,
тұра кел!

Екі жастың
тілегін,
Жаратқан алла бере көр!

Жас отаудың тұндігін,
Жырмен желпіп ашайын.
Ақ батамды мен бүгін,
Жырға орап шашайын!

Ақ батамды мен бүгін,
Жырға орап шашайын!!!

1991

ЖАРҚЫН ЖҰЗДІ ЖАЙСАҢЫМ

(Күләш Айтанақызы Тұрсыновага)

Жарқын жұзді, жайсаң жанды Күләшім,
Сені ойласам көз алдымда тұрасың.
Анашым деп, сен құшактаң сүйгенде,
Анаң қалай, жыр арнамай шыдасын?!

Сағынышпен жыр арнадым өзіңе,
Құлагың сал қалқам, менің сөзіме!
Аңсағанда өзім іздел баар ем,
Тап болдың ғой қартайып қалған кезімде.

Жыл да, ай да, күн де азайып барады,
Азайған сайын, қалың ойлар қамады.
Өмір деген өткінші ғой, Күләш жан,
Тағдыр жетсе,

дүниe шулап қалады...

Қанша ғұмырым қалды, оны білмеймін,
Бұрынғыдай жадырап, жиे күлмеймін.
Өзің сынды өрендерім түссе еске,
Сағынышымды өлеңдетіп тербеймін.

Қартайғанда қысып барады заманым,
Таршылықтың қалай бұзам, қамалын?!

Өлемін деп, қорықпаймын өлімнен,
Өз орнымды алсысып алдым өмірден...
Жетімдікті, жесірлікті арқалап,
Кайғының да қара тасын кеміргем...

Жазықсыздан жаудың жары атанғам,
Күгін көрдім,

Әзім тұған Отаннан.
Жиырма жыл бар азабын көтеріп,
Адалдықтың әк аруы атанғам!...

Жетімдерге білім бердім жоғары,
Үл да, қыз да,
азамат болды бағады.

Бірде жетіп, бірде жетпей жатса да,
Ана жүрек, солар ушін соғады.

Қыс келеді, сүйретіп сұық қылышын,
Ойланп кетсем тарылады тынысым...
Сырымды айттым.

Сынамашы Күләшім,
Картайғанда көрген күнің құрысын!..

Менен сәлем, анаң менен, балаларға,
Менен сәлем өзің сүйген жан жарға!
Сыртта отырып тілегінді тілеймін,
Жете бер, қалқам,

Бір күндерде анаң кетер тіл тартпай,
Жатар сұлық ақын жүрек үн қатпай.
Сағынғанда есіңе алып оқырсын,
Сакта сәудем!

Сактап уста, жоғалтпай!

СЕН КЕЛГЕНДЕ

*(Өзімді 25 жыл емдең келе жатқан
дәрігерім Бәтес Саликоваға)*

Жарқын жүзді, қара көзді Бәтесім,
Жанарыңмен жанымды сипап өтесің.
Сен келгенде,
жас баладай қуанам,
Көрі апаңды,
бір сілкінтіп кетесің!

Сен келгенде барлық дертім қашады,
Жаным жадырап, кеудем қолдей тасиды.
Ар-Иманнан жарагандай, білімпаз,
Шипагерін, апаң жырға қосады.

Сенің атың қалсын менің жырымда,
Ойым да осы, сырым да осы, шыным да.
Ширек ғасыр қарауында келемін,
Куат берер қасиетің бар нұрында.

Жібек мінез, ұян ұнді, сабырлы,
Жаратпайсың жалған сөзді, дабырды.
Ата-ананды көргенім жоқ қозіммен,
Текті жерден шыққан жансың дарынды.

Парасатың біліміңмен үндеңкен,
Талғамың мен тәжірибел қунде өскен.
Дарусыз-ақ жазылармын деп қалам,
Ақ пейіл, ақ тілекпен тілдессем!

Кетер емес, менен безіп дертім де,
Көріліктің тұрмын тақау шетінде.
Ақ батамды, бердім саған аяулым,
Достығымыз қалсын тарих бетінде.

Ерсі көріп,
бул несі деп күлерсің,
Жырдың құнын, сөздің құнын білерсің.
Бір құндері үйықтап қалсам, Бәтесім,
Ақын апаңды есіңе алып жүрерсің!..

Бебегім дед өлеңдептім

*Балбөгім, балғыным,
Сендер менің өренім.
Жас қанатты жайсаңым,
Сендерге арналды өлеңім*

*Гүлдей жайнап гүлдендер,
Күндей күліп шарықта.
Жамандықты білмендер,
Жақсылықтан жалыкпа.*

БАЛ БӨБЕГІМ

Балапаным, бал бөбегім.
Сендер өмір жұлдызы.
Сендерге арнап жыр төгемін,
Тында, елімнің үл-қызы!

Албыраған алма бетін,
Бейне жібек — тулымың.
Күш-куатым, жеткіншегім,
Сенсін, менің құлыным.

Күндей шалқып көкірегің,
Құлсан құміс төгілген.
Жанарыңдан, жас бөбегім,
Таза жаның көрінген.

Келші, жаным, келе қойшы,
Қанатыңды сабалап.
Тәй-тәй болшы жүре қойшы
Куанышым, апалап.

Қаз-қаз қалқам, қаз бола ғой,
Аяғыңды нық басып.
Мақтана ғой, мәз бола ғой,
Мойынныма жармасып.

Сөйлей қойшы, былдыр-былдыр,
Түсінбедім демейін.
Күле қойшы сылдыр-сылдыр,
Көрінсін бал көмейін.

Апа дейсін, ата дейсін,
Сурет көрсөн сөйлейсін.
Қарайсың да күлімдейсін,
Ұлы Ленин бейнесін.

Бақытыңа қуанасың,
Қызығыңа кенелдім.
Шарқ ұрасың, шығарасың
Күнде бірін өнердің.

Балапаным, бал бөбегім,
Сендер өмір жұлдызы.
Сендерге арнап жыр төгемін,
Тында, елімнің үл-қызы!

АЛАҚАЙ

(Әнін жазған Сыдық Мұхамеджанов)

Балақай-ау балақай!
Жаз келді жайнап, алақай!
Қызғалдағы желкілдеп,
Шақырады қыр мен сай.

Қырдың қызыл гүліне,
Бар, бөбегім, жүгіре.
Төсіне қадап еркеле,
Қызықсын жұрт түріне.

Көк ала қанат көбелек,
Көлбендей ұшып жөнелед,
Қызықтырып сендерді,
Айналада дөңгелеп.

Жамылып тал жапырақ,
Көк жамылып топырақ.
Жасыл ала кілемдей,
Тау бауыры құлпырад.

Алақай-ау, алақай!
Қара-қара, балақай!
Қүйрықтарын тістесіп,
Ойнақтайды құлын-тай.

Ботақан мойнын иіріп,
Бұзау мұрнын шүйіріп.
Қошақандар қоржандай,
Секіред лақ сүрініп.

Қызық-қызық, алақай!
Еркелеткен бәрін май.
Төбеде ұшып қалықтап,
Ән салады бозторғай.

Алақай-ау, алақай!
Келді күткен сұлу ай.
Мен бастайын жаз жырын,
Кел, бөбегім, қосылшы-ай!

АЯЗ АТА

Мың-миллион жеткіншегім,
Құтты болсын жаңа жыл!
Қызығына арнап сенің.
Әшекейлеп төктім жыр.

Жырдың сұлу сылдырмағын,
Ойыншық қып берейін.
Елкаңа алып ілші жаным.
Мен де барып көрейін.

Жасыл жапырақ елқаң сенің
Тағынсын жыр маржанын.
Қуанышым болсын менің,
Жаңа өмірдің сал әнін.

Сенің тәтті бүлбүл үнің,
Ана жанын тербетсін.
Кел жырлайық,
 кел құлыным.
Бүл қызыққа не жетсін!

Жаңа жылда,
 жаңа бақыт,
Саган арнап тілеймін.
Көкірегім күндей шалқып,
Күміс төге күлейін.

Ақ сақалды аяз атан,
Қасын сілкіп қарасын.
Мойныма асыл,
 келші ботам,
Сүйсін апаң баласын.

Бала деген ардақты атты,
Ардақтамас қандай жан.
Дүниедегі ең қымбатты,
Бал бөбегім сен маған.

Билем-билем,
 жырла сәулем,
Қызығына тоймаймын.
Екі келмес бүл бір дәурен,
Мен де бірге ойнаймын.

Ұлы Октябрь заманында,
Бізде бақыт,
бізде той.

Ұлы Отанның алаңында,
Дөңгелесіп ойнай той.

Құтты болсын құлын-тайым,
Жаңа жылдың қадамы.
Айдарыңнан айналайын,
Жаңа өмірдің адамы.

1946.

ҚАБЫЛ АЛШЫ

Алшы қабыл бөбектерім,
Өлеңімді сыйға тартқан.
Келешегім сендер менің,
Сенің өмірің маған мақтан.

Бар пионер, бар балалар,
Сендер үшін менің жырым.
Ойлы санақ қанаттанар,
Сонда үгарсың ана сырын.

Ұлы-қызыым, жан жүлдізыым,
Бақытым сен өмірдегі.
Сенің нұрлы жарқын жүзің,
Шаттандырад күнде мені.

Отыз жылда Қазақстан,
Ұл өсірді отты кеуде.
Шолпан ойнап күншығыстан,
Қыз өсірді сүйікті елге.

Келші, менің көгершінім,
Емізейін жырдың балын.
Сендер үшін мандай терім,
Қарақат көз қарақтарым.

1948

АРНАУ

Анадан адал сүт емген,
Ардақты менің ұл-қызыым!
Сендерге тарту бұл өлең,
Өрімдей өңкей, жүлдзыым!
Оқындар қарап, ойлана,
Аз ғана жырын ананың.
Ұсына салған жай ғана,
Демендер, гүлі даланың.
Жас өрен, менің достарым,
Бар сырымды жырга орап.
Ортаңа сенің тастадым,
Өтер деп, үңіле бір қарап.

1950

КЕЛЕ ФОЙ

Қолым жастық, қойным ашық,
Келші, жаным, келе фой!
Қос мамаңа мұрның басып,
Бал бөбекім, еме фой!

Сенің ыстық ерінінде
Ана сүті қалсын үйып.
Сенің таза көңілінде,
Сақталар ол,
Алса сыйып.

Сенің жаның сенгір қалқам,
Сипағанда аялы қол.
Өлеңімнен өрнек тартам,
Өміріңе болардай жол.

Бақыттым да, қызығым да
Өзіңсің деп көтерейін.
Өзің оқы,
өзің тында,
Өзің түсін,
мен не дейін!..

1951

БӨБЕК ЖЫРЫ

Біз бөбегі ананың,
Әлпештеген, өсірген.
Үнін тында баланың,
Сүтінді емген түсіңнен.

Тында, куан, аналар!
Бөбегінді бал таңдай.
Кел, жырлайық, балалар,
Кетсін біздің жыр самгай!

Біздің азат анамыз,
Ана атанды өмірге.
Біз бақытты баламыз,
Нұр құйылған көнілге.

Біздің бейбіт еліміз,
Тілемейді соғысты.
Біздің бейбіт жеріміз,
Еңбекпенен тоғысты.

Біздің тұған аулымыз,
Гүл-бақшадай жайнады.
Біздің тұған бауырымыз,
Өндірісте ойнады.

Салып жатыр әкеміз,
Коммунизм құрылышын.
Біз де ертең жетеміз,
Аяқтауға әке ісін.

Тында, куан, аналар!
Бөбегінді бал таңдай.
Кел жырлайық, балалар,
Кетсін біздің жыр самгай!

1952

КЕЛШІ МЕНІҢ БӨБЕГІМ

Келші менің бөбегім,
Көкірегіме басайын.
Туласын балғын жүрегін,
Жырыма сені қосайын.

Қанатынды жая гой,
Мен төсімді ашайын.
Қоя гой сәулем қоя гой!
Алдыңа маржан шашайын.

Өмірімнің ғұлі деп,
Көтеріп жерден алайын.
Миллион ана үні деп,
Шырқап әнге салайын.

Ұлыстың ұлы күнінде,
Шабытпен жырлап толғайын.
Зіл жатыр батпан үнімде,
Бәбекімді қоргайын.

Қара көзден от шашып,
Жүгресін, құлесін.
Көкірегінен нұр тасып,
Куана сен де білесін.

Бізді көрген адал жан,
Шын көңілден сүйінер.
— Бебек біздің атар тан, —
Деп жауыңа түйілер.

Халықтың зілді үнінен,
Жау жүргегі тілінер.
Кремльдің күнінен,
Әлемнің бұлты түрілер.

Сенің өшпес бақытың,
Келешекпен ұштасар.
Сенің балғын уақытың,
Ата-анаңа күш қосар.

Бейбітшілік тірегі,
Сенің туған отаның.
Отанның отты жүргегі,
Жырыма мен де от алдым.

БАЛАМА

Өмірдің ашы-түщысын
Сендер үшін көрдім, бобегім.
Көрмеген қайдан түсінсін,
Жатпаймын айтып себебін.

Аялап сені өсірдім,
Болсын деп жақсы азамат.
Еркелігінді кешірдім,
Ерсінде айтып саралап.

Арқалай жүріп ауыр жүк,
Жетектеп сені оқыттым.
Алдында бар деп зор үміт,
Жеткенінді көп күттім.

Ақыры жеттік дегенге, —
Азамат болдың саналы.
Анан бар қымбат менен де,
Корғай біл Отан-ананы!

Өмірлік қазына сарқылмас,
Мектептен алған білімің,
Оқытқан сені кәрі ұстаз,
Ұстазым еді ол мениң

Оқиды содан келер жас,
Оқиды сенің бөбегің.
Қартаймайтын сол ұстаз,
Өсіре бермек өренін!

Ақыры жеттік дегенге,
Азамат болдың саналы.
Анан бар қымбат менен де,
Корғай біл Отан-ананы!

1955

КЕЛШІ, ЖАНЫМ!

(Алғашқы көрген немерем Айдарға)

Келші, жаным, келші бері,
Келші, балам, қасыма!
Ескендей нақ бақыт лебі,
Бақыт лебі осы ма?

Сен — баласың, мен — анамын!
Мен — анамын талмайтын.
Құшағындай кең даланың,
Көңілім бар самғайтын.

Сен сүйіктім, қуанышым —
Өмірімнің жалғасы.
Бақытты бол сен тугансың —
Болашақтың төлбасы.

Сенің өмірін бір ғажайып,
Бір ғажайып көргенге.
Мен қуанам құшақ жайып,
Елуте жас келгенде.

Жасасам да жарты ғасыр,
Көрмегенім көп екен.
Жаңа алтыншы бесжылдықта
Жайнай түсер жер-мекен!

Талай завод, талай қала
Жана жерге орнамак.
Бар болашақ — баар жолда,
Сондықтан да көңіл шат.

Бейбіт өмір, бейбіт еңбек,
Бейбітшілік — салтымыз.
Бейбіт дүние өрге өрлеп,
Шат-шадыман халқымыз.

Сен — баласың, мен — анамын!
Мен — анамын талмайтын.
Ана, бала иті жан гой,
Сырын іркіп қалмайтын.

Келші, жаным, келші бері,
Таянсайшы қасыма!
Ескендей дәл бақыт лебі,
Бақыт лебі осы да!

1956.

СӨҮЛЕГЕ

Саған деген жырымды, Сәулетайым,
Саралағым келеді күн-күн сайын.
Тұр, мінезің аумаған дәл өзімсің,
Елгезек боп,
ержетші айналайын!

Сен тұғанда қуанған ұлы анаң,
Маңдайындан ііскең аймалаған.
Саған серік болады, деп ед маған,
Сол бір сөзі қеудеме үялаған.

Ана сыншы балаға, дегендейін, —
Жас күніңнен, сен болдың, маған бейім.
Қанатынды сабалап мени көрсөң,
Үмтүлұшы ең, үлдеп бал көмейің.

Сенің әжең болғанда,
менің анам,
Дүние салды,
сол жылды, күзгө таман.
Қайғысымен анамның мен күйзеліп,
Отырғанда
сен едің көрғап қалған.

Апыл-тапыл қаз тұрып, жерді бастың,
Көрінгенді алам деп жағаластың.
Бір жасында былдырлап, тілің шығып,
Сөз сейлеп, кәдімгідей, кеудемді аштың.

Алғаш рет мектебіңе сен барғанда,
Жеткендей бол мен журдім бір арманға.
Куаныш кеп мойныма асылуши ең,
Есеп пенен
жазудан “бес” алғанда.

Еңбекпенен шынықсын
балғын денең,
Жақсы оқы,
жақсы адам бол,
тілек сенен.
Жайдары,
жатық мінез,
жарасымды,
Қылығыңа
арнаймын,
талай өлең.

1956

АЙДАР МЕН ӘЖЕСІ

Немеремнің үлкені Айдар,
Екіден асып үшке кетті.
Ол ойнаса туады ойлар,
Кеудемді кернеп күш құдіретті.

Кейде “мама” кейде “әже” деп,
Алды-артымды алад орап.
— Әже-әже, бер-бер деп
Қаламды сұрап түр қолқалап.

Отырсам мен орындықта,
“Әуп-әуп” деп кеп жармасады.
Шығара қойсам орындыққа,
Шыққандай көкке ән қосады.

Тауықты көрсе “тип-тип” деп,
Куана қыып жығылады.
Күшікті көрсе “кет-кет” деп
Сасқалақтап келіп тығылады.

Алпамсадай ақ мысығын,
Көтереді мияулатып.
Тырнап алса жұдырығын,
“Бее-бө” дейді жылап жатып.

Алдыма алсам Құләшті мен,
Ашуланып кеп жүлмалайды.
“Құләш какай, Құләш жаман” деп
Құшақтап мені аймалайды.

Немере тәтті деген сөзді,
Үққандаймын енді ғана.
Айдар менен екеуімізді,
Түсінер деймін көрген ана.

1958

АНА КӨҢІЛ ШАЛҚИДЫ

Күндеңіден ертерек тұрды Марат,
Киінді де жуынып, шашын тарап.

Анасының қасына жақын келді:
“Мерекенмен, апа!” — деп, қолын берді.

Мандаіынан ұлының сүйді ана,
Құшақтасып тұр, міне, ана бала.

Әке келді тұн қатып жұмысынан,
Ол да сезді бұлардың тұрысынан.

Май қолымен екеуін қабат құшты,
Құшақтасып үшеуі көп тұрысты.

Көмектесіп Марат жүр анасына,
Сынай қарап әке отыр баласына.

Марат жайды столға дастарқанды,
Ана қойды әкеліп тағамдарды.

Әке шығып, даладан буган затты
Алып келді анаға Махаббатты:

— Міне менің сыйлығым, сүйген жарым,
Аз да болса көптей көр, қабыл алғын! —

Деп ананың бетінен әке сүйді,
Марат көріп, бір сырды ішке түйді.

Томпаңдап ол ішкі үйге кетті кіріп,
Қайта шықты құлімдеп, сәл кідіріп.

Анасына ұсынды құнделігін:
— Менің тартар сыйлығым Сізге бүгін! —
Ана көзін кілең “5” кетті шалқып!..

1958

АЙБАР МЕН ЛӘЙЛӘ

Ерте тұрып Айбаржан,
Терезеден қарады.
Тұнімен қар жауған,
Көрді аппақ даланы.

Шықты Айбар киініп,
Сүйретіп көк шанасын.
Тұр анасы сүйініп,
Аттандырып баласын.

Ләйлә көріп әйнектен,
Келді Айбарға жүтіріп.
Ол да шана сүйреткен,
Бір жығылып, бір тұрып.

Таудан төмен түскенде,
Ләйлә озып кетеді.
Тауға қарай жүргенде,
Айбар қуып жетеді.

1959

РАЙХАН

Келісімен Райхан мектептен,
Өтектеп киімін іледі.
Өтектеуді өзім үйреткем,
Ол жағын жақсы біледі.

Ертемен тұрып жуынып,
Киімін дайын киеді.
Шашын тарап, өзі өріп,
Лентасын да байлай біледі.

Сонымен катар Райханның
Салақтығы да жетеді.
Күнде соны айтамын,
Күнде ұмытып кетеді.

Сабағын оқып болған соң
Сөмкеге жинап салмайды.
Салдың ба деп сұрасам,
“Салдым” деп мені алдайды.

Есіктен шыға бергенде,
Есіне сонда түседі.
Алуға қайтып келгенде,
Үндемей ғана күледі.

Мен де үндемей қараймын,
Ол да зыта жөнелед.
Өшіп жатыр талай күн
Сәулеге қашан теңелед?

1959

ЖҮРЕГІМДІ ТОСАМЫН

Ушке толып Айдаржан,
Барды бүгін бақшаға.
Көп балаға қалды тан,
Ойнап жатқан бақшада.

Тұрлі-тұрлі ойыншық,
Шақырғандай Айдарды.
Қызу топтан түрді сырт,
Білмей қалай ойнауды.

Тұра берсе жатырқап
Шет қаларын ол үқты.
Ойнап кетті асыр сап,
Ен қызыққа молықты.

Кешке келді Айдаржан,
Тым жайдары көрінді.
Күлімсіреп салады ән,
Куанышты, көнілді.

Айдаржанның әніне,
Мен де әнімді қосамын.
Қуанышпен бәріне
Жүргімді тосамын.

1959

МӘРИЯШ ПЕН МАМАСЫ

Мектептен келіп Мәрияш
Ауыстырып киді кімін.
Жұына салып, ішті де ас
Шаруасын істеді үйнің.

Шаң болмасын шашым деп.
Басына тартты орамал.
Көйлегі былғанбасын деп,
Алдаққышын байлад қуанар,

Сүртті түгел үй іштерін,
Жұмастан бұрын еденді.
Үй ішінде не істерін
Мамасынан ол үйренді.

1959.

МЕКТЕПКЕ БАРДЫ ҮРЫСЖАН

Келдік біздер бақшага,
Үлкен жиын бақшада.

Бақша гүлге бөленген,
Тербеледі өлеңмен.

Жиынды ашып директор,
Шабыттана сөйлеп түр:

— Алпысыншы бақшадан,
Өсті талай жақсы адам.

Қолда өсірген төліміз,
Жігіт болды көріңі!

Ата-аналар, атынан,
Қуантып бізді балалар.

=

Мектепке ертең барады,
Кілең “бестік” алады.

Біз осыған сенеміз,
Ертең-ақ мұны көреміз!

Ата-аналар атынан
Алғыс айтты Асылхан.

Асылханның сөздерін,
Тыңдадындар өздерің.

Оның айтқан алғысын,
Қабылдады жүрт та шын.

Балалардың атынан
Сөз сөйледі Ырысжан.

Оның айтқан сөздері,
Кетті баурап өзгені.

— Бізді аялап өсірген,
Еркелікті кешірген

Өз анамдай ойнатқан,
Өнерге еркін бойлатқан.

Жасыл бақша ұымыз,
Сені қалай қиямыз?

Сол үшін сәби жүректен,
Айтамыз алғыс тілекпен!

Деген кезде Ырыскұл,
Жан-жагынан жауды гул.

Ырыскұлдің анасы,
Тұр сүйсініп, қараши.

Алда күтіп ткө мектеп,
Келеді қызын жетектеп!

1960

СЕНДЕР ҮШІН

Тында, қалқам, пионерлер,
Мен жырлайын, қосыл сендер.
Ой-санана нұр құйылса,
Күш-жігерің толып селдер.

Сен сайрасаң бұлбұлдайын,
Сені көрсем күн-күн сайын.
Көкірегімді ағын билеп,
Шаттықпенен жыр толғаймын.

Сендер үшін жырласа анаң,
Сендер үшін Отан панаң.
Сендер үшін бейбітшілік,
Соны ғана еске салам.

Сендер үшін жаңа табыс,
Соны үйрен, соган таныс.
Сендер қожа болашаққа,
Болашағың емес алыс.

Оқу менен еңбек керек,
Өнер-білім өшпес қорек.
Кек болаттар құстай үшіп,
Кек аспанда жүр дәңгелеп.

Айды аттап, күнге кетті,
Айбынды үні құдыретті.
Көре алмаған көп дүшпандар,
Тісін қайрап дір-дір етті.

Мейлі олар арсылдасын,
Мейлі отырсын шайқап басын.
Біз соғысты тілемейміз,
Біз тәклейміз көздің жасын.

Сендер үшін өлең-жырым,
Сендер үшін қыз бен ұлым!
Сендер үшін біз қоргаймыз,
Болашақтың бакыт нұрын! .

1960

БАҒБАН МӘРИЯШ

Мәрияштың үйінің бағы бар,
Бақтарында жемістің бөрі бар.

Суарады дәріләйді көктемде,
Гүл атады, бабына бақ жеткенде.

Мәуелесе гулін жарып алма бақ,
Алақайлад Мәрияш та куанады.

Баққа барып оқиғы ол сабагын,
Баққа барып іshedі ол тамағын.

Ерте пісті шиесі мен өрігі,
Қызықтырды балаларды көрігі.

Баққа кірмек болса өзге балалар,
Сары күшік шабаланып абалар.

Піскендерін күнде үзіп алады,
Үзген сайын ауызға да салады.

Жоғарыдан қаққанда Сақтаған,
Шие жауып жер бетін қаптаған.

Кететіндей жібін тартса үзіліп,
Жұлынады күшігі де қызығып.

“Бағбаным” деп қуанады өкесі,
Бағбан қыз, жемісінен әкелші!

1961

ФАЛИЯ МЕН ҚУЫРШАҚ

Фалияның папасы,
Ригага барып келді.
Базарлыққа қызына
Бір қуыршақ алып келді.

Қуыршақ сондай әдемі,
Көзінен күн көрінген.
Фалияның өзіндей,
Қара шаш төгілген.

Ашып-жұмған көздерін,
Кірпіктерін қағады,
Көрсөніздер өздерін,
Сыйлық дер ең бағалы.

Кәдімгідей қуыршак,
Сөйлеуді де біледі.
Кейде жылап, кей кезде
Сықылықтап күледі.

Күлген кезде Фалия
Аузына оның қарайды.
Тағы-тағы күлші деп,
Саусақтарын санайды.

Күлші, күлші, қуыршак,
Адамға ұқсан күл бір шақ.
Жүрші, жүрші, қуыршак,
Қанаты бар гүлге ұсан.

1961

МҰРАТ ПЕН МҰРАТБЕК

Мұрат пен Мұратбек,
Ауылдың баласы.
Бетімен жүрмей тек,
Шаруақор қараши.

Мектептен келген соң,
Мұрат мал қарайды,
Мұратты қөрген соң,
Мұратбек құс санайды.

Мұрат отын жарса,
Мұратбек тасиды.
Кейде кетіп қалып,
Жағалайды ас үйді.

Мұрат айқай салса,
Мұратбек бұғады.
Мұрат жетіп барса,
Сүйретіліп шығады.

1961

НЕМЕРЕМ МЕНИҚ, НЕМЕРЕМ

Немерем менің, немерем,
Сүтке қосып жыр берем.
Жанымда жүрсөң жайрандал,
Сендерменен гүлденем.

Естісем сенің үніңді,
Теңіздей тасып тебіренем.
Әжелеп келсең алдыма,
Менде сабыр қалды ма,
Ериді майдай бар денем.

1961

ӘЖЕНИҢ ӘЛДИНЕН

Әлди-әлди дегенімде,
Қара көзің мөлдірейді.
“Әже-әже” дегенінде,
Ана көкірек елжірейді.

Құлыным деген бір сөзім,
Қолқаңа сенің құйылсын.
Қолқаңа симай кернесе,
Жүргегіңе жиылсын.

Ботам деген сөзімді,
Ұмыта көрме боташым.
Жүргегің қалай тәзімді.
Үйықтамай шыдан жатасың.

Қозым деген тәтті сөз,
Жаныңды қалай қозғамас.
Үйықтай қойшы,
сәулем тез,
Тәтті жырға болып мас.

Жұлдызым деген сөзімді,
Бал бебегім ұғып ал.
Жұлдыздай жанған көзінді,
Маужыра да жұмып ал.

Сазды үнімді сағынып,
Іздерсің сен ержетсен.
Жыр бұлағы ағылып,
Жөнеледі тербетсем.

1962.

КІРДІ БІЛІМ ЕСІГІНЕ

Қырдың теріп қызғалдағын,
Жайрандаған үл мен қыз.
Қуанышқа белеп жаңын,
Күлім қаққан қара көз.

Алға сүйреп ар мен талап,
Кірді білім бесігіне.
Қыран құстай қаққан қанат,
Келді мектеп есігіне.

Бақытты елдің балғын жасы,
Оқы, үйрен, үлгілі бол.
Керегінді тандап алшы,
Сендер үшін қазына мол.

1962

ОҚЫ, ОЙНА

Бөбектерім оқы, ойна,
Оку, білім саған пайда.
Кітабыңың шетін жыртып,
Сияменен бояп алма.

Қолынды жу, тырнағынды ал,
Мұрнынды сұрт орамалмен.
Кешігіп қалмай мектепке,
Алысып журмей балалармен.

Ата-ана, мұғалімге,
Қарсы келмей әдепті бол.
Өтірік айтпай, үйрен шынға,
Тілейтінім сенен сол!

1963

ҚУАНЫШ

I

Туды бөбек інгалап
Дүниеге жар сала.
Қуанышпен алды орап,
Тосты сүтін жас ана.

Ауырғанын жанының,
Ана ұмытты ілездे.
Қуанышты жарының
Естілді үні сол кезде.

— Кімге үқсапты мұрыны,
Тартты ма екен өзіме?
— Дәл өзіндей “қыр мұрын”
Сенбеуші ме ең өзіңе?

Деді өзілдеп жас ана,
Қолмен басып мұрынын.
Күлді әке мақтана,
Мұрынына ұлының.

АТ ҚОЮ

II

Өтіп жатты той-думан,
Шалқи түсті ән мен күй.
Ат таба алмай лайықты,
Толғанады талай ми.

Жұніс, Жұсіп, Жұмабай,
Бекей, Бекет, Қанаттар.
Бәрі қалды жарамай,
Сәрсен, Бейсен, Санаттар.

Алуан түрлі Ғалилар,
Алынбады ауызға.
Көп Ахметтер сол күні
Қала берді қауызда.

Жарасымды заманға,
Табу керек жаңа ат.
Жаңа ат қою адамға
Болсын деді жаңа салт.

Шықты бір қыз топ жарып,
Аузынан дүр төгілген.
Қара көзі нұр жанып,
Таза жаны көрінген.

— Айбынды Отан баласы,
Айбарлы туған анасы.
Әскер күні туыпты
Елемей қар мен сұқты.
Айбар болсын есімі
Үнатса көптің шешімі.

Айбар деген жаңа ат,
Осылай туды жамағат.
Әңгіменің желісі,
Сол Айбардан таралад.

ТӘРБИЕ

III

Балаға деген тәрбие,
Тұган күннен басталар.
Басқышы көп дүние
Дүние неден жасқанаар.

Бала деген нәзік гүл,
Бағбан болар ата-ана.
Балтауынды ойлан-біл,
Өзінден алар ой-санда.

Бала үшін ананың,
Ерекше көп көрері.
Айбыны мен ақылы,
Әкелердің берері.

Әке деген асқар бел,
Жібермейтін жел-құйын.
Ана көкірек дария-сел,
Баланың үққан жан-құйін.

Ата-анасы айналып,
Толғанбайды ретсіз.
Көрінгенге байланып,
Жыламайды Айбар тез.

Көрмедік біз Айбарды,
Шырқыратып ұрганын.
Естімедік Айбардың,
Бұзақылық қылғанын.

МЕКТЕП

IV

Барды Айбар мектепке
Сөмкені әзер көтеріп.
Отыра кетті бір шетке
Бар даусымен жөтеліп.

Бала біткен бұрылып,
Алая келіп қарады.
Ерсілтігін өзі үгүп,
Ұялып Айбар қалады.

Байқап қалған мұғалім,
Тұрды жайлап ақыры.
Түсіндіріп тәртіпті,
Айтып өтті ақылын:

— Міне бүгін мектептің,
Аштың тұңғыш есігін.
Біржолата жидындар,
Балалықтың бесігін.

Жақсы оқысаң жалықпай,
Жақсы адам боласың.
Жоқтық қөріп тарықпай,
Айдай жүзіп толасың.

Коммунизм құратын,
Сендерсіндер жас ұлан.
Коммунизм муратын,
Орындаитын жас қыран.

Бейбітшілік құшағы,
Сендер үшін жеткіншек.
Отан сүйіп құшады,
Отан үшін еңбек ет.

Оқысандар кіл беске,
Мені нұрга бөледің.
Сақта соны, сақта еске
Соғана бар тілегім.

ЖАҚСЫ БОЛСА

V

Жақсы болса балаңыз,
Біз қуанып қаламың.
Жаман болса балаңыз,
Біз де үялыш қаламың.

Дегім келед сіздерге,
Құрметті ата-аналар!
Тілектеспіз біздер де,
Жақсы болса балалар!

1963

КҮНДЕ БІР “БЕС” АЛЫП КЕЛЕР

Кенжеміз деп кемпір мен шал
Гүлжаһаның жақсы көрер.
— Ұмытып қалмай. үйреніп ал, —
Деп ертегі айтып берер.

Кейде екеуі қатарласып,
Мектепке де барып келер.
“Жақсы” десе көнілді,
“Жаман” десе налып келер.

Ата-ананың талабына
Гүлжиһан да қанып келер.
Жақсы қарап сабағына
Күнде бір “бес” алыш келер.

1963

АНА ТІЛЕГІ

Бала менің бауыр етім,
Бала үшін бар бейнетім.
Бебегім деп өлеңдеттім,
Балбырасын алма бетің.

Сенің тәтті балғын үнің,
Баурап алды мені бүгін.
Қызығым сен, қыз бен ұлым,
Кеудеме өскен егіз гүлім.

Бұзылмасын тәтті үйқын,
Тыйылмасын күміс құлкін.
Ойна, сөулем, емін-еркін,
Сен деп білем елдің көркін.

Балапаным, балдырганым,
Сендер үшін бақыт таңын.
Коргайды анаң қызып жанын,
Коргайды әкең төгіп қанын.

Дүниенің жаңалығын,
Жастайынан үйрен, үғын.
Жаңалықтың айтар сырын,
Қолындағы ойыншығын.

Кек аспанның көркі күнде,
Ай толықсыр қара түнде.
Болашағым түр өзінде,
Жалғасатын өміріме.

Балапаным, балдырганым,
Сендер үшін бақыт таңын.
Коргайды анаң қызып жанын,
Коргайды әкең төгіп қанын.

1964

БАСТАЛДЫ МЕКТЕП ДУМАНЫ

Ертемен тұрып бардым мен,
Үйіме жақын мектепке.
Кеудемді кере алдым дем,
Қайнаған өмір мектепте.

Мындаған ұл-қыз жайрандал,
Шаттыққа толды маңайым.
Қызыққа келген сайрандал,
Кісідей болып қараймын.

Топтанып тұрган бөбектер,
Құйғандай жанаң көзіме.
Нанбасаң өзің келіп көр,
Симай ма айтқан сөзіме.

Фалия, Жайық, Қарлығаш,
Сумкасын алып қолына.
Қуанышқа толы балғын жас,
Қарайды оң мен солына.

Жазира жаздың қызығын,
Айтып түр Ақан, Ақбілек.
Шүйгінге жайып ұзақ күн,
Мал бағыпты жас түлек.

Қабатай, Жексен, Төленбай
Шөмелे сапты жарысып.
Бекжұма, Нұрлан, Абылай,
Жүрмепті босқа алысып.

Көмекші болты әкеге,
Техникамен танысып.
Есейіп қапты Айдар да,
Еңбектін сырына қанысып.

Көбейсін менен Темірбек,
Айтады суда жүзгенін.
Магзұм, Төстік, Төлеген,
Ау құрып балық сүзгенін.

Сабар, Болат, Мендібай,
Тілеген, Серік, Бауыржан.
Жүрмепті бұлар босқа жәй,
Кетпепті қашып ауырдан.

Бітік егін, шүйгін шөп,
Кернеп жатса даланды,
Мектепте де жұмыс көп,
Өсірер сенің санаңды.

Соғылды мектеп қоңырауы,
Сентябрьдің бірінде.
Ағылды ұстан өмірауы,
Басталды жорық білімге.

1966.

ӨЗІМ ТІКТІМ ЖАЛЫҚПАЙ

Айналайын анашым,
Әлпештеген мамашым.
Еміп өскен бәбекпіз,
Маматайдың мамасын.

Ай қабақты анашым,
Күн көкіректі мамашым.
Ақ сүтіңмен суардың,
Бебегіңнің санасын.

Айналайын анашым,
Көзіңнің қада қарасын.
Өзіңе арнал тіктім мен,
Кремльдің мұнарасын.

Өзім тіктім жалықпай,
Қанатында қалықтай.
Құтты болсын мерекен,
Шарықтай бер,
шарықтай!

1966

СӘБИ ОЙЫ

Ақ сүтін еміп ананың,
Еркелеп өскен баламын.
Балғын үнім тербесін,
Отанымның алаңын.
Гүліндегі жайнап дағаның,
Отындей ойнап қаланың.
Айға үшып барамын,
Күннен қуат аламын.
Ұлы Отаным түрғанда,
Қорғалап неден қаламын.
Нұрын қүйған кеудеме,
Ақыл-ой, білім-сананың.
Үрпағымын от-жалын,
Ленин сыңды дананың.

1966

СЕНДЕР ЛЕНИН ҮРПАҒЫ

Көктемді, жазды ұзатып,
Келді бүгін алтын күз.
Көкірегімнен жыр атып,
Құшақ жая шықтық біз.

Жанына келіп қараймын.
Өлеңге орап өтпекпін,
Өмірінді, арайлым.

Сарқылмайтын, тулайтын,
Қайнарымсың, ұл-қызым.
Шаттана ойнап шулайтын,
Жайдарымсың, ұл-қызым.

Балапаны мектептің,
Қанаттарын тарапған.
Баурап барады балғын үн,
Кіршіксіз нұрдан жаралған.

Еңсесі биік елу жыл,
Отанның таңы атқанға.
Бақытты тұған қыз бен ұл,
Шалқи тұс, қалқам, шаттан да!

Өзге жылдан өзгеше,
Өрге өрлейтін шақтарың.
Алдарында өрен жас,
Асу бар талай,
шырақтарым.

Бақыт, өнер, білімдер,
Іздеп сені келмейді.
Еңбектенсөң күлімдер,
Талаптансаң өрлейді.

Ақ шашты әжең аялап,
Мензеп отыр алысты.
Сендердікі болашак,
Сендер берме намысты.

Сендер үлгі жан-жаққа,
Сендер Ленин үрпағы.
Үстазды, досты, ардақта,
Биікке Отан шырқады.

Сенің балғын жүргегін,
Тола берсін шаттыққа.
Ата-ана, ұстаз тілегін
Ақтай бер, балам жаттық та!

1967

АНАМА

Әлпештеген, аялаған,
Ақ сүт берген апатаіым.
Сәлем беріп бүгін саған,
Куанышынды құттықтаймын!

Көкірегінді жастанып ап,
Талдырушы ем қолынды мен.
Деген сөзің “қалқам, шырак”
Кетер емес көнілімнен.

“Көңіл қошым, көз нұрым” деп,
Қолым қақпай еркелеттің.
“Жаман болсаң, сен — сорым” деп,
Жақсылыққа тағы үйреттің.

Тәттің болса, таңдайыма
Тосушы едің өзің татпай.
Қындықтың қандайына,
Төзуши едің кірпік қақпай.

Кір шалдырмай кекілімді,
Жуушы едің тарап кунде.
“Құлыным” деп сүйіп мені,
Басушы едің жүрегіңе.

Апатаіым — айналайын,
Менің үшін не көрмедің.
Сендей болып бала жайын,
Ұға білсін женгелерім!

Ана еңбегін ардақтаған,
Отанымның заңы ғана.
Ана орденін беріп саған,
Деп атады “Ардақты ана!”

Бұл қуаныш, бұл бақытты,
Апатаіым кім үмытады.
Бақыт берген ұлы занды,
Барлық әлем қадір тұтады.

Мен де сенің еңбегінді,
Ақтаймын, деп ант беремін.
Жақсы оқып барлық пәнді,
Білімді боп ержетемін.

Бесжылдықтың белесінде,
Тұrap балаң жұрттан озық.
Сақта апатаі, соны есіңе,
Шығам шынға қолым созып.

Арманым да, тілегім де
Кияға өрлеу осы күні.
Соны орындау жүргімде,
Кетер емес күндіз-түні.

Жалын атқан жас баланың,
Кім итерер кеудесінен.
Бала өсірген жақсы ананың,
Аты кетпес ел есінен.

Апатаіым, сол ана — сен,
Сені бүкіл дүние көрсін!
Бақыт берген ұлы Ленин,
Данқы соның арта берсін!

1967

АНАШЫМ

(Әні бар)

Айналайын анашым
Әлпештеген баласын.

Еміп өскен бөбекпіз
Маматайдың мамасын.

Ай қабакты анашым,
Күн сәулелі мамашым.

Ақ сүтінмен суардың
Бебегінің санасын.

1969

ӘЖЕ ҚУАНЫШЫ

Фалия, Гүлнәр, Айгүлім,
Куана ойнап жүр бүтін.
Соларға еріп келемін,
Терейін деп қыр гүлін.
Төгейін деп жыр гүлін.
Тұра қалып тыңдаймын,
Көктемнің әнші бүлбұлын.
Үнімен балғын тербейді
Қасымда тұрған қыз-ұлым,
Биіктө тұрып құшамыз
Бақытты еңбек, күн нұрын.

* * *

Бал таңдайы баланың,
Таза ауасы даланың.
Еріксіз билеп барады,
Салтанаты қаламның.
Алуан түрлі гүл жапқан,
Отанымның алаңын
Тұлғасы тұр тудай боп,
Ұлы Ленин дананың.
Қарсы алдымда қасқайып,
Артық сөзді қоспайық,
Кезегі келген кезенде —
Айтып-айтып тастайық,
Асқақ ойлы ардагер,
Заманға туған ылайық.

Тас бейнесін көріндер
Ыбырай сынды бабамның.
Қамкоры деп қараймын,
Ана менен баланың,
Мақтаным деп қараймын,
Күн мен айға балаймын,
Тірі адамға санаймын.
Кілтін тапқан кеменгер,
Алуан түрлі саланың.
Кеудесін керіп орнады,
Қасиетті қаламның.
Шырағы деп қарандар
Жиналған ей жарандар
Ақыл-ой мен сананың!

БАҚЫТТЫ БОЛ, БӨБЕГІМ

Таза ауасы даланың,
Салтанаты қаланың.
Әлдилейді, тербетіп
Жас жүрегін баланың.
Естіп жарқын құлкісін,
Мәз-мәйрам боп қаламын.
Тал, қарағай көк өрім,
Айдан көлің, өзенің,
Қар жамылған асқар тау,
Байтақ дала — өз елің.
Дархан елдің еркесі,
Бақытты бол бөбегім!

1970

СҮЙІПТІ ОЛ АНАСЫН

Балдырғандай баламыз,
Айтса ұғып аламыз.
Корғасындаі балқиды,
Біздің сәби санамыз.

Елін сүйген баламыз,
Шырақ болып жанамыз.
Ленин ата туын біз,
Жоғары ұстап барамыз.

Сүйіпті Ильич анасын,
Деп атапты: “мамашым!”
Ана жүрек өсірген,
Адамзаттың данасын.

Ана ұшырды түлегін,
Бала ақтады тілегін.
Мактанаышқа бөлепті,
Анасының жүрегін.

1970

ЛЕНИН АТА — ТУЫМЫЗ

Елін сүйген баламыз,
Шырақ болап жанамыз.

Ленин ата — туымыз,
Жоғары ұстап барамыз.

Сүйіпті Ильич анасын,
Деп атапты: “Мамашым!”

Ана журек өсірген,
Адамзаттың данасын.

1971.

МЕКТЕП — АНА

Анамдай асыл мектебім,
Құшагы нұрлы көктемім.
Өмірдің аттап өткелін,
Койныңда өсіп көктедім.

Кызығыңа еш тоймадым,
Асыр сап, тулап ойнадым.
Өзіңнен көріп сәулесін,
Білімнің жолын ойладым.

Бағында құстай сайрадым,
Кырында гүлдей жайнадым.
Сәулетті дархан бесігім,
Тербеліп жүрмін осы күн!

1971.

АСЫЛШЫ КЕЛІП МОЙНЫМА

Куанышым, қуатым сен мақтаным,
Сеніменен бірге атты ақ таым.
Өмірімді жалғайын деп өзіңе,
Өзекке орап,
тал бойымда сақтадым.

Бауыр етім, жүргегімнен жаралдың,
Ақ сұтімнен,
Күн нұрынан нәр алдың.
Тар құрсағым, тас қеудемді балқытып,
От сезім бол өн бойыма таралдың.

Қаным, жаным, қанатым сен қағатын,
Қайнарым сен тасты жарып ағатын.
Шырағым сен қара тұнде жағатын,
Бұлағым сен,

сүйсем мейрім қаңатын.

Үмітім сен, өмірім сен, өшпейтін,
Бақыттым сен, дәүлетім сен көшпейтін.
Балапаным, бал таңдайым, балғыным.
Қылышың жок,

ана көкірек кешпейтін.

Бүтінгі күн асылшы келіп мойныма,
Жыр маржанын толтырайын қойныңа.
Бөбектер бар жер бетінде күрсінген,
Қарай алмай оқ пен оттың ойнына.

Бөбектер бар жетім қалып жылаған,
Бөбектер бар, еңіреп, наң сұраған.
Бөбектер бар панасыз қалған дала да,
Жауыздар бар, оқ ататын балаға.

Ашық аспан, шуақты күн көгімде,
Ел ырысы қайнап жатыр жерімде.
Бейбіт туы сенің туған елінде,
Ақ шашты әжең жыр толғайды төрінде.

Әже жырын байғазы деп алыңдар,
Ойланған оқып, тұнығына қаныңдар.
Әжелерің мәңгі түрмайды өмірде,
Бар асылын дүниеге алып қалыңдар!

1971.

МЕКТЕБІМ

Мектебім, менің мектебім,
Мен болам сенің көктемің.
Өмірдің аттап өткенін,
Қойныңа келіп көктедім.

Мектебім, менің мектебім,
Мен болам сенің көктемің,
Жарыққа жастай беттедім,
Арынды сенің төкпелдім.

Мектебім, менің мектебім,
Мен болам сенің көктемің,
Бағында құс бол сайраймын,
Қырында ғул бол жайнаймын.

Мектебім, менің мектебім,
Мен болам сенің көктемің,
Досыма құлаш керемін,
Барымды бөліп беремін.

Мектебім, менің мектебім,
Мен болам сенің көктемің,
Сөүлетті, сәнді бесігім,
Серуендеп жүрмін осы күн.

1971

СЕНТЯБРЬДІҢ ҚҰДІРЕТІ

Кіреукеlei құз келді,
Алтын тонын жамылып.
Жасыл дүние өзгерді,
Алтын шашак тағынып.

Тамылжыған табиғат.
Ширатқандай тамырын.
Сентябрьдің құдіреті,
Жүргізгендей әмірін.

Мектеп қойны ашылды,
Күміс қоңырау қағылып.
Күміс күлкі шашылды,
Алтуан түрлі ағылып.

Сәбит, Мерген жас балғын,
Тұнғыш келді мектепке.
Бойларын билеп бір ағын,
Ұяла қарап тұр көпке.

Ойнап олар кетпейді,
Ерсілікті білгендей.
Топқа кірмей шеттейді,
Біреу қарап құлгендей.

Шырақтай үміт оттанып,
Ата-ана түр албырап.
Қара көзден от жанып,
Ұстаз отыр балбырап.

Қарай бердім қызығып,
Кірпігімді қақладым.
Түр бал бебек тіzlіп,
Шашып өтті оттарын.

Оттарынан от алып,
Өләндеп келемін.
Ой тұнығын қотарып,
Таңдай, талғап беремін.

Таңдал алған өлеңім,
Сендер үшін өренім.
Құтты болсын қадамың,
Жақсы оқид деп сенемін!

1972.

ЖҮЛДЕЛІ БАЛА

Бірінші класс балалары,
Бірінен бірі қалмады.
Бормен сыйып көшени,
Жарысқа түсіп самғады.

Қарасүр бала қаршадай,
Сызып жатты шаршамай.
Ат бейнесін қиялдай,
Алып шықты үялмай.

Көк арғымақ керілді,
Елден ерек көрінді,
Сәбит Темірхан ұлына,
Бірінші бәйге берілді.

1974.

БАЛАЛАР КҮНІ — БАҚЫТ КҮНІ

Балалар күні — бақыт күні,
Бақытымды жырлаймын.
Балалар үні — бақыт үні,
Бақыт үнін тындаимын.

Бақыт үнін тындаسام,
Шабыттана шалқымын.
Бақыт күнін жырласам,
Корғасындай балқымын.

Балқытады бал таңдай,
Еркімді алып кеткендей.
Ай қабақты ақ таңдай,
Әжелеп келіп есткендей.

Болашағым, бөбегім,
Гүлдене бер көктемдей.
Сендер үшін өлеңім,
Інжу-маржан төккендей.

Бейбіт күннің нұрына,
Әлем құшақ ашқандай.
Бейбіт елдің қырына,
Табиғат гүл шашқандай.

1974

ЕКІ ДОС

Айгүл мен Раушан құрдас,
Бірге барды бақшага.
Бала күннен сырлас,
Қазығы көп басқада.

Мектепке де бір барды,
Бірге оқиды қазір де.
Бағаны да бірге алды,
Төрт пенен бес әзірге.

Босап кетсе қолдары,
Сурет сыза бастайды.
Ұнамаса ондағы,
Жыртып-жыртып тастайды.

Саусактары майысып,
Күй сандықты басады.
Баяулатып кейде олар,
Әуендерін қосады.

“Жайлауы деп шопанның”
Атады Айгүл суретін.
Күмбірледті күн сандық,
Шопан қыздың құдіретін.

Жасыл алқап, айна көл,
Тұрган жері отардың.
Көрем десен сонда кел,
Өлеңіме от алдым.

1974

МҰРАТ ПЕН МӘДИНА

Алты жаста Мұрат,
Мәдина қаз тұрат.
Кейде қалат құлап,
Кейде жатат жылап.

Қарындасын Мұрат,
Көтереді зорға.
Көрінгенді сұрап,
Тұrap емес қолға.

Апасын көргенде,
Мәдина мәз күледі.
Папасын көргенде,
Көтеретінін біледі.

Атасын көргенде,
Еңбектеп жетеді.
Әжесін көргенде,
Бауырына кіріп кетеді.

Мұны көрген Мұрат,
Қызығана қарап тұрад.

1975.

МАЙРА МЕН НҮРЖАН

Майра мен Нұржан,
Қосылып салады ән.
“Алатауды” айтқанда,
Өзің де қаласың таң.

Майра қармақтай,
Салмағы қаңбактай.
Билесе зырлайды,
Бір жерде тұрмайды.

Шыбықтай иіледі,
Көргендер сүйінеді.
Өзінің бостығына,
Нұржан-тай құйнеді.

1975.

БЕРЕСІҢ БОЙҒА ҚУАТ (Айгүліме)

Әлде ояу, әлде үйқыда жатырсың сен,
Әр түрлі ойға түсіп отырмын мен.
Жарқын жұз, жазық мандай ерке жаның,
Бересің бойға қуат, өлеңге дем.

Құлыным деп баурыма қыссам сүйіп,
Ағылады өлең-жыр қеудем иіп.
“Әжетайым” деп келіп құшақтасан,
Қуанамын,
Тұрғандай тәбем көкке тиіп.

Сезімтал серігімсің жанымда,
Немеремсің қеудемді жарып шыққан.
Айгүл десем қарайды ай менен күн,
Көрінбейді қара бұлт,
қайда бұққан?

Бақытынды тілеймін алдан күткен,
Болашаққа қараймын зор үмітгепен.
Өтермін өлгенімше өлеңге орап,
Көрсем деп жеткенінді тілек еткем.

Оқисың жетіншіде бүтін таңда,
Әженің айтқандарын ойлап, аңла.
Әзірге төрт пенен бес алған баған,
Қатардан қалмас үшін тағы самға!

1975.

БАЛА МЕНИҢ БОЛАШАҒЫМ

Бала менің болашағым,
Жалғасатын өміріме.
Мен жырласам бала бағын,
Жыр тулайды көнілімде.

Қара көздер мәлдіресе,
Күмбірлейді қеудем менің.
Күлімдейді әке-шеше,
Қызығына мәз боп сенің.

Сыңғыраған күміс күлкін,
Қайнарындаи өмірімнің.
Берер едім дуние мұлкін,
Келсе бүтін бала күнім.

Тамылжиды табиғат та,
Жапырақ жайнап алақанын.
Гулін шашты алма бақ та,
Мадақтайды бала бағын.

Мадақтайды дуние жүзі,
Адамзаттың болашағын.
Ана сүтін, күннің көзін,
Сарқа алмайды ешбір залым...

Бала менің болашағым,
Мен жырлаймын бала шағын.
Күрсінбесін жер менен көк,
Токталмасын бейбіт ағын!

1975.

СЕНДЕР МЕНИҢ ҮМІТІМ

Сендер менің үмітім,
Үзілмейтін, өшпейтін.
Сендер менің бақыттым,
Мандайымнан көшпейтін.

Сендер менің көз нұрым,
Жанарымда ойнаған.
Сендер үшін бұл жырым,
Сендер үшін ойланам.

Дарияның көзіндей,
Сарқылмайтын саңлағым.
Отанымның өзіндей,
Санаң менен салмагың.

Мәуелеген алма бак,
Күз жеткенде сарғаяр.
Ертең өтер балғын шақ,
Құн де жетер ойланар.

Ойна-ойна, бәбекім,
Асыр салып аланда.
Өлендегіп келемін,
Мен бөлініп қалам ба?!

Қызыым-ұлым, қызығым,
Қызығына тоймаймын.
Жырдың киіп жүзігін
Әздеріңмен ойнаймын.

1975.

КЕУДЕМЕ ЖЫР ҚҰЙЫЛАР (Жиендерім Даніяр мен Бибігүлге)

Бәбектерім: Бибігүл мен Даніяр!
Сендерді көрсем кеудеме жыр құйылар..
Жаңа жылың құтты болсын құлындар,
“Құлындарым” десем денем шымырлар.

Сендер менің жүргегімнен жаралдың,
Сендер менің ақ сүтімнен нәр алдың.
Сендер менің немеремсің, үрпағым,
Қызығынды жырлау үшін жаралдым!

Жаңа жылда щарықтасын ой-санан,
Аман болсын алдарында ата-анаң.
Бақытты бол, өмірлі бол қанатым,
Сендер менің шам-шырағым жанатын.

1978

ЕРКЕТАЙЫМ

Динашым менің Динашым,
Еркетайым, қимасым.
Бал тандайлы балдырган,
Жаратқан бақыт сыйласын!

Күлкінді сенің тыймасын,
Мұлкінді сенің жинасын —
Ата-ана, ағам ардақтап,
Сен үшін қияр дүниесін!

1982

ТАРТУЫМ САҒАН

Темірім менің, Темірім,
Кіршіксіз аппақ көңілім.
Танып қойсын апасын,
Балалар менен келінім.

Тартуым саған бұл кітап,
Бауырым, оқы зейін сап.
Ұйықтап қалсам оянбай,
Жүргейсің сонда есіңе ап!

1985

ЖАЛЫН БОЛЫП ЖАРҚЫЛДА (Бақытқа)

Болашақ азаматсың үміт етер,
Өмірдің ауыр жүтін дәңгелетер.
Ерте оян, ерте ойлан, ерте үмтүл,
Сен сенген жақын-жаран бір күн кетер...
Жасыңда жалын болып жарқылдалап қал,
Көрілік үмыттайды,

саған да жетер.

Бұл жолдар жазылды сенің өзіңе арнап,
Түсініп, оқып шықсаң тебірентер.
Әжемнің кітабы деп сақтап ұста,
Сайраған әжендағы жүріп кетер...
Деп сүйіп мандаиыңнан,

ұсынамын,

Ардагер азамат бол, Арман етем!

1985

ҚЫЗЫҒЫНА ТОЙМАЙДЫ

Той болады деп осы үйде,
Келіп қалдық аяңдап.
Той себебін айтайын,
Өлеңдетіп баяндап.

Темір менің жиенім,
Толды бүтін бір жасқа.
Маңдайындан сүйемін,
Азамат бол марқасқа!

Сенің мамаң немерем,
Сен боласың шөберем.
Сені өсірер аялап,
Қарлығаш пен Төлеген!

Атаң сенің Бейімбет,
Сабырлы жан саспайтын.
Әжең сенің Әсия,
Жанын жайып тастайтын.

Атаң-әжең таласып,
Қызығына тоймайды.
Куанышы жарасып,
Сеніменен ойнайды.

Нагашы әжең Нұржамал,
Сазды әннің сандығы.
Саған арнап ән салса,
Тербетеді тәтті үні.

Осы ортаң — ортаймай,
Өсе берші бөбегім!
Телі емген торы тайдай,
Ойнактай бер өренім!

Тойың-тойға үлассын,
Өмірлі бол Бөбекім!
Келе берсін жалғасың,
Соларды да көремін!

Келсін-келсін жалғасың,
Қабыл болып тілегім.
Өсе берсін мал-басың,
Ақ батамды беремін!!!

ЖАРҚЫРА ЖҰЛДЫЗДАЙ
(Шолпанның әлді)

Айналайын Мерейжан,
Бақ берсін құдай саған!

Әлди-әлди Қошакан,
Мейірімді бол өрқашан!

Осыларға қосымша,
Ақылың бар болса.

Жетерсің сен сонда,
Жақсылықтың шынына!
Әяй бөпем-әйяй,
Әжесінің еркесі-ай!

Әяй бөпем-әйяй,
Жарқырашы жүлдышыздай.

Айналайын Құлышақ,
Бола ғой шам-шырак!
Оқумен көз ашып,
Фылымның төрін ал!

Ар-намысқа салып,
Абыройынды сақтап жүр!
Жақсыға жар болып,
Жүлдышыздай жарқырап жүр!

Заманың дұрыс болып,
Нұрын шашсын саған!
Үй-ішің аман болып,
Береке қонсын оған!

Анаңың ақ сүті,
Болсын саған қорғаныш!
Әкеңнің үміті
Берсін саған қуат-куш!

ЕРКІН ӨС

Сүйікті бөбек Елнұр!
Еркін өсіп күндей күл.
Өскен сайын ұланым,
Жақсы-жаманды айыра біл!

Сен де маган нәсілсің,
Тектіден туған асылсың...
Тегіңе тартсаң бір күні,
Теніздей тулаап тасырсың!

1991

АҢСАП КЕЛДІМ КӨРУТЕ

Бауырымда өсті Аманжол,
Сәулешім қызым сияқты.
Кұлындарым аман бол,
Жас сұнқардай кияқты.

Әмірім менің Әмірім,
Ұзақ болсын өмірің.
Көрген сайын сендерді,
Қанаттанат көнілім!

Аңсап келдім көрүте,
Ақ батамды беруге.
Қол таңбамды қалдырдым,
Есіңе алып жүргүте.

1991

ЖАС БОТАМ

(Жаңа туған Жәнібек Наурызбаевқа)

Бақытты бол бал-бөбек,
Еңбектерсің дөңгелеп.

Жүгірерсің шапқылап,
Алдыңнан жансын, бақ-шырак!

Қуансын сүйіп ата-анан,
Атақты, даңқты бол адам!

Қабыл болсын, ақ батам!
Азамат бол жас ботам!

1991

ТҮҢҒЫШ ТОЙЫҢ
(Мейірім Оспановага)

Мейіржан, құтты болсын Май мерекен,
Түңғыш рет майды тойлап жатырсың сен.
Ата-анаң аман болсын, айналайын,
Түңғыш тойыңа арнаймын түңғыш өлең.

Екі ата — екі әжең бар аялайтын,
Кызығын, куанышын аямайтын.
Бақытты, өмірлі бол, дарынды бол,
Ақылмен алды-ардынды шамалайтын.

Салмақты, сабырлы бол, саналы бол,
Алғыр болсаң алдыңдан ашылар жол.
Американың ауасын жұтып келсөң,
Арайлы астанамнан төгілер нұр.

Қайырымды, мейірімді бол туысыңа,
Ұстай біл әдел-абырой уысыңа.
Жасқанбай жарқырап өс жас сәбиім,
Қарарма дүниенің қуысына!

Қарт әжең отыр бүтін өлең арнап,
Алдағы болашақты оймен барлап.
Бір күндерде оқырсың, ойланарсың,
Қайран анам дерсің, ойға бойлап!..

1991

ЖАННАФА

Ата-ананың аялаган гүлісің,
Әрі қызы,
әрі азamat ұлысың.
Қазағымның ақ тілегін ақтайтын,
Үміт еткен өренімнің бірісің.

Бақытты бол,
өмірлі бол шырағым,
Қалауынмен қанаттансын тұрмысың.

1991

СЕНДЕР МЕНИҢ ҚАНАТЫМ (Айнұрыма)

Шөберем менің шөберем,
Сенің анаң немерем.
Сендер менің қанатым,
Сендерменен көгерем!

Айнұрым менің Айнұрым,
Арналды саған бұл жырым.
Куанта берші құлыным,
Сайрай берші бұлбұлым!

Оқы, жаным, кіл беске,
Әдеттен бос, жүрмеске.
Әделті бол, алғыр бол,
Сақта сәулем, соны есте!

Айгүлім менің немерем,
Айнұры оның шөберем.
Әжелеп келсе осылар,
Ен бақытқа кенелем.

Куаныш толып кеудеме,
Ойнайды қолым пернеде.
Әжелеп Айнұр мойныма,
Асылып тұрад тербеле.

Сонда жаным балқиды,
Сонда көнілім шалқиды.
Сілкіп тастап сексенді,
Толғана тартам өн-күйді.

Сонда Айнұрым билейді,
Биле деп мені сүйрейді.
Дөңгеленіп етегі,
Өкшесі жерге тимейді.

Қызына қарап әкесі,
Қолын созып қуледі.
Қызына қарап шешесі,
Бірге билеп жүреді.

Осылардың қызығы,
Куанышқа бөлейді.
Осылардың қызығы
Жырмен тербер көмейді.

РАДИОНЫ ТЫҢДАУ ҚЫЗЫҚ,

Сүмкама салып дәптерді,
Орындықты қойдым тізіп.
Шақырган соң балалар келді,
Радионы тыңдау қызық.

Бүтін кешке сағат бесте,
Радиодан сөйлейд мамам.
Көршілердің салып есіне,
Барлығында хабарлағам.
Мамам сөйлейд мұнда кел!
Тыңдайды бүтін жалпы ел.

Жиналып болып, күттік біз,
Бірақ та әлі мамам жок.
Музыка ойнап радио түр,
Күткеннен тіпті жаман жок.

Бураймын кеп радионы,
Мамамның іздең дауысын.
Біреу жырлап қоя берді,
Көктемнен мақтап ауасын.
Қайдасын мама, қайдасын,
Сөйлетпей сені тұрган кім?

Бір кезде берді радио
Театрдың программасын.
Бір кезде берді тағы да,
Өндірісін Оралдың.

Толқыннан толқын қалдырмай,
Іздеймін даусын маманың.
Болды екен оған бөгет қандай,
Жүйрік қой ойы адамның.

Сөйлейтін еді ол бүтін,
Станокты, өрмекті.
Анадан шыққан толқынды үн,
Тербететін жер-көкті.

Өзімен бірге мені де,
Дайындал еді сабакқа.
Жазып ед сонда сезінде,
Бұрылмастан тамаққа.
Мамамның үні шықлады,
Жалықты күте жүрттағы.

Берді міне футбол ойнын,
Динамоның алаңынан.
Күте-күте жұрт та тойды
Жарты сағат өтті жылдам.

Бітер емес ән мен күй,
Зарықтым күте мамады.
Ән мен күйді тартты сый,
Тойдырғанша адамды.
Оймен кездім дүниені,
Мамам неге сөйлемейді.

Шаршадым енді дегенде,
Сөйлеп берді анасы.
Тындасты оны жалпы ел де,
Тындасты үйден баласы.

СЕРЕЖАНЫҢ САБАҚҚА ӨЗІРЛЕНГЕНІ

Қолына алып дәптерін,
Сабағын оқи бастады.
Өзендер атын қайталап,
Шығыстың тауын жаттады.

Монтер келді сол кезде,
Кеңесе кетті Сережа.
— Керек неге бұл сізге,
Проводка, пробка.

Аздан кейін монтерге,
Қайықтан қарғуды үйретті.
Ұшқыш болмақ Сережа,
Жасы онға жетті.

Міне жанды электр,
Счетчик те істеп түр.

Қолына алып дәптерін,
Сабағын оқып бастады.
Өзендер атын қайталап,
Шығыстың тауын жаттады.

Кенет көрді әйнектен ол
Таза тұрған қораны.
Сіркіреп жаңбыр өткен,
Футболистер барады.

Көрді де жапты дәптерін,
Күте түр, деді “өзендерім”.

Эрине ол футболист
Қайтты үйіне кешке.
Оқуынан қалғаны,
Сонда түсті еске.

Қолына алып дәптерін,
Сабағын оқи бастады.
Өзендер атын қайталап,
Шығыстың тауын жаттады.

Інісі келді сол кезде,
Сындырып ойын арбасын.
Жөндеп қойды ілезде,
Өзіне керек болған соң.

Жарты сағат жөндеуге кетті,
Жарты сағат ойнаумен өтті.

Тағы да алды дәптерін,
Ренішпенен қолына.
Сабакты мұлде көп берген,
Деді, оқудың орнына.
Отыр өлі өзенді жаттап,
Алған жоқ бірін ойына сақтап.
Сережадан үлгі алма,
Ыңталы бол сабакқа.
Қатарындан кейін қалма,
Нұр жауады талапқа.

СЕҢ ЖҮРДІ

Сең жүрді! Сең жүрді!..
Жарып келед көк мұзды.
Әлде, бұл мұз жарғыш кеме,
Москва өзенінен өткен бе?

Жоқ, мұз жарғыш үлкен кемелер,
Бұл жерден тіпті журмейді.
Көбесі күнге сөгілген,
Мұз сыптырып жылдам жылжиды.

Күн шұғыласы құйылса
Мұз жүрегі балқиды.
Жол беріп асай толқынға,
Мұз жылжып ақырын қалқиды.
Жаршы болып көктемге
Көктің күні шалқиды!..

ҚАРАТОРҒАЙ

Ұя салды қараторғай қарт еменге,
Никитский бульвар деген жерде.
Шыдамай қысты құнгі ұскірікке,
Кетті үшып қараторғай онтүстікке.

Жүргенде ол жайбарақат онтүстікте,
Өзгеріп кетіп еді төнірек те.

Жанынан алып тұлға — қарт еменнің,
Жаңадан жасыл жапырақ бақ егілген.
Гүл жайнап, фонтан атып күміс суын,
Бөбектер алаңында көңілденген.

Балалар жас тал екті жан-жағына,
Темірден қоршау салды жас бағына.
Баяғы қарт еменге қайта шығып,
Жаңадан үя салды торғайына.

Қайтады қараторғай апрельде,
Той жасайды жаңа үйге кіргеніне.

ҚЫЗЫҚ МАШИНА

Тұрғанда көкшілденіп ашық аспан,
Ертемен күн шығады нұрын шашқан.
Тайпалайды тамаша бір машина,
Сылаң қағып шығады қақпаны ашсан.

Жарқырайды жанынан күміс қанат,
Тас көшениң тозаңын жуып барад.
Сыпрысып-сирып кетеді жүрген жерін,
Бір түйірін қалдырмай жинап алад.

Бұл өткен жер — тазарып қалад сондай,
Сыпырғыштың керегі жоқ ешқандай.
Осындайдың бірі болса мамама,
Үйдің ішін тазалап сыпырғандай.

* * *

Балалар әдебиетінің аса көрнекті өкілі Агния Бартомен ұзақ жылдар шығармашылық қарым-қатынаста болған Мәриям апайға автордың мына бір хатын ұсынып отырмыз.

Дорогая Марьям!

Я только что вернулась из Крыма и получила вашу посылку. Большое спасибо за внимание и чудные алматинские яблоки.

Буду очень рада повидать вас в Москве. Жду вашу руку. Посылаю вам сборник своих стихов и самый сердечный привет.

А. Барто.
август 1950 год.

Бұл хаттың сыртында ақынның былай дег жазған сөздері сақталыпты:

Агния Барто осы конвертпен маған таңдамалы өлеңдер жинағын жіберген еді. Ш. Мұхамедияров деген академияның қызметкері алып “оқымақ” болды да бермей кетті. Кітапта жақсылап жазған автограф бар еді.

Полтаулағ

*Айта аламын мен жасырмай сырымды,
Кім бөгейді менің асқақ жырымды.
Елдің іші сергіп қалды серпіліп,
Қанаттанды улгілі еңбек тынымды.*

*Ел мерейі — егескенді женсендер,
Жер мерейі — жер ананы емсендер.
Сасқалактап санынды бір соғарсын,
Ала көніл, ала аяққа сенсендер.*

*Әлденеге асығамын, жиналам,
Ата-бабам жер бетіне сыймаған...
Табындырып тар құрсауы тағдырдын,
Қайран тірлік,*
сені қимай қиналам...

ЖАМАЛДЫҢ ӨМІРІ

Заманында сүм патшаның кешегі,
Жылап еді еңбекшінің нешеуі.
Тұрмысынан бір кедейдің жазамын,
Әңгіменің жоқ өтірік, өсегі.

Белгілі адам аты шыққан Смайыл,
Ауылнай боп дүркіреді талай жыл.
Ел ішіне судай жүріп беделі,
Дейтін бәрі “Секе, бір өзің біл”.

Малы-басы бірдей өсіп қаулап тұр,
Саудагерлік кәсіптен де емес күр.
Не десем де байлығына сыйды,
Он-он бестей есігінде жалшы жүр.

Ішіндең Шалғымбай шал қойшысы,
Момын адам, өзгеменен жоқ ісі.
Смайылдың ас үйінде жататын,
Баспана жоқ, күн өткізді, жаз-қысы.

Бар кәсібі, қой бағу еді жасынан,
Алғанымен күн көретін осыдан.
Құтылатын құлшылықтан деуші еді,
Бізге-дағы бола ма атар таң.

Сағила еді Шалғымбайдың әйелі,
Босамайтын бәйбішeden бір елі.
Тезек теріп, малын сауып, салпақтап,
Күндікленен дамыл таппай жүр еді.

Қара торы, орта бойлы жас бала,
“Қарағым” деп мәпелейді ата-ана,
Бар тапқаңын кигізеді Жамалға,
Бірі құл бол, бірі күн бол бейшара.

Жас балдыրған талшыбықтай өседі,
Жас балаға, әркім көзі түседі.
“Шалғымбайдың қызы жақсы” дегенмен,
“Құда болсақ оған” әркім деседі.

Мырзағазы Смайылдың құдасы,
Атқа мінер, алаяқ, қу жолдасы.
Токалдыққа алып берем Жамалды,
Бұрыннан бар Смайылдың уәдесі.

Құдалықта Мырзагазы келеді,
Алма мойын Жамал қызды көреді.
Шалғымбай мен Сагиланы қондіріп,
Тоқалдықта жас Жамалды береді.

Жамал қызды малға сатты Шәкен шал,
Жұз сом ақша, он бес қара қалың мал.
Смайылға дейді Шәкен ырза боп,
Жұз теңгені шапан үшін өзің ал.

Смайылдың бұған көңілі толмады,
Комсынып ол, жұз теңгені алмады.
“Ат қып мінсін Сейітжаның” деп Шалғымбай
Бір дөненді қоса берді, зорлады.

Смайыл ку енді риза болады,
Ақшамен дөненді де алады.
Жаман емес беталысы өзірге,
Аяқ жағы әлдекәндай болады.

Октябрьдің жаңа орнаған кезі еді,
Жаңа ашылған еңбекшінің көзі еді.
Смайылдың істеп жүрген саудасын
Ауылдағы комсомолдар сезеді.

Анықтығын істін әбден біледі,
Жоғарыға дереу хабар береді.
Мырзагазы, Смайылға бір күні
Ойда жоқта шақыру қағаз келеді.

Амал қанша, шақырған соң барады;
Аудандық сот, істі тергеп қарады.
Мал алушы, мал беруші байларға,
Мың теңге айып, кісі басы салады.

Мұны естіп, жайрандады жас Жамал,
“Тендер” деген әйелдерге үран бар.
“Комсомолдың қатарына кіремін,
Мүмкін болса” дейді барып “үйымға ал!”

Мүше болып комсомолға кіреді,
Жиылдықта жій барып жүреді.
Бірте-бірте жаңалықта түсініп,
Жамал қыздың оқығысы келеді.

Көзден таса еткісі жоқ кемпір-шал,
Ата-анаға қарсы сөйлер не амал бар?
Комсомолдық жолдаманы қолға алып,
Оқу іздел, шықты ауылдан жас Жамал.

Қазақстан ортасына келеді,
Іздеп келген окуына енеді.
Жалын атқан, отты көзді жас қызға
Коммунистік тәрбиесін береді.

Оқып, өнер, білім-тәрбие алады,
Бар зейінін оқуга ол салады,
Ата-анасын әсте естен шығармай,
Хат-хабарын жеті сайын салады.

Дүниенің жарығына қарады,
Куаныштың кеудеде оты жанады.
Бес-алты жыл өткен кезде арада,
Өскен елі — тұган жерге барады.

Аман-есен көрді ата-анасын,
Кемпір-шал да қуанды көріп баласын.
Ауылдағы әйелдерді оқыттып,
Арттырады білім мен ой санасын.

Күнде жинап әйелдерді алатын,
Кайсыбірі өздері іздел баратын.
Айлап жүріп күндіз-түні ерінбей,
Жиырма әйелдің ашты Жамал сауатын.

Жамалды бірде шақырады ауданға,
Бөтен іске дейді енді алданба.
Кәнпескелеп ірі байды айдаймыз,
Көмектес сен, осындей бір науқанға.

Өкіл етіп Жамал қызды сайлады,
Кекке толы жас жүрегі қайнады.
Ақсүйек, бай, атқа мінер қуларды,
Кәнпескелеп, жер аударып айдады.

Әккі Смайыл, Жамал қызды сұрады,
Мырзағазы қоса келіп тұрады.
“Не алсаң да бізді босат Жамалжан”
Деп екеуі кезек-кезек жылады.

“Тыңдай алман сіздердің ол зарынды,
Оның үшін төкпеніздер арынды,
Коммунистік қаулыны ешкім бұзбайды,
Кәнпескелеп кедейлер алар малынды”.

Шошыды да байлар Жамалдың өткір сөзінен,
От үшқындаң түрдү екі көзінен.
“Ұлы Ленин тұра жолын бұрмаймын,”
Деген белгі көрініп тұр жүзінен.

Мұны көріп алаяқтар сасады,
Бой тасалап сай-саламен қашады.
Тыққан астық, мұлкін тауып Жамал қызы,
Смайылды жатқан жерден басады.

Смайыл бай келді жылап Жамалға,
Көнбеді Жамал неғылса да амалға.
Кәнпескелеп малы-мұлкін алды да,
Жер аударып аластады көп жылға.

Ата қоныс, құт мекені, қалды жер,
Куанысып бөліп алды кедейлер.
“Компартия, Совет заңы көп жаса!”,
Деп шулады езілген тап, еңбекші ел.

Атқарды Жамал талай қызын жұмысты,
Түсіндірді социалистік құрылысты.
“Кооператив, әртег боламыз” деп кедейлер,
Құрал-сайман, көліктерін жиысты.

Орта шаруа өзі келіп қосылды,
Социалистік бәсекені асырды,
Оқу үйі, бала аланы, зергерлік,
Орындары ел ішінен ашылды.

Көрнекті бол ауыл іші жаңарды,
Мұны көріп жалшы-малшы таң қалды.
Ел ішіне біраз еңбек сініріп,
Орталыққа Жамал қайта оралды.

Орталыққа гүлдей жайнап Жамал жүр,
Қадамынан гүл жарылып, төкті нүр.
Қазақстан он жылдығын тойлауга,
Сүр таңдай шешен, сұлу Жамал дайын тұр.

КҮЛӘШ

— Бригадир, комсомолка,
Он сегізде Күләш қызы.
Екі беттен қаны тамған,
Қарыс мандай, бота көз.

Белге оралған тоқпақ бұрым,
Жауырының жапқан қара шаш.
Ұзын кірпік, қырлы мұрын,
Тұр қыылған қара қас.

Орта бойлы, жұмыр дене,
Күш кернеген білегін.
Қайнап жігер, бойдағы өнер
Тулатады жүргегін.

Қарқын еклін, тасқын қайрат
Алған билеп денесін.
Күләш қызды көргенде ойлап,
Келешекке сенесің!

Жүріс-тұрыс, қымылдары,
Жасаулы оқтай көрінед.
Өр дауысы, өткір сөзі,
Түйдектеле төгілед.

Жабырқау жоқ, жалқаулық жоқ,
Жас ботадай ойнайды.
Жарыс-табыс, көзінде от,
Ұлы еңбекпен қайнайды.

Женді түріп, белді буып,
Жібек мінез есілген.
Еркін өмір ері етіп,
Комсомолым өсірген.

Жаңа өмірдің жас маманы,
Шыққан оқып курстан.
Күләш қыздың жас талабы,
Қайтар емес әр істен.

Әдеті оның іске жуық,
Техникамен айналған.
Өр мінезден өнер туып,
Ақ алмастай қайралған.

Машинаның бабын тауып,
Басқаратын Құләш қызы.
Жүрген жері ойын-сауық,
Жарқылдаған ашық жұз.

Деп Құләшті суреттеді,
Қара сақал, бұжыр шал.
— Тұрмыс кімді үйретпеді,
Жол қыскарсын, құлақ сал...

Деді дағы насыбайды,
Шырт түкіріп жіберді.
Күздің сұық, басыбайлы
Қоныр желі үдеді.

Үққа қарап, бір жамbastap,
Киді basa тымағын.
Бінғайланып сөзді бастап,
Деді маған: — Шырағым,

Енді жақын біздің ауыл,
Бірден токқа барамыз.
Күн де салқын, жол да ауыр,
Құләшті тауып аламыз.

Өз көзіңмен көресің.
Бұркылдаған дауылды.
Қызыл қырман кемесін,
Көтерген алып ауырды...

Токқа келдік, күн батты,
Көрсетті шал Құләшті.
Жұмыр дене, сымбатты,
Қолдасып жөн сұрасты.

Сырма шапан, елтірі бөрік,
Тері қолғап қолында.
Бірін жөндеп, бірін көріп,
Жүр машина соңында.

Сынса-булінсе машинаны
Табанда өзі істейді.
Жалғыз минут, жалғыз секунд,
Тоқтатпасқа күштейді.

Молотилка тұс-тұс жақтан,
Жер жаңғыртад үнімен.
Социалдық күші батпан,
Айқын көрінед түрінен.

Сан-сапалақ сансыз қымыл,
Санап ауыз жетпейтін.
Сартылдаған машиналар
Милион зырлап өктейтін.

Ұзын мойын бүркүлдатып,
Сабанды атып тастайды.
Сан тегершік жалғыз қадам,
Бірі кейін баспайды.

Өзі басып, өзі ұшырып,
Қапқа дәнді құйып тұр.
Қапты алып жеткізе алмай,
Қайша, Ажар құйіп тұр.

Сабан тартып сасқалактап,
Сагила мен Жұпар жүр.
Сақып, Сарышоқ бауды айырлап,
Барабанға салып тұр.

Алтын, Асыл, Ақлималар
Қапты кезек тасып жүр.
Нагима, Шәкен сабанды үйіп,
Назипа оны басып жүр.

Жұмыскердің көпшілігі,
Кілең әйел сыбанған.
Айтқаны елен, өзіл, құлкі,
Жабырқау жоқ жыланған.

Қызыл жалау желбірейді,
Кезді тартып еріксіз.
Күн құшақтап күлімдейді,
Куанғандай, көрдік біз.

Көз сүрінед үйген астық,
Жота-жота саны жоқ.
Куанады Құләш тасып,
“Сабанынаң дені көп”.

Анау тұрған қараша үйде,
Қызыл бұрыш ашылған.
Газет, журнал оқып күнде,
Әйел басы қосылған.

Аурухана оған таяу,
Жамал женгей дәрігер.
Сан-сапалақ, атты-жаяу,
Ауру-сырқау келгендер.

Күн де батты
жұртты иіріп,
Деді Күләш,
“тарама!”
Қазір мұнда кино жүред,
Өн-күйі бар жаңадан.

Кино жүрді сырт-сырт етіп,
Көрмегендер таң қалды.
Қызығына, қымылына
Қарауменен көз талды.

Қара кемпір: — Қарағым-ay!—
Деп Күләштан сұрайды:
— Әлде сикыр, әлде сайтан,
Кім әкелген мұндайды?

Күләш күліп: — Шеше, — деді,
— Бұл өнердің жемісі.
Көрмесеніз бұрын мұндай,
Ол білімнің кемісі...

Күләш күлсе, күн күледі,
Күн нұрына бөленген.
Күләш атын ел біледі,
Еңбек Ері кенелген.

Мың-миллион көк жұлдызы,
Сезгендей бір зат құлымдеген.
Есілген жел,
жылжыған бұлт,
Ауадан басқа білінбеген.

Күндеңі әдет қайтатұғын,
Тоқты аралап жатпастан.
Бармай жатсам, деді “бүгін
Ұйқы келмес,
атпас таң”.

Сіз жатыңыз деді маған,
Келем деп қазір, жөнелді.
Сол уақытта ай да жылжып,
Ала бұлтқа бөленді.

Жыранқы сай, қалың шағыр,
Қызыл топырақ есілген.
Қасқайып Құләш келе жатыр,
“Тайынбас судан шешінген”.

Ойдан шыға берген кезде,
Қап көтерген екі адам.
Қарандаған түсті көзге,
— Тоқта! — деді жалма-жан.

Жұлынған күйі жетіп барды,
Жігерленіп, тебініп.
Қапты жерге тастай салды,
Көтерді қолын шегініп.

Екі жауыз қапты тастап,
Қарсы қарап тұрады.
Бұлт та көшіп, айды тастап,
Әлемді жарық қылады.

Құләш қыздың қолындағы,
Тапаншаны көреді,
Бүретүғын бүркіттей боп,
Түнеріп Құләш төнеді.

Ашу қысып Құләш қыздың
Қаны қызып қайнады.
Бейне от боп екі көздің,
Шоғы шығып жайнады.

Көп алдына алып келіп,
Деді Құләш: “Көрдің бе?
Коммунист — деп — журген сеніп,
ТАП ДУШПАНЫН БІЛДІҢ БЕ?

ТАП ЖАУЛАРЫН ТАБУ ҚЫЫН.
КӨРІНБЕЙДІ, ЖАСЫРЫН.
ЕҢБЕК ЖЕУГЕ ЖЕГІДЕЙІН,
ТАПҚАН ӘДІС-ТӘСІЛІН”

“Коммунизм” колхозында,
Үлгілі сот құрылды.
“Құрту керек,
орын жоқ мұнда”.
Деп колхозшы жұмылды.

Он жыл кесті Жақыпбекке,
Қасындағы батырақ.
Үш жыл оған,
деді кеп те,
Дүшпанға ерген ақымақ!

Міне, Құләш комсомолдың,
Қырағы көзді маманы.
“Жау” десе ол жалындайды,
Өсірген оны заманы.

Заманына туған лайық,
Социализм аруы.
Ұмытпайды, ардақтайды
Коммунизм дәуірі.

1931

АБАЙФА

Теніздей терең ойлы,
үшқыр қиял,
Тіл жетсе Абай атың
сөзге сияр.
Болғанда өлеңге өзек,
жырға желі,
Ақындық қасиетің
нөсер құяр
Тереннен сөз асылын
сүзіп берген,
Киялдың қиясына
жүзіп көрген.

Ойынан ойып алып,
өрнек салып,
Үрпакка,
сөз маржанын
тізіп берген.

Тәтті жыр,
 сұлу әнді
 сүйген жанын,
 Тексеріп,
 терең ойлап
 ұқтым мәнін.
 Болғанмен өзің, Абай,
 ортаң надан,
 Өттің-ау үккыза алмай
 елдің қамын.
 Асқақтап ән шырқадың
 төгіп жырды,
 Үмтыйлдың оятам деп,
 ой мен кырды.
 “Дүниеге сен де кірпіш,
 бар қалан” деп,
 Тербеттің магыналы
 сөзбен сырлы,
 Қаранғы ел ұғына алмай,
 қалды ғапіл.
 Коймады еркіне,
 женді ақыл.
 Жок деген игліктің
 ерте-кеші
 Жатталып өлмес сезің,
 болды нақыл.
 Шалдықтай жетті жырың,
 өмірге тың,
 Өлеңінен төгілді
 сендері мүн.
 Тұғызған
 сөзден — патша,
 әннен — алып,
 Тарихта Абай атың
 бір биік шың.
 Бөледік бүгін гүлге,
 күмбезінді,
 Атайдың маңтанышпен
 күнде өзінді.
 Қазақтың бірі сенсің
 ерте оянған,
 Пушкинмен үштастырган ой, сезімді.
 Лермонтов,
 Крылов пен Толстойды,
 Сүйдің сен,
 дедің солар,
 терең ойлы!..

Өділдік,
 адамшылық
 соларда үлгі,
 Деп едің,
 надан ауыл
 үқпай қойды.
 Жыр жаздың,
 ән толғадың,
 шерттің күйді,
 Орыстың мәдениетін
 жаңың сүйді.
 Сан рет
 сахарарада
 салсан да айқай,
 Бәрі де
 жаңғырық боп,
 тасқа тиді.
 Ал бүгін оянды елің,
 гүлдеп жерің,
 Тілегің орындалды,
 Абай, сенің.
 Ойда — өлең,
 өмірде — өрнек,
 елде — бақыт,
 Сондықтан шығады еркін
 даусым менің
 Мен — бұлбұл,
 өміріме еркелеген,
 Шарықтап,
 шабыттанған,
 түспей төмен.
 Ой — теңіз,
 жүрек — кеме
 кетті жүзіп,
 Төгіліп көмейімнен
 кестелі өлең.
 Өліні тірі жанға
 теңелдірген,
 Жырына, әніне де
 баға берген.
 Көтеріп,
 көп мүддесін
 партиямыз,
 Алғысын ел аямас
 бүгін сенен!

CAMFA, CAMFA, ТҮЛЕГІМ

Үшты аспанға Қазақстан түлегі,
Дұр сілкініп, туган жерін түледі.
Жерлестері жерде өлең жазғанда,
Ақының көкте самғап жүр еді.

“Самға, самға”

батыр ұлым, ағында,
Қалсын ізің көк аспанның тағында.
Қызыл алма күн астына қоя кет,
Төксін арай,

күннің шығар шағында.

Айға сыйла Қазақстан бидайын,
Ақ шолпанға, өлең дайын, күй дайын.
Қара бұлтты, қанатыңмен осып өт,
Қара түнек болмасыншы әрдайым.

Жазып кетші “Қазақстан” дегенді
Өлең сөзден құяйын нық шегенді.
Кіндігінді кескен жердің есімін
Ардақташы, аялашы, төбенде.

Туган жерің ақша төсін ашып түр,
Шабыт шалқып, өлең-жырым тасып түр.
Келіп қонар тұғырынды дайындал,
Шашуыңа күн шуағын шашып түр.

1969

КӨКИҮҚ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Көкиүқ, көк мұнар боп көрінесің,
Кейде еңсенді көтеріп керілесің.
Кейде асынып сағым садақтарын,
Сарала шынжырдай боп өрілесің.

Көкиүқ жердің аты қолдан үйген,
Құшақтап көк мұнары бұлтты сүйген.
Жаугершілік заманнан қалған белгі,
Өксіген өмір сырын ішке түйген.

Көкиңү заманында болған биік,
Саясына бес мың әскер кеткен сыйып.
Қазакты басып алып,
Кул етем деп,
Қалмандар келген дейді наиза үйріп.

Жаңбыршы батыр екен, ұзын қыпшак,
Көрем деп ойламапты жаудан қыспак.
Сарбазын Сарыарқаның жиып алып,
Қалмаққа қарсы аттанған туын ұстап.

Жауына басын иіп жалынбаған,
Алаулап аруақты ер жалындаған.
Қалмақтың келер жолын кесіп тастап,
Ойнатып қара құйын дауылдаған.

Айбалта, наиза, қылыш, қолда шоқпар,
Жеке ауыз мылтық, садақ қолда оқтар.
Жайратып, қалай қырып тастаса да,
Өңкілдеп өшіккен жау емес тоқтар.

Жиенбай қолбасы екен Жаңбыршының,
Қарауыл қарайды екен таппай тыним,
Көретін күндік жерден қырағы екен,
Қара бұлт торласа да қүннің нұрын.

Жиенбай әрі тыңшы,
Әрі сыншы,
Әрі ақын, әрі палуан,
Әрі жыршы.
Еститін ат дүбірін күндік жерден
Алдынан тарап жатад шолушы,
Тілші.

Талай рет талқандалды қалың қалмак,
Қазакты кете алмады қалмақ жалмап.
Батырдың жарлығымен Көкиңүті,
Жиенбай қарауылға үйген арнап.

Бір емес үйіліпті үш Көкиңүк,
Халқының ашу-кегін жиып, құйып.
Қазактың қамы үшін қайран бабам,
Тастапты-ау қара жердің өзін түйіп.

Кокиңүк батырлардан қалған мұра,
Бұл күнде шөккен екен тұра-тұра.
Аңызы Көкиңүтің алуан түрлі,
Анығын көзбен көрген күннен сұра.

БАҚЫТ КІЛТІ ТУРАЛЫ

1

Бақыттың кілтін таба алмай,
Ата-бабам зар шеккен.
Елім ел боп саналмай,
Корғалап өткен жер-көктен.

Корегі сүті малының,
Терісін илеп тон тіккен.
Рахаты болмай жанының,
Қысы-жазы көшіп күнелткен.

Азамат ердің өнері,
“Барымта”, “көкпар”, “қыз куу”.
Надандық дүшпан демеді,
“Бір туыппын, бір өлу...”

Қызы-келіншектің серуені,
Қаптап тезек тергені.
Мынғырган байдың көргені,
Корадан малдың өргені.

Құлдың пен күндік бір сала,
Сүйекке сіңген көк жара.
Көрдің-ау, қайран ата-ана,
Қаныңды сорған сүр дала...

2

Жабайы халық атанып,
Даланы кезген шағында.
Тұыпты-ау Шоқан атамыз,
Зарыққан елдің бағына.

Ғылымның көзін тапқан ол,
Тар заманға табынбай,
Тарихқа тұра тартқан жол,
Найзагай сынды ағындей.

Жалғаса шығып Ыбырай,
Алаулап жанған жалындей.
Халқының көзін ашқан сол,
Түнекті түрген таңындей.

Әрі ақын, әрі білімпаз,
Кітап та жазған қолымен.
Мәңгі өлмейтін ол үстаз,
Мектепке салған жолы кең.

Ақындық туын көтеріп,
Абай шықты шарықтай.
Қазактың тұрды көгінде,
Асқақ әні қалықтай.

Шоқан, Ыбырай, Абайлар,
Орыстан тапқан шын досты.
Көрмесе де бір-бірін,
Ой-пікірі тоғысты.

Қараңғы халқын жарыққа
Жетектей тартты үш ұлан.
“Орыстан үйрен жалықта!
Тегеурінді ел жоқ тек бұдан.

Білімін алып, өнерін,
Үйренсөң қор болмайсың.
Ақтайды достың сенімін,
Жолда жұтап қалмайсың”.

Деген екен жұз жыл бұрын,
Қазактың үш қыраны.
Ұмытпайды халық ұлын,
Ұмытпайды ұланын!..

3

Мұның бәрі тарихтың жолы,
Шолып өттім еске салып.
Неге жетпеді адам қолы,
Не көрмеді біздің халық!..

Теңелмеген бар ма кетік,
Қарандаршы жан-жакқа.
Ұлым-қызыым айға жетіп,
Оқып жатыр космонавқа.

Жамал сынды балғын қыздар,
Бағындырды жердің астын.
Тежей алмай теріс сындар,
Дүние жүзінің сырын аштын.

Талай елдің майталманы,
“Теріс” деп те айта алмады.
Жалынды Жамал,
жаңаша Жамал,
Бетінді елің қайтармады.

Оқу-білім, өнер өрлең,
Жерді орап шықты көкке.
“Ұмтыл үрпак, оқындар!” – деп,
Ата-бабам айтпаған текке.

Жау да, жұт та, жауыздың та,
Жалтақтады, кесе түсті,
Бәрін кердік,
бәрін жендік.
Бәрінен де шындық күшті.

Бүгінгі күн бақыт кілтін,
Тапқан күні еліміздің.
Бүгінгі күн ұлы Ленин,
Атыңа алғыс айтам сенің!

1968

ЗАМАНА ЖЫРЫ

Замана жырын жырласам,
Жанымнан самал ескендей.
Замана күйін тындаасам,
Толықсып дүние көшкендей.

Замана таңы атқанда,
Қараңғылық қаусап түскендей,
Замана күні шыққанда,
Кеудемнен гүлдер өскендей.

Заманам, менің заманам,
Дүниені қайта құргандай.
Заманға лайық жаңа адам,
Жанымда самсал тұрғандай.

Келіскең ер келбеттері,
Көзінен үшқын шашқандай.
Жұмбақтың сырын жер-көктегі.
Өздері қолмен ашқандай.

Заманам, менің заманам,
Дарияны қолдан жасаған.
Заманға лайық жаңа адам,
Ағынын судың тұсаған.

Бетпақтың шөлін талқандап,
Орнатты қолдан айдынды.
Ақку-қаз үшса байпандап,
Айдыны құшты ай-күнді.

Шаңытқан шақат тандырын,
Маңдайдың тері жібітті.
Қарағай, қайың, тал бүгін,
Қызыртты қыз бен жігітті.

Көк-майса, көде шүйгінін,
Тесінен емді төрт түлік.
Шалғынын шайқап жел бүгін,
Самалын жатыр өткеріп.

Заманам, менің заманам,
Болашақ қамын ойлаған.
Заманға лайық жаңа адам,
Жеті қат жерге бойлаған.

Талқандап өтіп тау-құзды,
Тереңнен таптың қымбатты.
Қабаттап киген қар-мұзды,
Шымырлап шындар тіл қатты.

Шаяхмет біздің шахтыда,
Қазганы оның қара алтын.
Ай бойы тұрды вахтада,
Түрі жоқ топтан қалатын.

Заманам, менің заманам,
Жеткізген бізді арманға.
Заманға лайық жаңа адам,
Бөгеліп, бұтып қалған ба...

Тебірене түсіп тың дала,
Ақтара салды алтынын.
Еңбекке иіді жер-ана,
Үмітін ақтап халқымның.

Далаға жапан жан бітіп,
Қалалар жайды қанатын.
Жатқандай боз бел ән күтіп,
Күрсіне демін алатын.

Ән мен күйге тербеліп,
Боз белдер бойын жазғандай.
Әмірге өзге өң беріп,
Өренім топтан озғандай.

Заманам, менің заманам,
Жайқалды қырдан көк орман.
Тұрліп тұндер даладан,
Төгілді арай ақ нұрдан.

Лениннің шамы нұр төккен,
Қалаға теңеп даланы.
От алдық бірдей жер-көктен,
Менгеріп алуан саланы.

Көрсөндер сол бір даланы,
Көсемнің өзі жүргендей.
Сәулетті, сәнді қаланы,
Күлімдей қарап көргендей.

Елестеп көзге ұлы адам,
Кеудемді шаттық көргендей.
Сонша ма, неге қуанам,
Бақыттың құсын бергендей.

Заманам туы алаулап,
Алдында кетіп барады.
Әмірім-өлең, көңілім-шат,
Сол тудан бәрі тарады,

Партиям, менің партиям,
Көреген, басшым, көсемім.
Жанданды жазың,
 құз-қиям,
Шалқыса мен де өсемің.

Батырлар бастап барады,
Отанымды, елімді.
Айқасқан жауды алады,
Жау баспайды жерімді.

Замана жырын жырласам,
Жанымнан самал ескендей.
Замана күйін тындаسام,
Толықсып дүние кешкендей.

ӨМІР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

I

Өмірдің құрып өрмегін,
Дүниеге мен де келгенмін.
 Тағдыр тартса табағын,
 Табиғат салған өрнегін.
 АナンЫҢ төсін аймалап,
 Жанымды жырмен тербедім.
 Балалық-жастық шағымда,
 Не барын алда білмедім.
 Жаңалық таңы атқанда,
 Қанатты қағып сермедім.
 Алдамшы ала дүниенің,
 Ырқына ерік бермедім.
 Кейде женіп шықсам мен,
 Кейде еріксіз еніредім.
 Тас кеміріп, тау бұзып,
 Қиналып жаным, терледім.
 Бостандық туы астында,
 Оттанып өрге ерледім.
 Өріліп жатты өзекте,
 Өлең бол менің көргенім.
 Сәуле жарды жолыма,
 Астанага келгенім.
 Сімірдім білім бұлағын,
 Үстадым білім шырағын.
 Қасқайып кіріп қатарға,
 Алдында тұрдым көрменің.
 Ұшқындалп оттар жататын,
 Мандайды үрган темірден.
 Талғанда талай қанатым,
 Үмітімді үзіп көрмедім,
 Долданып тасты кеміргем.

II

Арпалыстым, алыстым мен,
Қорықпадым көрінгеннен.
Махаббаттың ақ жолында,
Кұламадым,
сүрінгенмен...

Тәуекелім отын шашты,
Жыр ұясы көнілімнен.
Қасарысып қарсы бардым,
Қашпай ауыр-женілінен.
Куат алдым, жігер алдым,
Отанымның өнірінен.
Талай өтірік тарап жатты,
Өсекшілдер көрігінен.
Ағыл-тегіл төгілдім мен,
Жыр толғасам өмірімнен.
Айбыным болды аға-інім,
Солардың шықтым көнілінен.

III

Қынында жатпас ақ алмас,
Жерден шығар асыл тас.
Жерді жарған асыл тас,
Көрінбей қайта жоғалмас.
Менің де жұмыр жүрегім,
Бірде шат,

бірде болды-ау пәс.

Періштесі махаббаттың,
Әлдиледі, аялады.
Әмір күліп әлпештесе,
Тағдыр кейде аямады.
Қиянатсыз қызып бізді,
Жүрегімді жаралады.
Сонда-дағы қасиетіңе
Тәжім етіп идім бас,
Артсанда жүктің ауырын,
Көнілім сенен айнымас...
Жалғыздық көріп жасымнан,
Өксіп-өксіп төктім жас.
Ар-намыспен адап тілек,
Болды өр кез жан серігім.

Алаулаган отты жүрек,
Жырын текті сал серінің.
Келешектің ашқай бағын,
Деп жалынам құдыретке.
Дос-жараным мені сөкпе,
Бәрін де көрдім, бәрі рас!..

IV

Жұлдыздай ағып жетпіс жыл,
Арқалап бәрін келіп тұр.
Есеп берер кезің деп,
Есікке қонырау беріп тұр.
Барынды жай да базарла,
Құшағын достар керіп тұр.
Әйнектен қарап ай мен күн,
Нұрынан шапақ төгіп тұр.
Алпыс жыл терген жеміс бар,
Менің де қолым емес құр.
Ақ самай ана алдында,
Әдеппен тау-тас шеғіп тұр.
Анамдай дала, жер мен су,
Саясын жайып қалың ну,
Желбіреп желмен қызыл ту,
Беттерін маган бұрып тұр.
Соларға деген жаңа жыр,
Кеудемде менің тұнып тұр.

1976

КӘМШАТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Көктем келді еңбек кілтін ашқандай,
Жер бетіне гул ұрығын шашқандай.
Айна көлдің ақ төстері буланды,
Күн аймалап, алақанын басқандай.

Ақ қайыңның саусақтары иілді,
Көк қарағай бейне жігіт киінді.
Құба терек, қызыл арша қыз мінез,
Тал мен шілік шашын тарап сүйінді.

Тобылғылар жасыл түйме тағынды,
Тұсірді еске менің бала шағымды.
Қайран жастық қайда ғана қалдың деп,
Күп келем бұлдыраған сағымды.

Қарсы алдынан жазық дала көрінді,
Қызықтырып кербездене керілді.
Бүркіратып бір керемет келеді,
Дүбірімен тербеткендей елімді.

Қарай бердім, сұрай бердім асығып,
Тұра алмадым от сезімді жасырып.
Комшат қызың келді, ақын, алдыңа,
Дегендей болды көктем гүлі шашылып.

Ең даланың ерке қызы аруым,
Әрі қызыым, әрі менің бауырым.
Кек болаттың берді сеніп тізгінін,
Өзің туған ауылың мен дәүірін.
Сегіз қырлы, бір сырлысың сарбазым,
Сактай білдің,
актайдай білдің қыз назын.
Ерім де сен, еркем де сен, ел сүйген,
Мақтанымсың, мадағымсың, маңғазым.

Күш-куатың, әдеп-абырой, ақылың,
Еңбекпенен тапты өзінің жақынын.
Елдің даңқын,
жердің даңқын асырдың,
Қындықтан қорықлаған батырым.

Санқылладың Кремльдің төрінен,
Самғап ұшып Сарыарқаның өрінен.
Дүние жүзі бір серпіліп қалғандай,
Қазағымның шалқып өскен елімен.

Ана да өзің, жар да өзің жарасқан,
Көкірегіңе бал бөбегің таласқан.
Жүрген ізің тасып жатқан дария,
Еңбегіңе игендей дәл жер-аспан.

Аса берсін атақ-даңқың, мерейін,
Алғысымды өлеңге орап берейін,
Отанымның өжет қызы от жүрек,
Женісінді,
жемісінді көрейін.

ТЫҢ ТОЛҒАУЫ

Өлеңім менің, өлеңім,
 Өлеңге өрнек өренім.
 Өренімнің ерлігін,
 Тебірене жырлап беремін.
 Тың шежіресін оқып ап,
 Кеудемді күнге керемін.
 Куаныш-таудың шыңынан,
 Тасыған дала көремін.
 Бақыттың есіп самалы,
 Ойдан өрмек өремін.
 Ана мен бала болінбес,
 Жырлауға анаң ерінбес,
 Қасынан қалмай келемін.
 Бабаларың белсеніп,
 Бостандық таңын атырды.
 Соңынан ерді ел сеніп,
 Қанаушы тапты батырды.
 Құл-құтан, жетім-жесірді,
 Ту астына шақырды.
 “Жер төнірісі өзің” – деп
 Таstadtы тігіп шатырды.
 Жаппай оқып, тапты олар,
 Өнер-білім, ақылды,
 Болашақ үшін алысты,
 Берменді жауға намысты.
 Қоқтетті құшпен тақырды,
 Әкелерің жан қиды,
 Өн бойынан қан қүйді.
 Фашизммен алысты,
 Қаһарлы жауға қарысты.
 Жалын жалап,
 оқ шайнап,
 Қан майданда салды ойнақ.
 Бейбітшілік орнады,
 Дүние жүзі қолдады.

Өтті жылдар,
 өтті айлар,
 Тогызып жатты көп ойлар.
 Қамы үшін халықтың,
 Егіліп жатты тогайлар.
 Алуан түрлі кезендер,
 Қосылып жатты өзендер.

Табиғатпен шайқастын,
Күш-куатты байқастық.
Партиям бастап,
ел қостап,
Тың даламен айқастың.
Жастар күші бүрқады,
Жастар әнін шырқады,
Өрге өрледі ойқастап.

Кеберсіп жатқан тың дала,
Аунап түсті керіле.
Ақ шатырлы ақ қала,
Орнап жатты төріне.
Ақ маржандай ақ бидай,
Жер қойнынан селдеді.
Теніз тасып жатқандай,
Ел қанатын сермеді.
Милиардтар құйылды,
Отанымның қорына.
Милиардтар жиылды,
Бейбітшілік жолына.

Лайық болды миллиард,
Қазақстан атына.
Милиардтар айналды,
Біздің елдің салтына.
Үлгіл ісін өреннің,
Өлеңмен айтып беремін,
Тың даланың байлығын,
Ала білген теренен.
Жайсан җанды жастарым,
Гүлдентіп жерді таstadtың.
Темір тәртіп, әдептен,
Аяқты шалыс баспадың.
Алғысын алдың Отанның,
Алғыр ұлан атандың.
Сенің алып күшінді,
Сенің ерлік ісінді,
Үлгі етіп үрпакқа,
Партиям бүгін ұсынды.

1980

ТЫҢ КӨТЕРГЕН ЖАСТАРҒА

Сәлем де сан мындаған жастарыма,
Өлеңім қанат болсын жас жаңыңа.
Айтқанда әнге қосып қыз бен жігіт,
Аспанның құсы қонсын қастарыңа.

Асқақ ән,
отты өлең,
дарынды үнім,
Санқылдап сахараға жетсін бүгін.
Даланың тағыларын таңырқатып,
Орманның сілкіндірсін жас бұлбұлын.

Куансын,
қиқуласын,
көктем құсы.
Жарылсын,
жаңғырықсын таудың іші.
Жақсы өлең,
әдемі ән, —
жан азығы,
Жастардың,
еселенсін, қуат күші.

Тасысын,
тасқындастын,
жігер-қайрат,
Кернесін,
кең даланы,
еңбек қайнап.
Төгілсін,
толқындана
өлең мен жыр, —
Жастардың тың қопарған,
кушін қайрап.

Қосылып ән шырқасаң ауық-ауық,
Жаңыңа жал бітірер ойын-сауық.
Сол үшін өлеңімді ұшырдым мен,
Сендерді алар өзі іздеп тауып.

Бір ұшқын, өлең деген, жарқыл қаққан,
Бір нөсер, көкірегінді билеп аққан.
Жүргегін талай жастың тұтандырып,
Бар жүгін махаббаттың арқалатқан.

Сол өлең, мені-дағы отыр билеп,
Киядан, киялымды, тынға сүйреп.
Тың жердің қыртысындай таспаланып,
Тың өлең жаңа келді түйдек-түйдек.

Кел, менен үлесінді ал, қыз бен жігіт,
Сырым жоқ өздеріңнен қалар бүгіп.
Алдыңа, ақын ана тартты барын,
Тандап ал, керегінді өзің біліп.

Өмірдің
зор есігін
ашып алғаш,

Келелі
келешекке
өзің жалғас.

Тұрсындар
тұған елдің
жас қыраны,

Шабытпен
шарықтасаң,
канат талмас!

Алдында
алқалы топ,
шаршы жиын,

Сендерге
сеніп тапсырды
істі қыын.

Жалықпа,
жанынды сал,
арынды акта,

Талғап ал,
өміріңнің
тартқан сыйын!

Ой-сана
өз бойында,
әдеп-абырой,

Ақынға
әр қимылың
салады ой.

Даланы еңбекпенен думан еткен,
Жиының
мерекелі,
тарқамас той.

Жаңарды,
жайнай түсті
аспан асты.
Жер-көкке, адам күші араласты.
Бұлжымас бойда қайрат, ойда сенім,
Тұрғанда, халқың сенін, неден састы!..

Жасаған, жаңа дүние, өз елдерін,
Өмірдің ұтып қымбат кезендерін.
Құм басқан, шөл даланы шомылдырып,
Емізді егістікті, өзендерім.

Жанданды, жасылданды, жапан дала,
Орнады, от жүректі жаңа қала.
Іргене, жаңа ағайын қоныстанып,
Тобына, келді жаңа қыз-бозбала.
Қосылды, басыңа-бас, жаныңа-жан,
Тың жерден, толқындана тасыды дән.
Кездесіп сүйгеніне талай жастар,
Тойында шаттықленен шырқалды өн.

Есігін ептеп ашып
жас отаудың,
Кір жырым,
ұсын гүлін Алатаудың.
Қуанған екі жасты
құшаққа алып,
Менмін, — де, —
байғазың да,
карғы бауың!

Елеусіз сен
кіргенде
ашып есік,
Отаудың он
жағында
тұрса бесік.
Бөбекті — тыңда туған
тербете бер,
Ол да айттар
ана жырын,
жетсе өсіп!

Куансын,
өмір сүрсін
біздің жастар!
Өзгеге үлгі болсын,
сол бір жас жар.

Ширасын,
шыныға түссін,
шықсын алға,
Ата-ана
соны тілейд,
жакын достар!

Білімің,
өнеріңе
еңбегіңсай,
Керіле,
кең жазыққа
қанатты жай!
АҚШ-тар арсылдаса,
бомба арқалап,
Тасысын біздің
жерден Қызыл бидай.

Қан тілеп,
қақтықпаймыз
біз олардай,
Соқтықса,
өзі келіп
жауабы сай.
Халық үшін,
Отан үшін
бізге керек,
Тербеліп
тыңға шыққан
қызыл бидай.

Қабыл ал өлеңімді, тындағы жас,
Кара жер қайратына иді ғой бас.
Еңбегің, ерлігің де, елге мақтан,
Сондықтан саған деген жыр сарқылмас!

1955

КОМСОМОЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

I

Сол бір күндер ұмытылмас,
Ұмытылмас өмірде.
Ойланы қарап өрен-жас,
Алындар жазып көнілге.

Уа, өрен-жас, үл-қызыым,
Күлім қаққан жұлдызыым.
Советтік саңлақ атағын,
Тебірендірген жер жүзін.

Комсомолдың көсемі,
Сүр тандайлы шешені.
Мұратбаев Фаниды,
Атасам көңлім өседі.

Ту ұстаған туыстым,
Белді бекем буыстың.
Жаңалыққа жаршы бол,
Жасақты жауды күистың.

Қуат алып Лениннен,
Суырылып шықтың елімнен.
Ерте кетті жас Фани,
Артына қарап сеніммен.

II

Оразбаева Алманың,
Өмірде ізі қалғанын.
Жеткізе айтып бере алман,
Сөзге сыймас салмағың.

Бірінші сол комсомол,
Бірінші сол коммунист.
Лениннен оқыды ол,
Атқарып етті ұлы іс.

Найзағайдай жарқылдаپ,
Қыран құстай саңқылдаپ.
Күндіктің торын турады,
Жауын женді алқымдаپ.

Жастай өшті шырағы,
Сарқылмақ емес бұлағы.
Қасиетті есімі,
Кеудемді кернеп турады.

III

Тында, жастар, жалықпа,
Не керемет халықта.
Кешегі қыргын соғыста,
Женғеніміз анық та?!

Айту керек шындықты,
Жасқанбайды шын мықты.
Өздеріндей өрен жас,
Сонқылаған сүмдикты.

Төніп келген тажалға,
Қарсы шапты ажалға.
Жалын жамылып, шоқ шайнап,
Абдолла кірмес мазарға.

Жауға басын имеді,
Үстіне кебін кимеді.
“Отаным” деп кетті ұшып,
Жамбасы жерге тимеді.

Дұлдул ақын Абдолла,
Кетіп барад ту қолда.
Қаламы мен қаруы,
Эстафет болып түр жолда.

IV

Батыр Мәлік маңғазым,
Жүрсіндер оқып жазғанын.
Майталман, жүйрік, білімпаз,
Аруағын тербел қозғадым.

Комсомолдан өскен ол,
Қан майданға тартқан жол.
Жауға жасын ойнатып,
Соңынан ерді қалың қол.

Ақ иық қыран секілді,
Болаттай қайнап бекінді.
Майданның төрін мекендең,
Ақ жебедей жетілді.

Күнге жайып қанатын,
Кеудесін керіп алатын.
Алшақ басып аттаса,
Жер солқылдаң қалатын.

Ақыл-ой, қайрат-білімін,
Үлгісі болды тірінің.
Жауды женген жайсан Мәлігім,
Арамызда жоқ бүгін.

V

Қазағым менің, қазағым,
Қаныммен сені жазамын.
Ұлыннан қалмай қыздарың,
Майданның көрді азабын.

Майдан-майдан қайнады,
Сарала ажал ойнады.
Жарақтанған жас Мәншүк,
Алған беттен таймады.

Жеңістің жолын ойлады,
Корғасын шашып қоймады.
Найзағайдай жарқылдап,
Жай оғындарай бойлады.

Сын сафатта ашты жол,
Қамалды бұзды қалың қол.
Туын жықпай жеңістің,
Қыршын жанын қиды ол.

Комсомолдың түлегі,
“Отан” деп соққан жүрегі.
Батыр қыздың ерлігін,
Дүние жүзі біледі.

Жалғаса шықты Элия,
Әлемге ол да жария.
Фашистерді соққылап,
Салды ойран, сан кия.

Намысын жауға бермеді,
Туындал күші селдеді.
От құшақтап, оқ жұтқан,
Мұндай қызды көрмедім.

Қазақтың ару қыздары,
Ел бақытын қорғады.
Батырлардың жұлдыздары,
Аспаныма орнады.

VI

Есіне түсір өрқашан,
Ұзақ жолдың бойында,
Ер есімін аңасаң,
Өлеңім тұрар ойында.

Комсомолдың билетін ал,
Ұсынып тұр ақ шашты әжен.
Қайнап жатқан өмірің бар,
Болашақтың қожасы сен.

Коммунизм құрылышсызы
Басқа емес, дәл өзін.
Отанымның ұлы күші —
Жаудан қорғау жердің жузін.

Ішкі-сыртқы жауды жеңген,
Сенің әкең, сенің атан.
Қорғалама көрінгеннен,
Менің берер саған батам!

1978

МИЛЛИАРД ТОЛҒАУЫ

Ақын ана шабыттана шалқысын,
Тұған жердің аспанында қалқысын.
Қайраттанып, қанаттанып, оттанып,
Миллиард тауын жырмен тербеп балқысын.

Өлеңдетіп толғасын бір өмірім,
Күмбірлесін қуанышпен көнілім.
Асқақ әнім қара бұлтты қақ жарып,
Шақырады жазғы самал жеңілін.

Миллиард менің мерейімді өсірді,
Тың даланың ақ құйынын көшірді.
Дән тауынан арайлана күн шығып,
Қарсы алдымнан бақыт лебі есілді.

Дүниенің сырын үқкан теренінен,
Ерлігінді, елдігінді көрем мен.
Сарыарқаның сәукелесін киіп ап,
Өлеңдетіп көшінде бірге келем мен.

Тұғің алтын,
түйірің алтын тұған жер.
Дән боп тасып жатыр бүгін мандай тер.
Алтын дария, алтын астық, алтын сел,
Нанбасандар тың даалаға келіп көр!

Ерлік, жігер, ар-намысын сақтады.
Сертке берік,
белін шешіп жатпады.
Азаматым, ардагерім, ардағым,
Партиямыңың,
Ақ сенімін актады.

Жер қадірін, ел қадірін білемін,
Тілегінді сырттан тілеп жүремін.
Куанышын Отанымның тыңдасам,
Қанаттанып, қайраттанып түледім.
Тұғің алтын,

түйірің алтын тұған жер,
Дән боп тасып жатыр бүгін мандай тер.
Алтын дария, алтын астық, алтын сел,
Бар дауыспен жырлайықшы,
достар, кел!

1980

ҚАМҚОРЫМ СЕН
(Келінім Назираға)

I

Әкелді мені бүгін тұған күнің,
Сарқылмас саған деген өлең-жырым.
Өрімдей үл өсірдің, қыз өсірдің,
Баланың ұға білдің қырын-сырын.

Агайын, тугандарым разы саған,
Жеткіз деп алғыстарын отыр маған.
Мәңгілік мекенінде түссін аунап,
Дүниеге сені әкелген ата-анаң.

Сен толдың қырық жетіге міне бүгін,
Елуте де келерсің ертенгі күн.
Алпыс-жетпіс тіркесіп кезекте тұр,
Денің сау боп жете бер,
асықпай тым.

Осылай осылай жылжи беред өмір ағын,
Саулықта, қуанышта үшпай бағын.
Гүлдей берсін үрпағың қанаттанып,
Қатарынан қалмасын сары шалың!

II

Қарағым құтты болсын март мерекен,
Шашылып, шайқалмасын құт берекен.
Денің сау, өмірің ұзак, басың аман,
Алдымда асия күліп жүрсең екен.
Қадырлым, канатым сен, қамқорым сен,
Сен түгіл

маған қымбат әр көлеңкен.

Серігім, сенерім сен саспайтұған,
Аяулым, әдепті жолдан аспайтұғын.
Көңіліме қапаланып қаяу түссе,
Өзің ең ақылмен алып тастайтұғын.
Жарына жалғыздықтың мен тірелсем,
Сен едің сабырлы жолға бастайтұғын.

Бітпейді көңілімдегі айта берсем,
Тез жазыл,
тез көрейік аман-есен.

Құлазып тұрса жүдеп үйдің іші,
Жадырап әлі-ақ ертең жазылып келсен.
Қажыма, қайратынды сақта жаным,
Киындықсыз рахат жоқ
ойлап көрсөн!

1973

ҰМЫТЫЛМАС ЖАҚСЫЛЫҒЫҢ

(Қазактың қайраткер қызы, ұзақ жылдар әлеуметтік қамсыздандыру министрі болған Зәуре Сөдүақасқызы Омаровага)

I

Зәурешім күттү болсын жаңа жылың,
Ұсынам жаңа жылдың жаңа жырын.
Денсаулық, ұзақ өмір, үшпас бақыт,
Тілеймін,
тілегенмін бұдан бұрын.

Қамқорым, қадірлесім, жан ашырым,
Арнай бергім келеді сөз асылын.
Көңілдес ағайным да,
досым да көп,
Қамынан артылмайтын өз басының.

Ризамын өлгенімше қалқам саған,
Ұмытылмас жақсылығың еткен маған.
Жыл бойы қатты ауырып, қалдым шаршап,
Амал жоқ,
хабарласпай жүрмін содан.

Атағың, абыройың аса берсін,
Күш-куат, ақыл-ойың таса берсін.
Кемімей үйлі жаның, кемелденіп,
Балалар басына бас қоса берсін!

Солардың қызығын көр қаздай қалқып,
Самғай бер, саптан оз да қудай шалқып.
Қоса ағар қосағыңмен қол ұстасып,
Аттап өт, дүшпаныңды, шалса тарпып.

Тағы да жаңа жылың қүттү болсын,
Ақ ордаң қуанышты нұрга толсын.
Қажымай, қабақ шытпай жарқырай бер,
Жаңа жылда,
жаңа бақыт құсы қонсын!

II

Келді, міне, гулін атып жасыл май,
Сұлулықтың бар қасиетін жасырмай.
Май мерекен құтты болсын ардағым,
Гүлдене бер, көктей берші осылай!..
Майдай құлпыр,

майдай жайна жайсаным

Жүзің жарқын жолың ашық тосылмай,
Самғай берші, сайтан озған саңлағым.
Күншілдердің құнқіліне қосылмай,
Саған арнап жыр жазбасам, аландап,
Тұрады менің көкірегім басылмай.
Ақын апаң актара салды бар сырын,
Аңқылдаған мінезім бар осындей!

III

Ақын апаң қаламды қолға алды,
Өзіңе арнап тоқсан түрлі толғанады.
Келе жатқан Май мерекен құтты болсын,
Өзек жарып, өлеңім сорғалады.

Екіжарым жыл болды көрмегелі,
Кейде сағынып кетемін ойлап сені.
Азғана күн тірлікке алданамыз,
Жеткізе алмай арманды көнілдегі.

Бала аман, денің сау, бауырын бүтін,
Алғыс айтады сыртыңнан елің-жұртың.
Естігенде ішімнен қуанамын,
Ақтап шыққан жылғызың, ел үмітін.

Алдың босап көрген жоқ мүгедектен,
Отан үшін жан қыып, қанын төккен.
Жүргегіне жол тапқан сол ерлердің,
Қасиетің қатар түр құдіретпен.

Ана да — өзің, жар да — өзің, әже де — өзің,
Тал бойыңа сиып түр барлық сезім.
Алған жары жігіттің сендей болсын,
Неткен сабыр, шіркін-ай, неткен төзім?!

Жасым келіп қалыпты жетпіс үшке,
Сүйреп келем қиялды салып қүшке.
Айтарымды ертерек айтайыншы,
Кетіп қалар,

кім біледі, мәңгі іште!..

Талай өлең арнадым бұдан бұрын,
Дос біледі дегендей достың сырын.
Үйиқтап қалсам оянбай бір күндерде,
Есіне алып оқырсың апаң жырын.

1979

ҚУАНЫШ ЖЫРЫ

(Еңбек Ері Оразалы Қозыбаевқа)

I

Ардагер, жайсаң жанды азаматым,
Елге аян енбегін мен батыр атын.
Жаңа жыл құтты болсын, Оразалы!
Деген ғой ер шығарар елдін атын.
Тілектес бауырымсың қадыр білген,
Жан едің көзің ашық, дүние көрген.
Сүрінбей талай сыннан өттің самғап,
Дүшпаның қалды қаңғып өсек терген.
Күншілдер көре алмаған жатты бұғып,
Ақ көңіл ақ кемеде жүзіп барад.
Арамза, кара бетті жерге тығып.
Ер жетіп, қанаттанды балаларың,
Қасында Раушан сынды алған жарын.
Ортайып, бак-дәuletің кемімесін,
Білеймін, кірленбесін, намыс-арың.
Алыстан жыр арнады апаң саған,
Сендерден қуат алып, қанаттанам.
Қойыны жаңа жылдың құтты болып,
Орнасын жер-жүзіне бейбіт заман!

II

Бір қуаныш билегендей бойымды,
Бір толғаныс тербегендей ойымды.
Тасып жатыр өзені де Тобылдың,
Күміс шашып, өткізем деп тойынды.
Жазық дала кең құлашын кергендей,
Жасыл орман жалын қайта өргендей.
Жайқалады көлдің қамыс-құрағы,
Аққу-казы көліне сениң келгендей.
Қостанайдың жерін-суын білемін,
Тілегінді сырттан тілеп жүремін.
Алпыс жылдық өмірінді аялап,
Қуанганнын жыр толғайды жүрегім.

Азamatым, ardagерім, батырым,
Елдің-жердің бабын тапқан ақылың.
Отан үшін оққа ашып омырауымды,
Қас жауынды — қара тастай қатырдың.
Жасқанбадың, жайдың оғын шайнадың,
Жанар таудың кеудесіндег қайнадың.
Ар-намыстың ақ сауытын киіп ап,
Фашизмнің аспанында ойнадың.
Жауды жеңіп, келдің елге майданнан,
Күндерің көп халық қамын ойланған.
Көз алдымда, сен бастаған қалың топ,
Тың көтеру жорығына сайланған.
Сол жорықты қөппен бірге бастадың,
Сан ғасырдың салмағынан саспадың.
Кір келтірмей ел-жұртымның атына,
Қара жердің қабатын ашып таstadtың.
Бақ-ырыстың қақпалары ашылды.
Жыл-жыл сайын Қазақстан миллиарды,
Таңырқатты жиырмасыншы ғасырды.
Адал еңбек тудырды алтын жұлдызды,
Аяладың, әлпештедің ұл-қызды.
Үлгі-өнеге бола білдің жастарға,
Талайларды ел қатарына кіргіздің.
Еңбегіңмен ел ағасы атандың,
Сыннан өткен сарбаз ұлы Отанның,
Өмір-жасың ұзак болсын бауырим,
Қабыл алышы орамалын апаңың!

III

Қабыл ал, өлеңімді Оразалы,
Кім білед, жүз жасамас жанның бәрі.
Тілеймін жаңа жылда жаңа бақыт,
Бақ-дәulet ер жігітке оралады.
Алған жар, сүйген бала болсын аман,
Орнасын жер бетіне тыныштық заман.
Еңбектің Ері атанған елдің ұлы,
Өрлесін өрге қарай басқан қадам.
Ақ көңіл, дарқан жанды, карапайым,
Ежелден үға білдің елдің жайын.
“Елі мен Ер көтерер” деген бар ғой,
Аржағын соза беріп неғылайын!

Аудармалар

Мәриям Хакімжанова орыс, армян, молдаван, қытай, өзбек, татар және басқа да көптеген ұлт ақын-жазушыларының шығармаларын аударды. Солардың ішінде қыргыздың көрнекті ақыны Аалы Тоқамбаевтың жеке кітап етіп аударған өлеңдерінен бірнешеуін ұсынып отырмыз.

ЕГЕР БОЛСАМ

Күн болсам, көз үялтып жарқыраған, —
Нұрима қалағаныңша қанарап едін.
Су болсам, асуладардан арқыраған, —
Сыландарап су алуға барап едін.
Күркіреп сай-саланы жарып өтіп,
Бұрандарап, құшағыма алар едім.
Негізгі махаббатқа кір келтірмей,
Сүйгенім, қызығына қанарап едім.
Мен болсам мәңгі сұы, саған сәулем,
Өлшеусіз ұзақ өмір берер едім.
Гүлдерге сайрап қонар бұлбұл болсам,
Қасына талай ұшып келер едім.
Ойланып үйықтай алмай сен жатқанда,
Мен сайрап, талай ойды бөлер едім.
Егер де ақын болмай, тасшы болсам,
Кек тасқа суретінді шегер¹ едім.

О, ҚАРЫНДАС

О, қарындас, қыыспас,
Түсімде жайнап көріндің.
Көріндің де жалт беріп,
Алыстап қайта бөліндің.
Шын бөлініп қалмайын,
Семсері өлімнің.
Қолыңдан келсе мен үшін,
Түсімде тағы көрінгін.
Көрінгін, шүғлам, көрінгін,
Қош айтысып қалайын,
Түс болса да көрісіп,
Қызығына қанайын.

НЕГЕ? (Вагонда)

Шаттықтың жолы біткендей,
Көңілім неге шетінед?
Келместі көктен күткендей,
Көз жасым неге төгілед?

Жанымды үрлап жатқандай,
 Қабыргам неге сөгілет?
 Есіме түссен, әйнектен
 Елестеп, бейнең көрінед.
 Өнім де емес, тұс те емес,
 Көз алдымда сол елес.
 Сол сурет неге сүйілет,
 Сүйген жан неге күйінед?

КҮНІМ

Көңілсіз, күнсіз жүргенде,
 Күн болдың, қыйған нұрынды.
 Толғана жырлай білгенде,
 Алыстан үқтың үнімді.
 Бірінші қалам алғанда,
 Өзіңсің, менің жазғаным.
 Бақыттың сен, жалғанда,
 Батпаши, күнім, батпағын!

ЖОЛДАСЫМ

Йыстық тердің ақ маржанын тағынған,
 Терең ойлы жолдас таптым жанымнан.
 Қайратыңа тең келерлік салмақ жоқ,
 Үйдей тастар екпініңен жарылған.

Бұл жолдасым — тынымы жоқ еңбегім,
 Өміріме гүл қадаған ермегім...
 Өзімменен бірге жүрген шағында,
 Қындықтың қандай түрін женбедім.

Фасыр бойы тынбайды менің жолдасым,
 Орнаса да журегіме қорғасын.
 Қане, досым, алға қарай басайық,
 Шалдыгу-шаршашау бізде мәңгі болмасын.

НАЗБУБУ

Ашылған аппақ гүл көрсем,
Ұқсатушы едім өзіңе.
Ойланып өрнек таппаушы ем,
Өзіңе айттар сөзіме.
“Жарты жаным сенде” – деп
Көрінгім келед көзіңе.

Күмістен құйған ақ кептер,
Кетті сусып қолымнан.
Арнап саған жасап ем,
Фашық боп сырттан, сорлы жан.

Жастық жаздың күніндей,
Жадыратады өмірді!
Еркінді алад білінбей,
Табынтар жүрек, көңілді.
Жұлдыздар шыдаپ тұра алмай,
Аспаннан бізге төгілді.

Күттің мені гүл-бақтан,
Тұн қатып келдім сен үшін.
Бақыттың құсы сен болып,
Жаралсаң керек мен үшін.

Айталмай қойдым сырымды,
Жүрсем де бірге Назбұбы.
Шығарып салып келсем де,
Ұйықтатпай қойдың Назбұбы!
Біз үшін қысқа болды ма?
Ай төккен сәуле жаз тұні?!

Ойлағынымды айта алмай,
Алқынады жүрегім!
Шынынды айтшы тойтармай,
Қашанғы бүйтіп жүремін.

Күні-тұні естен кетпейсің,
Күйіндім сәулем сен үшін.
Тұтқының болып бағындым,
Үкімің бар ма мен үшін!

ТЕЛЕФОННАН

Телефоннан мейрім қанбайд сөзіңе
Трубкадан көрсем деймін бойынды, —
Тура қарап сүрме тартқан көзіңе
Айтқым келед өзің күткен ойымды.

Аппаратым болса менің оттықтай,
Пластинкаң сенің сонда жырласа.
Қыста тоңып, жазда жаным тотықпай,
Күн өткенін сезбес едім сырласа.

ДАЙЫМ

Дайым көріп, тындаسام мен сөзінді,
Дайым саған пенде етемін өзімді.
Жыр тұтаткан жүргегіме кір жақсан,
Өлгенімші көрмеспін мен жүзінді.

Бұл махабbat қеудеме шоқ салса еken,
Мені билеп, тұтқын етіп алса еken.
Әмірімнің ақырына жеткенше,
Махабbatым бойға бекіп калса еken!

ЕКЕУ

Тұн еді, қар үшқындал жауып тұрды,
Бораса қыыршығы бетке үрды.
Жағаға, иықтарға зер тіккендей,
Жарқырап ақ құмісі мың құлпырды.

Барлық жұрт тоңып-жаурап үйге кірді,
Сағат та соғып өтті тұнгі бірді.
Жалғыз-ақ сүйіскендер жаздан бетер,
Разы боп тоңғанына сыртта жүрді.

Таптырмас талай минут өтіп жатты,
Үскірік боран женбей махаббатты.
Қыыспай екі ғашық жүре берді,
Ауыр дерт айрылатын жанға батты.

Қыз айтты жарын сүйіп, “ерке тайым!”
Деп сүйді жігіт оны “алтын айым!”
Дір етті қызғанғандай сұлу терек”
Үққандай енді ғана ғашық жайын...

НЕ ҮШИН

Жаудыраган қара көзін,
Қадалат неге көзіме?
Сенің де ғажап сұлу сөзің —
Тыңдамақ па едің сөзімді?

Қадала мен де қарай бердім,
Қағылмады кірпігім.
Сен де тілсіз қарай бердің,
Ұққандай боп жан сырын.

“ҰМЫТ” ДЕДІҢ

Белгі бердің ұмытылмас,
Сыйлықпенен сыйландым.
Ұмыт дейсің сол белгінді,
У жүтқандай қиналдым.

Аққан суға берген болсан,
Ағып кетер, ұмытар.
Жаны салқын, жүрегі мұз
Мен емеспін у жұтар.
Көрдің бе сен,
толқындарды,
Шашыңменен сабалап.
Жансыз суға түспес танба,
Қорласаң да қаралап.

Ақ жүзінді жудың талай
Мөлдір тұнық суларға.
Соның бірі қалмады есте,
Қалмады ізі суларда?

Мен су емен, жырып өтер,
Қаламын тұтас кетілмей.
Ұмыт дейсің сол белгінді,
Жылайды жүрек жетімдей.

Неге бердің сол белгінді,
Жүргіме сүйдіріп.
Үйқыда көрген түстей боп,
Кетпек пе едің күйдіріп.

Ұмыт дейсің сол белгінді,
Ұмытпаймын әр қашан.
Ұмытпа деп айтқызармын,
Жер қойнында қалмасам!

КІМГЕ АЙТАМ?

Ойладың ба екен Айсұлу,
Оянып кеттім түсімнен.
Ойнаған болып еркелеп,
Өпкендей болдың жүзімнен.
Өкіндің бе көріп сен мені,
Оянып кетіп түсіннен.

Көзімді ашып қарасам,
Көрібейт менің айналам.
Көмірдей қара шашына,
Кекірегімнен байланым.
Көбелек — мен, сен — шырак,
Кекелеп сені айналым.

Өкінем сені ойласам,
Обектей жатып, түн қатам.
Өксітпей мені қосқын деп,
Өшпес боп біткен күнге айтам.
Ол да маған тіл қатпайт,
Өзіңнен басқа кімге айтам?

СІЗГЕ

Көзінді қаракаттай қадағанда,
Өзімді қарашығынан көрер едім.
Жалынды лебізіңе шыдай алмай,
Жалынып майдайыннан өбер едім.
Балыған еріксізден бала болып,
Басымды жүргіне басар едім.

Қарасып айрыла алмай тұрган кезде,
Мен дағы қараашығымды тосар едім.
Сол күйі сұлу бейнең менде қалса,
Әрқашан қуанар ед ғазиз жүрек.
Айнаға қарағанда сені көріп,
Мауқымды басар едім жаңға теңеп!

ЕЛЕСТЕТЕМ

Меруерттей жарқыраса аппақ тісің,
Бұлқынып жүрек тулап, қайнайды ішім.
Сөйлесең әлде кімнің атын айттып,
Сындырдың нәзік көңіл, ойдың үшін.

Қастарың қарлығаштың қанатындей,
Болмаса жаңа туган жінішке ай.
Төккендей күлсөң күміс көрінесін,
Жүрегім менің қайтып жатпақшы жәй?

Сүрмелі бота көзің жарқылдаса,
Жігіттің жүргегіне бермейд маза.
От шашып ой, қиялым тұтанады,
Сұлудық көкірегінің кілтін аша.

Жүрсем де, тұрсам дағы елестетем,
Көрмесем жаңған отқа түсіп кетем.
Мінезің жас баладай, қонраулы үнің, —
Әрқашан көз алдымда елестетем.

Әрлік жырлары

*Шайқалып дүние толқыды,
Сергелден жорық басталып.
Тербеді тауды толқыны,
Тау құзынан тас жанып.*

*Күн тұтылып түйілді,
Жер күйқасын жиырып.
Ай-жүлдөз көктө күйінді,
Жамылып бұлтты ііріп.*

*Жаңғырып майдан алаңы,
Дабылға-дабыл ұласты.
Көктің құсы жер аңы,
Шұбырып жанталасты.*

ЕРЛЕРІМ

Өр кеуде, қақбақ жауырын денең күрыш,
Таласқан мандайына бақ пен ырыс.
Шоқтығың Алатаудан жатыр биік,
Кескілеп кекті жауды, салғанда ұрыс.

От шашып қара қөзің жайнағанда,
Қаһарын көктің бұлтын айдағанда.
Даусындан ақырғанда жасыл ойнап,
Найзанды жай оғына қайраганда.

Қанжарың қара құстан қадалғанда,
Фашистен қанын шашып, жан алғанда.
Қуанды көктің құсы, жердің аны,
Дүниеге ерлік атың таралғанда.

Бұрқылдал тұтін құскан көк беренің,
Ағызған жауга қарсы оқ өзенін.
Снаряд, минометің жұлдызыша ағып,
Лебімен сұырғанда жау өзегін.

Шаттанып ана көкірек кетті тасып,
Сүйсініп еміренді төсін ашып.
Асынып ер қаруын елім үшін,
Майданға кірдім мен де араласып.

Ерлерім жиырма төртке келді жасын,
Дер кезің, қағатуғын жаудың басын.
Атқан оқ, шапқан қылыш жайпап жауды,
Құлатсын Гитлерге таудың тасын.

ЕГІСКЕ

Келді көктем, келді егіс,
Егіске шық ел тегіс!
Еңбегіңнен еміреніп,
Берсін көпке жер жеміс!
Шында күшін Отанның,
Шындей алсаң бар жеңіс.
Атынды акта әйелдер
Егіске аттан теп-тегіс!

Бапта көлік, тракторды,
Үстап үйрен өзің рульды.
Аттанарда жан жолдасың,
Аманат деп саған берді.
Ер серігі аруларым!
Сыналатын жерің келді!
Шимай салып, ши қалдырмай,
Тіл таспалап қара жерді!

Бәрі жеңіс майдан үшін,
Шыңда ерлерім Отан үшін!
Шыңдал! Шынық! Ерінбендер!
Еліктендер ердің ісін!
Қаптатындар еңбектен сел,
Майданда жау көрсін қысым.
Сені көріп қуансын ер,
Соқсын жауды, жұлсын тісін.

Ұлы еңбек, ұлы майдан,
Келді, керек соқа сایман.
Ойнақтаған трактордың,
Шықты даусы әлде қайдан.
Ақ көрпесін сілкіп тастап,
Жер қуанып құшақ жайған.
Ұлы адамның ардақты атын,
Алдарына туғып қойған.
Аттан елдің ер қыздары,
Жүргіне жігер құйған!

БІЗДІҢ КЛИМ

Жай оғына қырлы найза саптаған,
Кекке қайрап ақ алмасын сақтаған.
Көктен күштің найзагайын ойнатып,
Қос дүшпанның қанын шашып таптаған.

Біздің Клим ұлы Отанның батыры
Біздің Клим ұлы Сталин жақыны.
Кірді Клим қан майданға ойран сап,
Фашистерге жақын заман-ақыры.

Жау дегенде көкке өрлеген жалыны,
Кернеп бойын долы қүштің ағыны.
Тіреткен жер мен көктің арасын,
Шеру тартып, шеп тузеген дабылы.

Біздің Клим Қызыл ердің қол басы,
Біздің Клим ұлы Сталин жолдасы.
Клим десе жаудың жаны дірілдер,
Жаңғырғанда ұранынан тау тасы.

Найзасын қос өкпеден ырғап жатыр,
Алмасын құресінен былғап жатыр.
Талқандап тас қорғанын Гитлердің,
Қанымен қардың бетін сырлап жатыр.

Біздің Клим жауды жеңбей тынбайды,
Біздің Клим жауынгерін шындейды.
Гитлердің суырып алмай жүрегін,
Клим батыр мойнын кейін бүрмайды.

ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ

Туган айдай қара қасы иілген,
Тұлғасына көрген адам сүйінген.
Қайырылған ақ болаттай айбаты,
Қынабынан суырып жауға үйірген.

Күш, жігерін сауыт қылып киінген,
Жау дегенде жас бүркіттей түйілген.
Трактордың ролін ұстап құрыш қол,
Ұлы егіске біздің қыздар шүйілген.

Құрыш қолы шахталарды қопарған,
Қайратынан қара тастар от алған.
Еңбегінен ел тілегін селдетіп,
Герой қызы Отанымның атанған.

Бар өмірін Отанына арнаған,
Орындалмай ел мұддесі қалмаған.
Ерліктерін естігенде ер қыздың,
Алғыс айтты Кремльден ұлы адам.

Еңбегімен майдан күшін шындауда,
Орындмай міндетін ол, тынбауда.
Туғып қадап өситетін көсемнің,
Жердің жүзін жемісімен сырлауда.

Егіске деп ерлер білек сыйбанды,
Женіске деп аттандырды қыранды.
Ұлы еңбектің майданына шақырып,
Еңбекші әйел көтер бүтін ұранды.

СЕН ЛЕНИННІҢ ҮРПАҒЫ (*Молотовқа арнаймын*)

Тайғақ кешу, тар жолда,
Талай ерлер сыналған.
Самсаған ел, сарқолда,
Ер сертіне туралған.

Ел жүрегін тазартып,
Ерлер нұрга бөлеген.
Елі сеніп қол артып,
Ер сонынан жөнеген.

Кенелген ел, кең байтақ,
Кемеліне қелгенде,
Заһар шашып, у жайып,
Елге дажал төнгенде.

Сыпирғанда долдана,
Томагасын жас қыран.
Аттанды ел қозғала
Айбаттана салды ұран.

Елдің күшін салмақтап,
Ерге қару байлаған.
Әддептенген ел сақтап,
Ел сертінен таймаган.

Қалаулы ұлы халықтың,
Халық қамын ойлаған.
Қаһарманы тарихтың,
Тарих бойы болмаған...

Сені сүйген қалың ел,
Сені сүйеу көреді.
Сені сүйген кеменгер,
Ол да саған сенеді.

Сен Лениннің ұрпағы,
Ленинизм шындаған.
Сен Сталин сұнқары,
Жаудан сағы сынбаған!

Сен өсірген тұлектер,
Жау апшысын құырды.
Сен бастаған қалың ел,
Жауга қылыш суырды.

Елдің кілті қолында,
Берген сеніл ұлы адам.
Ел тілегін орында,
Елің сеніл түр саған!

АНТ ЕТЕМИН АНАМ САҒАН

Басымнан тұман арылып,
Қызыл нұрға бөленген.
Жүректен жырым ағылып,
Толқындай тасып жөнелген.
Еңіреп жүрген өмірім,
Ең қазаққа кенелген.
Ақ төсінді аймалап,
Қайта туғам сенен мен.

Сенен емген ақ сүтім,
Өміріме болды азық.
Сені сүйген дүние бүтін,
Сен мызғымас алтын қазық.
Сен ғұлбакша жайнаған,
Шарықтадым бойды жазып.
Жарақтандым жау дегенде,
Жау алдынан көрді қазып.

Сүм, сұрқия, пасың, дажал,
Аузын ашты обамын деп.
Қарсы алды өлім, ажал,
Саған серік боламын деп.
Сен өсірген үл мен қызды,
Ашу қысты, кернеді кек.
Аттанды олар, қамал бұзды,
Дөңгеленді жер менен көк.

Тұысқаным тұғандарым,
Мінді атқа қалмай тегіс.
Кекті қан мен жугандарым,
Көрді көзім емес елес.
Ақ алмасын көкке білеп,
Зұлымдықпен қылды егес.
Адам бағы біздің тілек,
Бізде әділдік, бізде жеңіс.

Көктен бомбы жарылғанда,
Жасыл ойнап бұлтты тілді.
Жерден дабыл қағылғанда
Таумен тасты сілкіндірді.
Тасыған күн, қаптаған сел,
Асу барын сонда білді.
Қара жылан, сүм Гитлер,
Өз жendetін өзі қырды.

Шақырлатып азу тісін,
Қанды көбік, жынын шашты.
Естігенде ердің ісін,
Басын шайқап, бетін басты.
Тұтеген оқ, төнген ажал,
Тұнергенде кейін қашты.
Қанға жерік қара дажал,
Қараңғы көр есік ашты!

Ұлы Сталин Кремльден,
Сілтегенде ақ алмасын.
Оқ жауады көктен, жерден,
Жоғалғанша сенің басың.
Бақыт күні нұрга малып,
Балқытады таудың тасын.
Езілген ел тендік алып,
Құрғатады көздің жасын.

Ұлы майдан, қанды жорық,
Тар кезенде келдің анам.
Ұлы, қызың елін қорып,
Қан майданда барлық балан.
Отан үшін оққа ұшқан,
Бауырымның кегін алам.
Жайрайды ертең жауыз дүшпан,
Ант етемін анам саған!

МОСКВА

Алтын арай күн үясы Москвам,
Нұрын шашқан күн шығысқа шұғылан.
Әлпештеген, ақ сүтінді емізген,
Анам сенсің, сен дегенде жоқ шыдам.

Қызы демедің қызыл гүлге орадын,
Егізіңін сыңарына санадын.
Жау қамады Москваны дегенде,
Мен де аттандым, қалай қарап қаламын.

Өстім, жеттім өміріме тілеген,
Қыраныңмын томағалы түлекен.
Ақ сүтінді ақтаймын деп ант етем,
Жауынгермін жауға қылыш білеген.

Қан майданың қабырғасын сөгемін,
Қарсыласқан жаудың қанын төгемін.
Кескілесіп кегінді алмай қоймаймын,
Я жеңемін, я сен үшін мың өлемін.

Қорықпаймын сен дегенде өлімнен,
Орын алмақ сүм Гитлер төрімнен.
Қорғасынмен қос өкпесін көктетіп,
Шығам күйп қасиетті жерімнен.

Ант етемін көкке білеп қылышты,
Ант етемін, аяқтаймын ұрысты.
Ант етемін ақ сүтіңе бас иіп,
Киям саған ақырғы дем, тынысты.

Күншығыстың ұлы-қызы ерке өскен,
Екі жүзді ақ алмасын нар кескен.
Алтын ордам, күміс күмбез Москвам,
Сені қорғап қанжығадан қан кешкен.

Ұлы Отанның сен жүргегі Москвам,
Сені ала алмас ысқырганмен суржылан.
Талай жылан, талай дажал, аждаға,
Сені алам деп іргене кеп қырылған.

Ей көріктім көркіне кім қызықпас,
Қызыққан жау қызыл қанға көмер бас.
Ұлы-қызың оққа төсеп омырауын,
Қаруланды, қаһарланды көрі-жас.

Ей Москвам, алтын ордам бесігім,
Жауға ашылmas сенің болат есігің.
Бойымды күш, жігер қайрат кернеді,
Атағанда ұлы Сталин есімін.

Қара бұлтын қан майданың тілемін,
Көктің құнін Кремльге ілемін.
Жауды женіп ұлы Сталин күлгенде,
Құн шығыстан мен де бірге құлемін!

ҚАМҚОР АНА

Асығып өлденеге бір қарт ана,
Ақтарды ақ сандығын аша сала.
Түрліліп түйе жүні түсті ұлбіреп,
Жібектей талдан қойған сала-сала.

Келіні тыста жүрген кіріп келді,
Енесін сандық ашқан көзі көрді.
— Жақында жуып қана салып едім,
Ол жүнді неге ақтардың апа деді.

— Бұл жүнді иіремін үршық алып,
Негылам ел мұддесінен алып қалып.
Жаратам жауынгердің керегіне,
Қыс жақын жылы киім керегі анық.

Шырағым отыра қап түтші келін,
Болғанда менің балам, досың сенін.
Дос білер достың жайын деген мақал,
Дос үшін аямандар манғай терін.

Сарғайып жасыл гүлдер солғын тартты,
Сұрланып күздің бұлты құнді жапты.
Бөленіп боз қырауға қарақтарым,
Жүрме деп жүргегіме аяз батты.

Түтіп бер ірейін күн-түн болмай,
Баланың ана отырмас қамын жемей.
Бекебай, жылы көйлек, қолқап, шұлық,
Тоқындар қыз-келінім үйқы көрмей.

Елімнің ер ұлдары ел шетінде,
Ел қорғап жатыр жастар жау бетінде.
Қарны ток, бойы жылы жүрсе аязда,
Фашистің берер соққы жendetіне.

Қақ айырып қарақтарым жау жүрегін,
Абыроймен ақтап келед ел тілегін.
Минутты босқа өткізбей дайындағық,
Жауынгер батырлардың бар керегін.

АТТАНДЫ ЖАС ПАТРИОТ

Келешектің қыраны,
Өмірдің ерке ұланы.
Саласындаі саусақтың,
Отаның өндір шынары,
Шықты біздің патриот.

Балбыраған балғындар,
Қызығыңа ел құмар.
Ұрпағысың ерлердің,
Ел қорғаны ерді ұғар.
Ерлікті сүйген патриот.

Еліне жау шапқанда,
Ел аттанып жатқанда.
Елдің ерке ұланы,
Талпынбай сірә жатқан ба.
Сап түзеді патриот.

Ұға білген майданды,
Ұландарым ойланды.
Елге, ерге көмекке,
Еңбекке жастар сайланды.
Еңбек сүйген патриот.

Жауды шарпып жалыны,
Жауды үркітіп дабылы.
Тұңғыш күштер топтанды,
Тау бұзғандай ағыны.
Топтанды жас патриот.

Оқу, өнер құралы,
Ерлік болған мұраты.
Бақыт сүйген, ел сүйген,
Жас батырлар шығады.
Шықты біздің патриот.

Ұлы-қызы мектептің,
Талай сыннан өтпексің.
Бақытты елдің баласы,
Мұратқа солай жетпексің.
Жетет біздің патриот.

Жорықтарын жастардың,
Жырға қосып бастиады.
Қызыл гүлі өмірдің,
Жас патриот достарым.
Достың досы патриот.

Қыздырындар еңбекті,
Ел қорғауға ер кетті.
Ердің орнын басатын,
Ұландарға күн жетті.
Селдет күшті патриот.

БОЛСЫН СОНДАЙ ЕРДІҢ ЖАРЫ

Жас келіншек жайдары жұз,
Отыр екен кесте тігіп.
Ой түсірді қоңырқай күз,
Күздің бұлты тауға шүгіп.

Сүйген жарын сонда кенет,
Сағынғандай есіне алды.
Оймак ауыз дөп-дөңгелек,
Жайлап қана әнге салды.

Сылдыраған әдемі ән,
Құлағыма келді талып.
Әдемі әнге тербелді жан,
Тыңдай қалдым қулақ салып.

Туган жерін, өскен елін,
Өз бақытын қорғамаққа.
Жарым менің, буган белін,
Қаруланып мінген атқа.

Сүйген жарым, сұнқарларым,
Көктің бұлтын жүрген сөгіп.
Шыбын жанын, ыстық қанын,
Отан үшін жатқан төгіп.

Қарақат көз қаһарманым,
Қайтпа жаным жауды құртпай.
Ойлағаным сенің қамың,
Аярым жоқ сенен құрттай.

Қысылмандар қыс келед деп,
Қысқа керек бәрі дайын.
Ойламандар — “кім білет” — деп,
Ел біледі ердің жайын.

Елге қорған ерлерінің,
Қамын жемей ел жата ма.
Жаудан алмай елдің кегін,
Жауынгерге ас бата ма.

Қабырғадан қанды кешпей,
Керегіңе елін дайын.
Жау қарасы жоғалғанша,
Жанымды мен аямаймын.

Көзімді ілмей күндіз тұні,
Жаңадан тон тіктім бәрік.
Кигенінде қысты күні,
Күш алсын деп бойы жылып.

Саған арнап былғарыдан,
Саптама етік, шалбар тікті.
Садаға боп ата-анаң,
Аяр емес жанын тіпті.

Тұбіт иіріп тұні бойы,
Қақпайды кірпік қарындасын.
Жылы қолғап тоқып қойды,
Жылынын деп бауырларын.

Ес білген жас, еңкейген қарт,
Ойлаганы ердің қамы.
Ер үлдарын естеріне ап,
Ер жабдығын дайындады.

Сақылдаған сары аязда,
Сал ойранды фашистерге.
Жалмауызды келер жазға,
Жеткізбендер құлат көрге!

Өлеңдетіп жас келіншек,
Жәшікке өкеп салды бәрін.
Қоса салды бетін сұрт деп,
Кестелеген орамалын.

Тайғақ кешу тар жолдағы,
Болсын сондай ердің жары.
Жарларына майдандағы,
Жәрдемдессін жардың бәрі!

Отан сүйген, жарын сүйген,
Жас келіндер үлгі алындар!
Қыстың көзі қырау деген,
Қыс керегін тез салындар!

СЫНАЛАТЫН ЖЕРИҢ КЕЛДІ

Өнер, білім, бақыт берген,
Отанға жау төнген кезде.
Аттанды ерлер қалың елден,
Жау қарасын көрген кезде.
Қаруланып шықты қыздар,
Қорғаймыз деп елді біз де.
Қаһарынан төкті ызғар,
От жарқылдаپ қара көзде.

Қан майданға үмтүлды ару,
Кекке толып жас жүрегі.
Ар-намысы болып қару,
Аттандырды ел тілегі.
Самсаған қол салды ойран,
Сарала жау дөңгеледі.
Қансырады қанды майдан,
Қанды жорық сенделеді.

Суырды ол, екі жұзді,
Қынабынан ақ алмасын.
Найзаменен түйреп тізді,
Домаланған жаудың басын.
Зуылдаған сүр жебелер,
Өтті тесіп таудың тасын.
Соққы жеген сүм немелер,
Сорғалатты көздің жасын.

Жасқанбады, қорықлады,
Қайсарланып қалды қатып.
Жальынбады, торықлады,
Адамшылық арын сатып.
Оқтар атты Отан үшін,
Оққа тәсін тәсеп жатып.
Жұмсады ол барлық күшін,
Жұмды көзін, қанға батып.

Өлді батыр, тынды жаны,
Ұмытпайды тұған елің.
Тәгілді оның ыстық қаны,
Іргесінде Кремльдің.
Мадақтады батар қызды,
Қол басшысы жауынгердің.
Шақырды ол, бәрімізді,
Үн қосайық біздер бүтін.

Тарих бойы тартылмаған,
Еңбекте ұлы сыбағаң түр.
Күш, жігерді жұмса соған,
Маңдайыңдан ағызып тер.
Толқындаған теңіздейін,
Екпініңен тасысын сел,
Десін анаң емізейін —
Еңбегіңен иісін жер.

Сенің шашқан алтын дәнің,
Тұрлендірсін қара жерді.
Саған сенген сүйген жарын,
Қорғай берсін тұған елді.
Сен жасаған қару жарак,
Қаһарманға қайрат берді.
Шық сыбанып шапшаңырак,
Сыналатын жерің келді.

Болат түяқ, бүйра жалды,
Тұлпар мінер туды күнің.
Қопаратын шахталарды,
Құрыш қолдар сендер бүтін.
Жерге тықтай фашистерді,
Шешпе белді, алма тыным.
Қаз, залымға терең көрді,
Шында еңбектен майдан тылын!

ЕР ЖАБДЫҒЫН ЕЛМЕН БІРГЕ САЙЛАҢДАР!

I

Мейірімді ана, ыстық қанды, от жүрек,
Бала десе жүрек соғар елжіреп.
Әлпештеген, ақ сүтінді емізген,
Елін қорғап елсізде жүр жас түлек.

Шалпылдатып, қанжығадан қан кешкен,
Қан майданда қас жауымен күрескен.
Қабакта қар, кірпіктे мұз соқта боп,
Қанжар қадап, найзаласып тірескен.

Жайды әлемге жас түлегін дабысын,
Жауга бермей жанталаста намысын.
Барыс жүрек, палуан білек батырлар,
Ақта сүтін ана кегі алынсын!

Мейірімді ана ақсын бұлақ төсіңнен,
Өлгеніңше бала шықпас есіңнен.
Сары аяздың садағынан сақтандар,
Сарбазынды, садаға боп есірген.

Ер анасы, ел анысы деген бар,
Ер ұлынды майдандағы есіңе ал.
“Қыстың көзі қырауда” деген бұрынғы,
Қыс керегін құлыныңа тезірек сал!

II

Ердің жары, ер серігі талмайтын,
Ер аттанса намысына қалмайтын.
Ел тілегін ері ақтап шыққанша,
Белін шешіп көз шырымын алмайтын.

Ер серігі елге үлгі Қызың құртқа,
Фасыр бойы аңыз болған ел жүртқа.
Алған жарың алыста жүр арулар!
Ел шетінде, жау бетінде жорықта.

Өр мінезді, өршіл жанды жолдасың,
Суық сорып, үскіріктे тоңбасын.
Зұлымдықтың бүлтын сөксін таспалап,
Қаннан, қардан қоргалайтын болмасын.

Тон салыңдар жел кеудеден өтпейді,
Құлақшын сал құлагы үсіп кетпейді.
Қолға қолғап, мақталаған шалбар сал,
Пима да сал, қыстың қүші жетпейді.

Сары аязда бұрқырасын булары,
Көтерілсін көкке жеңіс тулары.
Ер жабдығын елмен бірге сайландар,
Шық белсеніп белді бекем будағы!

III

Ермен бірге егіз туған қарындас,
Карындастай қайырымды жан табылmas.
Кекке қайрап ақ алмасын ашынған,
Қанын төкпей қас жауына бағынбас.

Ар, намысты езгі жаны ызалы,
Бауыр десе бауыр еті қызады.
Қара шашын қанат қылып көкке ұшып,
Жәй түсіріп жау қамалын бүзады.

Тал бойынан тасып қүштің өзені,
Кермек татып кекке толған өзегі.
Қара тұман, жауған оқтың ішінде,
Бауыры жүрсе жаны қалай төзеді?

Жаны төзіп жайбаракат жатпауда,
Ішкен асы жүрегіне батпауда.
Желкесіне түйіп тастап бұрымын,
Аттанар ол, ар-намысын сактауға.

Ен дуниеде еркін өскен қарағым,
Дайындандар жауынгердің жарагын.
Етек жеңін көйлегінің кестелеп,
Сал орамал, сабыны мен тарағын.

Болсын үstem болашаққа бауырын,
Күлсін күн мен қала, село, ауылың.
Күлін көкке Гитлердің ұшырын,
Күн шығыстан соққыз қүштің дауылын!

АНТ ЕТЕМИН

Алтын бесік — әлдилеген,
Анам менің ұлы Отан.
Алдына алып мені сүйген,
Ұлы Сталин менің атам.

Талдаң, өріп тұлымымды,
Әлпештеген, аялаған.
Көрші ата-ана құлыныңды,
Жанын-қанын аямаған.

Қара құстар, қанға құмар,
Қанаттарын сабалады.
Құтырган ит нені үфар,
Арсылдады, абалады.

Ақситып ап азу тісін,
Жынын шашып ырылдады.
Төзөр ме оған алып күшім,
Ақ алмасым сырыйлады.

Кесілді бас, төгілді қан,
Оба болды өлексер.
Орап алды батысты шан,
Келді кезім жауға төнер.

Тұған жерім, өскен елім,
Аттаның мен қойыныңнан.
Ақ сүтінді емген сенің,
Ақтамаққа мойыннынан.

Шыбын жаным, ыстық қаным,
Ар-намысым сенің үшін.
Жас жаныма біткен дарын,
Жұмсалады барлық күшім.

Алтын балдақ, ақ алмасым,
Көк беренім қолымдағы.
Дірілдеткен таудың тасын,
Талқандаған жолымдағы.

Бақытты елім, ұлы Отаным,
Өмірімнің арқауы сен.
Ала алмайды сені залым,
Бола алмайды сенімен тең.

Ай менен күн аймалаған,
Көктен күліп нұрын септі.
Ант етемін ата-анам,
Орындауға айтқан сертті!

ҚАҚ ЖЕҢІСТІҢ ДАБЫЛЫН! (Екінші түрі)

Өле-өлгенше бала деп,
Ананың соғар жүргегі.
Ақ сүтін емген бала көп,
Ақталса ана тілегі.

Ер үлдары елімнің,
Ел қорғауға аттанды.
Ерлігіне ерімнің,
Ел сүйсініп шаттанды.

Ақ сүтіне анаң да,
Алыста жатып мақтанды.
Сергелден балаң да, —
Дегенде көзден от жанды.

Қуаныштан бұл жүрек,
Қалады еken жарылмай.
Деме ақталды бар тілек,
Жаудан жерің арылмай.

Ақ-иық, қыран мұз балақ,
Алдында көп белестер.
Салсан օғын, жауға дақ,
Ерлігің көзге елестер.

Қуанышым, қуатым,
Елдің ері атандың.
Алып анадан туатын,
Алдырма талын Отанның.

Арыстаным, Аскарым,
Асу берме алыссан.
Арсыздардың төк қанын,
Ақырып найза салыссан.

Алтын балдақ-ақ алмас,
Сырылда жауга сырыйлда!
Жолыңа құрбан мал мен бас,
Бұрылма батыр бұрылма!

Данқынды естіл ана да,
Күнге құлаш сермеді.
Алғыс айтып дана да,
Күш тұнығын тербеді.

Қарсыласқан қас дүшпан,
Қанға батып шегінді.
Қаһарланып әр тұстан,
Алды жаудан кегімді.

Ел жүрегі Москвам,
Ердің күшін қайрады.
Ер анасы Москвам,
Ердің тобын сайлады.

Ел көсемі Сталин,
Белді бекем байлады.
Тастап қашып штабын,
Жаудың тобы жайрады.

Ол бастаған қырандар,
Қырмай жауды тынар ма?
Ол тастаған ұрандар,
Женістен бетін бұрап ма?

Ерлер қылыш суырса,
Жауға жасыл ойнады.
Іннен қашқан суырша,
Сүмендеп соры қайнады.

Ер Панфилов акырса,
Тітіреді жер мен көк.
Ерлікке елін шақырса,
Үнін қосты миллион топ.

Алатаудың үлдары,
Жауға жасыл түсірді.
Жаудан сағы сынбады,
Қаннан сусын ішірді.

Батырдан туған батырлар,
Жаудың селін бөгеді.
Каламын қайрап ақындар,
Женістің жырын төгеді.

Әділдіктің алыбын,
Көрсін әлем сынасын.
Қақ жеңістің дабылын,
Гитлер туы құласын!

ЛЕНИНГРАД

Тұғырынан сұнқар тұлеткен,
Томагасын сыптырып.
Төріне жұпар гүл еккен,
Тұrap мәнгі құлпырып.
Адамның аскан данасы,
Ол халықтың баласы.

Іргетасын қалаған ол,
Мрамордан — жақуттан.
Тұңғыш туын қадаған ол,
Атқан күні алтын таң.
Ол ардақты Ленин град,
Ондағы ту мәнгі тұрады.

Үмтүлды жау өте күшті,
Ұлы қамал бұзбаққа.
Алынды жау өзі түсті,
Болат шынжыр дүзаққа.
Шынжыр дүзақ ширатылад.
Шіріген жау қиратылад!

Ала алмайсың, алдырмаймыз,
Ұлы Отанның бесігін!
Аша алмайсың, аштырмаймыз,
Оның болат есігін!
Ол ардақты Ленинград,
Ленин аты мәнгі тұрад!

АЛТЫН БЕСІК ЕЛДІҢ III

Күнге күліп, желге еркелеп,
Жайды қанат жасыл жапырақ.
Жасыл моншақ тағып терек
Жасыл жанын киді топырақ.

Қараңы, әне қарақтарым,
Өрді қаптал елдің малы.
Естідің бе малшы әнін,
Тында мектеп балалары!

Секіріп-қарғып қозы-лақтар,
Жар жағалап өрмеледі.
Жібек жалды құлыншақтар
Үйірде ойнап дөңгеледі.

Балғын өркеш жас ботанын,
Мәлдіреді қара көзі.
Бота баққан кәрі атанаң
Үлгі болар айтқан сөзі.

Уыз еміл ойнақтаған,
Ботақандар қандай қызық.
Қарады, әне қалқам, саған,
Тұнық көзін алмай сүзіп.

Бітті окуың бойынды жаз,
Мәпелеші ботақанды.
Жайды құшақ жадырап жаз
Жайып келші қошақанды.

Бар ауылға, бар, қарағым!
Гүл бәйшешек есті жайнап.
Жамылындар көл құрағын,
Жайылымда төлмен ойнап.

Қарап жүрме қарақтарым,
Көрсет көмек ата-анаңа.
Батыстағы жанған жалын,
Әсер етті жас балаға.

Еркелейтін, ойнайтын,
Күн емес, үқ балапаным.
Күн бұл, ыза қайнайтын,
Пионердің акта антын.

Алтын бесік елдің іші,
Аялайды барсаң жаным.
Қызық көріп үлкен-кіші,
Бебектердің тындар әнін.

Елге барып, еңбек істе,
Текке қарап жүрмей мында.
Газет-журнал оқып кеште,
Деші, жаным, көпке “тында!”

Шәп жинасып, шемеле сап,
Масақ теріс піскенде егін.
Көсем сөзін жадыңа ап,
Тасқындастын күшің сенің.

Ойын-сауық көрсет қызық,
Арасында көпшіліктің.
Қырды, талап Гитлер бұзық,
Жадыңа сақтап, мықтап үққын!

Балапаным, бал бәбегім,
Бар еңбекке, бар ауылға!
Саған арнап жыр төгемін,
Жырлап жүрсін деп ауылда!

УКРАИНДЫҚ БАУЫРЛАРЫМ

Жерін көргем Украинанын,
Жазық дала қызыл гүлді.
Тіл жетпейді айтсам жәйін,
Көркі оның неше түрлі...

Сылдыраған күміс сұын,
Ішкем талай мейірім қанып.
Қарағай, қайың қалың нұын,
Серуендерем тыныс алып.

Жасыл берен бетегесін,
Тамашалап аралағам.
Сұлу көше алма бағын,
Таң қаласың айтсам саған!..

Бақтарында алтын күсы,
Сайрайтұғын құндіз-тұні.
Тербететін күйдің күші,
Төгіледегі шаттық үні.

Ақын қызы Натальямен,
Құшақтасып жүргем бірге.
Жаттап алған жырды сенен,
Жырлаймын мен әлі қүнге.

Сол өмірлер көзге елестеп,
Уландырды жүргімді.
Қабысқандай жер менен көк,
Көз жіберсем осы құні.

Қара мақпал, бүйра пұліш,
Топырағын турыпты.
Бетегесін турал қылық,
Тамырын талдың сурыпты.

Жалын жалап ну орманды,
Күйдіріпті, күл қылыпты.
Шауып, шанышп талай жанды,
Талай үйді бұлдіріпті.

Украинаның кен даласын,
Жау басыпты жараптты.
Найзаға іліп жас баласын,
Жастығына қарамапты.

Ақын қызын, аруларын,
Күң қылыпты мазақ етіп.
Аттанды елден бауырларым,
Алмаққа ертең азат етіп!

Ей Гитлер! Пасық, залым!
Зұлымдығың әлемге аян...
Әртер ертең отта жалын,
Отты жалын біздің Ноян!..

Украинаның ақын қызы,
Әшкерелер жау қылығын.
Тыңдар оны жердің жүзі,
Қадар оған көз тұнығын!..

ҚҮН СӨНБЕЙДІ

Естіп құлақ бұрын-соңды көрмеген,
Кәрі тарих мың жасаған білмеген.
Шықты дажал жеті басты батыстан,
Ар, намысын адамзаттың тербекен.

Шалпылдатып қан кешпесе сүрінген,
Өлексе іздең қорқау қасқыр жүгірген.
Жемесе егер адам етін құрысып,
Көзін жұмып дүниеден тұңілген.

Бала көрсө наизасына түйрекен,
Ару көрсө бұрымынан сүйрекен.
Тарғыл милар талай бастан ақтарылып,
Талай жандар табан серіппей күйрекен.

Сол жалмауыз басты шетін жерімнің,
Арсыздықпен ашты есігін елімнің.
Тұн жамылышп, тұтқылдан қол салды,
Аузын алышп жан жарамның, кегімнің.

Бақыт құнін сөндірем деп ұрынды,
Бақыт құсын ұшырам деп жұлдынды.
Қанға бояп тау мен тасты, теңізді,
Жұлып алмақ раушан қызыл гүлімді.

Рас, жауыз қалды салып шеңгелін,
Өтті бұзып шекараның шеңберін.
Бейбіт жатқан елді ойрандап құтырған,
Көлеміндей таңба салды теңгенің.

Талай елдің малы, мұлкін талады,
Талай жанның қанын төгіп жалады.
Талай қала, тала село өртеніп,
Талай жанға улы найза қадады.

Кектенді елі кернеді күш, ыза, ашу,
Көтерілді толқындала қызыл ту.
Оққа оқпен қарсы аттанды қалың ел,
Кімді өткізер тасқындаған ұлы асу.

Асуы жоқ құншығыстың толқыны,
Дауылдата құн батысқа толқыды.
Күтірлетіп көктің бұлтын сындырып,
Жердің белін қайыстыра жүлкүйді.

Зауыттардан ер қаруы сайланды,
Аш беліне жас алыптар байланды.
“Бір тасқанға бір тосқын бар” деген рас,
Жеті басты дажал кейін айналды.

Ысылдады, ысқырынды ұлыды,
Жан ұшырып өл дәрмені құрыды.
Ақ алмасты ақпан кіріп майданға,
Жон терісін жалбырата сылыды.

Күлді қарап Кремльден ұлы адам,
Күлді дүние күн батысқа қараған.
Күн сөнбейді, жарқырайды мәңгіге,
Деген үндер жер жузіне тараған.

(*Бұл өлеңдер 1941-1942 жылдары
жазылған, басым көпшілік бұрын еш жерде
жарияланбаган. Қолжазбалары ҚР Орталық
мемлекеттік архивінде сактаулы тұр*)

Мәншүлім — Мактапанышым

*Хош іісті қызыл гүлдер,
Үзілгенде сабағынан.
Суы құрып айдын көлдер,
Айрылғанда шабағынан.*

*Шіркін ажсал шеру тартып,
Ер өмірін, койды бөгөп.
Ерлігіне жаным балқып,
Жалындата жырды төгед.*

*Саған арнап есіл ерім,
Қабіріңе гүл қададым.
Сені сақтар тұған елің,
Жүргегінде жас баланың.*

МӘНШҮКТІҢ ІЗІМЕН
(Күнделік)

Бұл күнделіктегі мамам екеуіміз Мәншүктің өлген жері Невель қаласына кетіп бара жатып, поезд, Москва, Великие-луки, Невель қаласында көргенімді, көретінімді жазабақпын.

Мен бұдан бұрын да күнделік дәптер жазып жүрдім. Ал, бұл дәптерді жаңадан бастап жазып отырмын.

Нұржамал Серғалиқызы Бермұхамедова

30.07.

1950 жылы 30 маусым күні Алматы қаласынан мамам екеуіміз жолға шықтық. Баар жеріміз Великие-луки облысы, Невель қаласы.

Қазақ халқының қаһарман қызы, тұнғыш батыры Мәншүктің өлген жерін зерттеуге келе жатырмыз. Кеудем тасып, көнілім шаттықта.

Мәншүк сынды жауынгер апаларымыздың қаза тапқан қаһарлы қаласы Невель көзге елестейді. Мен сол қаланы көрмекпін.

№ 17 поезда, “Международный вагонда” I класта келе жатырмыз. Біздің купеміз екі кіслік. Мамам үлкен ой үстінде отырғандай, еш нәрсені ашып көп сөйлей қоймайды. Менің сұрағанымға ғана жауап береді.

2.08.

Тамыздың екісі күні Орал қаласына келдік. Бұл менің бірінші көрген қалам. Шағын қала сияқты сыртынан қарағанда.

Жарқыраған Жайықтың сұы еріксіз көз тартады. “Бұл Мәншүктің туған жері, ол бала күнінде мына Жайыққа талай шомылған шығар...” — деп мамам күбірлеп айтып отыр.

“Ақ сүтімді кештім, аяулымға сәлем де...” дегендей алыстаған сайын Жайық төсін аша түсті.

3.08.

Қазақстанның құрғақ Сарыарқасын кесіп отіп Саратовқа келдік. Орал қаласынан асқасын-ақ көк майса жер, неше түрлі бәйшешек гүлдер айналып қалып жатты. Сары алтындай боп егін жайқалып, басын жерге иіп түр, егіннің шығымы өте жақсы.

Міне, әсем, ескіден даңқы шыққан, қазіргі совет қалаларының көрнектісінің бірі Саратовқа келіп поезд тоқтай қалды.

Бұрын Саратов туралы өте көп өлеңдер естіп айтып журуші едік, енді міне көз алдында түр. Станциясын айналып қарап шықтым. Қала Еділдің бауырында орналасқан екен, қаланың сүлеймені десем қателеспеспін. Біздің Алматы сияқты қошелері көмкерілген ағаштар, бірақ біздің теректей биік емес. Қаланың көлемі үлкен, шағын-шағын, ағаш үйлер, жері бір ойпан, бір қыр болып келеді, ойпанда да, қырда да салынған үйлер, қошелері жердің ойпан-қыр болып келгендігінен қысықтау ма, қалай. Эрине қаланы аралауға уақыт жок, тек поездың терезесінен қарап қаланың шетінен кіріп қарағаным болмаса. Мамам маған бәрін түсіндіріп айтып жатыр, өйткені ол кісінің талай көрген жерлері де, менің бірінші рет көруім гой. Бір көруге ынтыққаным Саратов университеті еді. Ол анадай жерде қала берді. Поезд әрі қарай жүре берді. Бұл қаланың сұлулығын мамам айтып берді, мен бар ынтыммен тындал, жазып алуға тырыстым, бірақ түгел жазып ала алмадым, сұрай беруді ынғайыз көрдім де, өзімше жаздым.

Анда-санда менен: “Сен не жазып отырсың?” — деп сұраіды. Мен: “Қыздарыма хат жазып отырмын” — деп қоям. (*Еділ өзені туралы біраз тоқтала кетуім керек еді.*)

Саратовтан 3-4 сағаттай уақыт өткен соң Тамбов қаласына келдік. Тамбов қаласы да өз есесін басқа қалаларға бермейтін әдемі қала көрінеді. Саратовтың жері сияқты, бірақ одан горі қошелері тұзу ме деп қалдым.

Поездға тоқтау барма, сонғы тіреу пунктіне жетпей, зымырап алға қарай тұтінің бұркыратып келе жатыр. Поездан козімді алмай қарап, түрлі ойға шомып отырмын. Мамам да біраз қарап отырып, Янның “Бату” деген кітабын оқып, тарих қойнауына үңілгендей.

Тамыздың уші кешке Мичуринск қаласына келіп жеттік. Станцияның жан-жағы гүл-бәйшешекке малынған өте көркем қала. Ұлы ғалымның тамаша енбектерінің айғағындаі неше түрлі гүлдер мәуеленіп түр. Қараған сайын қарай бергім келеді. Жайнаған гүлге жас өмірімді теңеуді лайық көрдім. Мамам да сүйсініп қарап, сондай жадырап отырды.

“Қандай тамаша, неткен көркем табиғат” деп мамам таңырқап қояды.

Мен сол күні түнде де үйықтай алмадым, неге екені белгісіз, егер түнде де көретін болсам, терезеге қарап түрлі ойға батып отырар едім.

Біз өке қызығын көргеніміз жоқ. Ағайындарымыз оқымаған шаруа. Бізді қынышылыққа қарамай мәпелеп өсірген, тәрбиелеп оқытқан — Аnam — мамам, Otanym. Sol anammен бірге көз көрмеген, кең байтақ Otanymның қыя шетіне келе жатқаным маған зор бақыт, көз алдында келешек бақытты өмірімнің алтын қақпасы ашылғандай!

Бұл менің мәңгі есімде сақталатын, жас жүрегімде ұмытылмастай орын алатын сапар.

Мүмкін бұдан былай туған анамның қасында журе бермеспін де, сондықтан мен үшін бұл саяхаттың маңызы өте ерекше...

4.08.

Таңертең Otanymыздың ұлы астанасы, бүкіл әлемге бейбітшілік үнін тарататын, келешек бақытты өмірдің гүл бақшасы, бүкіл прогрессивті адамзат баласының астанасы, еліміздің жүргегі, сүйікті атамыз Stalin тұратын қала, бақытты өмір алып берген ұлы Лениннің сүйегі жатқан қалаға, ғылым-білімнің қазыналы астанасы Москваға келіп түстік.

Бізді Pavel Nikolaevich Kuznetsov әйелі, қызымен, Agnia Lvovna Barto баласымен қарсы алды. Бәрі де мамамды құшақтап сүйіп жатты. Olarға мені таныстырган соң бәрі де менің қолымды алып, құшақтап: “Қай класта оқисың” — дейді. Менің университетте оқитындымды естіп таңқалысып: “Молодец!” дейді. Бойымның кішкентайлығыма қарап бала деген ғой.

Pavel Nikolaevich Kuznetsov мені “Розочка” деп атады да, содан бәрі “Розочка” деп кетті.

Olarдың екеуі де бізді үйлеріне шақырды. Мен Pavel Nikolaevichtің үйіне барғанымызды тәуір көрдім, өйткені ол кісінің қызы қазір Moskvanың технологиялық институтының III курсында оқиды. Онымен мен 4 класта оқып жүргендеге, лагерге бірге барып жүруші едік. Ол кезде оның папасы Жамбыл атаның қасындағы аудармашысы еді. Бір-екі рет Жазушылар Odaғына барғанда, Жамбыл атаның қасынан көретінмін.

Бірақ мамам “Москва” қонақ үйіне түсуді лайық көрді. Себебі, біріне түссен екіншісі ренжитін болады. Olar да бізбен бірге қонақ үйге келіп, біз орналасқан соң кетті (14 қабат, 1402 бөлмеде жаттық).

Сонымен мамам екеуіміз Отанымыздың жүргі —Москвадамыз. Менімен бірге оқитын жолдас қыздарым айтатын: “Ой, сен қапқара бөдене құсап, алайдың сәнін бұзып жүресің-ау” дейтін.

Еш нәрсе істей алмайсың Москваға келіп қалдық, енді шешемізден қалмаймыз, жұрт не десе, о десін. Бүтін кешке қызыл аланға бардық. Қоюміз Сталинге мүмкіндігіміз жеткенше жақындастық, бізді айырып тұрған тек Қызыл Кремльдің кірпіші, ол кісіні көре алмадық, әрине әр уақытта да денсаулығын тілеп, бәріміз оның сүйікті атын жүрегімізде сақтаймыз.

Лениннің жарқын бейнесін көруге мовзолейте кірдік, ардақты қоюміз тірі сияқты, өлді деуге болмайды, Ленин өлген жоқ, Ленин тірі деген сөздер ойыма түсеп кетті. Расында да Ленин өзі өлсе де сөзі өлген жоқ, ол Москвандың жүргі қызыл алаңда. Мәнгі өшпейтін бейне болады да тұрады. Қызыл алаңның он жағы Ленин музейі мен “Гранд-отельмен”, “Москва” қонақ үйі еді. Шам жағылған кезде Кремльдің жұлдызы қүрек қызылданып, жоғарыда бейбіт өмірдің айғағы болып тұрды.

Павел Николаевич екі рет қонаққа шакырды. Тамыздың 5 күні түнде сол үйде болып телевизордан Эдит және Леонид Утесовтардың орындаудыңда концерт көрдік. Сол үйден сағат 7-де қайттық.

Агния Львовна ертеңіне семьясымен демалыс үйіне жүріп кетті

6.08.

Түс кезінде “Стереокино” деген кинотеатрда Чеховтың “Свадьба” деген әңгімесінен алынған кино көрдік те, кешкес үлкен театрдың филиалында Эстония ССР-ның онер қайраткерлері дайындаған “Певец свободы” деген операсын тындастық. Филиал біздің опера театрынан кіші екен, бірақ іші өте әсемделген. Сонымен Эстония өмірімен де танысып қойдық.

7.08.

Үлкен театрда Чайковскийдің “Евгений-Онегин” операсын тындастық. Мені ерекше танырқатқан болып жатқан спектакль емес, оны өз театрдың орысша, қазақша көріп журміз ғой. Үлкен театрдың іші жайнап тұр. Айнала толған халық, зоулім, биік, кең, үлкен десе үлкен театр екен. Бірінші көрген кісі

аузын ашып тұрып қалады еken, бірақ мен үйткенім жок, мамам бәрін көрсетіп, таныстырып, сырттан өнгіме қылып отырды.

8.08

Бұғін түстеге “Корейские артисты в Москве” деген кино көрдік. Одан шыққан соң Москванды аралап, метромен қызық көріп біраз жүріп, Москва өзеніне келіп, қайықта біраз жүзіп, үйге келдік. Қонақ үйге келген қонақтар әр үлттан. Өзіміздің 16 республикамыздың үлттары және қытай, корей, америка, италияның қазақтардан, тағы басқа жерлерден келген үлт оте көп. Қонақ үйдің почтасына келіп хат салайық деп тұрсақ: “Е-е... біздің қазақтар ептең-септеп жүріп жатады әйтекеүір” деп бір кісі қасымызға тұра қалды. Қарасақ тіл ғылыминың кандидаты Балақаев ағай еken. Мамаммен өнгімелесіп тұрды, мен амандағасайын деп едім, үядым, бірақ ол кісі мәдениетті ғой өзі келіп қолымды алды, жердің тесігі болса кіріп кеткендей едім, кейін мамам да ескертті, мұлдем үятқа қалдым.

Кешке “Динамо” стадионына барып, ондағы кино театрынан “Герой старой Праги” деген кино көрдік. Надиров та болды, бірақ жұмыспен келген болуға тиіс.

Қорыта келгенде Москванды түгел араламасам да біраз жерін көрдім ғой деймін. Мамамның соңына еріп бармаған жерім жок. Совет жазушылар Одағына да кірдім, МГУ-ге де, магазиннен магазин қалған жок, бәрін араладық!

Әрине, біздің негізгі тірекіміз Невель қаласы ғой, әдейі келген соң көрген де жаман емес. Енді Великие-лукиге баруға жолға жиналдық.

9.08

Бұғін кешке 6-да Великие-луки қаласына тарттық. Поезд зымырап келеді. Москвадан асқан соң-ақ 1941-1945 жылдары болған соғыстың жерлері үшырай бастады. Жолда Волоколамск деген жерде бір әйел бізге анау 28-дің қорғап өлген жері деп, бір жерді нұсқады. Біз жылап жібере жаздадық, бірақ айнала қоршап отырған жүртттан үядық. Ұрыс болған жер сияқты емес, қазір ел қонып, ағаш өсіп кеткен. Вагонда мамам орбір кісіден соғыс қал-жағдайын сұрастырып, өнгімелесіп келеді.

10.08.

Таңертең Великие-луки қаласына келдік. “Пионерская” көшесіндегі қонақ үйдін 3 қабаты, 33 бөлмеге орналастық. Қала үлкен емес, әйткенмен де облыстық орталық. Мұнда соғыс, құлтопырақ болған тәрізді, айтушыларға қарағанда, бірақ 6-7 жыл боп кетті ғой, соғыстың ізі де қалмаған. Тек бірен-сарап үйлер болмаса.

Келіп орналасқаннан кейін қаланы аралауға шықтық. Қаланың паркі жақын екен, алдымен соған бардық. Шағын ғана парк, үш қатар етіп егілген гүл, соның арасынан жүретін жол бар. Адам аз, күн де салқын. Парктің арғы басында кинотеатр бар екен, соған кіріп “Разгром Юденича” деген кино көрдік. Келесі күні, яғни августің 11 күні, қалалық комитетінс барып, онда Ларичев деген бірінші хатшыда болдық.

Августің 12 күні обкомның хатшысы Барапов деген хатшысында болдық. Мамамды бәрі де өте құрметпен қабылдады. Сол жерде Невель районның хатшысы Королев жолдаспен таныстық.

Сол күні Великие-луки қаласында суретке түстік. Кешінде облыстық драмтеатрына барып М. Горкийдің “Васса Железнова” деген драмасын көрдік.

13.08.

Демалыс күні еді. Су жағасын аралап, қаланың біраз көшелеріне келіп, базарға түстік. Сонымен айналып үйге келдік. Кешкін драмтеатрына бардық. Онда “Свадьба с приданым” деген комедия көрдік. Колхоз өмірінен алынған, басынан-аяғына дейін құлқі екен. Артистері өте жақсы ойнады. Риза болған халық гүл ұсынып жатты.

14.08.

Ертеңгі сағат 6-да шақырылған такси келді. Біз асығыс тұрып жиналдық та станцияға келдік. Қала мен вокзалдың арасы үш километрдей жер. Сағат 9-да Невельге қарай жүретін поезга мініп те үлгердік.

Мамам терезеден көз жазбай қарап отыр. Бір уақытта күбірлеп былай деді:

— Зіркілден поезд желгенде,
Жер қалады дөңгелеп.
Бір ғажайып көргенге,
Дүние доптай дөңгелек.

Нелер келіп, не кетті,
Жұмыр жердің бетіне.
Айтышы өзің кім жетті,
Бұл дүниенің шетіне?

Мен ішімнен қайыра-қайыра айтып отырып, жаттап алдым.
Бірақ оны мамам сезген жоқ.

Біз Невельге жеткенше асықтық, онда бізді Мәншүк күтіп тұрғандай болды. Әсіреле мамам қабағын шытып сойлемей койды, жиі құрсінді, терең ойға шомды.

Великие-луки мен Невельдің арасы алпыс шақырым жер екен. Жүрдек поезд бір сағат жүрді. Невельге жеткенше терезеден карадық та тұрдық, Мәншүкті есімізден шығармай, осы жерлерде жүріп немістерді қалаға кіргізбей пулеметімен үздіксіз өқатып тұрғандай көзге елестейді.

“Мәншүктің де басқан жерлері ғой” деп мамам құрсініп қояды. Біз сағат 10-да Невельге келдік те, сол жерден түсіп машинамен қонақ үйге жеттік. Бізге деген бөлмені райкомның секретары әзірлетіп қойған екен. Екінші этаж 3 бөлме (екі кісілік). Сондай таза, жарық, өте қоңылді. Жуынып, қайта киініп Мәншүктің зиратына бардық. Зират Невель қаласының жүргегінде орналасқан екен, өзін де өте әдемілеп салған, анадай жерден шеті қарамен жүргізілген ескерткіш көрінді. Жакындаған сайын жүрек дурс-дұрс соғып, бір жаңалық күткендей. Зираттың айналасы қоршау, қоршаудың іші егілген гүл. Ескерткіштің мандашасында, кіре берісте былай жазылған:

*Отечественная война. Пусть живет
и здравствует свобода и независимость
нашей Родины.*

*От рядовых сержантов, офицеров и
генералов б-ой гвардейской армии.*

Май 1944 г

*Войнам павшим за освобождение города
Невель от Комсомольцев и молодежи.
Вечная слава героям павшим в боях за
свободу и независимость нашей
Родины!*

Екі жағына былай деп жазған:

— Вечная слава павшим героям
гвардейцам.

Бессмертную славу заслужили Вы, герои гвардейцы.

Ваши славные имена советский народ никогда не забудет.

Біз кертеңің ішіне кіре бергенде сүр цементтен құйылған бірнеше ескерткішті көрдік. Соның ең біріншісі, біздің Мәншүк екен. Көрісімен мамам қөзінің жасын домалатқан күйінде сүр тасты сүйіп құшактап: “Қарағым-ай, жатқан жерін торка болсын, қия шеттен іздел келген апаңа тым болмаса басынды да бір көтермейсің ғой” деп біраз тұрды. Сол кезде менің де жүргегім елжірей жылап жібердім. Ескерткіштің бетінде төрт бұрышты мрамор тасқа ойып жазған мынадай сөздер тұр:

*“Герой Советского союза
старший сержант
Маншук Маметова
1922 год рождения пала
смертью храбрых 15
октября 1943 году в боях
за освобождение г. Невеля.”*

Мен оны оқығанымда бір түрлі жігерленіп кеттім. Махаббатты мақтаныш кеудеме сыймай бойымды кернегендей. Отан үшін, бақыт үшін, адам бостандығы үшін өлген Мәншүктің арманы не? Өлім біреу. Өлу хақ. Мәншүктің ерлік өлімі қайғы емес. Мақтаныш!

15.08.

Бүгін таңертең сағат 10-да райкомға бардық, Королев жолдас бізді қарсы алды. Қай жағынан болса да өзім көмектесем, ол үшін қам жемей-ақ қойындар, — деп барлық жерге телефон соғып, адамдарына күтіп, қарсы алындар, — деп тапсырды. Мамам қолына керекті сұраулары бар план жасап алып, сол сұрак бойынша жұмысқа кірісе бастадық. Алдымен райком комсомолға кірдік. Ондағы комсомолдар орындарынан ұшып тұрып мамамды отырғызыды. Эр біреулері өздеріне міндеттер алды, қолынан келгенше көмек көрсетпекші болды. Эр біреуі өз білгендерінше Мәншүк туралы айтып жатты. Бәрі де Мәншүкті “Родная Маншук” деп сөйлейді немесе “Наша

защитница казашка героиня Маншук” дейді. Мен үй ішінде ілулі тұрған портреттерге қарап отырдым. Бірінші көзіме түскен Лиза Чайкина, Зоя Космодемьянская болды “Ойпырмау Мәншүк қайда” деп ойлап тұрғанымда, пионер бөлімін басқаратын Тамара келіп:

“Узнаете” деп бір суретті нұсқады, қарасам Мәншүк, көзімнен жас шығып кетті, өзім құліп жібердім, сол жерде суреті биік ілулі тұрды. Әйтпесе құшақтап жансыз бейне болса да, сүйіп алар едім. Мамам екеуіміз шықтық, жолшыбай мамам: “Жастардың аты жастар-ау” бәрі де белсенді, берген сұрағыңың бәріне де мұдірмestен жауап береді, өздері де әдепті, әңгімелеге де қандым” деп риза болып келе жатты. Қасымызда Тамара еріп келе жатты. Ол: “Біздің мектепте Мәншүк атында отряд бар, біз 15 октябрьде жыл сайын оның зиратына барып гүл қойып, Мәншүк туралы шығарған өлеңдерді оқып сүйікті Мәншүгімізді есімізге алып тұрамыз. Сабакта шығарма жазғанда Мәншүктің ерлігі туралы жазамыз. Балалардың бәрі де: “Біз Мәншүкті еш уақытта да үмытпаймыз, ол біздің жас жүргімізден мәңгі құрметті орын алады” дейді. Тамараның айтып келе жатқан сөзін естігенде, қай қазақ болса да бір көтеріліп қалғандай. Бұл жерде азия үлттары жок, сондықтан халқы таңырқай қарайды. Қазактың осы түкпірге әкеп, атағын шығарған Мәншүкке қалай риза болмайсың? Жатқан жерің торқа болсын, қымбатты Мәншүк апай!

16.08.

Бұгін сағат 12 кезінде кезекші келіп біраз әңгімелестік. Ол кісі соғыс уақытында осы қаладан 9 км. жерде болған екен, сондықтан болған оқиға жайында аздап білетін көрінеді. Ол кісінің айтуы бойынша немістер Невель қаласына 41 жылы июльдің 7-де келіп кірген екен. Келе сала ойранды салып, халықты текten текке жәбірлеп, оз зандарын орната бастаған, істейтіндері ату, асу, ізdegендері коммунистер мен комсомолдар, бірақ оларды табу немістерге оңай емес, ел шетіне жау келгенде кім қарап отырады. Невель қаласында бұрын еврей халқы коп болған, сондықтан немістер нақақтан нақақ бір жерге жиып қойып, 2 мындаи еврейлерді қырған. Дегенмен де кала адамдары беріле қоймаган, әлі келгенше қарсылық көрсеткен. Осылай немістер қалада 2 жылдай тұрды. Бұл уақытта біздің әскерлер Великие-Луки қаласын немістерге бермес үшін табан тірепіл

соғысып жатыр еді. Великие-Лукиді де басып өтті, олардың ниеті Москванды алу, бірақ Волоколомск жерінде кескіленген үрыс болады, осы кезде 28 батырдың да шыққан уақыты болу керек. 43 жылы біздің өскерлер алға жылжи бастанды, жауды Великие-Лукиден куды, ал Невель қаласынан немістер өздері қашып кетті, бірақ қаладан 8-9 шақырым жерде қанды үрыс болады, қан теңіздей болып ағып, өліктен жер беті көрінбей кетеді, немістер қайта шабуыл жасап, Невельге кіріп, әрі қарай жылжымакшы болды, бірақ біздің 6-шы гвардейская Армия табан тіресіп, Невельді жауга қайтып берmedі. Міне, осы 6-шы Армияның ішінде Мәншүк те ерлік көрсетіп күресіп, жас омірін Отан үшін қыйды.

Біраз әңгімелескен соң далага шығып, копір жаққа қарай бет алдық. Қолде жүзіп жүрген қайық, айналасы қамыс пен көк майса шөп. Әрі қарай шоссе, бұл Погоцк қаласына қарай кететін жол екен. Көпірден асқан соң Невель қаласы алақандағыдан көрінеді. Қаланы қоршап жатқан көл. Невель районында 25 көл бар екен. Өзі бір аралда тұрган сияқты.

Жері ылғалды, сары топыракты, үйлері кірпіштен, ағаштан салынған. Бұл оте есқі қалағой, соғыстан бұрын әдемі болған көрінеді, қазір де жаман емес, бәрі де жаңадан салынған, кайнаған еңбек, көрі-жасы демей, бәрі де жұмысты белсеніп істеп жатыр. Қалада бірнеше завод, фабрика бар. Ағаш аз, жаңадан егілуде, ортасында Мәншүктердің зиратына қарсы жаңадан парк істелініп жатыр, ішіндегі ағаштары жас, гүлдер егілген, жолға қызыл кірпішті үгітіп сеуіп қойыпты. Анадай жерде қып-қызыл есіп тұрган гүл сияқты, бұл парк енді бір екі-үш жылда керемет коз тартатындағы боларына көзім өбден жетеді.

17.08.

Мұнда Мәншүк атында көше бар. Соны тауып алу үшін, таңтерең тұрып, жолға шықтық, Ленин көшесімен томен қарай тіке жүріп келеміз. Мәншүк атындағы көше Троицк шіркеуінен басталады, он жақ бұрышында Ившенко деген екі баласы соғыста қаза болған шалдың үйі, оның үйінің маңдайында “ул. Маншук Маметовой” деп жазылған. Ұзыннан ұзақ көшениң жоғарғы жағы Ленин көшесі де, төменгі жағы Мәншүк атындағы көше. Осы көшениң бойында “Братская могила” деген зират бар, тап консерві заводының жанында Мәншүктің сүйегі

алғаш рет осы зиратта жерленіп, кейін қаланың ортасына апарып қойып, ескерткіш орнатқан еken. Кейбіреулердің айтуына қарағанда Мәншүк осы көшеде ұрысқан көрінеді. Басқа көшедей емес, Мәншүк атындағы көше өте жақсы, шоссе, ағаштар орнатылған, өте көркем көше.

18/08.

Бұғін мамам өте ерте тұрды, білем, қалың ойға шомып отыр, өзі осылай отырғанда, бір әдемі өлеңдер туып қалатын. Қөптен бері өзі де айтып жүретін, Невель туралы өлең жазу керек деп. Ол өлеңді окуға мен де ынтық боп жүрмін, үш күн болды тебіреніп, ойланып-ойланып жазып жүр. Мен Янның “Бату” деген кітабын бастап оқып жатырмын. Бұрын мамам жазғанда, осы үш күндей көп, бір өлеңнің үстінде ұзақ отырып көрген жок. Эрине, өлеңнің шығуы оңай емес, оған көп ой, күш қазына керек. Дегенмен де, бұл өлең жаман болып шықпас деймін. Күні бойы жұмыс істеп отырды да, кешке көшеге шықтық. Жол бойы күбірлеп өлең айтып келе жатты. Менде үн жок. Мамам бір қалың ойға батты, іштей сеземін, өлең шығарып келеді.

Бірінші курста оқып жүргенде, Қажым ағай айтушы еді: “Ақыннан өлең шығу үшін, ол күні бұрын әбден ойланады, тебіренеді, толғанады, бірақ ақырында тамаша өлең шығарады, егер шын ақын болса” деп.

19.08.

Таңертең шай ішіп отырғанымызда, терезе алдынан коп ат, арба өтіп жатты, бұл ат, арбаларда тиелген астық еken. Әрбір арбада тігілген қызыл жалау. Бұл жалау бір тамаша істі білдіргендей, жалау арқылы үкіметке тапсыратын астық еkenін бірден түсіндік. Астық біздің ризығымыз, сондықтан халық үлкен мейраммен қарсы алып, куанышқа батуда, Отанымызға астық тапсыру, әрбір облыстың, ауданның міндеті. Бұл үшін әрбір облыс, аудан біздің халқымыз алдында, Сталин алдында жауапты. Невель халқы соғыс уақытында қан майданды кешіп жүріп соғысты, ерлік көрсетті, ал бейбітшілік майданында да ол намысын ешкімге жібермейді, басқа аудандармен, колхоз колхозбен жарысқа түсе отырып, астықты үкіметке күні бұрын тапсырып, ерлік көрсетуде.

Қала халқы лек-легімен далаға шығып: “Біздің үкімет қазынасына құятын алғашқы алтын корымыз бұл еңбектің жемісі, сондықтан да біз Отанымыз алдында, сүйікті көсеміз Сталин алдында, егінді еш шығынсыз дер кезінде жыйнап

аламыз деп уәде береміз” деп ду қол шапалақтап қарсы алды.

Бұл жетістікке, әрине біз де қуанудамыз. Мәншүк бұл жерде өзінің жас өмірін қалқан қытып қорғағанда, социалистік жарыста алдыңғы катарлы орын алу үшін біз, әрине, тілектеспіз.

20.08.

Бүтін демалыс күні, бірақ бұған қарамастан қаланың өйелдері жұмыс істеуде, олар демалыстың не екенін білмейтін кісіше, тасты машинаға тиеп, жерді тегістеп, үлкен-үлкен бөрене ағаштарды қотеріп, басқа бір жерге апарып үй салып жатқан адамдарға тасуда, қала біздің көз алдымызыда құннен-құнгеле осуде, үйлер катар-катар бой қотеруде. Жалғыз бұл емес, олар өндірісте де өздерінің ерлігін көрсетіп, әр қайсысы нормаларын асыра орындауда, мектептерді оқу жылының басталуына өзірлеп қоюда, бірақ сонымен қоймай, олар үйлерін де, шаруашылығын да бұрынғы қалпына келтіруде. “Софыс болды, немістер қиратып кетті” деп қарап тұрмай, бәрі де оз дүниям деп белсенді кірісп жатқан жұмысшы халқына қарай біз де олардың жұмыстарының жемісті болуына тілектестік білдіреміз.

25.08.

Біз горсоветтің машинасымен Большая Иванова коліне бардық. Оның тұрган жері Березовский сельсоветі деп аталады екен. Ол Опухлики стансасының жанында, Невельге қарайды. Опухлики үлкен демалатын орын екен, қызырып жүрген коп адамдар осы қолдің жағасында. Көлдің көркін тілмен айтып жеткізу өте қыйын. Әсіреле маған. Менің сөзімнің бәрі жатық келгенмен, көбі сапырлысып келеді гой.

Большая Иванова колінде бір кезде Иван Грозный болған екен. Орыстың атакты суретшісі Шишキン осы қолдің маңында туып өскен дейді. Шишкиннің салған пейзажының негізі Москвадағы “Третьяковская галереясында” сақтаулы.

Біз көлді жағалап коп журдік. Күн сондай салқын, жел күшті. Көлдің суы толқынданып, көбік шашып жатыр. Жағасында іркілген ақ кобіктер отауланып тұрды. Көлдің суы толқынын котеріп тастанап бір түрлі салмақпен сойлегендей дыбыс береді. Әттең композитор болсам, сол дыбыска музика (ОН) жазған болар едім деймін ішімнен. Көлдің айналасы қарағайлы, талды жер, айнала самсаған сары қарағай сауыт киген батырдай қарайды. Құмды жерге шыққан шебін қарасаң, таң қаласың, мап-майда, ұстасаң жібектей қолыңа жұмсақ тиеді, не ағашында,

не шөбінде сарғайғаны жоқ, жап-жасыл жайнап түр. Бірен-саран болмаса маңайындағы қалың ағаштың бәрі де жаңадан қаулагап өсken. Соғыс кезінде өртengен ағаштың түбірлері, қара қожалак қүйе күйінде көк шөптен-көрінер көрінбес. Немістердің күрган темір торлары тау-тау боп тottалған күйі судың жағасында жатыр.

Мамам кірпігін қақпай көлге қарап жағада отыр. Оның тоңып отырғаны түрінен көрініп түр, бірақ өзі тоңғанын біліп отырған жоқ. Денсаулығының нашарлығы есімде, тоңдың гой деп айтайын десем, ойын бөлемін-ау деп қысылам. Ауырып қала ма деп қорқамын да. Дегенмен шыдадым. Бір кездे шофер келіп, жүруіміз керек екенін айтты. Мамам аздап кабағын шытынды да орнынан тұрып машинаға қарай жүргенде, алдынан тәуір киінген ақсақалды қарт кісі келіп амандасты. Мамам оған қыска жауап берді де көл туралы сұрай бастады. Қарт былай деп сөйлей жөнелді.

— Бұл көлдің аумағы 76 шақырым. Осы көлдің суы Балаздың көліне барып түйіседі. Анау көрінген ортасындағы арал 40 гектар жер. Бұл көлдің тарихын мен түгел айтып бере алмаймын. Иван Грозный 16 ғасырда болғанына өзіңіз жақсы білесіз. Ал бұл көлдің бұрынғы атын мен білмеймін. Мұның Б. Иванова аталуын тарихшылар Иван Грозныйдың атына байланыстырады. Ал Иванның бұл жерлерде болғаны анық. Ивановский с/с деген бар осы маңда. Айтушылар бір кезде бұл көлдің жағасына демалуга Екатерина II келіп жатқан екен дейді. Сонда Иван Грозный туралы түрлі әңгімелер, хикаялар естиді де сол сапарында өзі болған деревняны Ивановка деп атап кетеді. Содан Ивановский с/с делініп кете барды.

Шал тарихты қопара айта бастаған соң мамам Отан соғысына оралуын сұрады. Шофер тыптырышып асығып түр. Шал созді жалғастырды:

— Шырағым, мен мына шашты текке ағартқаным жоқ. Бар өмірім осы көлдің жағасында өтті. Бұл көлдің құмістей жарқыраганын да көрдім, қара жамылып, аза тұтқанын да көрдім. Отан соғысы туралы сұрасан, ішімдегінің бәрін сарқып берейін, көкейіңе қүй да алып кет — деп шал шылымын тұтатты да бір ағаштың ығына келіп отырды. Шалдың сөзін мамам жерге түсірмей, желге үшырмай, басын көтермей жазып отыр.

— 1943-44 жылы бұл жер нағыз соғыстың кіндігі болды. Неміс басқыншылары емін-еркін екі жарым жыл билеп-тосеп

бекініп алды. Халықты талғамай қырды, тартынбай талады. Армансыз бекініп бар қару жарагын, азық-түлігін тасынып жатты. Кенет біздің өскерлер Невель қаласын босатып, немістерді түріп тастады. Невельді босатқан немістердің өскері осылай қарай ағылды. Жауын түре құған біздің өскерлер өкшелей келіп қалды. Тал тамырын суыргандай болып жүрген немістер кірерге көр таппады. Селодағылардың бәрі анау аралға кіріп жоқ болды, сонда бекінді. Осы көлдің маңының борін немістен тазартса да аралға орнықкан обырлар үш ай бойы алдырмай қарсыласты. Екі жақтың атысынан мынау жатқан жарқыраған күміс сұлу көлің кап-қара қою батпақ болып кетті. Қөрген жан енді бұл су тұнып, қайта жарқырар деп ойлаған жоқ еді.

Откен өмірдің белгісі жоқ деген, міне. Қанша оқ дәрі жұтса да түк көрмегендей қайта жарқырап, сынаптай толықсып жатқаны мынау – деп қарт еліріп орнынан үшіп тұра келді.

— Менің төрт ұлым осы көл үшін жау қолынан қаза тапты. Төрт ұлымның біреуінің-ақ семьясы аман қалды. Былайғы үшеуінін үй-іші бомбыдан қырылды, кемпірім де сонда қаза болды. Қызымның қолында тұрамын. Үкімет пенсия береді, ептең қызмет істеймін, қазір мына демалыс үйінде дем алып жатырмын. Иван Федорович Макаров деген мен. Жасым да 68-де, – деп шал тағы да темекіге қол қойды. Сол кезде тұскі асқа қоңырау соғылып, ол бізben қоштасып, асханаға қарай аяңдады.

Біз машинаға отырып, көлді айналып жүріп кеттік. Жолда кей жерлерде қыйраған машинаның, ортенген вагондардың, талқан болған танкілердің, жаңып тұсken самолеттердің қаусаған темірлері қалыпты. Оларға қарағын да келмейді. Себебі арсыз жаудың арам ізі сияқты көрінеді. Қайтарда келген жолымыздан басқа жолмен қайттық. Барғандағы жұмысымыз — Мәншүктің соғысқан жері, өлген жері, сол деген соң, келген едік. Барлық зиратты араладық, бірақ таба алмадық. Ал Қаратай станциясына баруға уақыт болмады, әрі тоңдық, жөне ол жерде Мәншүк соғысқан жоқ деген соң бармай та кері қайттық. Бұл сапарымыз көпті көрсеткен сияқты.

Үйге келдік, өзіміз ертең жолға шықлақпыш, сондықтан Мәншүкпен ақырғы рет қоштасу үшін келдік. Мәншүк неше келсек те, апам мен сіңлім келді, ризамын деп айтпады, бізге де көнілсіз болды. Мамам:

— Анадан бір уыс топырақ алып берші, Әмина апайға апарып берейін, соны сүйіп мейірі қансын, кетерімде тапсырып еді, — деді.

Мен барып, Мәншүктің денесі жатқан топырактан салып, әкеп бердім. Біз отырганда, Мәншүктің зиратына кіслер келіп, бастарын шайқап, қайғырғандай өтіп-кетіп жатты. Осы кезде радиодан Қазақстанның 30 жылдығына Алматыдан концерт берілді. Құрмангазы атындағы оркестр күй күмбірлетіп, Жамал алай мен Құләш апай ән шырқап, оны біз де Мәншүк те естіп куандық. Мәншүк жерде жатып, Отанымның дауысын естідім деп қуанса, біз қазақтың әнінің осы қия шетке жеткеніне мәзбіз.

Қайран Мәншүк апаймен қоштасып кету де бізге өте қыйын болды. Келерімізде күтіп алмады, кетерімізде шығарып салмады Мәншүк апай?

Біз саған ризамыз, саған бүкіл Қазақстан риза, бүкіл Отан, Сталин риза, заманына сай туған ержүрек ардақты Отанның қызы. Енді қайтып ораламыз ба? Біз келмесек те, басыңа күніне мындаған адам келіп жатады, жалғызысырамассың, жаным Мәншүк апайым! Қош бол, жатқан жерің торқа болсын, қонысың қайырлы болсын, ардақты апам!

Біз Мәншүк атындағы көше мен зиратының суретін түсіртіп алып, қонақ үйге келдік. Кешке қарай Тамара т.б. жолдастар келіп қоштасты. Бүгін соңғы рет түнеп, ертең амандық болса, Москваға қарай қадам баспақтыз.

Хош, ардақты, Невель, аз күн ғана дәм тұзынды татып, бауырында болдық. Мәншүк сынды ержүрек қызынды қорғап, мың мың жылдар жаса...

Хош, Мәншүк, хош Невель.

* * *

Адам баласының өмірі қызық қой. Қатар жүріп, күнде көргенде, бір-біріне қадыры жоқ сияқты. Ал көзден таса болсан-ақ сағынасын, ойлайсың жерінді, суынды, құрбы-құрдасынды өлердей сағынасын.

Біздің Алматыдан шыққанымызға айдан енді асты. Қазакты ғана емес, күншығыс халқының қайсысын болса да сағындық. “Танауы тарбиып, қара көзі от шашқан қазағым-ай” деп, мамам айтқандай қазағымыз-ай деп қоямыз. Себебі мұнда қазақ түгілі

тіпті бір де азиятты кездестірмейсін, біртурлі жалғызысырайсын. Почтадан шығып келе жатсам, машинаның үстінде бір жігіт отыр екен: “Әзербайжан, не грузин, көзі қап-қара, өзі де қоңыр, бірімізге біріміз сен мұнда қайдан келдің?” – деген кісідей қарастық. Кілең сары кісінің арасында, біз сияқты адамдар мулдем қара көрінетін шығар. Жолда ауыздарын ашып, көз үшінан жоқ болып кеткенше бұрылып қарап тұрады. Мамамның қалай екенін білмеймін, өзім кемшілік деп санаймын ба, бір түрлі. Алыс жақтан негр келсе мен де аузымды ашып қарамаймын ба, сол сияқты ғой. Оған ренжитін еш нәрсе де жоқ.

Біз бұл жаққа келгелі Москва радиосы Роза Бағланованның орындауында әнді екі рет, Құләшті, Жамалды бір-бірден берді. Августың 25 күні қазақ ақындарының өлеңдерін радиодан оқыды. Дәл сол кезде біз Мәншүктің зиратында отыр едік. Аскар, Әбділдә, Тайыр, Әбу сияқты ақын ағаларымыз үшін мақтанамыз, олардың атын естігенде көтеріліп қаламыз. Тындағымыз келеді. Құмартта тындаимыз. Бір күні мамам екеуіміз Моншүктің ескерткішіне барып отырғанда, Роза радиодан ән салды. Қазактың батыр қызы, шығыстың шолпаны Мәншүк мәнгі үйқыда. Оның қасында туған елінен ізделеп келген ақын апасы отыр, қазақ халқының жас бұлбұлы Роза ән шырқап тұр. Осы үш қазақ қызының, ұлт мақтанышының ортасында отырған өзімді өте бақыттымын деп санаймын.

Біз Большая Иванова көліне жүрейін деп тұрганда, горсоветтің бастыры Зайдман Михаил Моисеевич Мәншүктердің зиратының сол жағындағы көшениң бұрышындағы көк төбелі үйді нұсқады, бұл үйдің айналасы жаңа осіп келе жатқан ағаштар, гүл, терезелері оюланып, сырланған.

Бұл үйде Михаиловское селосынан Москваға жүріп бара жатқанда Александр Сергеевич Пушкин қонып, қолдерді арапал, біраз жатты дейді, қазір ескерткіш үй болып тұр деді. Біз бұл үйді көріп шықтық, көз алдымызда көрмесек те, суреттегі бейнесі көз алдымызда тұрды.

Михаиловск селосы бұл жерден қашық емес, көп болса 60 шақырымдай. Барып қайтуға болар еді, бірақ оку жылы басталып қалды, сабактан кешігесін деп мамам күйгелектеп жүріп бара алмадық. Корешек болса, тағы келерміз. Ленинград, Рига, Смоленск қалалары да осы арадан жап-жақын, әттең баруға мүмкіншілік болмады.

26.08.

Бүгін сағат 10-да Невель қаласынан шықтық. Сағат 3 кезінде Великие-Лукиге келдік. Келіп қонақ үйге орналастық та қаланы ең ақырғы рет аралауды үйғардық. Мұнда Александр Матросовтың зираты бар еken. Соны іздедік. Матросовтың зираты қаланың ортасында еken. Обком партияның үйінің ар жағында көл бар, соған таяу Матросовқа үлкен жеке ескерткіш орналастырыпты. Денесі де сол жерде, винтовкасының т.б. суреттерін салып, суретін мрамормен жасап, астында мрамор таңбаға: “Здесь покоятся герой Советского Союза рядовой Александр Матросов”, – деп жазылған.

27.08.

Біз Невельден Великие-Лукиға келіп бір күн болдық та Москваға баратын поезға отырдық. Вагонда кісі копшілік. Біздің купеге бір еврейка отырды. Оның басы аздап шайқалып турады. Olsen әдеби тілмен сөйлейді. Тілі сондай өткір, орынды айтылған сөздері жігін білдірмей қабысып жатыр. Азғана уақыттың ішінде бізben таныс адамдай жақындастып кетті. Даға шығарында сөмкесін мамамның алдына қойып кетеді.

Біз аң-таң қалдық.

— Бұл бір қу шығар, бізді соғып кетейін деп жүрген – деп те ойладық. Шынында ол өте адал, шыншыл адам болып шықты.

Жол бойы жаңа өрбіп өсіп келе жатқан жас шырпылардың жасыл жапырактары жайып тастаған қаракөлдің түріндей құлпырады. Кейбір станциялардың орнында вагон орнап, оған станцияның атын берген. Мысалы Абро станциясын алайық, “Абро” станциясының бұрынғы үйі қызыл кірпіштен салынған еken. Қазір есік терезесі, тәбесі жоқ аңғал-санғал, дал-дүл болып тұр. Тек маңдайында “Абро” деген жазуы ғана қалған. Оның алдында вагон қойған да соны станцияның конторы еткен.

Міне, “Окунь” станцияға келдік. Мұнда түгелінен қайта салынып жатқан құрылыс, темір жолдың өн бойында үйілген кірпіш, ағаш, тақтай дегендер тау-тау. Бұл жерде біздің поезымыз көп тұрды. Жаңадан күйген кірпіштен салынып жатқан үлкен үйдің екі қатарын аяқтапты. Бүгін жалпы демалыс, сондықтан жұмыскерлер көрінбейді. Улкен машиналар жүгімен тұр. Известь, цемент дегендер маңайында бықып жатыр. Біз тұрғанда Москва-Рига поезы жүріп өтті. Бұл жақта қыска деген шөпті төрт бұрышты үйіп, содан кейін торт жағына ұзын қазық қағады еken де тобесін шатырлап үйше жабады еken.

Артемовка станциясынан өттік. Мұнда да халық көп түсті. Түскендердің бәрінің қолында, арқасында қаптаған нан. Бұл жерде нан аз шығар деп ойладық.

Жижица станциясына келдік. Мұнда да түсуші де, мінуші де көп. Поезда келе жатқандардың көшілігі студенттер. Бұлардың ішінде ер балалар өте аз. Көшілігі қыздар. Бұл станция өжептәуір үлкен екен. Жарқыраған көл, суда жүзген қаз, үйрек, тікшиген-тікшиген ағаш үйлер. Маңайда ит мұрыны өтпейтін ағаш қарағай, қайын, терек. Бұлардың етегін көмкерген шіліктер де бар кей жерлерде балапандап өсіп келе жатқан шыршалар өрімдей.

Русанова станциясы. Жижица мен екі орта қалың орманды, жасыл шөпті борбасты жер. Жолдың екі бетіндегі қалың ағаштың іші қөлкіп жатқан су. Поездың терезесінен шалшықтың құлімкі дымқос иісі келеді.

Старая торопа станциясы. Бұл жерде соғыстан қыйраған талай дүниенің ізі жатыр. Вагонның, машинелердің қаусаған темірлері тот басқан күйінде төбе бол үйілген.

Борсок кішкене ғана разъезд болғанмен, поезд тоқтап тұрды. Қалың орман әлі қатарласып келеді. Қалың орман бар сырын ішіне түйіп қалың ойда.

Міне, поезд тоқтады, станция ілгеріде. Біз 8 вагонда отырмыз. Бұл Улин деген кішкене станция екен. Шіркін, жер! Көркіне болайын, көк орман. Мен қараған сайын сенің қатарың қоюлануда.

Западная Двина деген станцияға келіп қалдық. Үлкен станция екен.

Елидово қаласы, станциясының оң жағында кішігірім киіз үйдегі каполдар жатыр. Біреулер “қалай соғысты ұмытып кетеміз” деп мыналарын әлі жыйнамаған екен – деп жатты. Соған қарағанда соғыста төңкерілген болар.

Паникия деген станциясымаққа аздал тоқтап өттік. Бір кішкене сандықтай сарайға станцияның атын жазып жапсырып қойыпты. Қасында күйген кірпіштен салынған үйдің қабырғасы түр, шамасы болашақ станциямыздың үйі шығар.

Мостовойға келдік. Аты қандай болса, өзі де сондай екен. Бәріне де көрік беріп тұрған көк орман. Күн бата Оленино станциясына жеттік.

Күн батты. Кішкентай станцияларды жаза алмай қалдым.

Аты шулы Ржев қаласына тоқтадық. Соғыс түсында күл

топырақ болып қалған қала дер емес. Бұл қала туралы талай радио хабары есте қалған-ды. Түн. Одан әрі станцияларды жазуға мүмкіншілік болмады. Тек түнгі сағат 3-те Волоколомскіден 28 панфиловшылардың зиратынан өттік. Таңертең Москваға келіп түстік.

28.08.

Бізбен бірге жолда танысқан әйел де түсті. Бізден қалар емес. Еріп Қазан вокзалына келді. Біз нұрсelerімізді сактауга беріп, “Москва” қонақ үйіне барайық деп түр едік, әлті әйел:

— Мына үйде менің анам тұрады. Мен одан әрі тұрам. Сендер заттарыңды шешем үйіне қойындар да өздерің біздікіне жүріндер. Әрине, менің сендерге беретін асым жок, сендер маған жақын көріндідер, мен сұрқия, сүм емеспін, қорықпандар, партияның мүшесімін. Москвада кім көрінгенге сенуге болмайды, коркуларың дұрыс, — деді.

Мамам: “Жүр, осының үйіне барайық. Діндей екі адамды өлтіре қою онай болмас. Бұл Американың жері емес қой” — деп чемоданды бірге көтеріп ерді де кетті. Мен үндегенім жок, ере бердім. Бірақ іштей мамамның ісіне разы болып келе жатқаным жок. Әлде қайдағы біреу, білмese де сынап кордік деп келе жатқаны сондай өрескел сияқты. Бір үйге кірдік. 4 этажда бір есікті қақты, одан жуан, ақ шашты кемпір шықты. Біздің жөнімізді айтты, кемпір бізді білетіндей-ақ қарсы алды. Біраз отырып шай іштік. Содан кейін затымызды тастандық та әйелдің үйіне кеттік. Жолда ол кісі бізге Юсуповтың үйін көрсетті. Бұл үйде Пушкин жастық шағын өткізген еken, ішін көргеніміз жок, сырты бір керемет, бояулы, шарбағымен түр дейді, аздап қажалыпты, бірақ ескерткіш күйінде, әлі түр. Пушкин уақытынан титтей де өзгертілген жок дейді. Одан әрі Пушкиннің Натальямен некелескен шіркеуі, бірақ ол қазір мектеп, өзгертілген. Бұл шіркеу Святой Харитондікі еken, сондықтан көшениң аты да Большая Харитоновская еken. Біз сол шіркеу болған қазіргі мектептің қарсысындағы үйдің қақпасына келіп кірдік.

Сағат таңертеңгі 9 еді. Күйеуінен айырылып қолына келіп отырған сіңілісі бар еken, аты Люся. Оның 11-12 жаста Борис деген улы үшеуі бөлмеде.

Болменің іші барынша жыйналған. Ескі диван, екі кісілік кереует, түрлі кітаптар, бірнеше вазаға салынған қураған гүлдер.

Төрт бүрышты стол, буфет. Бұлардың фамилиясы Мазурова. Люсия кескінді, тұлғалы келген әйел. Шамасы 35-36-ға келіп қалған көрінеді. Оның түрінен кейістіктің ізі көрініп түр. Қабағын ашып жадыраған кескіні жоқ. Сондай әдемі ажары әжіммен айғыздалған. Қызметі — бастауыш мектептің менгерушісі. Асығыс киінді де кетті. Әжеме барам деп Борис те кетті. Содан кейін Женя сіңлісі туралы әңгімеледі.

— Сіңлім жасында өте тентек болды, әке-шешем оны ерке үстады. Жоғары білім алып тұрмысқа шықты. Қүйеуі де озіне лайық сұлу, ақылды жігіт болды. Қүйеу бала соғыстан келгеннен кейін бұзылып, екеуінің арасында сөз, жанжал көбейді. Бірін-бірі қызғану, сенбестік өрттей қаулады. Екеуі де үрыс тобелеске барды. Ақыры айырылып тынды. Екі тентектің арасында жетіп қалған бала тірі жетім болды, — деп сырын айтты.

“Тірі жетім” деген сөз менің жүргегіме тікендей тиді, өзегімді удаій арапап журе берді, бірақ мен еш жанға сездіргенім жоқ.

Женяның көршісі — екінші бөлмеде тұратын Элла Григорьевнаның үлкен екі бөлмесі бар екен. Бізді сонда орналастырыды. Ішкі бөлмені бізге берді, біз сонда тұра бердік. Элланың Толик деген жалғыз ұлы бар. Ол институттың бірінші курсында оқыйды. Сондай мәдениетті, кішік жандар екен, тұганымыздай болды. Еш нәрсеге алаңдамай біз жеті күн жаттық. Мен алғашында қорықсам да артынан үйреніп еркінсініп кеттім.

Мамамның сезгіштігіне таңданым. Кісі танығыш екеніне енді сендім. Жолда кездескен біреуге еру өте қыйын гой, әсірепе Москва сияқты жерде.

29.08.

Біз жазушылар одағына барсак, үлкендер келген жоқ екен, біраз отырдық. Аздан кейін Софонов Анатолий Борисович пен Сергей Михалков келді. Екеуі де мамама бүрылып амандасты.

30/08.

Біз таксиден түсіп жатыр едік, Софонов, Илья Эренбург, Ажаевтар кездесті. Бәрі де мамамның, менің қолымды алып амандасты. Заманымыздың даңқты, гуманист адамдарын көргеніме сондайлық қуандым. Қуанғаным сондай, тамақ та ішпедім сол күні. Тек коргенімді қалай жазсам екен деп ойлауда болдым. “Алтынның қолда барда қадыры жоқ қой” деген өте

орынды айтылған сөз. Мамам болмаса мен олардың қолын алып амандаспақ түгіл сыртынан да көрмес едім.

Біз отыз бірі күні жазушылар одағына келсек, Валентин Иванович Костиловты жерлеуге жыйналып жатыр екен. Жазушылар клубында қоштасу есігі ашылды, біз де сонда кірдік. Сол жерде құрметті қарауылда тұрган атақты жазушылардың бәрін көрдім. Маршак, Соболев, Катаев, Тихонов. т.б. Отзыға тарта машинамен алып жөнелді, уш жерден музыка ойналып бара жатты. Костилевтың қыздары мен әйелі жылағанда, көзімнің жасының қалай шығып кеткенін де білмей қалдым. Қатты толқыдым. Экен болып, өлген де жақсы екен... дедім ішімнен. Одан шыққаннан кейін “Москва” қонақ үйіне хат бар ма екен деп кірсек, Мұхтар ағай (Әуезов) отыр екен. Анадай жерде біреу күледі, алыстан көре алмайтыным бар гой, мамам бұрылып амандасып жатыр, сол кезде мен де бардым. Қол алысып амандасып, мамам екеуі едәуір сөйлесіп отырды.

Мамамнан: “Жұмысың қалай, жақсы ма, көп материал алып, жер жағдайымен танысқан шығарсың” деп отырды.

— Өзім “Ақындар ағасын” бітірдім. Енді Соболев орысшага аударып, “Звезда” журналында баспақшы еді, содан кейін Кисловодскіге демалтуға барайын деп едім, быйыл науқастанып журмін, — деді.

Мұхтар ағаймен қоштасып біз ілгері қарай кеттік.

Мавзолейде тағы да болдық.

Жұздеген адамның соңынан кезекке тұрып ақырын жылжып келеміз. Мамамның кескіні өте ауыр. Ол басқа дүниені ұмытып кеткен сияқты. Тіл қатпады.

Міне, мавзолейге кіріп келеміз.

Лениннің табытына жақындағанда, мамам мені сол жағына шығарды. Табытты айналып шыққанша көзімді алмай, кірпігімді қақпай қарадым. Ұлы көсем, данышпан Лениннің кірпігі мәнгі айқасқан. Өлі жүзінің өзінде мейірімнің, айбынның ізі жатыр. Өмірге жол ашқан, бақыт күнін тудырған кеменгер бабамыз Ленин көзден таса, көнілден ұмыт болмақ емес деймін өзіме өзім.

Мавзолейден шығып, Кремль қабыргасындағы зираттарды араладық. Онда Фрунзе, Свердлов, Дзержинский, Калинин, Жданов сияқты тарихи адамдарымыздың мрамордан салынған ескерткіштері тұр. “Қайран сарбаздар, революцияның сайып қыран саңлақтары бір-бір тасты киіп, үн-түн жоқ тұргандары мынау. “Олсек шұқыр бір болсын, шықсақ — төбе” деген осы.

Өлсе де Ленин тобында, Ленин жанында деп, — мамам күбірлейді. Мүмкін мен естісін деп те айтып келе жатқан болар.

Ленин музейіне кірдік. Музейдің бірінші бөлмесінен-ақ революцияның алғашқы қадамымен таныса бастайсын. Қажырлылық, қайсарлық, ақылмен, оймен басталған үлкен істің тарихи ізі сайрап тұр. Неше түрлі қыйыншылыққа төзе отырып жауды қалай жеңгендеріне қайран қаласың. Айдауда, арбауда, алдауда жеңе алмаған көсемдердің жігерін болат десе болмай ма. Шіркін, данышпандық, шындық жеңбей қояр ма? Ақыры жеңді! Музейдің бір бөлмесі толған кітап. Онда Ленин еңбектері барлық тілде аударылғандығын көрсетеді. Ең аргысы негр тілінде де аударылған еken. Бір полкаға кіл қазақ тіліндегілерін қойыпты. Ленин туралы қазақ ақындарының өлеңдер жыйнағы көзге тұсті. Азалы залға кірдік. Е дегенде тұла бойым бір түрлі болып кетті. Лениннің табытына иіліп тәжім еткен қаралы туларды көргенде, дәл азалы сағатта тұргандай әсер етті. Бізben бірге Чехтың, Венгрия, Болгария, Корея т.б. демократиялық республикалардың делегациялары кірді.

Бұлар мениң өмірімде үмытпайтын кезендерім, сондықтан тілімнің жеткенінше жазғым келеді. Шын жүрегімнен шымырлай қайнаған шын сөздерім өзінен өзі тулап отыр. Өміріме де, өз анама да сондайлық ризамын. Шаруасының көптігіне қарамай маған жер-дүниені көрсетем деп алып жүргені үлкен ерлік. Тірі жүрсем актармын. Шын адамгершілік арыммен актармын!?

Мен күнбе-күн коргенімді қалдырмай жаза бердім. Эрине, көркем сурет, шебер тілім болмаса да қатар жүрген жолдастарым таныссын деген ойым болды.

21.09.

Жүретін болған соң әзірленеміз деп ерте түрдүк. Элла апай ертенті асты дайындал қойған еken, әңгімелесіп 2 қазак, 2 еврей болып интернационалды түрде өткіздік, сонынан Толя институтына кетті де, біз Ленин атындағы кітапхананы көреміз деп уақытымыздың тығыздығына қарамай сонда кеттік. Біз оқырман емеспіз, әрине, паспортымызбен кіргізді, ішінде консультанты бар еken. Біздің москваулық емес екенімізді білді де қасымызға келіп “Добро пожаловать, дорогие гости, пожалуйста, может быть вас провести “познакомить” деді. Бізді

қасына ертіп жүріп кітапхананы аралатты. Мен бұрын келгенімде, кітапхананы көргем жоқта, сонан ба маған бұл кітапхана керемет әсер етті, біздің ең үлкен кітапханамызben тіпті салыстыруға болмайды. Мұның қасында біздің кітапхана Москва университетінің оку заңы сияқты. Эрине Москва мен Алматыны тенеуге болмайды, сол сияқты бүкіл әлемдік маңызы бар Ленин кітапханасын, біздікімен тенеуге болар ма екен?

Әр нәрсе өз уақытында, қайран Алматымда да осындай кітапхана болатынына әбден көзім жетеді!

Кітапхананың ішін суреттеп беруге жазушы емеспін, суреттеуге тілім жетпей екі ортада үятқа қаламын ба деп те қорқам, онсызда менің тіліме жолдастарымның құліп жүретіні аз емес кой. Кысқасын айтқанда бүкіл әлемдік маңызды, атағы бар болса, жаман емес екенін әркім де біледі ғой. Мен осы Москвада оқып жүріп осы кітапанаға келіп жүрсем, 1 жылсыз кітапхананың ережесін біліп болmas едім деймін.

Біржола кететін болған соң керекті-керекті жерлерді коріп қалуды ретті деп таптық. Кітапханада да 3 сағаттай айналысып қалыптыз. Одан шыққан соң Планетарияға кірдік. Планетария деген жасанды Ай, Құн, Жердің құрлысын, жүлдышдар: Юпитер, Венера, т.б. көрсетеді. Одан біраз білім алғып қалуға да болады. Маған әсіреле ұнағаны: ай батып жүлдышдар тарқаған соң таң желі сияқты жел тұрып, аздан кейін қызырып күн шығып келе жатқанда интернационал, Гимн, демократиялық жастар ұранын тартқанда, дененде бір түрлі жігер кернеп кетеді. Техника деген қандай, құн, айды да қолдан жасап, даланың әсем желімен дем алдырады.

Планетариядан шыққан соң орталық хайуанаттар паркіне бардық. Зоопарк пен Планетарий Садовакудринская қошесінде еді. Зоопаркке кіргенде, жан-жануардың бәрін көресін. Кіре берісте ұсақ жануарлар, жыландардың неше түрлісі, сонан кейін әрбір республиканың даласында болатын жануарлар, одан әрі бүкіл жер жүзіндегі неше түрлі үлкенді-кішілі керемет жануарлар, өзіміздің зоопарктеке көрмеген жануарлар оте көп. Пілдің неше түрлісі, құстардың, маймылдардың неше түрлісі бар. Қай жерден, қалай алынғаны туралы бәрі жазулы түр. Сол жақта көл, көлде акқулар мен ішінде жүзіп жүрген ак гүлдер, адамның көзін анадайдан тартады. Бұл зоопарктың ішінде бірнеше көлдер бар, әрбір көлде әрбір жерден үсталған

су құстары мен ақкулар жүзеді. Аттардың неше түрі, жираф, есек, сиырдың, шошқаның, қой, ешкінің, аюлардың түрлері өте көп. Зоопарктың ортасында балаларға деген пәуескесі мен жегілген аттар, әр түрлі жердікі, үлкені де кішісі де бар. Әрине, біздегі аттардай емес, қарап тұрсан ат сияқты да емес, кішкентай бірденелер, бірақ аттың басқа түқымы, қоңырауларын шыңғырлатып, балалардың көнілін аударады. Зоопарктегі жануарлар өте көп, оның бәрін жаза беруге болмайды, тіл керек. Оның ішін түгел қарап шығу үшін бір күн керек, ал біздің уақытымыз аз. Москвадағы көрген жердің бәрін айта беруге болмас, тек керектілерін айттып отырмын. Зоопарктен шығып “Москва” қонақ үйіне соқтық, үйден хат келіпті, ол да еңсені бір көтеріп тастады. Үлкен театрға кеше ерте тұрып, билет әкелгенмін. Кеш те болып қалды, асығып келе жатсақ, театрдың тап алдында Маманов ағайды көрдік: “Мәке, саламатсыз ба, сапарда деп естігем, қалай жақсы барып қайттыңыз ба? – деді. Маған қарап “Сен мұнда неғып жүрсің, сабақ қайда?” – деді. Мен не дерімді білмей сасып қалдым. Мамам: “Сабактан қалып қойдым деп те басымды қатырып жүр, соған асығып жүрмін, әйтпесе тағы бір 10-20 шақты күн жатайын деген ойым бар еді”, – деді. Екеуі біраз онғимелескеннен кейін, қош айттысып кеттік. Үйге келісімен киініп, тамактанып алған соң театрға кеттік.

“Лебединое озеро” деген балет көрдік.

24.09.

Жазушылар Одағынан поезга билет әкеп берді, поезд сағат 3⁴⁰та жүреді. Ертемен тұрып, жолға азық дайындауға кірістік. Элла апай байғұс күйгелектеп, өзі жол жүретін адамдай қыймылдан жүр, бұл кісінің қызметін ұмытатын емеспіз, бізге өте көп көмек көрсетті.

Мен шынымен Москвадан кетем бе, осындей тамаша қала Отанымыздың жүрегі қызыл Москвадан, өзіме өзіме сенбеймін, осында бұрыннан тұрып келе жатқан сияқтымын. Алматымды сағындым ғой, бірақ Москвадан да кеткім келмейді. Пушкиннің мына сөздері есіме түсті:

“Москва как много в этом звуке для сердца русского слилось, как много в нем отозвалось!”

“Москва, люблю тебя как сын”....

деген Лермонтовтың сөздері қандай дана айтылған. Москваға

кім келмейді, кім қызығып қарамайды. Біздің Москваға қызығып, 1812 жылы Наполеон да келіп, ала алмай кетіп еді. 1941 жылы қанішер Гитлер де көз тігіп, халық қанын аямай қырып, Москванды қаратаң алмақшы болып еді ғой. Жоқ, Москва ешкімге берілген емес, берілмейді де. Қазір Москваға құлақ түріп отырған демократ елдерінің халқы Москвадан нэр, үлгі алды отыр, Москвадай өмір құруға тырысады.

Москваға көз тігіп, аузынан қара қанды қебігін атып жер жүзіне соғыс өртін тұтандырушылар да тұр. Олар біздің Москвамызға қаншама қауіп тұғызысы келсе де біздің одактас халықтарымыз еш уақытта да Москвага жау қалаарын төккізбес.

Москвадан кететін уақыттың сонғы сағаты соғайын деп тұр. Женя апай, Соломон ағай, Элла апай бізді машинаға отырғызып жатқанда, Жазушылар Одағының курьері телеграмма әкеліп берді, ол телеграмма Сапабектен еken: “Поздравляю сыном 1 сентября, приветом Сапабек” деген еken. Марудың боссанғаны бізді өте қуантты. Поездын басына Павел Кузнецов ағай мен Гаял екеуі бізді күтіп тұр еken. Поезд жүргенше әлі едәуір уақыт бар деп, мамам мен Павел ағай ресторанға кетті де мен, Гаял, Шолпан Кенжебаева үшеуіміз перронда журдік. Шолпан 30 күні келіпті, ол папасын шығарып салуға келген еken. Сағат 3⁴⁰ болды, поезд жылжыды. Гаял жылап жіберді, хат жазып тұр деп маған қолын бұлғады, мен түрлі ойға бөленип, көнілім толқыды. Астанамыз Москвадан аттандық. Хош Москва.

Бейбітшілік болса, Москва — астанам саған тағы да келерміз. Әзірше хош, сүйікті қала.

24.09.1950

Москва қаласы.

Қазан вокзалы.

Бұл күнделікті жазған ақынның қызы Нұржамал М. Әуезовтың шәкірті болған. “Екі тілге бірдей, баланды аудармашылыққа баулы, гылымға икемі бар, аспирантурада оқыт, Мәриям” деп ұлы жазушы кезінде иғі тілегін білдірген. Алайда қайда барса да “Халық жасауының қызы” деген лақап құтқармады пәледен. Өмірбойы корректор бол жұмыс істеуге мәжбүр болды. Жуырда дүниеден озған Нұржамал Серғалиқызының жиырма бір жасындағы жазбаларының Мәншүк ерлігіне байланысты тарихи-тәнімді маңызын ескеріп, осы томга енгізуіді жөн көрдік.

МӘНШҮК

(поэма)

I

Қара шашын қара бұлтпен жугандай,
 Қара қасы аймен егіз туғандай.
 Желмен ойнап желбіресе кекілі,
 Күн шүғласы мандайында түрғандай.

Тұнық көзі төңкөріле қараса,
 Ұзын кірпік оқтай тізген жараса.
 Қызыл ленті желбіретін тәбеде,
 Толқындалған тұлымымен таласа.

Меруерт тісті, қызыл ерін, қыр мұрын,
 Алма бетті дөңгелек жұз, сөз шырын.
 Колдан құйған қорғасындаи денесі,
 Қылышымен қызықтырған көз нұрын.

Балдырғандай балбыраған білегі,
 Көнілі шат күндей шалқып күледі.
 Ауызын ашса актарылып ақ күміс,
 Ақ маржанын журегіне іледі.

Тәтті тілді, таза жанды, үғымтал,
 Сараң сөзді, салқын қанды сыры бар.
 Еркелейді еркін өмір балғыны,
 Келешегін жас бөбектің кім үфар.

Киген киімін кір шалмайтын бала бол,
 Көбелектің қанатындаи ала-кок.
 Әшекейлеп буған гүлдей түрленіп,
 Тұрушы еді тұлымшағы сала бол.

Кейіп қалса кенет жадырап кетпейтін,
 Жек көретін жекіргенді көктейтін.
 Өкпелесе өксіп жылап балаша,
 Теріс қарап ыстық жасын төкпейтін.

Тентектігін айтса үялып қалатын,
 Танбаушы еді, мойнына өзі алатын.
 Енді қайтып іstemеске сөз берсе,
 Ұмытпайтын өзіне заң болатын.

Анадайдан анасының алдынан,
Жүгіретін бетінде ойнап ыстық қан.
Көтеріп ап көгершінін секіртіп,
Жетектейтін желкілдетіп қолынан.

Құлаш жая құшақтайдын анасын,
Неше түрлі құбылтып көз қарасын.
Ақ төсіне сүйей салып мандайын,
Аймалайтын аңсағаңдай мамасын.

Мама — десе ана жанын тербейтін,
Мама — десе маманы сүт кернейтін.
Мандайынан ана иіскеп айналып,
— Қарлығашым, қарашығым сен дейтін.

— Алданышым, ақ боташым, құлымын,
Керегі жоқ жұрттың маған ұлының.
Жалғыз қызым, жан жұлдызым, серігім,
Ұлдан артық сүйгізетін қылығын.

— Қыз боп тудың, ойна жаным қуыршак,
Ұл боп тусаң ұстар едің қын, пышақ.
Жақ атам деп жармасады балаларға,
Мерген болмақ менің сәулем кімге үқсан?

— Тартты ма әлде кер садақты Бопайға?
Тартты ма елде Исатайдай атайға?
Құралайды көзге ататын мерген боп,
“Мерген қыз” деп ел аңыз қып атай ма?

Әлде, қалқам, болар ма екен өнерпаз?
Тірі жүріп қызығынды көрсем аз.
Ою ойып ойыменен анасы,
Отыратын өз-өзінен болып мәз.

Айта берсем бітпес ана кеңесі,
Көрген сайын көкке жетіп төбесі.
Киялымен қия шынды шолатын,
Тілек теңіз, жүзіп жүрек кемесі.

Есіл-дерті жас бөбектің ертегі,
Ертек десе еріп жаны елтеді.
Тандаулы ұлын тарихтағы қазақтың,
Екшеп ана ертек етіп шертеді.

Айтқан сайын өсерлене тыңдайтын,
Қажымайтын, қалғып көзін жұмбайтын.
Ер жорығы, ел намысы, кек не? — деп,
Түсінгенше талдаң сұрап шындаитын.

Ер Бопайды естіп еді ол менен,
Ер аруағын өртек етіп тербегем.
Кейде сергіп, кейде ойланып Мәнсия,
— Бопай, — деуші еді, — қазақ қызы

өлмеген...

Естігенін сақтаушы еді есіне,
Ширатылып тал жібектей есіле.
— Тагы да айт, — деп жалынатын,
Жан апалап басын сүйеп төсіме.

Кейде үйиқтап қалушы еді қойнымда,
Балғын білек оратылып мойнымда.
Ертеңіне кулуші едім күшактап,
— Ертегіге тунде, жаным, тойдың ба?!

Жымиятын қара көзін төңкеріп,
Жазық мандай, қара касын бір керіп.
Жарқын жүзі жариялап жан сырнын,
Албырайтын алма беті нұр төгіп.

Қисса оқысаң иығында асылып,
Тыңдаушы еді қызығына асырып.
Естігенін ертеңіне бұлжытпай,
Айтушы еді балаларға асырып.

Ойнамайтын оқып алып сабағын,
Кітап көрсө кере қарап қабағын.
Кетер емес көз алдыннан елестеп,
Қызық-қызық мінездерің, қарағым!

II

Киялымды қия шыңға өрлетті,
Еркімді алып еркелігі тербетті.
Балғын білек, бал бөбегім ер жетіп,
Жыр бұлаған журегімнен селдettі.

Ашты өмірдің аттап барып есігін,
Балалықтың жиып әсем бесігін.
Ата-ананың үлгісін ап қолына,
Бұландаиды бойын түзеп осы күн.

Көз тастайды көлбең етіп бұландаиды,
Сұлу мүше, мінсіз дene құландаиды.
Тоқпақ бұрым ту сыртынан қараса,
Екі иыққа асылып тұрган жыландаиды.

Шалқақ кеуде, шағын дene құрыштай,
Жарқын жузі жанып қойған қылыштай.
Асқақтаған ару жаны аспанга.
Түсер емес айды аймалап, күн құшпай.

Шолпаны ойнап маңдайынан шығыстың,
Қарақат көз, сауытындаиды ырыстың,
Жазық жауырын, жарасымды екі иық,
Қозасындаиды қолдан қүйған күмістің.

Толқынындаидай толықсиды Тобылдың,
Тоты құсы түлеп ұшқан өмірдің.
Жырмен желпіп аштым ару желегін,
Күй сандығын тілмен бұрап көңілдің.

Көрді қызық, қуанды ана күлімдеп,
— Кеніді өріс, жетті менің күнім! — деп.
Ұзатып сап ұзақ қарап артынан,
— Куанышым, құлыным, — дейтін күбірлеп.

Қызым демейтін, қызығына қарайтын,
Жалғыз талын бір жанына балайтын.
Ойын-кулкі думанына қосылып,
Мәнсиясын рулы елге санайтын.

Бакытты өмір, бақшалы гүл саяда,
Сауық-сайран, қызыққа жас тоя ма?
Алтын шаңырақ, ақ орданың төрінде,
Шаттықта ана, шалқыған ел ояна.

Тұр дүниенің тегершігі зырылдап,
Жүргіне жас арудың түспей дақ,
Жаздың жайлы жадыраған бір күні,
Отыр еді үйдің іші шуылдап.

Әйнек ашық, алды ағаш иілген,
Алма тағып, жасыл атлас киінген.
Жұпар шашып, жемістері мөлдіреп.
Көркіне көз, іісіне жан сүйінген.

Саясында сан бұлбұлдар сайраған,
Жасыл жапырақ самал желмен ойнаған.
Тәкаббарсып тау қараса тасадан,
Күн күлімдеп, жер құлпырып жайнаған.

Зер тіккендей жер өніріне жараса,
Жасыл шашақ, ақ жібекпен таласа.
Аспанға өрлеп асқақтайды ақ қайын,
Еркелене, ерке сұлу қараса.

Шашын тарап шар айнаның алдында,
Інжу маржан сөүле шашып мойнында.
Көркем сурет, кербез тау мен құз, жар тас,
Қызы жүрегін қытықтамай қойды ма.

Сыңғырлаған ән жөнелді асқақтай,
Шар айнада қарақат көз қас қақпай.
Сұлу өннің ыргағына ыргалып,
Үйіп ана тыңдал отыр тіл қатпай.

Кенет Мәншүк “келіншекке” биледі,
Дөңгеленіп жерге өкшесі тимеді.
Жарқылдайды білекте алтын білезік,
Жаңа туган ай секілді имегі.

— Ана отыр қымылына қызыға,
Құле қарап миығынан қызына.
— Кешке апатай шығайық, — деп серуенге,
Құшақтады Мәнсияны кеп сзыла.

— “Барам, қалқам” — дегенінше болмады,
Радиодан шыққан үннің салмагы.
Тас түскендей жүректерін талдырып,
Шаттық ізі беттерінде қалмады.

Жау дегенде жан шошынып селк етті,
Тау түршігіп, шың шаңқылдап солқ етті.
Суық сезім өң бойында жұғіріп,
Лапылдаған ыстық қанға у септі.

Бірін-бірі құшақтаған бойлары,
Қалды қатып, кетті кезіп ойлары.
Жарылған доп, шабылған ел, аққан қан,
Көзге елестеп, шақлақ тастай ойнады.

Жарақтан! — деп жарандарға жар
салған,
Жалынды үн ойды өрлетіп бойды алған.
Куанышы тасаланып, лезде,
Әлде неге жүрек тулап болды ойран.

Тәтті дәмін жаңа татқан өмірдің,
Ерке сұлу еркінде отыр көңілдің.
Тіл қатпады тегеуріні темірдей,
Қандай қайғы жас жүргегін көмірдің.

Нені ойладың, неге орандың жалынға,
Неге сонша елендедің дабылға?!

Серпіп қанат, сергіп бері қарашы,
Жұзген қудай жұз бұралған ағында.

Жалынсам да серпілмеді сұлуым,
Қызығанғандай зұлымдардан жер-сүн.
Түйткілденіп тұн үйқысы бөлінді,
Қын болды сұлу сырын білуім.

Күн артынан күндер өтті жалғасып,
Ереуілге ер аттанды, жол қашық,
Киген сауыт, асқан жаракайбаты,
Жарқылдайды күн шұғыласына ұласып.

Шеру тартып, шебін құрды сарбаздар,
Саспай саңлақ сап түзеді маңғаздар.
Қазақ даңқын ту ғып ұстап жоғары,
Сауытынан түті шығып текті ызгар.

Ата салтын дулыға етіп киінді,
Ер бабаның аруағына сыйынды.
Батыр даңқын былғамасқа ант етіп,
Алатаудың үл мен қызы жыйылды.

Бірге оқып, бірге өскен жасынан,
Талай достар аттанбақшы қасынан.
Соларменен қоштасатын бір кеште,
Отыр Мәншүк ойға қалып тосыннан.

Шолып ойы күнбатыстың майданын,
Көзбен көріп отыргандай ойранын.
Қыры жоқ қиял теңіз емес пе,
Кім кешпеген бірде терең, қайнарын.

Алдында отыр аттанғалы қатары,
Екі талай енді ел дәмін татары.
Отан ортақ емес пе еді үл-қызыға,
Деген ойлар ару жанға батады.

Ата-ананың меруерті мен маржаны,
Үл мен қыздың бар ма сірә арзаны.
Ар емес пе арулардың атына,
Жау шапқанда үйден шықпай қалғаны.

Ескен желдей жөнелді ерлер іркілмей,
Қош айтысып қайтты Мәншүк бір
кулмей.

Міне, жатыр төсегінде толғанып,
Түшіркеніп ұзак таңға көз ілмей.

Албырт жаны алып ұшып асығып,
Қызды қаны, тұргандай шоқ басылып,
Ерке жүрек ойға тұтқын болғандай,
Кеудесінен жатыр майдан ашылып.

Жетті уақыт, таң да атты ағарып,
Тұн пердесі кетті лезде жоғалып.
Кіртип көз, қатып қабак жабыңқы,
Тұрды Мәншүк орынынан бозарып.

Бетін жуып, шашын тарап киінді,
Ел дегенде ерке жаны күйінді.
Әлпештеген, аялаған анаға,
Сырын ашып айта қою қынды.

Шайға келіп отырды ана қасына,
Жас баладай иығына асыла.
— Түсін сынық, неге бұлай құлышым,
Жел тиді ме терезеден басыңа?

— Жоқ мамашым, ауырған жоқ еш
жерім,
Мен айтайын, сіз тыңдаңыз себебін.
Ел жүргегі тұрған жоқ па ауырып,
Соның үшін у болады жегенім.

Құрбы-құрдас қатарласым қалмастан,
Жауга аттанды, жарақтары алдастан.
Екі талай кезенде түр ел-жұртый,
Қанды шенгел жағамызға жармасқан...

Бөгелді ана сөздің біліп тереңін,
Жұта алмады аузындағы жегенін.
Күн назарын аудармасқа басқаға,
— Рас, сәулем, мен де жайды сеземін...

Аға-інің жоқ аттанатын жүртпенен,
Сүйеніш жоқ менде басқа бір сенен,
Өзінді-өзің жүдепеши жабығып,
Не көрсек те бір көреміз, көппенен.

— Шынымды айтып сендерейін, анашым,
Отаны үшін кім қимайды баласын.
Тілегімді жаның үгып тұрса да,
Сезе тұрып сезбегендей боласың.

Майдан болды ойымдағы арманым,
Жөн көрінді жауға қарсы барғаным.
Менің жаным артық емес басқадан,
Отан үшін құрбан болса бір жаным.

Төгілгелі көзден ыстық жасым түр,
Иілгелі аяғына басым түр.
Кеш сүтінді, қамықпа, анам қадірлі,
Бөбекіңе батанды бер, лұқсат қыл!

Алатаудың шоқтығындағы ағарып,
Қаны қашып қалды ана сазарып.
Әлі кетіп елжірейді жүргегі,
Жалғызына қарай берді бозарып...

— Бала болып көргенім жоқ қайырып,
Ажал жетсе аласыз ба айырып.
Үйде отырып жаудан жәбір көргенше,
Қарсы барып қан болғаным лайық.

Ана жылап ыстық жасын ағызды,
Оңай боп па қия қою жалғызды.
Толғанады, толғатады кезеріп,
“Отан үшін” деген сөзге қан қызды.

— Сүйенішім, сүйенішім сен едін,
Қидым жаным тілегінді беремін.
Ағы менен қарасы едің көзімнің,
Енді қашан, қарашибім, көремін!

Ақ батасын ана беріп айналды,
Қимаса да бекем белді байлады.

— “Ана сүтін акта-аруым” — дегендей,
Алдынан күн, артта қарап ай қалды.

Қатуланып қызыл ерін сұрланды,
Жебесіндей ақ найзаның қырланды.
Жау жарағын аш беліне асынып,
Серт қып түйді шүберекке бір жанды.

Жөнелді қол жаусыраған алыстан,
Айбаттары айға шапқан арыстан.
Қарсы алдынан қарағанда келбеті,
Жас қырандай күздан қанат қағысқан.

Дос сүйініп, дүшпан жаны қүйінді,
— Қош ботам! — деп тау желегін үйірді.
Өксіп жылап күміс сулы бұлақтар,
Бүйра талдар тәжім етіп иілді.

Шал-кемпірлер қолын жайып куніренді,
Өрендерін аттандырап күн келді.
— Ер қазақтың аруағына тапсырдық!
Деген үнге тау мен тастар тебіренді.

Ақша бұлттар бүйраланып түнерді,
Өксіп-өксіп жасын төгіп жіберді.
Бұлт жүргегін елжіреткен жібек жел,
Қанат болып батырларға жөнелді.

Сонда Мәншүк туган жерге қарады,
Тау самалы сипап шашын тарады.
Серуендеген, гүлдер терген жерлері
Тізбектеліп көз алдында барады.

Сылдыраған гәуһар сырдың бұлағы,
Жылжып келіп жүрек қылын бүрады.
Сөнді кербез сауық жастың өмірін,
Әшекейлеп ою оюлап құрады.

Кимай жүрек аунақшиды құбылып,
Қатуланды қайта қарап бұрылып.
Тұнық көздің түсірмеді тамшысын,
Ұзын кірпік жиі-жиі жұмылып.

Келді жетіл қанды майдан шетіне,
Жарылған доп, жауған оқтың өтіне.
Жауын көріп жай тапқандай жандары,
Жайды қанат, көзді қадап бекіне.

Бар қаһарын майдан да алға ұсынды,
Е, дегенде жан шошынып қысылды.
Бар суретін маңайының Мәнсия,
Көзбен сызып көкірекке түсірді.

Тебіренбейтін теңіз қанға айналды,
Көрді ғажап аспан асты ойранды.
Зіркіл қағып зеңбірек пен пулемет,
Бомбовоздар боздал шырық айналды.

Снарядтар темір шоғын бүрікті,
Жердің аңы, көктің құсы үрікті.
Қойнауында құйын ойнап тогайдың,
Төңкереді түбірімен шілікті.

Жағасы өрт, жүргегі өрт өзегі у,
Жалын сасып қара шала қалың ну.
Құлімсі иіс өкпені атып қаңсыған,
Қан татиды аузыңа алған су.

Қара жардай қақыраған жан-жағы,
Қара зілдей қанды майдан салмағы.
Үй дегендер үйліген күл, мұржа тұр,
Олар үнін желге қосып аңырады.

Саудыратқан сөнді әсем агашын,
Дал-дүл қылып жыртқандай жер
жағасын.

Аққан қаннан қара жерге қақ тұрып,
Таспалаган сай-саланың сағасын.

Көрді ару жараланған ел-жүртты,
Қорку, шошу жан сезімін ұмытты.
Қайрап тісін, қайнап зығыр, ант етті,
Женемін деп сендер үшін бұл жүртты.

Жалғасқандай көк жалыны жүрекпен,
Ар тұтанып, жан ашуын ұдеткен.
Жанарынан жайдың оты үшқындал,
Жатыр ерлер жайып торын жау күткен.

— Ұлы Отаным қолда өзің қызынды,
Анам сенсің, актаймын дәм-тұзынды.
Ар-намысым оққа қалқан, бойға күш,
Жетсе ажалым, жаба бер жер жүзімді!

Деді де ару кірді дүлей қойнына,
Еркіне ерлік ерке жанды қойды ма?
Қанды кешіп, пулеметін арқалап,
Оқтан тізіп алқа тақты мойнына.

Гранатын берік байлап беліне,
Басты аяғын салмағынан көріле.
“Қаруменен сақтар елін ер” деген,
Қасарысып жетті майдан төріне.

Қан қүйлі сүм, қара жүрек кезебін,
Қалышылдатып қақтырды ерлер безегін.
Күжілдеген көмейіне жын тығып,
Оқпен улап, көкпен көрді өзегін.

Тас жаудырып тарттырды жау сазайын,
Жатыр сасып, көрін қайдан қазайын.
Өлекесін үңгі берсін күшіген,
Қаныменен қанды кекті жазайын.

Кескілесін кектің сілтеп алмасын,
Бұрқанған күш бойда іркіліп қалмасын.
Дәлдеп үрып қарақұсын қаға бер,
Қара қаны қара жерге тамбасын.

Қырда қырғын, ойда ұран ұласты,
Көк қараутып, қопарылды жер асты.
Айдарлы ұл, тұлымды қыз түтігіп,
Отан үшін құрбан десті бір басты.

Кия кезіп қиялымның қыраны,
Қанаты мен жан жалынын үрады.
Дабылдатқан жорық үні құлақтан,
Шымырлатып жүрек қылын бүрады.

Самсаған қол, Невельге ерлер беттеді,
Жауды қуып шықпақ болып өктеді.
Талауратып тамыр жайған зымиян,
Оңайлықден тастай салып кетпеді.

“Жолбарыстар” жөңкіп дамыл таппады,
Қара құзғын көктің жүзін қаптады.
Жерден аткан зенит оғы сүзгенде.
Жалын орап, шоғын жерге таптады.

Қайшыласты қанды жорық кезендер,
Қара жамылып қалды тұнып өзендер.
Борады тас, аунады қыр қаңбақтай,
Ажал оғын андатқанда қызыл ер.

Жеті қабат жер жарылып тілінді,
Көктің күні бұлт жамылып бүлінді.
Тұнек басып, тұтін сасып бар аймак,
Жаралған жан тіріліктен тұнілді.

Қанды жұтпай жер кекіріп қабынды,
Тас боялып қызыл қанға малынды...
Қалың тоғай, ну орманды от орап,
Жел құтырып тербетеді жалынды.

Салды күшін екі жақта тіресіп,
Өлім, әмір жатты айқасып күресі.
Таудай танік тобын жазбай қаусаса,
Сай-саланы өлік басты сіресіп.

Сол айқастың Мәнсия жүр ішінде,
Бұлтты жарған нажағайлы пішінде.
Қарауытып қара тұман зіл басқан,
Жарық күнді ол көргендей түсінде.

Бар әмірдің үмытқаңдай қызығын,
Нар көтерер емес қазір қыз жүгін.
Жаралған жолбарыстай айбаты,
Көз шарасы шашыраңқы тым бүтін.

Меруерт тісі ақсия кеп айқасқан,
 Қызыл жүзін айғыздалып шаң басқан.
 Алма бетті ару емес бұрынғы,
 Белгілі ердің бірі сынды, байқасаң.

Саудыраган төңірегі жез оймак,
 Он саусағы пулеметте түр ойнап.
 Қарталанып жатыр оқтың тізбегі,
 Аунап түсед, әлденені ол ойлап...

Қыз кірпігін қағар емес қадалып,
 Сар садақтың сағасындай сазарып.
 Әлсіреп жау аласұрды арсылдап,
 Құлан иек таң білінді бозарып.

Қырды жауын қырғи құстай жұлынып,
 Салды қолын қорамсаққа сұғынып.
 Қадалады қырандайын қырланып,
 Тұлкі андыған тау сағадан құнығып.

Тандай кеүіп топырақ қауып тұтікті,
 Өршіп өштік жас жанына у бүрікті.
 Қан ағызып қарсы келген немісті.
 Қарақұстай домалап оқ тұтті.

Септі Мәншүк отты жалын жарқылды,
 Кек жұлдызы үшқынына шарпылды.
 Селдеген күш серпуіне шыдамай,
 Қанды қадам кейін қарай тартылды.

Зұлымдықтың бетін бұрды Невельден,
 Тастанай қашты қаланы жау жеңілген.
 “Батыр — өктем, балуан — алып”
 деген сол,
 Күп шықты немістерді өнірден.

Өлексесін таптай қашты шұбырып,
 Топырлады топырақ қаба қырылып.
 Кек желеден кіршилдettі сұңгіні,
 Таспалады жон терісін сыдырып.

Тас домалап, жер лактырды кесегін,
 Қойнын ашып қорғап жайды төсегін.
 Айтып ауыз, жетер емес көріп көз,
 Оба болған өлген неміс есебін.

Қару-жарақ қалды қан боп үйіліп,
Әлем тұрды ер күшіне сүйініп.
Бұта-бытқыл бойың жазса жадырап,
Ойшыл орман күрмет етті иіліп.

Көп ішінде келе жатқан батыр қызы,
Күншығыстан көзге түскен бір жұлдыз.
Ерлігі оның ел аузында аңыз боп,
Жігіттердің шықты аузынан талай сөз.

— Қарлығаштай, қазақ қызын қарашы,
Бір батырдың нәсілі шығар шамасы.
Үлдан артық туған екен сабазым,
Қандай екен мұны тапқан анасы.

Айбатты асқар, Қобыландыдай қолы қан,
Талай неміс талқан болды қолынан.
Өтті-ау мана жау еңсесін омырып,
Өлексін сүйреп тастап жолынан.

Жүректерін ой кернеді сыйздатып,
Сұқтанады, сөйлессек деп тіл қатып.
Ақ найзадай қыз айбары тым сұық,
Сырын айтпак, сескенбестен кім батып...

IV

Жыр беренін жедел оқтап асына,
Сөз құрышын дұлыға етіп басыма.
Қадам басып қан майданға барайын,
Тұла бойым тұңғышымның қасына.

Аймаласын, ақ төсімді ашайын,
Ақ сүтімді ауызына тосайын.
Қансын мейірі, “қайран ана” десін ол,
Қысып-қысып жүрегіме басайын.

Қос мамасын бомбы қылып қолына,
Берейін мен, атсан жаудың жолына.
Жарылғанда, теңіз болып ақ сүтім,
Жатсын тулап немістердің сорына.

Ана сүтін аттап залым өте-алмас,
Ойына алған озбырлығый ете алмас.
Ана жүрек шын тербенсе теңселтер,
Тепсінгемен темір үзіп кете алмас.

Құшақ жайып құлыныма барайын,
Кеудесіне кесе қалқай болайын.
Анамын, деп өзеуремей алыстан,
Жүргегімді сауыт қылыш орайын.

Батырлығын барып көзбен көрейін,
Қолдан келген көмегімді берейін.
Жалғызынан жаным менің артық па,
Жауға қарсы жыр әскерін төгейін.

* * *

Женілдім деп желікпей жау жатпады,
Қолын құрап, тобын түзеп саптады.
Жан таласпай оңай жанын кім берген,
Шабуылдан қайта неміс қаптады..,

Сарбаздарым сан мындаған сайланды,
Сақылдады салмак болып ойранды.
Тұмсыққа ұрып тойтармаққа шегедей,
Бұырқанып белді бекем байланды.

Көрді Меншүк, көзін тікті жан-жаққа,
Басып жылдам барды жетіп комбатқа.
— Бүйрық болмай босқа отыр біздің топ,
Әлде бүтін жұрт қатарынан қалмақ па?

— Бұл жорыққа жібермедім сені аяп,
Тынығындар бұл сапарда бармай-ақ.
Невель сенің ерлігіңе риза,
Бір жауынгер қызмет етер сендей-ақ.

— Тілеп тұрмын, тілегімді беріңіз,
Ойрандаған ойынымды көріңіз.
Ұл қорғаған жерді қыз да қорғайды,
Бір ананың сүтін емген теліміз.

Қорықпаңыз қолынан іс келмес деп,
Аты әйел, жауға соққы бермес деп.
Өлінің қанын, тірінің кегін аламын,
Киуына қызын жердің жібер тек!

Басын шайқап комбат түрдү ойланып,
Қатуланған қыз жанары түр жанып.
Жақын келіп жауырынынан қақты да,
Жүре беріп кілт бұрылды айналып.

— Ауыр жұмыс, жауапты іс, қымбаттым,
Алды-артымды сөзбен орап тіл қаттың.
Жібермесем ренжисің, карындас,
Барғың келді қорғауына қай жақтың?

Қызың құлпырды жүзіндей боп қылыштың,
Қырланады қылауындақ құрыштың.
Екі өзеннің аралығын алам деп,
Қолқа қылды қиын жерін ұрыстың.

Бүйрек алып бүрдү бетін сапарға,
Кескір алмас қын тубінде жатар ма.
Ширатылып шынжырындақ болаттың,
Тен арқалап тізілді ерлер қатарға.

Серті жалғыз, сенімі зор еліне,
Қайралып жан, жас жүректің кегіне.
Бетін бүрмай безереді табандап,
Анда-санда терін сүртіп жеңіне.

Жанаарлары жарқылдайды шоқтай боп,
Қырланады қиядан тигіш оқтай боп.
Алдан ұшқын, арттан құйын ойнатып,
Жау келеді обатұғын оптай боп.

Жалын бүркіп, жасыл құсып төнеді,
Оқ ыскырып, үйтқып зулап келеді.
Жер қайысқан зенгі тобын көрсе де,
Жігерлі қыз жеңілемін демеді.

Қаршығадай көзін қадап сүзіліп,
Сескенбеді бет-әлгепті бұзылып.
Ту қөтеріп тұллар мінген батырлар,
Өтіп жатты көз алдынан тізіліп.

“Қарағым” деп қарағандай Абылай,
Қара шашын сипагандай Исатай.
“Кегінді алмай кейін қайтпа!” дегендей,
Кенесары, айбынды ер Наурызбай.

Аманкелді алдында тұр айбынды,
Құшағына қондырғандай Ай-Күнді.
Жерінді алып, ерінді жау жеңбеген!
Атаң қазақ қашан жаудан тайынды?..

Ерге ана, елге қамқор Қарұлек,
Назым, Құртқа, Ақжұністі ел білед.
Ердің кегін ел намысын жақтаған,
Қазақ қызы қашаннан да жау жүрек.

Қанаттасып Қаншайым мен Қарлыға,
Қасында тұр, серікпіз деп арлыға.
Кезеп оғын кер садақты Бопай тұр,
Жаным деме, жан арына садаға!..

— Жауга еңкейсем жау қолында қаламын,
Жазылмастың еліме дақ саламын.
Қазақ қызы деген атты қаралап,
Қайда барып ару атын алатын.

Жоқ, көнбеймін, бас имеймін неміске,
Бас пулемет, кетпесін оқ теріске!
Тебірентпеймін ата-баба аруағын,
Я өлемін, я жетемін женіске!

Дәлдеп құрып пулеметін түйілді,
Тәуекелін сауыт қылып киінді.
— Отан үшін, бақыт үшін, ар үшін,
Шыбын жаным шүберекке түйілді!

Қыз сөзіне сүйінгендей пулемет,
Оғын төгіп, күйін тартты сол мезет,
Баудай орып бастырмады адымын,
Қыздың оғы сокты жауды төбелеп.

Өңменінен оқ қадалып өкіріп,
Бажылдайды әлденеге өкініп.
Лай судан қармақ қапқан шабақтай,
Жер тырналап жатты шулап секіріп.

Сыртылдатып “сыйын” тартты мергендер,
Тоң жастанып тәбе болды өлгендер.
Қаймақшыған қара қанды жұта алмай,
Қарауыттып аунакшиды қара жер.

Өршеленіп, жауда жасыл селдettі,
Қатуланып, сілкіндірді жер-көкті.
Азан қағып аспан асты аңырап,
Карғап жатты қара бетті жендettі.

Жасанған жау, тас түйиққа жолықты,
Қаруы емес, қаһарынан қорықты,
Қатуланып қарсы ұмтылып көрсe де,
Жолды алалмай, қанын сапырып зорықты.

Толастамай сонда да оқтың дауылы,
Дал-дал болды қара жердін сауыры.
Сақ-сақ күліп сапырылды ажалдар,
Жалын — оқтан жаралғандай дәуірі.

Ашып ажал арсылдады анғарын,
Жалмаймын деп жалаңдады жан-жағын.
Айдаһардай гүрледеi ирендеi,
Арқылдатып сермеп семсер-қанжарын.

Сынғаны да қайысқаны болаттың,
Өлгені де үрейленсең талаптың.
Тас түссе де талайыңнан көр, балам,
Тайталасқан тар кезенге қол арттың!..

Жан түршігер жау қаһары тым қатты,
Ботадай қып сар даланы боздатты.
Қауіп, қайрат қайшыласып қөзінде,
Қыз бұрылып қырандарға тіл қатты:

— Екі жұз миллион жанған шырақ
халқымыз,
Жарактанған жауынгерміз жалпымыз.
Солар сөнбей, біз сөнбейміз өмірден,
Өлмей жауга бас имейтін салтымыз.

Таңмен туыш, көтерілдік күнменен,
Ақ болатпыш айдаһарға сермеген.
Иілмейтін еменіміз елімнің,
Ежелден-ақ ел намысын бермеген...

Жарып шыққан жардың тасын қайнармыз,
Тұған елдің төбесінде айдармыз.
Өлсек шүкүр, шықсақ төбе бір болсын,
Жасқанбасақ жайдың тасын шайнармыз.

Деген макал “ел дария, ер балық”,
 Ер дегенде ерлер кетті сұрланып.
 — Ер олғенмен ел ортасы жоғалмас,
 Деді Мәншүк бекінгендей долданып.

Шіркін өмір, сұлу сырға толғандай!
 Жанға жалғау, үмітке өзек болғандай.
 Сырын айтпай, сырт айналып кей-кейде,
 Бар еркінді өз қолына алғандай.

Қағынан безген дала еркесі қуландай,
 Сахараға салған ойнақ бұландаидай.
 Ел еркесі етігімен су кешкен,
 Ер атанбас тар кезенде сыналмай.

Улы тутін тұншықтырып улады,
 Жазылмады қара бүйра шумағы.
 Ақ кобігін көкке атып сіркіреп,
 Үшқын жұтып күміс қөлдер тулады.

Долы күштің ағытты ерлер тиегін,
 Гранаттар қаба түсті сүйегін.
 Қансыраған қанды бастиар қақшандап,
 Қағып жатты қанды көбік легін.

Тобесінен носер құлап төгілді,
 Жебесінен жерге жанша шогірді.
 Жер бетіне жегі болған жер сұмы,
 Өз қанына қарқ болып комілді.

Әккілері анди басты маңайын,
 Өлгенімше олім торын жаяйын.
 Деп, сақылдап азу тісі, атып тұр,
 Оққа ұшырды батырлардың талайын.

Мерт болды қыз серігі мергендер,
 Ер сүйегін құшақтады туған жер.
 Селк етті де селеулерге сыйырлап,
 Еңірей берді дала еркесі тентек жел.

Абайлады Мәншүк сонда жан-жағын,
 Көрді озінің жапа-жалғыз қалғанын.
 Козге жанаар, көкірекке кек толып,
 Қиналады қимай серік санлағын.

Колсіз жерде қу жая алмас құлашын,
Қанат сынса қарсы ұша алмас лашын.
Молдіреді кара көздің жанары,
Қамықты ару қалаі ғана шыдасын...

— Егіздерім, ене сүтін еміскен,
Жайсандарым жаракты жауды жеңіскен.
Алғыр қыран, ақ иығым, аяулым,
Халық үшін қанды кебін киіскен.

Тайғақ кешу тар жолдағы тандаулым,
Қара бұлтты қақ айырган кок дауылым.
Кегінді алмай кемеріме түспеспін,
Ашынды жан, ашылды оққа омырауым.

Қаныңа қан, жаныңа жан алармын,
Корқыратып қолқаға қол салармын.
Шулы дария, мұзды тауға шоқтіріп,
Құрбаныңа қойдай тізіп шалармын.

Жан жаңылып, кернеп ашу денесін,
Деді озіне — енді кімге сенесің?!

Жауды боге, адым алға бастырма,..
Жаңыштырма ұландардың денесін.

Тулап жүрек кетті қаны дуылдал,
Тұлғасынан төгілді күш туындал.
Аяғындағай аяласа қоңыр жел,
Бүйра талдар мұнын қосты шуылдал.

Пулеметі жердің тоңын кеміріп,
Аңсыраған қыран құстай телміріп.
Өзегіне оғын салып оңтайладап,
Салалы саусақ сағаны тұр жеміріп.

Мұхит кезген жалғыз кеме секілді,
Сом сүйегі құрыш болып бекілді.
Мұз қабагы тұксие кеп түйіліп,
Карағанда қақ жарғандай өтінді.

Коз жанары шашыранып, шатынап,
Жіксіз тастан шыққан оттай жарқырап.
Қаймығатын емес қанды майданнан,
Кок пенен жер тұрса дағы қалтырап.

Корінді оған күмбезді тау шоқпардай,
Корінді оған самсаған қол шоқ талдай.
Тебінгідей теңбіл аспан теңселіп,
Жер дөңгелеп зырылдағы тоқталмай.

Тырсылдатып күй пернесін басады,
Бұрқылдатып қызыл шоқты шашады.
Жақындаса жайрата сап жапырып,
Кейінгісін келгенінше тосады.

Шықырлап тіс, шындалды ерке зердесі,
Өшпендейтің ашылды кең пердесі.
Торға түскен тоты құстай келбетін,
Айналайын ар-намысты бермеші!..

Қатар-қатар жау қатпарын согеді,
Оқтан нөсер, қоктен ызғар төгеді.
Қыздың оғы қадалғанда немістер,
Суға тиген қарақұрттай шогеді.

Айла, әдісі тең жауменен алысты,
Берер емес олмей қолдан намысты.
Әр қеудесін оққа тосеп өткізбей,
Жан ұшырып жалғыз озі қарысты.

Жаралады жаудың тиіп жаңғағы,
Карауытып сала берді жан-жағы.
Тұрса-дағы ыстық қаны тамшылап,
Қарсыласқан қайратынан танбады.

Тер құйылып басты тозаң тұлымын,
Оқ зуылдап жалап отед бұрымын.
Миға қонбас, ойға сыймас өжеттік,
Сүтпен кірген төрбиең ғой, құлымым!..

Ей, қара бұлт, дулыға бол басына!
Нажағайлар барсай қаптап қасына.
Қара тасы қалкан болшы Кавказдың,
Қарағымның жүрегінің тусына.

Жердің коркі қарағай, қайың, емендер,
Сатырлатып сок, дүшпаным томендер.
Алматының гранат боп алмасы,
Атылыңдар, жауга аруды бермендер!..

Алатаудың басындағы мұздары,
Ақ алмaston, оқтан откір ызғары.
Жарқ-жарқ етіп кір майданға қиядан,
Ерсін елдің ұлы менен қыздары.

Туған жері, күміс сұлу қолдері,
Көзге елестеп ару жанын тербеді.
— Сендер үшін өкініш жоқ өлсем деп,
Одан әрі өршеленді, өрледі.

— Ел де анам, жер де анам емізген,
Елдің күші түпсіз терең теңізден.
Өлсем елім, алар кегін, зор сенім,
Бірақ Невель көшесіне кіргізben!

Қырда неміс, ойда қыздың қамалы,
Биік жалдан асырмады, қамады.
Қылт еткенін қызып түсіп пулемет,
Тайталасқан таусылды жау амалы.

Күн еңкейіп колденендең қарады,
Тайыздалып оқ таусылып барады.
Тыңдан келіп күш қосылмай кезінде,
Жау еңбектеп жан-жақты орап қамады.

Қанат жайып тонді ажал тунере,
Тұршікті жер, бір сүмдықты біле ме?!

Шыныменен жазықсыз жас жазым бол,
Қармағына ару жанын іле ме?!

Қастан қаһар, козден ажал көрінді,
Сондадағы жеңе алмады сезімді.
Жарылғанда снарядтар жарқылдап,
Ортан жілік ортасынан бөлінді.

Қан шығармай когеріп түр жарасы,
Көзге елестеп кетті сонда анасы.
Елі үшін ен даланы жаңғыртып,
Жатыр көздің ағы менен қарасы.

Жан ауырды, жас іркілді коздегі,
Қан тогілді, сүйек сынды — сезбеді.
Бір қуарып, бір қызырып кескіні.
— Байла, байла, байла жылдам, тез!

Кер маралдың кербезіндегі жаралы,
Толғап мойнын жан-жағына қарады.
Жалбырап ет, сыйырылып сүйек тұр,
Жалғыздығын сонда есіне алады.

Көз бұлдырап қараңғылық коршады,
Дымы құрып, ес ауытқып шаршады.
Көмей кеүіп, тіл тіреліп таңдайға,
Жалғыз ұрттам салқын суды аңсады.

Жанталасып жараны орап байлады,
Тебіренбестен терең кекке бойлады.
Жаным демей жан ауруын ұмытып,
Қолы қайта пулеметте ойнады.

Қорғамаққа бір минутін өмірдің,
Жабысты қызы тетігіне темірдің,
Желден жедел жұлдыздайын ағындал,
Көрінді әскер жиегінен Невельдің.

Көрді Мәншүк шынжырдайын ширады,
Соқты дауыл, кеудеге кек сыймады.
Төңгендерін түріп тастап лезде,
Қан соқтасын қара жерге сыйлады.

Жердің жүзін қара қошқыл қан басты,
Қоктің жүзін қара боран шаң басты.
Алды жалын, арты анғар кор болып,
Немістерді құшаққа алды албасты.

Комекке күш келіп қалды жақындал,
Жан таласты шулап неміс бақылдал.
Тұтін басты жер мен коктің арасын,
Сапырылысты оқ зуылдал, жарқылдал.

Қуанды қызы, оршіл жаны орледі,
Алып жүрек аруга ерік бермеді.
Ерке жанды есіл ердің есіне,
Өлем деген сол минутте келмеді.

Корді Мәншүк жаудың коздеп тұрганын,
Оқ таусылған немен қорғар бір жанын...
Мандайынан ыстық қанын ағызып,
Жолдады ажал жалғызыма жау залым.

Кыршын жаны қиянатсыз үзіліп,
Көкшілденді бет-бейнесі бұзылып.
Ана аймалап, дос коршалап, құрбылар,
Өтіп жатты көз алдынай тізіліп.

Қара козі жарқ етті тек танадай,
Тоңкерілді ашылып бір қарамай.
Пулеметте ойнал тұрган он саусақ,
Қалды катып бір серпуге жарамай.

Сүйей жатты пулеметке иегін,
Алды арқалап жасыл болат сүйегін.
Асуы жоқ асқардай боп айбаты,
Тұр қөмкеріп құнбатыстың жиегін.

Жібек тұлым желкесінен жайылды,
Жел азалап, желпіп ұшын қайырды.
Арсыз ажал, опасыз жауобықкан,
Қайран ерді кайратынан айырды...

Құн күрсініп, бұлт торлады аспанды,
Құм уйлдеп жаба берді жас қанды.
Тәжім етіп иді басын селеулер,
Ай мандаілы ару жерді жастанды.

Ну ормандар ойға батты жабығып,
Аза тұтты сары желең жамылып.
— Қазақ қызы құрбан болды біз үшін,
Деп күміс көл токті жасын қамығып.

Ару қаны котерілді аспанға,
Қызыл ту боп көрінді ол дүшпанга.
Кокті құшқан күмбезінің жұлдызынын,
Ай өлдилеп, Құн күзетті аспанда.

Бітті демі, жүргегі ердің өлген жоқ,
Ар-намысын ажал мен жау женген жоқ.
Ер елмейді, жасырынбақ денесі,
Жүргегі оның мөнгі жанбақ, сөнген жоқ!

Ер аруагын оте алмады жау аттап,
Тұрса дағы жан-жагына жалақтап.
Қаһарынан кара жерге жал бітті,
Тербетті жел қазақ қызын мадақтап!

Тенейтүгүн теңеу таппай тербелем,
 Қай заманның батырына теңгерем.
 Күйген коңл, түйген сырдан тогілді,
 Саған деген жыр тұнығы жас өрен.

Судан тұнық, сүттен таза тілегің,
 Таудан үлкен, тастан берік жүргегің.
 Дауға дара, жауга жарак, қарагым,
 Заманына лайық туған түлегім.

Дауылда туған дауылпазым, өренім,
 Болат құндақ қиядан тигіш беренім.
 Наркескенім нажағайды тураған,
 Тулаған күш түпсіз мұхит тереңім.

“Боздағым” деп жайды құшақ Невель де,
 Қиналады қимай ерді өлімге.
 Қазақ қызы деген атың ардақты,
 Ертек болар ел аузында өмірге.

Арың үшін ару жаннан безгенің,
 Жасанған жау жасағына төзгенің.
 Аттапаған ар-намысты айбатың,
 Үлгі болар келешегіне өзгенің.

Қағып дабыл, шыңнан шыққан жаңғырық,
 Елендетті жүргегімді жандырып.
 Отанымның дара туған шынары,
 Сүйсіндірген ел мейірін қандырып.

Сөз жібек жіп, ширатылған жыр кесте,
 Айшығы айқын түссін болмай көмескі.
 “Мәмет қызы Мәншүгім” деп мадактап,
 Мактан көрген сактар елің сені есте.

Коп жасықтан азы артық асылдың,
 Асылым деп аруагына бас үрдым.
 Ел мойнына садақ болып ерлігің,
 Ер қазақтың аруагын асырдың!

МӘНШҮК МӘМЕТОВА
(Деректі повесть)

Мәншүк 1922 жылдың күзінде дүниеге келді. Оның туган жері қазіргі Батыс Қазақстан олкесі, Орал облысы, Жәнібек ауданына қарайтын Орда поселкесінің жаңындағы Жасқұс құмы деген жер.

Мәншүктің арғы атасы Мәмет сінірі шыққан кедей болыпты. Өмір бойы кісі есігінде жүрген. Жастайынан корген ауыр бейнет, тартқан азап оның денсаулығына залалын тигізбей қоймайды. Бері келе Мәметтің бір козі кетеді де, соған қарай Бескүм бойындағы ел оны “Сокыр Мәмет” деп атаған.

Мәметтің — Женсікөлі, Ахмет, Қанат деген үш ұлы болыпты. Женсікөлі оң колынан онері төгілген шебер тігінші болған. Сол заманда ерлерге қысық табан етік, әйелдерге кок сауырлап кебіс-мәсі тігеді. Бескүм бойындағы қалың ел Женсікөліні “Етікші” деп атап кеткен.

Женсікөлінің ойелі Толша оте пысық, ұқыпты, таза болған кісі. Өз шаруасын берекелендіріп ұстай білген. Ескіні жуып-жамап жаңасын іркіп киіп, ерінің коз майы, қол онерімен тапқан табысын шашау шығармай үнемдеп ұстаған. Толша күндіз ауылындағы ауқатты үйлердің малын сауып, арқан-жібін есіп, құртып қайната жүріп үй ішінің кешке ішер асын ала келетін болса, түнде “Етікшіге” керекті тарамысын есіп, балаларының кір-коңдарын жуып та ұлғіретін. “Жастайынан бала басты болса да олекедей жаланып, атшалмандай шүлғиды, Толша келін” дейді екен ауылдағы ұлкендер.

Толша жеделдете котеріп қатарынан торт үл туыпты. “Әттең бір қызым болса!” деп жүргенде барып қыз бала корген екен. Жаңа туган нөрестеге үй іші түгелдей куанады. Конілдесстерін шақырып, бобекті бесікке салады. Ағайын ішіндегі ұлкені, орі сыйласы болған Досан қария баланың атын Монсия деп кояды.

* * *

Мәмет шалдың екінші баласы Ахмет жасынан ауылдағы молдалардан оқып ақ-қараны ерте таныған. Совет оқіметі алғаш орнаган күннен бастап ел арасындағы елгезек, сезімтал жастың бірі болып козге түседі. Әрі зерек, орі зейінді Ахмет болашақ омірдің коркі оку екенін дер кезінде үғына біледі. Ауыл арасындағы жаңалықтарға белсene қатысады. Бар-жоғына қарамай жаңа дүниенің, жарығына талпынады. Білімді аңсаган сырын ага-женгесінен жасырмайды. Мейірімді ага, санағы жеңгे

Ахметтің тауын шағып, етегінен тартпақтамай қайта тапқандарын оның жолына жұмсайды. Сөйтіп Мәнсия туғаннан кейін Ахмет Саратов қаласына оку іздел кете барады. Саратов университетінің дәрігерлік факультетіне түсіп оқиды. 1928 жылы Ахмет үздік деген бағамен университетті бітіріп дәрігерлік диплом алады. Бұл совет доуірінің алғашқы кезіндегі, алғашқы дәрігерлердің бірі. Ол кезде қазақ жастарынан шыққан жоғарғы білімі бар дәрігер жоққа тән болатын.

Ахмет Саратов қаласына қызметке орналасты. Университеттің филология факультетінде оқып жүрген Әмина Сүлейменова деген қызыға үйленеді. Жалынды жас дәрігер, дарынды ақын, қабиетті журналист жас отаудың шаңырагын котеріп, оз алдына түрмис құра бастайды. Сонымен қатар әдебиет майданына да белсene қатысады. Сол кездегі Қазақстаннан шығатын газет-журналдарда Ахметтің коптеген лирикалық олеңдері жарияланды. Жаңа қосылған жас жұбайлар жазғы демалыс кезінде Ахметтің еліне келеді. Үлкендерге түк әкелмесе де балаларға қалаша тігілген бірқатар киім-кешектер әкеледі. Солардың ішінде, әсіресе, Мәнсияга деген базарлықтар ерекше коз тартады. Төрт пен бестің аралығындағы Мәнсия бойына қонымды, өзіне жарасымды киімдерді киіп, әдемі қыышқаңтарын көтеріп мәз-мәйрам болады. Ол бар жанымен қуанады, “Апатайлап” Әминаның маңайынан шықпайды. Әмина да кішкентай Мәнсияны қасынан қалдырмайды. Қай ауылға қонаққа барса да өзімен бірге алып барады.

Бұл жөнінде Мәметтерге жиен Көккозова Уасила шешей 1957 жылы мынаны айтқан еді:

— Ахмет окуын бітіріп алғаш рет келіншегін алып ауыльна келгенде мен де барып, бірге қыдырдым. Бір күні жақын ағайындарының бірі қонаққа шақырды. Кісі көп болатын. Шай ішіп отырғанымызда Мәнсияның қолынан кесесі түсіп кетіп, ыстық шайды алдына ақтарып алмасы барма. Отырғандар: — апрай, мына бала күйіп қалды-ау, — десіп шу етті. Сонда беске толмаган Мәнсия, бала болып жылаудың орнына әлгілерге қарап: — Мен бала емеспін, қызыбын. Күйгенім де жоқ. Тек ыстықтап барамын, — деп Әминаны құшақтай алды. Келесі күні корсек күймек түгіл қон еттері құлдіреп қалған екен. — Мәнсияның осындаі қайсарлығын, бал таңдаі тәтті қылықтарын Әмина сүйіспеншілікпен қызықтағаны менин, есімде қалды.

Ахмет пен Эмина Саратовқа қайтарда Мәнсия “мен де бірге барамын” деп қатты жылап қалады. Содан байлайғы жерде Саратовтан келетін хаттардың басында Мәнсияның аты басқалардан бұрын тұратын болған.

* * *

Іштей жақсы көріп қалған Мәнсия, Эминаның ойынан кетпеді. “Апатаіым” деген балғын үні өрқашанда онын, құлағында тұргандай болды. “Қандай ақылды, қандай бауырмал қыз десенші? Айтқаныңды екі етпейтін үғымталдығын қайтерсін... Қандай пысық, қандай сүйкімді... Қарғадай болып адамның не ойлап тұрганын қас-қабағынан таниды. Бала болып үстіне кір жуытпайды. Шіркін, алып келіп балалар бақшасына беріп төрбиeler ме еді. Одан өрі қалалы жерде оқытар ма еді. Өсе келе зерделі, табанды болатын түрі бар. Нагыз төрбиенің керек кезі осы балаға. Жақсы тәрбиеленсе, жақсы оқытын отты баланың езі. Бірақ әке-шешесі “жалғыз қызымыз” деп бермейді ғой... Әйтпесе өзім-ақ оқытып берер едім”, – деп ойлайтын Эмина. Болашақ педагог Мәнсияның алғырлығына қызығатын. Төрбиесі келіссе саналы адам болғалы тұрганын алыстан көре білген. Сондықтан да оның қоңілі Мәнсияны ойлап аландай берді. Қысқа қарай кішкентай қызды Эмина тілгі жиі ойлайтын болды. Кейде қолына түскен ақшасына Мәнсияға лайықты жылы киімдер де алып қойды. Кейде сол қызды өзінің сағынатынын да байқады. Бір күні Эмина Ахметке өз ойындағысын ашып айтты. “Қысқы каникулда Етікші ағайдың үйіне барып дем аламын. Берсе Мәнсияны алып келемін. Балалар бақшасының бастығымен келістім, орналастыратын болды”, – деді. Жас жұбайының мұндай бауырмал қылышына Ахмет куанбаса ренжімді. Бірақ өзінің қызметтен босай алмайтынын айтып қынжылды.

Эминаның бул келуі Жасқұстагы ауылды серпілдіріп таstadtы. Етікшінің үй іші ерекше куаныш қарсы алысты. Апатаіы окелген жылы киімдерді киген Мәнсия қуанышын қойнына сыйғыза алмай жүгіре берді. Ол апатаіынан бір елі қалмады. Апатаіының мойнынан құшақтап: “Мені тағы да тастап кетесін, бе?” деп сұрайтын. Ал Эмина болса “алып кетем” дегенді ашық айта алмай bogеледі...

Бір күні шай ішіп отырғанда Етікші сөз бастап:

— Қарағым Әминаш! Сенің осы келгенің менің еңсемді бір көтеріп таstadtы. Қыстың боранын, жердің қарын елемей келгенің үшін үлкен алғыс айтып, батамды беремін! Қазактың салтында келін келгенде түйенің ботасына, жылқының құлынына, тіпті болмағанда ешкінің лағына ен салдырады. Ал, мен саған баламның бірін бергім келеді...

Келесі күні кішкентай Мәнсия апатайына еріп Саратовқа қарай сапар тартты.

Саратовқа келгеннен кейін Мәнсия балалар бақшасына бара бастады. Алғашқы құндері оған өте қызын болды. Бақшадағы балалардың бәрі дерлік орыс балалары. Ал, Мәнсия болса ауылдан жаңа келген қазақ қызы. Ол бір ауыз орысша соз білмейді. Керек десең ойыншықтармен қалай ойнауды, оларды қалай атауды да білмейтін. Сүйте тұрса да ол ешкімнен қорғалап, жасқаншактамады. Бәрін де білуге, үйренуге жанын сала тырысты. Тілі келмеген сөздерді қайталап айтудан жалықлады. Білмегендерін, көрмегендерін балалардан сұрамай тәрбиешілерден, құтушілерден сұрады. Ондағысы балалар тілінің келмегеніне құліп жүре ме дегендік еді.

Көп жыл бойы тәрбиеші болып келе жатқан Мария Ивановнаға Мәнсияның ұстамды қылықтары, тапжылмайтын: табандылығы, айтқанды ұмытпайтын зеректігі, тазалығы, кол онеріне бейімділігі қатты ұнады...

Мәнсияның кейбір қызық мінездерін есіне түсіре отырып, Әмина былай дейді:

— Бір күні менін, уақытым болмады да, Мәнсияны бақшадан Ахмет алып қайтты. Күн керемет сүйқ болатын. Мәнсияның пальтосының жен үшіна тігіп қойған жылы қолғабы бар-ды. Үйге келгенде Ахмет жетектеген қолы жып-жылы да, екінші қолының саусақтары тоңғанынан қызарып, боржиып кетіпті. Мен шешіндіріп жатып:

— Ахмет! Баланың бір қолының басы домбығып кетіпті ғой, ненди көргенсің? — дедім. Ахмет қызының қасына жетіп келді де:

— Тоңғаныңды неге айтпадың? Өзің үн демеген соң мен қайдан білейін, — дей бергенде, Мәнсия байсалды дауыспен:

— Апата! Менің қолым тоңған жок, қолғабым ғой тоңған, — деді. Ахмет мырс етіп құлді де: — Осы қызың ылғи қыңыр сөйлейді, Әмина. Айтып түрганын көрдің бе? Тоңған қолы емес, қолғабы екен ғой! — деді қызын көтеріп, қолын үқалап тұрып.

Колы босаған кезеңдерді пайдаланып Әмина балалар бақшасына жиі-жиі барып, ата-аналар жиналыстарына үнемі катысты. Мәнсия тез ширап, балғын ойы өрістей бастады. Орыстың әр салаға талданатын сөздерін күн-күн сайын менгере берді. Бірінші Май мерекесіне арналған жиында алғаш рет Мәнсия орыс тілінде тақпақ айтып, би билеген-ді. Қызына риза болған Әмина “Мениң сүйіктім, менің Моншағым” деп құшақтайтын. “Моншағым” деген сөзді Мәнсия ерекше жақсы коретін.

Совет дәуіріндегі алғашқы мәдениетті семьяның, бірі болған Ахмет пен Әминаға әрбір демалыс мерекелі күн болатын. Демалыс күндері олар жақсы киінетін. Жақсы кино-театрды бос жібермейтін. Кішкентай Мәнсияларын орталарына алып, ойната жүріп қаланын, көрнекті, тарихи орындарын аралайтын. Жаз болса олардын, көп уақыттары Волганың жағасында өтетін. Күнге қыздырынып, суға шомылатын. Екеулеп бала Мәнсияны малтуға үйрететін. Судың терендеу жеріне апарса да ол қоркуды білмей, ілгері қарай үмтыйлатын. Әке-шешесі жібермесе Мәнсия оларға қарап: “Қорқасындар ма? Қорықсандар неге түсесіндер суға? Ой, үп-үлкен болып қорқақ екенсіндер ғой, тәйірі” деп мәз болып қүлетін.

Кейде олар қайыққа отырып Волганың күміс қеудесінде ерсілі-карсылы серуендейтін. Қосылып он де салатын. Мәнсия әке-шешесіне еркелеп кішкентай алақанымен су шашып ойнайтын.

Әмина апаймен бір кеңесіп отырганымда мынадай бір қызық жағдайды есіне түсіріп айтып бергені бар:

— Волгаға бір келгенімізде Ахмет әдейі қармақтар ала келді. Қөленкесі мол бір шоқ талдың саясында отырып екеуіміз де қармақ салдық. Судын, беті тұп-тұнық. Алыстан кемелердің бүркүлдаған тұтіні корініп тұрды. Бізден басқа да дем алушылар сол күні көп-ақ екен. Қанша адам көп болса да шашау шыққан бірде-бір дыбыс жоқ. Қолдарына қармақтарын алып суға қарап бөрі де табынып қалыпты. Мәнсия анадай жерде гүл теріп, үсақ тастарды жинап ойнап жүрген. Бір кезде Мәнсияның “Папа, папатай!” деген жалынышты, ацы даусы шықты. Ахмет сасқалактап, қолындағы қармағын маған ұстата берді де қызына қарай жүгірді. Мен аң-тан болдым. Пәрменінше жүгірген ол, баланы көтеріп бері қарай қойды да, бірденені аяғымен таптап жатты. Аздан кейін бір қолымен қызын жетектеп, екінші қолында

арканның үзігі секілді бір құлаштай жібі бар Ахмет келе жатыр. Жан-жақтағы жұрт ұдере қараганына таңырқай мен де қарап қалыптын.

— Ал, Әмина! Қызыңды бір ажалдан алып қалдым, — деп құлаштай қара шұбар жыланды алдыма өкеп тастай берді. Менің құлындағы даусым құракқа шықты. Қолымдағы қармақтардың жерге қалай түсіп кеткенін де білмеймін. Маңайдағылар менін, қасыма жиналып қалыпты. Басы езіліп қалса да жыланның құйрығы жерді сабалап, тулас жатыр. Сұрастыра келсек уақыға былай болған екен.

Қызық ағашқа оралып тұрган жыланды көрген Мәнсия шап беріп құйрығынан ұстайды да өзіне қарай тартады. Жылан созылып ширыға түседі. Мәнсия қызық көріп екі қолдан тартқан кезде жылан басын қөтеріп, айбат шегіп ыскырыпты. Сол кезде Мәнсия жыланды коя береді де кейін шегінеді... Ахмет баланың қасына жүгіріп барғанда жылан: Мәнсияға жақындал қалыпты. Жан ұшырып, жеткен бетінде жыланның басын баса қалыпты аяғымен. Осы жағдайды көзімен көрген көшілік Мәнсияның қорықпайтын батылдығына таңданған болатын.

1929 жылы Әмина университетті бітіргеннен кейін бұларды Қазақстан өкіметі қызмет бабымен Семей қаласына ауыстырды. Семейге келген сон, Ахмет өз мамандығы бойынша дәрігер, Әмина орта мектептерге орыс-қазақ әдебиетінен сабак беретін болып орналасты. Пәтерлері округтік комсомол комитетінің қорасында болғандықтан, сол кездегі Семейдің комсомол жастарымен бұлар тығыз байланысты болды.

Бұлардың үйіне ең жақын мектеп Радищев атындағы бастауыш орыс мектебі еді. Оқу жылы басталар алдында Мәнсияны анасы әкеліп осы мектепке жаздырған. Келген балаларды тіркеп отырған хатшы тізімге Мәметова деп жазды да:

— Атың кім? — деп сұрады Мәнсиядан.

— Атым, Маншук Ахметовна, — деп жауап берген Мәнсия, жымыш құліп, апатайының қолын жайлап қысып қойды да:
— Сенің Моншағым деп атағаныңды сондайлық жақсы коремін. Мәнсия деген үлкен адамның аты ғой. Маган тіпті жараспайды. Мен енді қазақша Моншак, орысша Маншук боламын деп куанды. Шынында да солай, өзінің қалауы бойынша Мәншук болды да кетті.

Семейге көшіп келгенде Әмина өзінің туған анасын бірге

ала келді. Сүйкімді Мәншүк әжесімен тіпті достасып алды. Тіл алғыш, үй ішін шашпайтын, киімін кірлетпей ойнайтын Мәншүкті әжесі де өте жақсы көрді.

Бір күні әжесі Мәншүкті ертіп базарға барыпты. Семейдің көшесі есіліп жатқан күм болса керек. Оның үстіне сол күні катты жел болып, күм боран алай-түлей бүркырап адамның козін ашқызбайды. Кішкентай Мәншүк үйге келгенде мейлінше шаршап, шөлдеп келеді. Апataйы кейіп келген Мәншүкті сойлетпек болып:

— Базардан не әкелдіңдер, Моншағым? — дегенде, Мәншүк ойланбай-ак;

— Әжемнің не әкелгенін өзі біледі. Өзімнің көтергенімше әкелгенім мынау, — деп екі ботинкасы толы құмды еденнің үстіне актара салыпты...

Ол күні Мәншүк күндегіден ерте оянды. Оның титтей жүргегінде сыймай тұрғандай. Ол кішкентай сары сумкасын әлденеше рет ашып, әлденеше рет жапты. Жалғыз Мәншүк емес әжесі де, әкесі де, апатаі да ерекше бір куаныш күшағында. Бәрі де Мәншүкке сүйіспеншілікпен, үмітпен қарайды.

Бұлар салтанатты түрде Мәншүкті мектепке алып келді.

Қоңырау қағылды. Балалар жүгіріп класқа кіріп, парталарға орналасып жатыр. Орта жасқа келген, тәжірибелі мұғалима отыз бес баланың отты көздеріне барлай қарап түр. Талай ойдың сабагын жүргіне іліп жатқандай. Бүгін өзі де бір жаңа кітаптың бетін ашып отыргандай. Әр баланың мінез-құлқын, қимылын көзімен сүзіп, қөкірегіне құйып алып жатқандай. Отыз бес баланың психологиясы отыз бес түрлі. Бұлардың ішінде әр үлттың әкілі бар. Мектеп табалдырығын бірінші аттап отырган коп шәкірттің бабын табу, оларға ортақ тіл табу, бәрінің жүргегіне жол табу, бәріне де үнайтын әдіс табу үлкен шеберлікті, тапқырлықты, төзімділікті керек ететіні анық. Адам баладан өсседі. Ол бақ осіру болмаса гүл осіру емес. Сондықтан да бала тәрбиелеу мемлекеттік жұмыс делінген. Баланы да, ой-сананы да тек адад еңбек қана өсіреді. Әр балага өз баласындағы қамқорлық көрсету оқытушылардың абыройлы борышы. Оқу жылы басталған сайын әр мұғалімнің ойлайтыны осы.

Мәншүк сабакқа алғыр болды. Ол сабак үстінде не сөйлеп, не құлмейтін. Бар ынтасын сала мұғалімді тындаітын. Ол тындағандарын еш уақытта ұмытпайтын. Класта жазу жазғанда

асықпай, алаңдамай жазатын. Сондыктан да оның доптерлері әрі таза, әрі бүтін болатын. Ол бала болып қолына, үстіне сия жүккүзбайтын. Егер де кездейсоқ бірдене тисе, оны мұғалімге көрсетпес үшін бар амалды қолданатын. Бұл жөнінде анасы былай дейді:

Бір күні Мәншүктің, бас бармағына сия тиіпті. Содан кейін ол бармағын ақ шүберекпен байлап алады. Класта жазу жазып жаткан шокірттерін аралап жүрген оқытушының көзі Мәншүктің қолына түседі де:

— Қолыңа не болды? — деп сұрапты. Мәншүк аздап бөгеліп барып:

— Қолыма ештеңе де болған жоқ, — депті.

— Ештеңе болмаса неге байлап қойдың?

— Сияға тие берген соң байлап қойғаным гой, — деп жауап беріпті.

Қыстың сақылдаған сары аязы. Кеше бойы тау-тау қар. Мектептен шыққан Мәншүк жаяу борасынмен жарысып үйіне қарай келе жатып, жолда жалаң аяқ, жалаң бас жылап тұрған арық қара баланы кореді. Оның мұрнынан дірдектеп қан ағып тұр. Бауырмал Мәншүк баланы аяп, жетектеген күйі үйіне алып келіпті. Әжесімен екеуі жуындырып, жұбатып, тамактандырып отырғанда әкесі мен апатайы келеді жұмыстан. Сұрастыра келсе бұл бала бір жұмысшы қытайдың баласы екен. Өз анасы оліп, өгей шешесі күн көрсетпей, үйінен күп шығыпты. Баланың сөйлеген сөзі, отырыс-тұрысы тым тәуір. Балалар үйінен орын табылғанша Мәншүктің өтінішімен осы үйде қалады. Бұлар баланы киіндіріп, тойындырып мектепке орналастырады.

Адамға үйір ақылды Хон-Пен сабакқа бар ынта-жігерін сала оқиды. Аздан кейін ол катардағы оқушының бірі болды. Оның бұл жағдайға жетуіне Мәншүктің көптеген еңбегі сінді. Мәншүктің, кайырымдылығына, қажырлышына риза болған мұғалім мектеп қабырға газетіне мақала жазып, бала Мәншүктің суретін іліп қойды.

Енді бір созінде Әмина былай дейді:

— Сабактан шықтым да күндеңіден ертерек үйге қайттым. Балалар қорада ойнап жүр екен. Мені көріп қалған Мәншүк жүгірген бойы келіп құшақтай алды да: “Апатай, біз қызық жасадық, көрші!” деп кораның оң жағындағы сарайға қарай жетектей жонелді. Барсам қардан апамның бейнесін аудырмай жасап қойыпты. Қолындағы құманы мен басындағы жаулығы

да қаз қалпында. Біз қызықтап түрған кезде қасында бір жолдасы бар Ахмет те келіп кірді қораға. Бізді көрген ол, үйге бұрылмастан тура жүріп келеді. Қардан соққан бейнені көріп олар да сүйсіне қарауда. Біздер келешекте Хон-Пеннің мұсінші болатынына шұбәланбадық.

Қыс отті. Күн жылынды. Қындығы мен қызығы аралас омір ағындал етіп жатыр. Балалардың оқуы бітті. Оқу жылын екеуі де мақтау грамотасымен аяқтады... Әмина әңгімесін жалғап: “Қазақстан денсаулық наркоматынан келген шақыру телеграммасы бізге үлкен қуаныш әкелді. Астанаға көшетін болып жинала бастадық. Хон-Пен бізден қалмайтынын айтты. Біз де сондай акылды, өнерлі баланы тастан кетуге қимадық. Ала кететін болып отырганымызда оның әкесі келді. Ол жылап-еніреп баласының Семейде қалуын тіледі. Әкесін жақсы коретін Хон-Пен Семейдегі балалар үйіне орналасты да, біз көшіп кеттік”, – дейді.

Олар Алматыға келіп орналасты. Қөрікті қала, көңілді халық бірден еліктіріп әкетті. Демалыс сайын қаланың тарихи орындарын аралап, тауға шығып, ғажайып табиғат сұлулығына саяхат жасайтын болды. Ол кезде Алматы қазіргідей өрі әдемі, өрі үлкен болмайтын. Бірде-бір тас төсөлген көше жоқ еді. Қазіргі К. Маркс көшесінің он бойы быжнаған қойтас болатын. Үйдег-үйдег тастардың арасымен жүретін жалғыз аяқ сүрлеу бар еді. Қазіргі М. Төлебаев атындағы көше Фонтанная, Фурманов атындағы көше Лепсинская, М. Горький атындағы көше Торговая болып аталатын. Ол кезде Алматыдағы ең үлкен үй қозіргі Офицерлер үйі болатын. Түрлі съездер мен мерекелі жиындарың бәрі де сонда өтетін.

Алматыға олар келгеннен кейін тері ауруларын емдейтін калалық поликлиника ашылды да, Ахметті соған бас дәрігер етіп бекітті. Әмина оқу наркоматында окулықтарды қарайтын методика боліміне орналасты. Қазіргі N 28 мектеп ол кезде жетіжылдық болатын. Мәншүк екінші кластан бастап осында оқыды. Оны оқыткан мұғалималар Софья Александровна Савина мен Зинаида Николаевна Байгуловалар қазір бар. Екеуі де ағарту жұмысына еңбек сіңірген оқытушылар, дербес пенсионерлер. Олар мектеп балаларына Мәншүк туралы естеліктерін жиі-жиі айтып береді.

* * *

“Апа, әпке, апатаій, мама, мамочка” деген сиқыты.

Мәншүк күнде кешкіліктөр ертеңгі мектепке киетін киімдерін, пионер галстугін үтектеп, тазалап қоятын. Ертемен қолы-бетін жуып, шашын тарап, киініп кете қоятын. Бір күні пионер галстугі түнде отектелмей қалыпты. Таңертен сол галстугін отектеп қою үшін отек қыздырып қойса, әжесі асығыста қолын ыстық отекке басып алыпты.

— Бар болғыр, бір жапырақ шүберекті күнде отқа қақтамай тақсан әйде бола ма, — деп ренжіп қалады. Әжесінің даусынан шошып кеткен Мәншүк жүгіріп барып, әжесінің қолын үрлей берді. Алғашқысында шындалап кейіген әжесі баланың қылышына еріп кетті:

— Бара гой, қарағым! Сабагыңа кешігіп қаларсың, — деп мандаійнан сипады. Сойтіп өзінің, сүйкімді мінезімен көрі ананың қоңілін лезде тапқан еді. Бір жерде жақсы үлгі боларлықтай іс көрсе, үйге келіп соны бұлжытпастан істеуге тырысатын.

Мәншүк бірге оқыған жолдастарымен оте тату болды. Оларды үйіне жиі әкелетін. Мәншүкпен бірге оқығандар Зина Степанова, Шура Андреевская, Вероника Карякина, Камиль Бекмұхамедов тағы-тағылар. Олар жиналып алып өлең айтатын, кітапты дауыстап оқитын, киноға бірге баратын. Қыс болса-ақ бәрі шанғы, конъки тебуден босамайтын. Олар сондай қоңілді топ болатын.

Мәншүк жасынан-ақ кесте тігуді жақсы көрді. Оның он торт жасында тігіп берген кестелі койлегі Әминада әлі сақтаулы. Ен, құмар ойыны дене шынықтыру болатын.

* * *

Мәншүк жетіжүлдіқ мектепті бітірген соң, әкесінің кеңесімен дәрігерлік рабфакқа түсіп оқыды. Ахмет жеке адамға табынудан пайда болған 1937 жылдың құрбаны болды. Бұл қайғы Мәншүктің жас жүрегін жарапалап, қабыргасын қайыстырып кетті. Әкесінің адал жанды, ақ қоңіл, мейірімді, табанды қасиеттерін өз бойына сіңіруді балғын Мәншүк арман етті. Әке жолын ұстауға біржола бекінді. Рабфакты бітіргеннен кейін мединституттың кешкі болімінің екінші курсынан түсіп оқыды. Күндіз қызмет істеді.

Жаунар Жұмабаева деген Әминаның туған сіңлісі барды. Қазір ол Алматыдағы екінші поликлиникада дәрігер болып жұмыс істейді. Жаунардың жолдасы Жұмабаев та Ахмет сияқты “барса келмес” сапарға кеткен. Қаншайым деген үлкен қызы Мәншүкпен шамалас болатын. Қазірде Қаншайым Қарағанды қаласында тұрады. Ол пединститутты бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғап алды...

* * *

1939 жылдары ұлы кесеміміз Лениннің қайтыс болған күнін ерекше түрде атап ететін. Сол жылғы январьдың 21 күні барлық мектептерде, оқу орындарында комсомол жиналыстары болып, комсомол қатарына жастарды қабылдан жатты. Мәншүк те Ленин комсомолының қатарына сол күні қабылданған еді. Оның көптен бері күткен арманы орындалып, қуанышы қойнына сыймай қалғандай...

Мәншүк күнде мойнына тағып жүрген пионер галстугін алақаңымен сипап, тақталап бүктей бастады. Мәншүктің бар кимылын бағып тұрған Қаншайым:

— Мұны қайтесің, қимай тұрсың ба? — деп қуакыланып құлғенде Мәншүк сәл жымыспі:

— Қимай тұрғаным рас, Қаншай. Біз енді қайтып пионер болмаймыз фой... Бұл балалық өмірдің қасиетті ескерткіші емес пе?

Әжесі мен Әмина Мәншүктің комсомол болғанына байғазымыз деп қолына сағат, үстіне жақсы костюм, аяғына қымбат туфли әкеп қойған еді. Сағатқа мынадай жазу жазылған болатын: “Әжен мен апатайынан”. Сол сағат Мәншүктің өзімен бірге майданға аттанған еді, 1941 жылдың 22 июнь күні қамды жорық, қаһарлы майдан Гитлер бастаған неміс фашистері бейбіт Отанымыздың бір шетін оқынен осқылап, отпен ойрандап жатты. Адамгершілік ар-ұяттан безген тонаушылар қоктемірдің күшіне табынып, жауыздықтың жалауын бетіне ұстады. Жазықсыз, совет адамдарын атты, асты. Халықтың тырнақтап жинаған мүлкін тонады. Талай бөбектерді жетім қалдырыды. Талай арулардың тұлымын кесіп күң етті. Талай шалдардың сақалын кесіп құл етті. Мұндай сүмдықты қөрген ер-азаматтар қасиетті жерін, туған елін фашистерден қорғау үшін майданға бір кісідей аттанды. Еңкейген көрі, еңбектеген балаға дейін өздерін жауынгер сапындағыз деп санады. “Бөрі де майдан үшін, бөрі де женіс үшін!” деген ұран олардың туы болды.

Сұрапыл соғыстың қайғы-қасіретін есіткен Мәншүк майданды көп ойлайтын болды. Соғыс өнерін үйрететін түрлі үйрмелерге қатысып, алғашқы жөрдем беру өдісін үйреніп шықты. Алты айлық медсестралар дайындастын курсы бітіріп документін де алып алды.

1942 жылдың күзі де келді. Жау екпіні өлі де күшті. Кескілескен соғыс жүріп жатыр.

Бір күні Мәншүк: — Мен майданға барамын, мендей қыздар сұранып кетіп жатыр, — деді.

* * *

Алматы қаласы, Пролетар көшесіндегі¹ 19-шы кеш шатырлы аласа ақ үйден шығып, Киров атындағы тас кошесімен бір адам келе жатты. Оның, шағын денесіне кигек киімі денемен дene. Бет өлпетінде терең ойдың, ашулы зілдің ізі тұр. Келіскең кен, маңдайының астынан көрінген қаракат козі қарангыда шаққан шақпақ тастың отында жарқылдайды. Ағы аз тұнық, козі тура қарағанда ту сыртынан откендей. Әлденеге асыққандай адымдай басып, қатты аяндайды. Ешбір қимылға ңазарын аударар емес.

Ол сол бетімен қазіргі Совет аудандық әскер бөлімінің кеңсесіне келді. Кеңсенің алды иін тірескен халық. Шарбақтың ішіне кіріп болар емес. Копшілікті қаға-соға военкомының есігіне жетіп ашты да, кіруге рұқсат сұрады. Екі самайы қырауытқан, ашаң жүзді, қыр мұрынды оскері кісі: — кіріңіз, — деді. Кіріп келген кісінің екі беті ду етіп қызырып, жүрегі жі соғып қоя берді. Бірақ басқаға сездірmedі. Сытайы сөлемдесті де, қолындағы қағазын ұсынды. Ол қағазды алған бойында жүгіртіп оқып шығып:

— Сіз анада да арыз беріп пе едіңіз осы?

— Бұл менің бесінші арызыым. Менімен қатар арыз бергендер кетіп те болды. Мен өлі жүрмін көшे таптал. Сізден сұраймын, Ленин комсомолы атынан сұраймын, арызыымды қабылдап, өзімді майданға жібере көріңіз, жолдас комиссар!?

Комиссар салмақтен: арызынызды тастан кетініз, ретіне қарай көрерміз. Майдан сендер үшін ойыншық емес. Әсіресе майдандағы әскердің жағдайына адамның адамы-ақ зорға шыдайды. Ал, тылдағы майданның өзі де қыз-келіншектерге жетіп жатыр... — деді.

Мәншүк жақындай түсіп: Жолдас комиссар, менің майданға барғым келеді. Сіз менің тілегімді орындаі көріңіз. Майданның қандай киындығы болса да тозетініме соз беремін. Отанымның, Ленин комсомолының тұган республикам Қазақстанның, сіз беретін жолдаманың атына кір келтірмеймін. Оған сене көріңі!

— деді, жалынған дауыспен.

— Қай институтта оқисыз, — деді комиссар түсін жылтыып.

— Мен дәрігерлік институтта оқымын. Жақында алты айлық медсестралар дайындастын курсты бітірдім. Қағазы міне!

— Жарайды. Арызың қалсын. Ойланып көрерміз ретіне қарай.

Арада бірнеше күндер өтті. Военкоматтан әлі хабар жок. Бірақ бұл жолы ұзаққа созылмады. Ұзамай-ақ майданға аттанатын күн де жетті.

Бар керек-жарагын алып, өскери дорбасын иығына асынып болды да, өжесінің қасына келіп:

— Кәне, қоштасайық, әжежан, — деп құшағын айқара ашты. Кемсендеген иегі дірілдеп, жүйе-жүйесі босаған корі ана:

— Құлыным, еркетайым, бетіңнен жарылқасын, бағын, ашылсын. Жауың жеңілсін, аман барып, сау қайт, қарағым, — деп құңреніп боздап қоя берді. Мәншүк көзіне еріксіз келіп қалған жасты жұртқа көрсеткісі келмей өжесінің кеудесін жастана иіскең, мандайынан, бетінен, қолынан сүйіп жатып:

— Мен келмей еліп қалма. Көзінді өзім емдең ашамын. Күт мені. Қош, анам! — деп үйден шықкан еді.

Мәншүк аттанарында апатайына мынадай хат жазды: “Апатаі, сіз ренжіменіз, мен майданға аттандым. Өзімнің жігер-қайратымды, адамгершілік қасиетімді Отанымға іспен көрсеткім келді. Қош, апатаі, жаным! Өзінің Моншағың”.

* * *

Поезд зіркілдеп ағып келеді. Алматыдан майданға аттанған отыз жеті әйел бір вагонда. Олардың ең жасы Мәншүк. Сондықтан жолай кездескен станциялардан қайнаған су, сұт, айран сияқтыларды сол әкеліп тұрды.

Тұнде поезд бір станцияға келіп тоқтады. Жұрт қалың үйқыда. Мәншүк киімін асыға киіп, қызыл вагонның есігін ашып жіберіп секіріп жерге тұсті. Жолдастары бұған таңданысып, олардан да бірер адам тұсті. Мәншүк бір биіктеу дөнеске шығып, баяулатып “Елім-ай” онін айтып, жан-жағына қарап тұр екен.

— Жеті қаранды тұнде сенін, жерге түскенің не? — деп сұрады жолдастары.

— Бұл менің, туған жерім. Мынау “Қазақстан” деген станция. Менің туған ауылым осыдан қашық емес. Кеудеме сыйғанынша туған жерімнің таза ауасын жұтып алайын деп түскенім фой, — деп жауап берді Мәншүк.

Арада бірнеше жетілео отті. Бұлар майдан шебіне жетті. Жарылған снарядтар, түскен бомбалардың дауысын құлақтарымен естіп, будактаған тұтінін көздерімен көрді. Кок пен жердің арасын айқыш-үйқыш өкпен сзызып, отпен бояп жаткан өуе шабуылын көргенде жан шошынып, кез қарауытып кеткендей. Майданга келген бетте Мәншүк штаб писары болып қызмет істеді. Майдан орті өрши түсіде. Өшіккен жау оңайлықпен берісе қояр емес. Өмір мен олім айқасы жапан даланы жаңғыртып, жер-көктің арасын құңірендіріп-ак түр. Майданнан жарапанып келген жауынгерді көргенде жас жаны үдай ашып, адал жүрегі аяныштан жарылып кете жаздағандай. Өзінің бос уақытының бөрін де жарапалы жауынгерлер арасында өткізетін болды. Жарапалар Мәншүкті жанындај жақсы көрді. Тіпті оның атын атамай “қарагым, шырағым, бауырым, балам” деп атайдын.

Ожет қызы жанталасып жүріп станокты пулеметті менгеріп те үлгірді. Сынақтан “өте жақсы” деген бағамен отті. Пулеметтің бар тетігін өлеңдей жаттап алғандықтан тарқатып-тазартуды, қайта құрастыруды бес саусағындаі билетін. Осы кезде анасына жазған бір хатында былай дейді:

“Қымбатты өпке! Мен олі майдан жағдайын жақсы біле қойғаным жок. Білмесем де мұнда келгеніме сондайлық қуанамын. Себеп: ор адам озінің Отанын қалай сүйеттінін көрсететін жер осы. Мен пулеметчиктер дайындайтын курстан еттім. Енді майданға кіретін күн де қашық емес”.

1943 жылдың коктемінен бастап Мәншүк фашистермен қорғасын арқылы тілдесетін болды. Талай рет барлаушылық жұмыс атқарды. Талай фрицтердің ажалы оз қолында екенін көзімен көрді. Ол оз пулеметтін “Максим” деп атайдын. Сол ауыр “Максимын” арқалап алып, жүріп бергенде алдына жан салмайтын. Мәншүк бірте-бірте козге түсіп, ауызға іліне бастады. Барлық жолдастары оның таза жанды тапқыр екеніне мейлінше сенетін. “Шіркін, бала-ак. Жанып тұрган от дерсің. Қырағылығы қияны шолатын қырандай... Сөйлес кетсе

шешенін қайтерсін. Эн салса айызыңды қандырады. Шаршапшалдыгуды білмейді. Мұндай қызы бар кісі ұлым жоқ дей қоймас. Сабаз бір болек тұган жан. Талай жорықты басынан откізген қас батырша жаудан сасқалактауды білмейді ғой” дейтін.

Мәншүк қан майданның үстінде коммунистік партияға кандидат болып етті. Ұзамай аға сержант атағын алды. Атқыштар батальонындағы басты тұлғаның бірі болды. Мұның бәрі де Калинин майданында болған жағдай еді.

Кескілескен майданның есігі бұларға да ашылды. Барлаушылар тобы үркердеган шағын топ болатын. Сол топтың арасында “Максимын” арқалап біздің Мәншүтіміз де журді. Балдырғандай аппақ саусақтарымен көк болатты айқара үстап атысқа да шықты. Балапанды шертіп кормеген жас қыз, енді жаракты жаумен айқасты. Бірақ алдырар емес...

* * *

Бір күні бұлар тосқауылға шықты. Жаудың шегініп, біздің өкшелей қуып бара жатқан кезіміз болатын. Майдан сағаты арпалыспен етіп жатыр. Совет Армиясы өрттей қаулап, селдей тасқындаған кезі еді. Великие Луки қаласын жаудан тазартып, немістерді соккылап тойтаруда.

Кенет жау жақындаپ келіп қалды. Фашистердің дәл карсысында Мәншүктің оқобы. Әккі жау сол жерден оралмақшы бізге. Емпендер келген жауға Мәншүк тіл қатпай жатыр. Басқа мергендер тыптыршуда. “Не болды еken, апырау, неғып жатыр” дегендерінше болмады Моншүктің “Максимы” сөйлеп кетті. Тоніп келген фашистер топалаң тиген койдай өкіріп-бакырып топырлар түсіп жатты. Қарапайым қазақ қызының қолынан қан жұтып, жер жастанған фашистердің саны жоқ. Соншалық қырылып жатса да жау жерден шыққандай желігүде, еселенуде.

1943 жылы октябрь айында біздің әскерлер фашистердің талай-талай бекіністерін талқандап Невель қаласына жетті. Орыстың атақты қаласының бірі Невельді фашистер екі жарым жыл билеп-төстеп, өзінің тылына айналдырып алған болатын. Осы Невель қаласы үшін болған сұрапыл соғыста Мәншүк ерекше ерлік жасайды. Ол басқа да жауынгерлермен тізе қоса отырып, өз пулеметінен оқ жаудырып, оте маңызды кезенде немістердің шабуылын бірнеше рет тойтарады. Сөйтіп, біздің, әскерлердің жолын ашады. Осындағы ерлігі үшін оған бірнеше рет алғыс жарияланады.

Невель каласынан қылған фашистер есендіреген күйі есін жия алмай торт құн жатты. Ақыры жауынгер күшін еселеп алғып қайта шабуылға шықты. Олар шабуылға шыққан сайын біздің, мергендер жау таяуга келгенде орақтай орып, баудай түсіретін де. Бұл жолы да соны істеді. Немістер бекінген қыратты қызыл өскерлердің алуына қомектесуді ойлаған мергендер ерекше қимыл көрсетті. Бұған жау да түсінгендей. Оқ носерін боратып түр. Осындаған оқты боранның бір қалтарысында қылаң еткен жас әйелдің өскерше киінген тұлғасы мен желбіреген шашы қозғе түсті. Бұл біздің жас мергеніміз, шыныққан пулеметчигіміз Мәншүк еді.

Жас қеудесін, жалқын жүргегін Отаны үшін оққа тосегі, қасқайып тұрып қарсылық корсеткен қайсар қызды жау офицерінің көзі де шалып қалды. Жаралы жау жатқан жерінен басын бірнеше рет көтеріп қарады, өз көзіне озі сенбеді. Өшпендей бұрынғыдан да жаман қоза түсті. Осыншама қарулы күшті бет қаратпай тұрган жұдырықтай қыз екенін білгенде, ызадан жарылып кетердей болды. Адамгершіліктен безген жыртқыштар қыз тұрган жерге минометтен оқ жаудырды. Минаның жарылған дұмпуінен тоң жарылып, жер сілкініп жатты. “Максим” әлі күркілдеп қарсыласуда. Кенет “Максиминың” жеке сөйлеп тұрғанын Мәншүк те байқап қалды. Серіктерінің пулеметтері су сепкендей тына қалған екен. Жалғыз қалғанын сезген мерген одан өрі шыыршық атты. Бір гажап күш билеп кеткендей. Ұрыс ұзакқа созылды. Бірақ жау адымын Мәншүк те аштырмай түр. Осындаған жан талас кезінде “Максими” кенеттеген төңкеріліп кетті. “Максимина” үмтұла бергенінде ыстық қан бетін жуып жүре берді. Есіл ердің, козі қарауытып, басы айналғандай болды. Сөл есінен танды.

Мінекей, ол дымкос жердің сұық топырағын қанатын жая құшактауда. Жаңа ғана тер құйылып тұрган бетінде енді үйіған қан ақырын дірілдейді. Жер ызғары откен сайын оның жаралы жаны рақаттанғандай.

Кенет Мәншүк есін жиып алды. Жарық еткізіп отты козін ашқанда озінің ауыр жаралы екенін білді. Басын котерейін десе аспан жерге түсіп бара жатқандай. Қайта жатты. Жақыннан шыққан немістердің даусын естіді. Кенет сауығып кеткендей орнынан атып тұрып, “Максиминың” қайта құрып алды. Басқыншы жау емпіенде келеді. Мұны көрген Мәншүк басындағы жараны байлап та үлгірген-ди.

— Отаным үшін, өмір үшін! — деп бар даусымен айқайсалды. Жау жалақтап жақындай берді. Тірілей қолға түсірмек бол келген жау табанының астынан атылған оқقا шыдамай шегінуге мәжбүр болды. Осы бір тұста комекке келіп қалған қызыл қырандардың шоғыры да корінді. Олар тұс-тұс жақтан фашистерді сокқылап барады. Жаудың бетін қайтарып, жауынгер достарының жолын ашып берген батыр қыз жарық дүниеге одан әрі жайрандай қарады. Осы кезде жанына келіп жарылған снарядтың оғы он жақ аяғын ортан жіліктен үзіп алғып кетті. Тағы да есінен танды. Жарты дененің бәрін өкеткендей сезінді. Ол өуелі “байла, байла!” деп айқайлады. Артынша өзінің жалғыз екені есіне тұсті. Майдандас достарының жауды түре қуып бара жатқан женісі, үзілгелі тұрган жас жанды жалғап жібергендей болды. Жан-дәрмен дегенде ол орнынан тұрып, үстіндегі киімін жыртып жіберді де, аяқтың қалған тұқылын мықтап орап байлады. Содан кейін “Максимына” қайта келіп жармасты. “Максим” ақырғы рет күркілдей жөнелді. Бұтаның арасымен бүкендей қашқан фашистер үшіп тұсті. Осы сағатта жақындалп қалған біздің жауынгерлердің бір бөлегі пулемет үні шыққан жаққа бет қойған еді. Бірақ үлгірмеді. Жаралы жау офицері еңбектеп кеп Мәншүкті мандайдан атып жіберді де, сонғы оғымен өзін жайратты.

Мәншүк жан серігі “Максимын” айқара құшақтап, көзін бір ашып, бір жұмды...

* * *

1944 жылдың бірінші марты куні СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Мәншүк Мәметоваға Советтер Одағының Батыры деген ардақты атақ берілді. Бұған тек қана Қазақстан емес, бүкіл Шығыс елі болып қуанды, мақтанды. Себеп: Мәншүктен бұрын Өзбекстан, Кыргызстан, Түркменстан, Төжікстаннан бірде-бір еңбекші әйелдер арасынан шыққан батыр болған емес.

“Әңгіме Армияға жәрдем беру, оның арасында үтіп жүргізу турасында болса, әйелдер соғыс жағдайында да еңбек етіп, жұмыс істей алады. Әйелдер осының бәріне де белсеніп қатысуы керек. Қызыл Армияның қамын жейтін, Ол үшін жан-төнімен аямай қызмет қылатынын Қызыл Армиямыз көретін болсын”, — деген данышпан Лениннің сөзін біздің Мәншүк іс жүзінде орындалп, басқаларға ешпес үлгі қалдырды.

Мәншүктің денесі Невель қаласының дөл орталығындағы қалалық парктың қарсыына жерленген. Бұл жерде Невельді жаудан азат ету соғысында асқан ерлік көрсетіп, жанын қиған он Батырдың қабыры бар. Соның екеуі казақ. Бірі Мәншүк Мәметова, екіншісі полковник Әбілқайыр Баймоддин. Мәншүкке таяу генерал Апрелькин. Бұлардың бөрін, қалалық советтің қаулысымен, Невель қаласының фашистен азат етілгеніне бес жыл толғанда, тұргын халықтың тілегі бойынша осы жерге әкеліп кайта жерлекен.

Мәншүктің туған жері Орда поселкесіндегі пионерлер сарайының алдында “Максимімен” бірге Батыр қыздың тастан құйған үлкен ескерткіші бар. Батырдың туған совхозы қазір де Мәншүктің атымен аталады. Қызыорда қаласындағы қыздар училищесы Мәншүктің атымен аталады. Невель қаласының орталық үлкен кешесінің бірі, орта мектептің жанындағы пионер дружинасы Мәншүктің атымен аталады. Алматы қаласындағы Мәншүк оқыған №28 мектеп пен Мәншүк тұрган коше де көзір Мәншүктің атында. Мәншүк мединституттың құрметті студенті болып мәңгілікке қабылданды. “Ер елгенмен, ерлік олмейді” деген осы.

* * *

Мәншүк Мәметованың сүйікті анасы Эмина Мәметова қазір тірі, Алматы қаласында тұрады. Партия мүшесі, филология гылымының кандидахы, ағарту жұмысына енбегі сіңген қайраткер, Алматыдағы педагогикалық ойелдер институтының аға оқытушысы. Жасы алпыстан асып кетсе де үстаздық етуден жалығып корген емес. Денсаулығының нашарлығына қарамай бар күш-қайратын, ақыл-оын, теніздей терең білімін жастарды тәрбиелеу жолына жұмсауда.

Көзінің ағы мен қарасындағы болған Мәншүгінен айрылған Эмина апай қайғы мен қасіретке қайрандап қалған жоқ. Әкесі майданда ерлікпен олген, шешесі ауырып тылда олген, сегіз жасар Корім деген баланы қолына алып тәрбиелейді, оқытады. Монгі суымайтын ана жүргегінің шүғласы Корімді де аялайды, әлпештейді. Оның алдағы болашағының жарқын екенін, бар бақыты алда күтіп тұрганын бала санасына жеткізе білген үстаз ана окініште қалмайды. Орта мектепті Корім медалмен бітіріп, КазГУ-ге түседі. Университетте бірінші үлгілі бала атанып, жоғарғы стипендия алып оқиды. Химия факультетін үздік деген

багамен бітіріп шыққан Көрім көзір Балқаш қаласындағы геологоуправленияның химиялық лабораториясында менгеруші болып қызмет істейді.

45 жыл бойы талмастан ұстаздық етіп, совет жастарын коммунистік рухта тәрбиелеп машықтанған аяулы апайымыз өлі де талай Мәншүктеді тәрбиелеп шығарар...

1965

ОТАН ҚЫЗЫ (Поэма)

Kіріспе

Кеудемнен актарылды ағын тасып,
Күшім жоқ қоятындей оны басып.
Жарқ етіп қиял құсым кетті жүзіп,
Тулаған толқынына араласып.

Жайдым да жан қанатын кере бердім,
Керегін ойдан сүзіп бере бердім.
Үмітін көптің күткен актар ма деп,
Асылын ағынынан тере бердім.

Қызығып қызығына өлеңдettіm,
Ширатып шымырлатып күйді шерттіm.
Сынатып сыншыларға сараланып,
Бел буып бүгін таға дүрілдettіm.

Әр жанның жер бетінде салмағы бар,
Үлесі өмірінен алмағы бар.
Әділет ой иесі пікір айтса,
Ақ көңіл ақын жаны оны да үтар.

Сенерім сүйенерім партия өзің,
Әділдік шындығына жетті көзім.
Тартып бір таразыңа тағы да көр,
Алдында жауап берер келді кезім.

Жасқанып жырламаймын ойды тежеп,
Жалбарынып сұранбаймын тілді безеп.
Дегенді “жақсы-жаман” халық айттар,
Қатемді қатты айтып өзің көрсет.

Бұрқылдаң ой қазаны отыр қайнап,
Көгінде көкірегімнің жұлдыз ойнап.
Тілекке сай болсын деп сарападым,
Сөзімнің бірін жаңып, бірін қайрап.

Кей сөзді кесегімен қойдым егеп,
Қалсын деп сыншылардың қолын бөгеп.
Ойлы сын ой салады ақындарға,
Жалаң сын, жала жауып сені сөгед.

Ауырды жер көтерер белі берік,
Шын толғап шырқайыншы кеуде керіп.
Тәбемнен тұрсын қарап ай менен күн,
Көк аспан қолшатырдай дөңгеленіп.

Тоқталмас тас болса да қайнар бұлак,
Жат демес, жасық демес тыңдар құлак.
Жүргегін оқушымның бір толғантар,
Жанымды жарып шыққан жарқын ырғак.

Жанды сөз, кіршіксіз ой, тотсыз миым,
Алып кеп алдарыңа шешті түйін.
Өжет жан, от екпінді, Отан қызы,
Тербелтпей қояр емес көңіл күйін.

Мәншүгім мақтанышым жаным сүйген,
Атасам Мәншүк атын кеudem иген.
Отан деп отты көзің жұмылғанда,
Ант етіп қабырыңа басымды игем.

Ерекше ерлігінді сүйдім сенің,
Ағыннан ақтарылсын көкірегім.
Қаһарың қан майданда қалтыратты,
Кеткен жоқ кескілескен жауда кегін.

Отанның батыр қызы саған лайық,
Жыр ізден ой теңізге салдым қайық.
Аралап жер мен көкті бара жатыр,
Шарықтап қиял құсым қанат жайып.

Жарық күн, қараңғы тұн егіз туған,
Жете алмай бірін-бірі күнде құған.
Сондай-ақ жалықпадым жаздым тағы,
Қазынамды қайта ақтарып тендей буған.

Тереннен тебірендім арымменен,
Аяулым, аярым жоқ менің сенен.
Әр сөзін сүзіп алдым ой елекке,
Окушым отырсын деп балқып денең.

Ақын ба, жыр шынжырын ағытпаған,
Фашық па, сүйгені үшін зарықпаған.
Арасын жер мен көктің өрт алса да,
Батыр ма майданда өзін танытпаған.

Көсем бе, халқын дұрыс бастамаған,
Шешен бе, артына сөз тастамаған.
Ана ма, ак сүтіне тас балқытып,
Батырға өшпес белгі жастамаған.

Отан ба, үрпақ қамын ойламаған,
Шыңына женіс туын байламаған.
Отанның батыр қызы атана ма,
Майданның көркі болып жайнамаған.

Саналы ер сараларсың сөздің мәнін,
Көрерсің қолыңа алып жырдың дәнін.
Үніне үн қосам деп партиямның,
Асығып арпалысты ар мен дарын.

Еселеп қайта жаздым дастанымды,
Куантар көптен күткен жастарымды.
Есіңе оқығанда бір алғайсың,
Мәншүктей Отан сүйгіш достарынды.

Ер еді ол заманына лайық тұған,
Құшағын күнге қарап жайып тұған.
Лениншіл комсомолдың біреуі еді,
Жас болып жасқанбаған от пен судан.

Сол еді тұңғыш батыр қазақ қызы,
Оның да сендердей ед күрен жүзі.
Жасында жиырма екі, жау қолынан
Қаза боп қалды өмірде өшпес ізі.

Өзіндей ол да сүйді тұған елді,
Біз үшін, сіздер үшін жанын берді.
Ұмытып кетпесін деп келер үрпақ,
Жыр арнап ақын анаң қойды белгі!

I БӨЛІМ

I

Дүние бір кеңсарай есігі ашық,
Тұған жан келеді екен гүлін шашып.
Өмірге әр алуан үлес қосып,
Өлген жан шығады екен етеп басып.

Талайға ой салады өмір тезі,
Жетеді жер жүзіне шындық көзі.
Жылдар ед мың тоғыз жұз жиырма алтыншы,
Сүйікті геройымның бала кезі.

Жайықтан қашық еді туған жері,
Еріксіз тартты бір күні соған мені.
Шарықтап емін еркін шырқайыншы,
Көтеріп алдымға алып дүниені.

Көк өрім бұқпай өскен малман құмға,
Тогай бол толықсыған сонау жылда.
“Жас құс” деп атайды екен маңайдағы ел,
Бастайын дастанымды содан тында.

“Жас құсты” қоныстанған бір топ ауыл,
Шеркештен өрген үрпақ бәрі бауыр.
Етікші Жиенғали соның бірі,
Бала көп, шаруа шала, тұрмысы ауыр.

Жасынан кәсібі екен тігіншілік,
Жан баққан өнерімен күнін көріп.
Жез тақа, жекей табан, жарма қоныш,
Тігетін біз өкшені үзілдіріп.

Сыпайы, сырға берік, созге саран,
Кісі емес екі сойлеп жалтақтаған.
Жоқтын деп жұтынбайды, барға жомарт,
Ақ көңіл, алаңсыз жан, аңқылдаған.

Жүрмеді жалшылыққа жалдап жанын,
Ешкімге таптатпады намыс-арын.
Көз майын, мандай терін сарқа отырып,
Таптым деп тартынбайтын қолда барын.

Октябрь орнықкан кез ірге бекіп,
Ауылға тап тартысы қалған жетіп.
Дүниенің ескі тонын сілкіп жатты,
Коммунист, комсомолдар дүрілдетіп.

Жанына жаңа өмір қуат бере,
Оянып, үмтыйлды ел өршелене.
Жеткендей тілегіне Жиенгали
Тартатын тарамысын құлаш кере.

Өзіне сай қосылған Толша женгей,
Жұлынып жоқшылыққа ол да көнбей.
Бергісіз қой етіне қызыл шайы,
Жан еді берекелі, көңлі көлдей.

Жақсылық шындал келсе қайда кетер,
Не күш бар біздің қолда көмек етер.
Қарынын балалардың ашырмайын,
Деген бар күн жарығы көпке жетер.

Деп Толша бұрынғыдан кетті ширап,
Жүрсे де жабықпайды жанын қинап.
Үміттің қеудесінде үшқыны бар,
Қалса да өшер емес сүйек қыйрап.

Ауқатты ағайынның малын сауып,
Тартатын қолдиірмен, көмбе жауып.
Үй ішін, балаларын таза ұстайтын,
Шаруаның құнделікті ебін тауып.

Ұзақ күн құрт қайнатып, тезек теріп,
Күн менен от аптабын кезек көріп.
Қайтқанда да кешкे таман Толша женгей,
Қарсы алад бөбектері қанат керіп.

Қызыбала кішкентайы төрт жаста,
Қылығы ата-анаға оның басқа.
Алдынан жас бөбегі шықса жайнап,
Шыдар ма ана жүрек толғанбасқа.

Көтеріп құшақтайтын қызын Толша,
Сүйетін қүшарлана аңсан сонша.
Балтандай балапаным дейтін ана,
Бұлбұлдай сайрап бөбек қолға қонса.

Иіскесе шықылықтайтын тамағынан,
Мөлдіреп қара көзі қабағынан.
Қараса еркелене, елжіреп жан,
Деуші еді — мен садаға қарағымнан.

Айдары төбесінде селтең қағып,
Жас гүлдей жана шыққан қанаттанып.
Мойнына анасының асылатын,
Қызарып екі беттің нұры тамып.

Бұлтандарап жүгіргенде түсіп жерге,
Етегі көйлегінің дөңгелене.
Қанатын қарлығаштай сабалайтын,
Жібек жел оралғандай білегіне.

Әкесінә еркелейтін үйге келсе,
Ойнайтын өлеңдетіп көңілденсе.
Балалармен асық тігіп атысатын,
Дәм татпай, дамыл көрмей үйренгенше.

Досан шал тума ағайын үйі жақын,
Кіци еді түсінетін сөздің паркын.
Толғатып Толша женгей қызы тапқанда,
Сол еді Мәнсия деп қойған атын.

Мәнсия ата десе Досан картты,
Еріксіз ата жүрек махаббатты.
Сүйетін, сөйлететін, секіртетін
Бөбекті қызық көріп тілі тәтті.

Жаз болса көленкеге ала келіп,
Қасына отыргызад қатық беріп.
Сақанды үйіріп ат деп үйрететін,
Кезектен кентайларын тігіп беріп.

Мәнсия майыстырып бармақтарын,
Білетін сақасында салмақ барын.
Айтқанын атасының ұғып алып,
Үйіріп нысанана лақтыратын.

Кентайға сарт еткенде сака тиіп,
Қара көз жарқ ететін нұрын қүйып.
Өлмесе мерген болад пұшық қызыым —
Деп ата мандаіынан алад сүйіп.

II

Күн күліп, ай аяндаپ өтіп жатты,
Жыл сайын жыл жаңарып желі тартты.
Халыққа жаңа өмірден жарық түсіп,
Бақыттың оқу-өнер кілтін тапты.

Жаңарып жайнай тұсті елдің іші,
Жарыса жаппай оқыды үлкен-кіші.
Етікші оқуға берді үш баласын,
Сыймады қеудесіне қуанышы.

Өмірі — еңбегі де басып онға,
Үмтүлды дер кезінде қалмай соңға.
Коммунист партиясына қанаттасты,
Кандидат карточкасын алып қолға.

Қатысты Жиенғали жер бөліске,
Құлашын еркін сермен кең өріске.
Қайтпайтын айтқанынан табанды жан,
Аянбай ат салысты ұлы іске.

Айқасып жатты алысып тап пenen тап,
Партия саясатын жургізді сак.
Халықтың қаһарына не шыдаған,
Болжырап буржуазия тұсті қаусап.

Дүние шыйқандарын тұрган сыздап,
Барады сылып тастап өмір зырлап.
Жамылып қара тонын капиталистер,
Әкірді өз беттерін өзі тырнап.

Байлармен қол үстасып қожа-молда,
Қайғырып қайыр сұрап кетті ол да.
Құшнашты, бақсы-балгер қуып шығып,
Шырқады бар даусымен ақын сонда.

Салмақпен орнап жатты социализм,
Сілкінтіп дүбірімен жердің жүзін.
Тазартты Россияны тап жауынан,
Кәдімгі Жиенғалилер өзіміздің.

III

Осылай өтіп жатты өмір көші,
Жоқ деген иғліктің ерте-кеші.
Жасынан оку іздеп елден кеткен,
Бар еді етікшінің бір інісі.

Окуын бітіріп ол дәрігер болып,
Көркейді қөкірегіне білім қонып.
Адамның ажалына ара түсті,
Құлғана мерездерден елді қорып.

Үйленді ол қазақ қызына білімі бар,
Бітірді университет сүйікті жар.
Қосылып Саратовтың қаласында,
Күн жетті қызғылықты түрмис құрап.

Бақыттың жолы алуан неше сала,
Жар тәтті жаныңменен сүйсен ғана.
Советтік мәдениетті тұңғыш семья,
Гүлденді, ғұл жайнады бүрін жара.

Екі-үш жыл осылайша өтті арада,
Ақын жан жалған сөйлеп толғана ма.
Тұрса да тату-тәтті достықпенен,
Аландай берді көңіл бір балаға.

Бала екен жалғасы да өмірінің,
Бала екен қуанышы қонілінің.
Бағы кем, өрісі тар баласыздың,
Деген рас, төгіп лықсып ішкі мұным.

Тұсінбес тартпаған жан бастың зарын,
Сау адам қайдан білсін ауру халін.
Бір арман қөкірегінен өшпес өлмей,
Аралап шықсандағы жердің шарын.

Біреулер балам көп деп мастанады,
Біреулер бағаламайды сол баланы.
Біреулер өз баласынан өзі безіп,
Өмірдің жарығынан жасқанаады.

Біреулер балам жоқ деп тастап жарын,
Жазықсыз жаралайды жардың жанын.
Басады аяғына үялмай-ак,
Өзінің махаббатын, үят-арын.

Мұндаидан аулақ болды біздің жастар,
Қорлайма бірін-бірі сүйген достар.
Сырларын ашық айтып алса тынын,
Қоспастан екеуі де сөзге астар.

Кезекті демалысын алып бірге,
Қыс демей келді бұлар туган елге.
Алыстан іздел келген бауырларын,
Қарсы алды ауыл-аймак, ага-женге.

Жер үйі етікшінің күле қарап,
Қонақты қуанышқа алды орап.
Той жасап Толша женгей ақтарылды,
Бетіне қан жүгіріп, өжім тараған.

Мәз-мейрам балалар да қуанысты,
Қуаныш күннен-күнгө өсе түсті.
Жанындай жақсы көріп аға-женге,
Кезекпен Мәнсияны сүйіп, құшты.

Ілезде Мәнсия да кетті елігіп,
Бұлтындал ортасында жүр жүгіріп.
Ал қызыл лента байлап айдарына,
Кигізді көк жібектен көйлек тігіп.

Өседі бала қарап етек женге,
Дегендей келбет берді сәби өңге.
Жарасып киген киімі жайнай түсті,
Сазы бар еркеліктің балғын үнде.

Жас ана үға білді бала жайын,
Жас бөбек жақындай берді күн-күн сайын.
Кім жақсы көрсө бала соныкі ғой,
Жақсы көрді Мәнсия да апатайын.

Тұрады апатаイラп алдын орап,
Еріксіз бауырына кіріп барад.
Сақ ана, сабырлы ана, саналы ана,
Бөбекті алдына алыш, ойға қалад.

Сұрасам ата-анасы берер ме екен,
Бұл мені анасындаі көрер ме ғен.
Кісіден бала алдың деп бала таппай,
Табалап дос-дүшпаным құлер ме екен.

Мәпелеп бақсам егер демей бөтен,
 Қалқатай қадырымды білер ме ме екен.
 Тұрмайды кісендесе кісі баласы,
 Дегеннің кебі келіп жүрер ме екен.

Кім сөгер адам бақсам тәрбиелеп,
 Кем болмас өз баламнан өссе еркелеп.
 Адамға адам бағу, адам өсіру,
 Емес пе әрі қызық, әрі міндет.

Бақпай ма адам тұгіл, айуанды адам,
 Үйреніп елікпей ме ол да саған.
 Әр адам еңбегімен бағаланбақ,
 Жат дейме, жақын дей ме біздің заман.

Тек қана адам болды атынды акта,
 Қынжылма қындыққа сабыр сақта.
 Дүниеге келгенінді баяндайтын,
 Бір белгін қалсын өшпес болашаққа.

Осылай отыр еді ойға бойлап,
 Мәнсия дізесінде отырды ойнап.
 Құрсініп апатайы дем алғанда,
 Жалт қарад кара көздің оты жайнап.

Сезім тал бөбегіне сыр білдірмей,
 Құшақтад ақырын ғана ана күлмей.
 Қалқатай маған бала боламысың?
 Деп еді бөбек қалды түк үндеңей.

— Қалаға меніменен баrasың ба,
 Болмаса маған ермей қаласың ба.
 Дегенде шыр етті ол — қалмаймын деп,
 Көзінің жасы толып шарасына.

— Апатай, қалмаймын мен, қалмаймын мен,
 Қалдырмай ала кетші сен өзіңмен.
 Деп бөбек көкірегіне жата кетті,
 Жалындан жалынышы жас сөзінен.

Орнынан түрдү үшып ана соңда,
 Қонғандай бақыт құсы келіп қолға.
 Алтыным, ақ моншагым деп сүйеді,
 Жақсы бол, жалынды бол, жасық болма!

Келіннің сырын үкқан Досан ата,
Қол жайып, қуанышпен берді бата.
Толша мен етікші де түсіністі,
Кидық деп бір баланы етсең қолқа.

Ай жатып аралап боп ағайынды,
Қаласына Саратовтың қайтты енді.
Ұшырып балапанын бауырына,
Тұған жер “Жас құс” артта қала берді.

IV

Аспанның айнасында жерге қойған,
Күндіз күн, қарайды ай түнде соған.
Сынаптай толықсыған сұлу Волга,
Бір соқтрай өте алмадым мен де саған.

Сөулетті, салтанатты, сәнді қала,
Қарайды такаббарсып көк жағана.
Көтеріп түн аруы алтын кесе,
Отырады таң атқанша бағананда.

Ақкудай төсінде ойнап пароходтар,
Жұзген күміс шашып, суынды үрттар.
Волга деп ән шырқаса ұлы-қызың,
Үн қосад талай тілде талай үлттар.

Волганың сыңғырлаған күйін тындал,
Тұрады завод мұлгіп бойы сұңғақ.
Дүлей күш, меніреу дene не үғад деп,
Күледі көкте жұлдыз жерді ымдал.

Автобус, троллейбус, трамвайлар,
Қаланың көкірегінде зырғып ойнар.
Ауылдан жаңа келген жас бебекке,
Түсірді қала өмірі жаңа ойлар.

Балалар бақшасына барған күні,
Не жылап, не ойнаған шықлады үні.
Жаутаңдал ойыншыққа қарай берді,
Ұрса ма дегендей боп алсам мұны.

Сақтықпен шола қарап айналаны,
Соктығып оз бетімен ойнамады.
Гүлдей боп далада өскен жекеленіп,
Құмартып әлде неге ойланады.

Кетті ол, келер күні араласып,
Ойнады емін-еркін мауқын басып.
Тұрған жоқ кешегідей кейіншектеп,
Жөнелді өлеңдетіп көнілі тасып.

Кешкүрым апатайы алып қайтад,
Жолшыбай бар көргенін бөбек айтад.
Ұфымтал үйреткенді ұмытпайтын,
Куанад, алғырлығын ана байқап.

Советтік тәрбиесінің сәулесі мол,
Баланың көкей көзін ашады сол.
Оятып ой санасын, тұнғыш рет,
Келешек өміріне тартады жол.

Мәнсия алды үйреніп орыс тілін,
Мысқалдан көкейіне қонды білім.
Тақылдан тақтақ айтса тамылжытып,
Тындаушы-ек құмарлана тәтті үнін.

“Жас құстың” саясында туған бөбек,
Жайыққа ана жуып жайған жөргек.
Сәулетті Саратовта сана оянып,
Волганың құшағында ойнап сергек.

Осылай алты толып жетті жеті,
Мектеп боп ақ Моншақтың есіл-дерти.
Семейге көшіп келді күзге қарсы,
Ауысып апатайдың қызметі.

Ер Ертіс, ерке Ертіс еркін аққан,
Салдықпен Сарыарқаға күміс жапқан.
Жүздіріп күндіз күнді көк төсінен,
Толықсып тундегі айға қарап жатқан.

Ертіс те еркін алды жас баланың,
Ұзатқан қызындай нақ Волга ананың.
Радищев атындағы орта мектеп,
Мектебі еді тұнғыш көрген Мәнсияның.

Мектепке апатайы келді алып,
Жас бала жетегінде жүр куанып.
Қолында сары портфель сактияннан,
Жарқырайды екі көздің оты жанып.

Жібектей төгілдіріп мандай шашын,
Қойғандай қолдан сзып қара қасын.
Көйлегі көбелектің қанатындей,
Дейді ана қара қызым, қарлығашым.

Бөбектің көңілі шат, жүзі жарқын,
Үйінде ақ моншақ боп атанатын.
Жазылды Мәметова Мәншүк болып,
Бұл жерде атамады Мәнсия атын.

Сол күннен Мәншүк болып кете барды,
Өз атын өзі қайта қойып алды.
Мектеппен тәрбиесі ұштасқан сон,
Жастай-ақ жақсы оқуға қалыптанды.

Сабакқа екі айтқызбас алғыр болды,
Шығарды төрт амалды онды-сонды.
Кететін шабыттанып сурет салып,
Оқитын кітаптарда нелер онды.

Көрмеді кітабының шетін бүктеп,
Дәптерін не шимайлап не бір сүртпед.
Мектепке ертең киіп баратын,
Әзірлеп қоюшы еді бүтін реттеп.

Үйде де мектепте де болды үқыпты,
Білімнің әр тамшысын сіміріп жүтты.
Қыс болса шаңғы менен коңки теуіп,
Жаз болса суда жүзіп, тауға шықты.

Бос болса тирға да барып мылтық атты,
Секілді еркек бала тас қайратты.
Сауық кеш, пионерлер жиынында,
Би билеп, хорда бастап ән шырқатты.

Баланың ар-намысын ана үгады,
Анадан жақынмын деп кім шығады.
Көз нұрым бауыр етім болғандықтан,
Жанымды жарып ақты жыр бұлағы.

Талай жан мекендеген Жайық бойын,
Талай құс жасап өткен Жайық тойын.
Жайықтың жазғытұргы тасқынындей,
Талай күш билеп отыр ақын ойын.

Талай ер талай жаумен майдандасқан,
Жапырып, жау желігін күшпен басқан.
Солардың ізін сақтап жатыр Жайық,
Өшірмей бауырындағы шұбар тастан.

Чапаев шалқақ киіп қара бөркін,
Алысты ақбандымен жағанда еркін.
Женісін жойқын суға қанмен жазып,
Орандат Отанима берген сертін.

Шындыққа шың да бөгет бола алмайды,
Атағы шын батырдың жоғалмайды.
Ажалға бас имеген орыс ұлы,
Анам деп ақ жайыққа құшақ жайды.

Құшақтап ақырғы рет алды демін,
Есігін қатты жауып дүниенің.
Ақжайық аза тұтып батыр ұлын,
Төңкеріп толқындарын төкті селін.

Тазартты ол талаушыдан қазақ жерін,
Құйып ап кеудесіне халық кегін.
Ұмытпайды қазақ халқы қадыр тұтып,
Батырдың жерге сіңген қан мен терін.

Достықтың айнымайтын кереметін,
Көрсетті ол алаңы жоқ ақ ниетін.
Өшпестей үрпағына қалдырды үлгі,
Айтарлық мақтанышпен қасиетін.

Дәуірдің дауылпазы туган өктем,
Қанаты қара бұлтты дөңгелеткен.
Азамат соғысының ардагерін,
Талай қарт талай тілде аңыз еткен.

Мәншүк те естіді оны әжесінен,
Айтуши еді кетпестей ғып бала есінен.
Қарт ана Чапайды айтса шабыттанып,
Соғатын дүниені кеудесімен.

Ұғып ал бөбектер деп бастайтуғын,
Саралап сөйлер сөзден саспайтуғын.
Ерлігін Чапаевтің айтса қызып,
Асын да, үршығын да тастайтуғын.

Балалар отыратын ортага алып,
Әжениң кеңесіне құлақ салып.
Чапаев, Фурманов деп қайталайтын,
Есімін батырлардың жаттап алып.

Қарт ана сөзін жалғап жөнелетін,
Ертекке екі бөбек кенелетін.
Жайыққа шомылып кеп, құмга жатып,
Өмірдің рахатына бөленетін.

Сондағы әңгімесі еді әжениң бүл,
Аңыз боп, ел аралап әлі де жүр.
Мен дағы үққанымды айтып берем,
Елімнің ұлы-қызы тыңдал отыр.

Куйбышев, Фрунзедей серіктерін,
Көрдім мен сол ерлердің көріктерін.
Ақ банда, колчактарды қалшылдатып,
Құтырған жаудың басқан желіктерін.

Атақты Алатаудың ақ иығы,
Жасынан жанарымен жер үйірді.
Фрунзе айбаттанып ақырганда,
Жайықтың жағасына жау иірді.

Аспанда күн күлімдеп бұлт түйілді,
Ерлердің көмегіне жұрт сүйінді.
Шығыстың майданына қуат берді,
Ленин мен Сталиннің бүйрығы.

Көсемдер көз алмады біздің жақтан,
Кез еді ол біздің қайғы жанға батқан.
Тазарды қанаушыдан қазақ жері,
Жиналды Жайық бойынан қанды қақпан.

Еңбегі еді сол ерлердің таң боп атқан,
Сілкінтіп дүние жүзін таңырқатқан.
Тудындар екі таптың тартысында,
Ұғып ал, егіз қозым, сендер мақтан.

Жөнің жоқ жасық болар, жаман болар,
Баласы қыран құстың қырға қонар.
Азамат соғысының батырлары,
Өлмесен өміріңе үлгі солар.

Большевик ала келді адам бағын,
Бақытты алдында түр болашағын.
Алыстап артымызда қалып барад,
Халыкты улап келген бұлдыр сағым.

Ага жұрт орыс халқы беріп қолын,
Көрсөтті тұңғыш бастап бақыт жолын.
Ленин менен Сталиннің туы астында,
Қасқайып қатарынан алдың орын.

Орыстың көрдім талай батыр ұлын,
Орыс десе қорқушы ек бұдан бұрын.
Екі ұлтты бір-бірінен айдал салған,
Енді үкіткіш патша менен діннің сырын.

Атақты ердің бірі абырайлы,
Фурманов комиссарым терең ойлы.
Қаламын қаруымен қатар ұстап,
Өзгеше өз алдына міндет қойды.

Темірдей тегеурінді, әділ жанды,
Кім сөгер сондай ерді танығанды.
Саяси қол басшы еді ол сыннан өткен,
Жауына қatal, досқа мейірбанды.

Ант етіп Жайық сүйн ол да жұтқан,
Дүшпанға таттырмасқа жалғыз ұрттам.
Ұйыған жүргегіне достық қаны,
Өшпестей үшкын түсіп біздің ұлттан.

Жайықтан жол тартты ол Алатауга,
Қалқан ғып қазақ жерін омырауга.
Танысқан тарихымен біздің елдің,
Кездесіп Жамбыл атты қарт жырауга.

Советтің туын тікті елімізге,
Бақыттың ғұлін екті жерімізге.
Көреген басшы болды сенімді ол,
Іргеміз бекіметен кезімізде.

Жетісу Алатауды орай акқан,
Секілді жалғызына күміс жапқан.
Алманың атасы деп астанамды,
Ат қойып Алматыма айдар таққан.

Біз неғып ұмытамыз сондай досты,
Күшке күш, ақылымға ақыл қосты.
Ленин мен Сталиннен көргендерін,
Ірікпей, өзгерпей бізге тосты.

Чапаев, Фурмановқа болған серік,
Таңқалдым орыс қызын өзім көріп.
Асынып алты атарын аш беліне,
Түйіпті қара шашын төбеге өріп.

Ол қыздың ұмытқам жок Анна атын,
Кең кеуде шалқақ келген ер сымбатын.
Жасы бар жиырмада жетер-жетпес,
Отты көз, жазық маңдай, жүзі жарқын.

Тұн қатып, түсі қашып тұлпар мінген,
Сағымын сары аяздың кірпікке ілген.
Тау кезген тас қиялад қыран қустай,
Аңдысқан жау әдісін еппен білген.

Сол бастаған партизанды тар кезенде,
Дүшпанды тоқытты ол көк өзенге.
Қынжылмай қындыққа дейтін Анна,
Ел үшін, ерлер үшін төземін де.

Әрі әнші, әрі дәрігер, әрі мерген,
Барлаушы бауырымен жүріп көрген.
Артист болып сахнада Анна ойнаса,
Жанына жауынгердің қуат берген.

Бір сырлы, сегіз қырлы сезгіш Анна,
Аққудай жүзген менің Оралымда.
Аралап Алатаудың алма бағын,
Тұр қазір ұлы астана Москвамда.

Сендердің өтер ертең бала-шагын,
Менің де жақын қалды өлер шағым.
Аннадай айбарлы бол, ақылды бол,
Үгип ал, кетпе ұмытып ақ моншағым.

Болғанмен бірің қазақ, бірің қытай,
Сендерге алаңым жок менің құрттай.
Ояту ой сананды маған міндеп,
Өскенде өкінерсің қалсан үқпай.

Дегенде қарт анасы сөзін түйіп,
Алғандай жас санаға бөбек құйып.
Әжеке тағы айтшы деп жалынатын,
Әженің әжім бетін кезек сүйіп.

Қыялмай жалынғанын бөбегінің,
Кеткендей кілті ашылып жүрегінің.
Қанатын сіліккендей көрі бүркіт,
Бастайтын ертегінің тағы бірін.

“Тындандар мен айтайын балақайым,
Куанған сенің қандай алақайын.
Азамат соғысында аты шыққан,
Қазақтың батырын айтып қуантайын.

Деп ана күншығыска қойса бетін,
Бұлқілдеп кәрі көмей жөнелетін.
Ерлігін Әлібидің айтқан сайын,
Қызыққа екі бөбек бөленетін.

Әкесі Әлібидің надан болған,
Күн көрген маңдай терімен адам болған.
Жалдады жалышылыққа жас баласын,
Ылаж жоқ келетүғын басқа қолдан.

Кектендірді кісі есігін Әлібиді,
Сөзді естіп “жалыш” деген жаны күйді.
Кигенше құлдық қамыт жас басынан,
Кетуді оку ізден ішке түйді.

Бұл сырын жасырмады ол анынан,
Жүрегін баса алмады алас ұрган.
Тартынбай тәуекелдеп буды белін,
Сілкіп киді жаман тонын жағасынан.

Қимады, құшақтады ана ғаріп,
Тас түлек ұшқалы түр қанаттанып.
Жас төгіп жасытпады жас баласын,
Кеудеде зор үміттің оты жанып.

Иесі қара қүштің өкен сорлы,
Өмірден бар көргені құлдық болды.
Анаңды таба қылма дос дүшпанға,
Ізден тап еңбектеніп әділ жолды.

Аландал артыңа қарама сен,
Корыкпа, қорғалама көрінгеннен.
Қынжылма қындыққа төзімді бол,
Өрт жансын өр кеуденде өжеттіктен.

Деп ана сүйді қысып маңдайынан,
Қақ жарып кең даланы жонелді ұлан.
“Өрт жансын өр кеуденен өжеттіктен”
Деген сөз өрі қуат, әрі арман.

Тұніліп туган жері Қайдауылдан,
Айырды ауыр тұрмыс дос-бауырдан.
Әділдік ізден шыққан Әлібиді,
Болмай ма туды десем көк дауылдан.

Барады қаршадай боп жалғыз өзі,
Қазылып қалып жатты жүрген ізі.
Жол шеккен бақыт ізден жас балага,
Төкті нұрын төбесінен күннің көзі.

Әліби сол кеткеннен кете берді,
Жыл жылжып, ай аяңдап өте берді.
Окуын Қостанайдың тауысып ап,
Бір күні Қазанға да жетіп келді.

Көрсө де қындыққа төзді көнді,
Алдында жарық барына жастай сенді.
Таптым деп табан тілеп іздегенін,
Жасырын студенттер тобына енді.

Саяси үйымдардың күші бекіп,
Козғалды революция дүбірі жетіп.
Казанның студенті көтерілді,
Жарқылдал қара бұлтты жарып өтті.

Бастаған осылар деп көтерілісті,
Баспақ болып патша үкіметі қатерлі істі.
Қамады бір сыпырасын табанда үстап,
Аңдуға Әліби де мықтап түсті.

Қазанда реті келмес енді тұрып,
Кешіксе түскелі тұр басқа құрық.
Жасырын үйымынан жолдама алып,
Әлекен Москваға кетті жүріп.

Қосылды Москвандың жастарына,
Жәй-күйін айтты бүкпей достарына.
Жанынан жалын атқан жас қазакты,
Жолынан революция жасқады ма.

Москва студенттері өрттей қаулаپ,
Россия патшалығын жатты жаулаپ.
Арқадан іздел келген Әлібиді,
Ширатып, шынықтырып алды баурап.

Басқарды қөтерілісті жасырын үйым,
Жүргізді қызу түрде істі қыйын.
Алдына ақ патшаның талап қойды,
Жақсарт деп жұмыскердің ауыр күйін.

Күн сайын өсе берді тілек-талап,
Аттапады ақ патшаның алдын орап.
“Жойылсын қанаушылық” деген ұран,
Халыққа қайрат бере жатты тарап.

Листовка, плакаттар жазып күнде,
Көшеге тастаушы еді іліп түнде.
Әккі жау Әлібиді біліп қойып,
Қамауға алмақ болды сол бір күнде.

Әліби шет елдерге кетті өтіп,
Күғын көрді Москвадан маза кетіп.
Ленинменен кездесіпті Женевада,
Достарының көмегімен қолы жетіп.

Суралты Ленин сонда қазақ халқын,
Айт депті әдет-ғұрып, елдік салтын.
Бостандық, тендік, бақыт дегендерге,
Олардың ойы бар ма ұмытылатын?

Ленинге былай депті сонда Әлекен,
Тындаңыз бар сырымды айтайын мен.
Қашаннан қанауда қазақ халқы,
Келеді қорғалаумен көрінгеннен.

Оқу жок, өнері жоқ берер жасқа,
Күші жок, сенері жоқ малдан басқа.
Жөнкіліп Сарыарқада көшіп жүред,
Өкініште өтіп жатыр өмір босқа.

Күн бар ма шығатұғын жайма шуак,
Жан бар ма ел ететін бізді құрап.
Бақытқа бастайтұғын басшы болса,
Көрер ед қыындыққа халық шыдал.

Азапқа жарапалдық па әлде осылай,
Қатарға кетеміз бе бір қосылмай.
Ел кезіп ізден келдім жолдас Ленин,
Жол көрсет, ақылыңды айт қорашсынбай,

Дегенде жіберіпті Ленин құліп,
Қағылты арқасынан жақын келіп.
Қуантты жас қазақты, тынықтырды,
Алдағы атар танды айтып беріп.

“Асықпа, женіс алда, азаматым,
Өмірден біз жойамыз азап атын.
Россия патшалығын сілкіп тастап,
Береміз өз қолынан ел бақытын”

Сол үшін еңбекші тап дайындалмак,
Козғалса жалпы халық еңбек жаңбак.
Бірігіп пролетариат курес ашса,
Бостандық, теңдік туын қолына алмақ.

Жаңарад Россияның сонда елі,
Гүлденед Россияның келешегі.
Әр үлт өз алдына мемлекет боп,
Тартады коммунизмге тұтас желі.

Жас қазақ сен дайында өз елінді,
Жасқанба жауынан ал кезегінді.
Коммунист партиясы туы астында,
Женіспен қарсы алайық келер күнді.

Деп Ленин Әлібидің қолын қысты,
Сеніммен тапсырыпты ұлы істі.
Көсемнің күлімдеген жүзін көріп,
Жалыны жас жігіттің арта түсті.

Ленинмен хош айтысып алысты қол,
Тікелей тапсырма алып аттанды ол.
Австро-Венгрия мен Швецияда,
Біраз боп Сербияға тартыпты жол.

Болгария, Түркия мен Египетті,
Аралап Сирияға да келіп жетті.
Палестина, Индияда айлап жатып,
Цейлонның аралында сайран етті.

Аралын Формозаның басып өтіп,
Оңтүстік Қытайға да келді жетіп,
Жалықпай Жапонияда бір жыл болып,
Қайта оралды туған жерге қанат серпіп.

Жүрмеді ол шет елдерді босқа аралап,
Зерттеді халық тұрмысын үніле қарап.
Секілді жаз жаршысы қарлығаштай,
Кездесті жұмыскерлер алдын орап.

Тапсырып Ленин айтқан аманатты,
Куанышты жүрген жердің пролетариятын.
Шетелде бес жыл жүріп келді еліне,
Арқалап көтерілістің алып атын.

Астыртын дайындауды туған елін,
Ой салып оята берді жүрген жерін.
Күрессіз бақыт таңы атпақ емес,
Халыққа осыны айт деп еді Ленин.

Лениннің сөзін естіп ширады журт,
Жастарға қайрат берді алдағы үміт.
Байлар мен болыстарды уландырып,
Қазактың сахараасын торлады бұлт.

Қосылды Әлібиге Амангелді,
Екі дос соңына ертіп қалың елді.
Сап құрып, сарбаз жайып Сарыарқада,
Астына ат, қолдарына қару берді.

Айналды орталыққа Торғай бойы,
Көк қару сарбаз болды қыры-оый.
Келсе де бес жұз әскер губерниядан,
Халықтың қанарына батпай қойды.

Соғысты патша әскері мындалап келіп,
Қалың ел қарсы келді тік көтеріліп.
Алдынан оқ жаудырып сарбаз тобы,
Тойтарды тұтқылдан соққы беріп.

Калғаны бас сауғалап кетті босып,
Би-бөліс елді тастап қашты шошып.
Батырдың сарбаздары сайланып ап,
Қопада жатты жаудың тосып жолын.

Қостанай, Ырғыз бенен Ақтөбеден,
Атбасар Перовск уезінен.
Іздеп кеп жарактанған жас жігіттер,
Керемет кектің оты ойнап көзден.

Оларды басқарды өзі Амангелді,
Өліби көзге түспей ақыл берді.
Батырдың сүйген жары Балым келін,
Атысты, шабысты да бірдей көрді.

Қарамады құндақтағы бөбекіне,
Болмас бала тығын ел кегіне.
Батырмен бірге аттанды жауға қарсы,
Қасқайып қару асып аш беліне.

Болыпты Балым келін қол мергені,
Кетпепті жауга тимей кезегені.
Ел қорғап, ерге серік болған қызды,
Ардақтап аруым дер туған елі.

Ел үшін, намыс үшін басын тікті,
Ерлермен бірге көтеріп ауыр жүкті.
Ақ патша алтын тақтан түсті аунап,
Майданда еңбекші тап женіп шықты.

Қансырап қанаушылар түсті күйреп,
Сілкілеп сілімтірін таstadtы сүйреп.
Арсылдап алаш тобы шыға келді,
Хан болмақ қазақ халқын өзі билеп.

Ханды да, патшаны да көрген қазак,
Таланды, екеуінен де көрді азап.
Жау шықты алаш деген арасынан,
Болдық деп түрганда ел енді азат.

Алашқа айбаттана төнді батыр,
Толқындей ішінде кек тулап жаттыр.
Алғанда жау жағадан, ит боп қапқан,
Тудырды ұлтшылдарға заман ақыр.

Алыстап алаштарды қуды елден,
Кірерге ол көр таппады жалпақ жерден.
Батырды қапияда оққа ұшырды,
Аляк шпиондар ішке кірген.

Дегенде шошып кетті екі бөбек,
От шашты қара көздер дөп-дөңгелек.
Шымырлап бала жүрек кекке толды,
Жөнелді ызалы-ашу миға өрмелеп.

Біракта Амангелді алды кегін,
Өлді ол, азат етіп тұған елін.
Деп ана әңгімесін айтып болып,
Жетектеп қайтушы еді қос бөбегін.

II БӨЛІМ

I

Алатау жер алыбы, тұкті жүрек,
Тұрғандай иығымен қокті тіреп.
Көк тастан қеудесіне текше қойып,
Көк мұзды жазы-қысы сол бүркенед.

Шілдеде шыңы жатыр қар жамылып,
Тас бұлақ тамырындай соққан ағып.
Мәуелеп етегінде бау-бақша тұр,
Майысып өн бойына жеміс тағып.

Салалап саусақтарын тал мен терек,
Барады жарыса өсіп шыңға өрмелеп.
Шоғындаі келіншектің омыраудағы,
Дірлдейд шырша ағашы желге еркелеп.

Жұмбак боп жатыр жұмыр жоталары,
Белгісіз қойынында ненің бары.
Май келсе майыса қап, көк жамылып,
Жаяды алақанын бұталары.

Арудың айнасында ыстық көлі,
Қойында Алатаудың мөлдіреді.
Серуендер ыстық колге бара қалсан,
Жібектей желліп тұрад таудың желі.

Тау аңын, көктің құсын кім санаған,
Тағы жоқ тау өмірін аңсамаған.
Шалқыса тауда тарлан, қырда қыран,
Ор киік ойда тұрып қалшылдаған.

Сайраса гүл жамылып бұлбұл құсы,
Сыңсиды құй сандықтай таудың іші.
Бет алсаң айшылықтан Алматыма,
Келеді күншілікпен алма иісі.

Алманың Алматымда тоқсан түрі,
Өседі қайталаған бірін-бірі.
Алатау қып-қызыл боп көрінеді,
Бойына алма тегіс шыққан жылы.

Таусылмас айта берсем тау қызығын,
Тау қарайды тамашалап күннің жүзін.
Алдынан алтын шашып карсы алады,
Жасаулы жаңа келген күздің күнін.

Еліктің таудан көрдім құралайын,
Жалт етіп бір қарайды көрген сайын.
Тоқтатып осыменен тау суретін,
Негізгі әңгімеме оралайын.

II

Алматым астана боп тікті туын,
Самсатып сапқа қойды қалың нуын.
Халықтың мұддесіне пайдаланды,
Кен кеуде Алатаудың жерін-суын.

Астанам құн сәулетті, мактанышым,
Сен қымбат, сен сұлусың менің үшін.
Арманым, ар-намысым, куанышым,
Койныңда бақыттым да киял құсым.

* * *

“Отан қызы” поэмасының қай жылы жазылғаны белгісіз. Кейбір беттері сақталмагты, әрі аяқталмағандай әсер етеді. Мұнда Мәншүктің балалық шағы нақтылы деректермен шеберлікпен суреттелген. Шығарманың тынысы кен, ақын қазақ совет елінің патриоттық рухын асқақтата бейнелеуге талпынған. Бұрын жарияланғаны жөнінде деректер таппадық. Туындының 38 беттен тұратын қазіргі оріппен жазылған қолжазбасы КР орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы (№1744 кор №тізімдеме №37 іс).

ФИН ҚЫЗЫ

(Поэма)

I

Арқаның ақын қызы ардакері,
 Аймалап, Тобыл сүтін емген телі.
 Толқынмен тұлымымды Тобыл жуып,
 Ораған қызыл арай гүлге мені.
 Гүлінен жұпар шаша құшақ аша,
 Алқаптың аялаған жібек желі.
 Бақыттың шолпаны ойнап мандайымнан
 Айдарым айға қарай желбіреді.
 Бұрандап Тобыл сонда сыйырлаған,
 Өмірін алдында деп күткен сені.
 Нақ бүтін сол өмірдің бесігінде,
 Шабытты, көңіл тасып тербеледі.
 Қиялым шарықтады ақ сұнқардай,
 Қиядан көзі шалған әлде нені.
 Ә десе, ауызымнан жыр ақтарылып,
 Тобылдың тасқыныңдай жөнеледі.
 Шаттанып, шабыттанып қиял кетсе,
 Өмірдің қызығына кенеледі.
 Дарияның тасқыны атқан маржаныңдай,
 Құйыллып сөз меруерті себіледі.
 Мейірін тындаушының қандыруға,
 Халыққа болсын сөзің өнегелі.
 Ақталар көсем берген ардақты атақ,
 “Жазушы — адам жанының инженері”.

II

Ағылды, ағыннадады ақын жыры.
 Шертілді жүргегімнің нәзік қылы.
 Тобылдай тасығанда жыр теңізі,
 Жанымның жадырайды ойы-қыры.
 Өнекей күн қулады терезеден,
 Бақытқа бөлендіріп оның нұры.
 Тасыған тасқынымды тоқтата алмай,
 Еріксіз ерлік іске жекті мені.
 Тырс етті, есік ашты хат кеп түсті,
 Хатының сыртында түр алған демі.

Жағада жан таласта тұрған жанның,
Осы хат секілденді барлық демі.
Жанарын жан шамының түгел жағып,
Сүгретпен қоса түсті раушан гулі.
Асығыс ашқан бетте хатты оқыдым,
Болар деп өзі мәлім сүгрет сыры.
Құнды сөз, құнарлы іс сүйіндіріп,
Мәп майда жүрегіме тиді жылы.
Елестеп көз алдыннан өтіп жатты,
Күрескен майдандағы Отан ұлы.
Қиналған қысым көрген Финнің елін,
Құлдықтан құтқаруға созған қолы.
Майданда мен де саған серікпін деп,
Тіл қатты... күн жалаған қылыш қынын.
Сыпырған томағасын қыран қустай,
Мызғымай күзетуде күндіз-тұні.
Найзамен көк түндігін бірақ серпіп,
Жер жарды фин халқының шаттық үні.
Астынан қызыл тудың нұрын шашып,
Құшты әне алтын сәуле бақыт күні.
Ақ иық, алғыр асыл тау қыраны,
Ұлы Отан тұғыры-болат, сүйді мұны.
Тарихты таңдандырған, тамашаны
Көрді көз, ұстады қол, айтты сыны.
Терең ой, жүйрік қиял, өткір тілмен,
Жырламай шыдар ма ақын сірә мұны.
Қиядан қызықтырып көзді тартты,
Өмірдің шыңға біткен өрелері.

III

Барлығын ойым кезді желдей желіп,
Айтайын көргенімді қайта келіп.
Айқасып ортасында болайын деп,
Майданға мен де кірдім хатты көріп.
Сүгреті Фин қызының тілсіз тілмен,
Тынықтыр! — дейді мені сусын беріп.
Ақ алмас, мәузірімен гранаты,
Ерліктің тұлғасына болған серік.

Қарайды шында тұрып дүрбі салып,
Бұркіттей шабыттанған төсін керіп.
Тоғайдан тұлеп ұшқан тастулектей,
Төбеге қара шашын түйген өріп.
Секілді сымға тартқан сұлу дене,
Құйғандай көк болаттан андал теріп.
Тоғыса ту көтере, туған ұлға,
Қосылды жаудың белін басып келіп.
Бауырын жанындағы оққа ұшырған,
Қапыда қарақшысы жаудың көріп.
Ақырғы демі бітті “бостандық!” деп,
Жамылды қаннан кебін майданда өліп.
Қайтпады қайсар қыз да қайраттанды,
Жауына қайта аттанды нөсер төгіп.
Өрледі өрге қарай өршеленді,
Жасқанбай жау оғынан тұрған төгіп.
Ашулы арыстандай буырқанды
Бұркіттей төбесінен түсті төніп.
Күн қуә, ай да айғақ, аспан тағы,
Әлемге әйгіледі жауын жеңіп.
“Шешеннің тілі ортақ” дегендейін,
Берейін жастарға арнап кесте шегіп.

IV

Тербеліп теренеді ойдын құзы,
Теніздің тербетіліп сынды мұзы.
Күнді атқан көбігімен океандай,
Жаңғырды дүбіріне жердің жүзі.
Дүниенің аясында айқын өткен,
Тарихта қалмақ оның ерлік ізі.
Оқушым толығымен танысайық,
Елінен шықты қалай Финнің қызы.
Сары ала сақылдаған қызыл шұнақ,
Шыдамай дызылдады бет пен құлак.
Үскірік алай-түлей соқты боран,
Тұра алмады ызғарына арлан шыдан.
Ақырған аязынан қырау шогіп,
Қызырып, құлактанып күні турад.

Садағы сары аяздың сақылдатып,
Ұша алмай сауыскандар жатты құлап.
Қалың қар қанжығадан, түскен күртік,
Тап басты талай үйді тапап сыйап.
Қайтпап еді қара тұман, Финнің елін,
Халқының бірі күлсө мыңы жылап.
Фин елін саудаға сап Маннаргейім,
Желікті қанаушының басын курап.
Мал бастап билік кетті, жұрт сандалды,
Уысынан обушиның таппай тұрақ.
Қүйретті көнбекенін көзін жойды,
Көшеде қан бауырлап жатты сұлап.
Құңғереніп ата-анасы, сүйген жары,
Айрылды боздағынан зарлап жылап.
Киіктің құралайы секілді ару,
Сыланып шыбық белін өскен қынап.
Айрылған көгілдірден аққудайын,
Жазықсыз жараланып жатты сұлап.
Еріксіз ел сұлуын еңіретті,
Зұлымдар шырылдатты бұрымын бұрап.
Сарғайып зағирандай жүзі солып,
Сөнуге айналып ед есіл шырак,
Ана кеп ақ сүті үшін ара түссе,
Ақ шашын талдап жаулар тұт-тұт қылад.
Тұтіні түтей басып ай мен күнді,
Даусынан зенбіректің құлақ тұнад.
Бомбыны бүркәсіндай боратқанда,
Оқ жаңбыр сорғалаған тұншықтырад.
Оққа үшып талай жандар жер құшқанда,
Сөгіліп ыстық қаннан акты бұлак.
Жауынан жан сауғалап, жәрдем іздеп.,
Кім бар — деп қол беретін кетті шұбап.
Қаланың қан сасыды көшелері,
Талай үй талқан болып қалды құлап.
Айрылған ата-анадан жас бөбектер,
Жазықсыз жас ағызып қалды шулап.
Жүрегін жас баланың суырып ап,
Мәз болды Маннаргейім жеп қырдақ.
Шегінен адамдықтың аттап өтіп,
Өй жауыз, қырады екен қалай шыдан?..

Дәл осы қан соқтаның кезеңінде,
 Біреу жүр жарагалының жанын құрап.
 — Болыңдар кешке таман шал үйінде,
 Жабайы жүрген қанша қайыр сұрап...
 Үскірік үдегей үйіріліп кетті борап.
 Ашықкан күзетшілер алас үрдіс,
 Жүгіріп тұс-тұсынан пана сұрап.
 Күн батып, қас қарада бергенінде,
 Бір ендең әрбір тұстан шықты шұбап.
 Беттерін соққан боран майдай еріп,
 Жиылды серттескендер басын құрап.

V

Өткір көз, ойға батқан, иір қара,
 Мойнына қолын асқан басы қара.
 Майданда болғандығы қөрініп тұр,
 Оқ тұтқен киімдері пара-пара.
 Қатқан қан сауыс болып етігінен,
 Жылжиды күренденіп жіби сала.
 “Достар!” — деп, тұра келді орынынан,
 Папағын басындағы қолына ала:
 — Неше күн майданда боп келдім бүгін,
 Мақсатым ел сенімін актау ғана.
 Ақ Финнің хайуандық айбатынан,
 Қан құсып, қан сасыды жапан дала.
 Қорек таппай күйзеліп босығандай,
 Жазалы не себепті қатын бала?!.
 Өлсөң де үн шығарма деген сөзben,
 Солардың тәні толған сай мен сала.
 Ажалдың шенгелінен келді сұлдем,
 Кол сынық, баста мынау ауыр жара.
 Кураған шал, нөресте, анаменен,
 Шыдатып келді мені бұл жараға.
 Ар үшін келешектің бақыты үшін
 Жәрдемі СССР-дың жалғыз ғана.
 Қырағы Қызыл әскер құтқармаса,
 Кімді аяид Маннарнейім қаны қара.
 Тендікке Финнің халқын жеткізетін
 Жалғыз-ақ СССР-дың елі ғана.

Ешкімге соқтықпайды ол, соқтықса егер,
Езілген, еңірегенге солар пана.
Көтерген бақыт туын Қызыл әскер,
Өмірі жеңілмейтін жолы сара.
Күш қосып соларменен қол ұстассақ,
Бостандық таңы атады ұран сала.
Адамзат бақытының айы-күні,
Көсемі ер Сталин ұлы дана!

VI

Жаралы барлығына тұрды қарап,
Тобынан жауап күтті демін санап.
Фин қызы атып тұрды орынынан,
Қайратты, ауызынан сөзді борап.
Ақтарып журегінің терең сырын,
Лақтырды ел қайғысын сөзіне орап.
Кенеттен отыргандар тыңдай қалды,
Отты көз, нұрлы жүзді тесе қарап.
Сөзінен будактады үшқын атты,
Тұрғандай кірпіктерін оқтан қадап.
Жан жағын шолып көзі тоңкерілді,
Қойғандай кірпіктерін оқтан қадап.
Әскерше киген киім, түйген шашын,
Асынған аш беліне қару жарақ.
Тамаша тал бойынан табылады,
Қайралған ақ алмастай жігер талап.
Әткір сөз өмірге айғақ, іске құрал,
Талайдың қиялына бітті қанат.
Серпілді отыргандар кенет сергіп,
Сүр қайғы сөгітіліп, кетті тарап.
Қайғының қара бұлты жарылғанда,
Жарқ етті күн қойынынан балға орақ.
Көргендей қөптен ынтық бақыт құсын,
Ұмтылды журек, тілек соған қарап.
Тартқанда таразыға жердің шарын,
Бақытты ел шықты шыңға туын қадап.
Шынықсан шындықпенен шебін қорған,
Қорғаған ел бақытын міндеп санап.

Фин халқын жау қолынан босататын,
 Бізге дос жер жүзінде жалғыз сол-ак!
 Бақытқа бостандыққа сол жеткізет,
 Деген ой жүректерін алды орап.
 Жан мейірін қыздың сөзі қандыргандай,
 Қастарын күлімсіреп қағып кояд.

* * *

Шешен қызы кенет жүртқа мойнын бұрды,
 Ақ жүзі, алма беті мың құбылды.
 Аузынан ағытылған қыздың сөзін,
 Сабырсыз, сансыз жүрек күтіп тұрды.
 Жас жаны жарапанған жау қолынан,
 Ақтарды, ашынғандай терең сырды.
 Майданда оққа үшты жалғыз ағам,
 Қара құс қанын ішіп қарқ-қарқ құлді.
 Бомбадан талқан болды үй орманым,
 Қос бауыр әке-шешем қабат өлді.
 Жас жаным жауыздардың зарын жұтып,
 Қан ағып жүрегімді қайғы тілді.
 Ақситып азу тісін Маннаргейім,
 Құтырып, мұнарлана жүртты қырды.
 Қан басып екі көзін, жынын шашып,
 Ойрандап есіл елді әлек қылды.
 Жазықсыз жас сәбидің жанын қинап,
 Шыңғыртып, шырылдатып наизаға ілді.
 Қан жұтып су орнына қайғыменен,
 Еріксіз ел еңіреп, жүрт бүлінді.
 Кекті үл елден сірә тумаған ба,
 Серпілтер ел басынан ауыр зілді.
 Я жеңіп, я жеңіліп жерге кірер,
 Ерлерім екі талай жерін келді.
 Бас иіп, қол кусырып жалынсаң да,
 Болмасын жаудан рахым көзің корді.
 Мойнында Фин халқының құлдық курық,
 Талмастан тарих бойы сүйретілді.
 “Ел үшін еркек тоқты құрбан” деген,
 Ақтайтын ел сенімін кезің келді.
 Кетемін ел атынан елшілікке,
 Қемекке шакыруга қызыл ерді.

Жанымда жалғыз інім, жас жалыным
 Асынып жау жарағын ол да келді.
 Қан құмар қара жүрек жауыздардан,
 Тақырлап тазартайық туган жерді.
 Қалғанша қасық қаным халқым үшін,
 Жауменен алысам — деп өршеленді.

VII

Қыз сөзі қындықтың сырын ашты,
 Төс — төсеп отыргандар ақылдасты.
 Жауынгер СССР-дың ұлдарымен,
 Қол беріп аттануды ақылдасты.
 Қоржынға қол пулемет, күрек алып,
 Жалма-жан жол жабдығын даярласты.
 Бетінен қайтар емес қайсар сұлу,
 Халқы үшін қан төгілсе қимақ басты.
 Астында қызыл тудың аттанамыз!
 Деді де, достарымен амандасты,
 “Сәлем де большевиктік, қырандарға!
 Бізді де шебіне алсын қанат асты...”
 Жел ұрып, бұлт жамылып, таң алдында
 Жас сұлу жүйрігіне қамшы басты.
 Жанында жан серігі жалғыз бауыры,
 Бел байлап тәуекелге белден асты.
 Құс жетпес, күрен җүйрік астындағы,
 Тұяғын соны қарға тіктей басты.
 Атылған нажағайдай шүйги шұлғып,
 Аузынан ақмаржандай көбік шашты.
 Ботакөз, қоян жонды, қамыс құлак,
 Жібер деп ауыздықпен арпалысты.
 Орманның ығы-жығы арасынмен,
 Сөгілтіп шекараға бірақ асты.
 Ақпанның аныраған ақ желегі,
 Қасқайып қарсы алдынан төсін ашты.
 Құлашын аспандағы айға сермеп,
 Саусағы сан орманның шашу шашты,
 Күрені қөпке атып сауырынан,
 Көміліп күміс қарға шұлғып басты.
 Тұяғы тиген жерін тесе жаздал,
 Үйтқытып алды-артына боран шашты.

Тұнерген тұн туманы серпілді де,
Екеуін еркелетті аспан асты.
Күлімдеп көк жұлдызы қөкте билеп,
Батарда батыр қызбен амандасты.
Жарқылдаپ жауынгердің қанжарындаі,
Қара көз насаттанып қақты қасты.
Жүргегі алғып ұшып жүрген сайын,
Көңілі күннен биік күле тасты.
Көтеріп тұн тундігін тәбесінен,
Таң женіп, қарандылық сырғып қашты.
Бақыттың дарбазасы ашылғандай,
Алдында шаттық құтті екі жасты.
Қырауын көзін сүртіп аттарының,
Қамданып каруларын ыңғайласты.
Кенеттен екеуі де тұра қалып,
Дүrbімен жер мөлшерін шамаласты.
Не барын алдарында кім біледі?
Қорқыныш! ... шекараға аз қалысты.
Сенімді серігім деп майдандағы,
Ер сұлу бауырын орай қамшы басты.

VIII

Қойнаудан екі қара келе жатты,
Дауылдай жүрген жерін бүркыратты.
Я ажал, я бақытқа асыққандай,
Қауыпты, жүрістері өте қатты.
Оскырып, ұрке басып жүйріктепі,
Қайышылап қос құлағын елең қақты.
Қырауын үстіндегі сілкіп тастап,
Алысып ауыздығын қаршылдатты.
Желпілдең танауының желбезегі,
Асығыс алған демін будақтаты.
Курылтып жүрген сайын жер танабын,
Аршындаап апай төсін алшаңдатты.
Сол кезде тұн пердесін сыра салып,
Ағартып алтын аспан таң да атты.
Тұн қатып түсі қашқан Финнің қызы,
Қоршаған табиғатты таңырқатты.
Қаптаған қалың орман қар жамылған,
Жапырылып екпінінен қулап жатты.

Тексерсе тесе қарап жан-жақтарын,
 Шетіне шекараның жақындасты.
 Шынардың шынындағы туды көріп,
 Жанынан, куаныштың жасы ақты.
 — Егерде көзге түспей кетсек өтіп
 Асығып алқынған жан бақыт тапты.
 Шіреніп, үзенгіге аяқ тіреп,
 Тоқтаусыз сол бойымен ағындаатты.
 Жұлдыздай тұнді жарып зуылдаған,
 Күренін көсілдіріп ілгері ақты.
 “Шешінген судан тайынбас” дегендейін
 Сенімі қызы жүргегін жалындаатты.
 Үмітпен өрге шапқан екі жасты,
 Сүм ажал жолын тосып құзға тартты.
 Кенеттен күркіретіп көкті тіліп,
 Жау оғын, жар астынан сатырлатты.
 Ажалдың нажағайын көрседағы,
 Қаймықтай қайраттанып келе жатты.
 Оқ ойнап, үшқын атып көз алдынан,
 Зуылдал жай отындей жарқыл қақты.
 Қуаныш сол минутта тасаланып,
 Қорқынышы өлім оғын шартылдатты.
 Шаққандай шұбар жылан дәл жүректен,
 Дене мұздап, тұла бойын шымырлатты.
 Көргенде жаудың оғын жалын шашқан,
 Жер сілкініп, орманды да, қалтыратты.
 Қатпаған қабыргасы жас балғындар,
 Өмірдің талай улы, дәмін татты.
 Ел үшін, бақыт үшін, теңдік үшін,
 Өлімнен қорықтаймыз деп қарсы шапты.
 Тілгілең жел жүргегін үсті-үстіне,
 Жау оғын қардай борап зуылдатты...

IX

Жалмажан аттарынан түсे қалды,
 Иықтан көк беренді қолына алды.
 Еслітіп саладағы қарды қазып,
 Екеуі жауға қарсы жата қалды.
 Сырғыды төстерімен жер бауырлап,
 Алуға жаудан бүрын биік жалды.

Бекініп белді байлап, жеделдетіп,
 Лентаға қатар тізіп оғын салды.
 Ежелгі кекті жаудан кек алмаққа,
 Құрыштай болаттанып шымырланды.
 Оқ жаңбыр сорғаласа, түтін түтеп,
 Түнеріп жар қабағы мұнарланды.
 Жоқтаған ел намысын елдің ері,
 Өлімнің оғына ұстап шыбын жанды.
 — Еңіреген ел тірегін актамасам, —
 Деп сұлу жігерленіп — өлу занды.
 Көзінен жалын атып жас бауырын,
 — Өлмейміз! ... атырамыз бақыт танды.
 Біткенше ақырғы дем алдырмаймыз,
 Төгеміз халық үшін қасық қанды.
 Оққа — оқ ... үйретеміз, күйретеміз,
 Қарқылдан қан төгуге асыққанды.
 Деп бауыры ерлігіне ерлік қосты,
 Қасқарып, екі батыр қайраттанды.
 Оқ нөсер...,
 Жасанған жау...,
 Жақын қатер...
 Сонда да ел тілегін есіне алды.
 Байсалды батырларша Сташкенің,
 Жарқ етіп тұн отындай көзі жанды.
 Қабактың қарын қазып, жалын тесіп,
 Биқтен мұз үстіне көзін салды.
 Өшіккен жауын көріп жар астынан,
 Кезеніп, нысанага дайындалды.
 Женгендей қуанышы, қорқынышты,
 Құлпырып кенет бала ажарланды.
 — Алтығып, асықпайық айналайын,
 Аңдыған алашақ — деп тоқтау салды.
 Олақ күш опа бермес, ақыл, айла —
 Ер құралы — дегенді жадына алды...
 Иілтіп бұталарды қырау басқан,
 Қөміле, күміс қарды құшақтасқан.
 Қырланып қыстың желі ширатылса,
 Ыргалып, ызындастып үнін қосқан.

Секірсе бүршігіне қоян қарғып,
 Желектен гүлдете күміс шашқан.
 Қасқайып сақылдаған сары аязда,
 Еріккен ерке құлан иек асқан.
 Жағасы Задолжаның орман, тоғай,
 Қарағай, қайың, талы араласқан.
 Болғанда желге қалқа, күнге сая,
 Жапанның жабайы аңы паналасқан.
 Жанында жортқан тұлкі, қасқыр, қарсақ,
 Койнынан қорқақ қоян тура қашқан.
 Тоғайдың тұңғыш ұлы секілденіп,
 Көкжал жүр ізді кесіп араны ашқан.
 Бір кезде толастады, тұман серпіп,
 Жауған оқ жалын атып тұтін құсқан.
 Жауындан жаза баспа жатыр әне!
 Дегендей бұлтын сөкті барлық аспан.
 Жаулары жар жағалап еңбектейді,
 Құрттардай тасқойнында жыбырласқан.
 Көк болат кигендері, көз сүрінед
 Есеп жоқ қару, жарақ беліне асқан.
 Үндемей командасын қолмен беріп,
 Тасада офицер түр асықластан.
 Адамсыз атты көріп қабактағы,
 Кісідей аңтарылды бейне сасқан.
 Жайрады... я болмаса жаараланды..!
 Деді жау, қуанышты көнлі тасқан.
 Үш адам ойдан шықты оғын кезеп,
 Атгады, атқа қарай бұрылмастан.
 Шаңғымен салып үрып жөнеп берді,
 Алаңсыз, алды-артына қарамастан.
 Тырп етпей жарқабакта жатыр әлі,
 Үл-қызы Фин халқының тапжылмастан.
 Беттері безереді талауратып,
 Кіжінді, тісті қайрап қозғалмастан.
 Суылдал соқты жүрек, қақты қанат,
 Алқынып, аласұрып алып үшқан.
 Кетеді кейде, елестеп көздеріне,
 Сүм ажал, айдаһардай аузын ашқан.

Теніздей тасқындаған үмітпенен,
 Қос ноян жатыр жаудан жасқанбастан.
 Айнымас адамшылық, арлы тұлға,
 Жүргегі жаралғандай шақпақ тастан.
 Қайсарып, қақпай кірпік, қасқаяды,
 Ант еткен айтқан серттен айнымастан
 Сайраган, сара жолға болмақ бөгет,
 Қан шеңгел, қара жүрек кекті дүшпан.

XI

Асығыс атқа қарай тура жүрді,
 Шаңғысы саладағы қарды тілді.
 Арыған аш бөрідей, өлексі ізделеп,
 Алқынып, аласұртып жүрек үрды.
 Секілді акқан судың ағынындай,
 Көзіне ілер емес ой мен қырды.
 Мұз кірпік, буырқанған, мосқал дене,
 Жер аңын, қоқтің құсын дүрліктірді.
 Шұбыртып үрттарынан қанды көбік,
 Қақырса қар үстінде дірілдеді.
 Қып-қызыл, жанарына қан үйыған,
 Жалындал, лапылдаған алған демін.
 Шойындан бұрылмайтын шүйде желке,
 Тұнеріп жауар күндей гүрілдеді.
 Белінде бес қаруы келеді ағып,
 Я, жығылып, я болмаса сүрінбеді.
 Қабакта қарды теуіп түрған аттың,
 Қасына қарақшылар жақын келді.
 Аузынан шыққан лебі қан сасыған,
 Келгенін жат адамның аттар көрді.
 Ойқастап, осқырынып маңайына,
 Жолатпай, жақындаса тепкіледі.
 Үрікіп, одырайып шыр айналды.
 Сезгендей тілсіз хайуан әлде-нени.
 Құлағы қырлы найза қайшыланып,
 Танаудың желбезегі желбіреді.
 Жалтарды жақындаса жаны шошып,
 Денесі жеркенгендей дірілдеді.
 Тұғінен түсіп жатты суырылып,
 Сілкінсе собықталып қатқан тері.

Жаяулап жалға қарай еңбектеген,
Кенеттен, екі адамның ізін көрді.
Саспастан сақтықпенен сала-сала,
Қол бұлғап, басқаларға хабар берді.
Күрсінді көктің күні көкте тұрып,
Алыстан аяғандай екі ерді.
Аңырап анасындаі ашып төсін,
Аймақтың аялады жібек желін.
Өлімге Отан ұлын қимағандай,
Иіліп бұталар да күбірледі.
Алысты, алпарысты өмір, өлім,
Жан шошып, жас жүргегі дірілдеді.
Қырандай көздерінен от тұтанаңып,
Жауларын екі батыр жатты бағып.
Я өмір, я өлім деп буды белін,
Оқталып, жолын тосты ыңғайланып.
Ел үшін өлсек егер өкінбейміз,
Жетсе де жасың жүзге өлу анық.
Шықсын жан, төгілсін қан бақыт үшін,
Халық үшін майдандағы сөнбес жарық.
Жалынып жауға басты игеннен де,
Емес пе өлу артық ойран салып...
Кең жерде шайқасайық емін еркін,
Еңіреген Фин халқының кегін алып.
Қарқ болсын өз қанына, қанға жерік
Аранын ашқан залым құмарланып
Аяма бақыт жауын сал жүректен!..
Сағасын ақ алмастың қанға малып,
Деп сөзін кенет келте түйе салды.
Батыр қызы бауырына қарай қалып,
Бетінде кектің ізі ызбарланған,
Сұрланып Сташке түр ойға қалып.
Секілді бала бүркіт томагалы,
Зуылдан кектің бұлтын түскен жарып.
Жанына жалаңаштап жақын қойды,
Қылышын қынабынан суырып алып.
Құрулы қол пулемет жауға қарсы,
Лентаға қойды тізіп оғын салып.
Атқан оқ, шапқан қылыш батпайтындаі,
Құлпырды алма беті құл-құл жанып.

* * *

Батыр қыз бауырын көріп кетті тасып,
— Серігім батыр екен, емес жасық.
Арланым, ақығым, арыстаным,
Жібердің қайратымның кілтін ашып.
Көзіме шыбын құрлы көрінбей түр,
Оқталған оқжыландар зарын шашып.
Қамалап, қаһар төгіп келе жатыр,
Қан ішкен, қара жүрек, өншең пасық.
Бәрі дәү, бәрі сақа, батпан дене,
Талайдың төккен жауыз қанын шашып.
Жем құшқан талай ерлер қарсыласып,
Күн туды ел басына, елден шықтық.
Ел үшін туған жермен арыздасып,
Кектімен кескілесіп кек алайық,
Жарынан Задолжаның майдан ашып.
Көл деген көп тілегі, кім біледі,
Атар таң, алдымыздан нұрын шашып.
Жасынан жаннан безіп, жаһан кезген,
Бақытқа бостандыққа біз бір ғашық.
Үңгірлеп қардың астын, қар жамылып,
Екеуі екі бөлінді ақылдасып.
Қадалды қарашибы қара қөздің,
Қалмасқа жауларынан жаза басып.
Көк бүлтын, көтергендей жердің тауын,
Қасқайып қас батырша күтті жауын.
Елсізде, ебелексіз, елі үшін,
Екеуі оққа төсеп омырауын.
Бақыт пен зұлымдықтың батырларын,
Көрсін деп, аймаққа жел айтты сауын.
Жариялад ашылғанын қан майданның,
Асығыс, қакты дүние қонырауын.
Сүйсініп ерлігіне екі жастың,
Тілегін түрді тілеп барлық қауым.

XII

Көюжалдай айсыз түнде қойға шапқан,
Тістеніп, тісін қайрап шақырлатқан.
Аузынан атқылайды қанды кобік,
Қан үйып козжанары талауратқан.

Секілді жан алатын әзірейіл,
Қарасаң қарсы алдынан келе жатқан.
Түйлігіп түнереді жауар бұлттай,
Күркіреп найзағайын жарқыл қақкан.
Асынған алшысынан ақ семсерін,
Қаһары қара тасты қалтыратқан.
Жалындай жабағының қас-кірпігі,
Аяздан қырау төгіп, мұз боп қатқан.
Ақсиган азу тісі жыртқыш андай,
Асулы қару-жарақ бойда батпан.
Арсыздар адамшылық ардан безіп,
Мойнына зұлымдықтан қарғы таққан.
Атанып адам жауы бар әлемге,
Жолына екі жастың құрды қақпан.
Аяғын андай басып, зарын шашып,
Келеді кезеп оғын тұс-тұс жақтан.
Ұл-қызын Фин халқының қызғанғандай,
Қырланды, қырауытып қаһарлы ақпан.
Дегендей ажалына ара тұрам...
Мұз бүрікті, аязынан шеру тартқан,
Табиғат тұрды танып тапжылмастан.

* * *

Қар қауып, жер бауырлап жау келеді,
Не барын алдарында кім біледі.
Көңілі түйткілденіп әлде-неден,
Денесі шошынғандай тітіреді.
Қарасты, қасакы жау қанды балақ,
Омыраулап опырық, олақ құшке сенди.
Жартысы жар жағалап жар астында.
Еңбектеп, оқжыландаі бүктетілді.
Өмірі екі жастың андығаны,
Қызарып қанға толып көзі тұнды.
Қырандай қырық түлеген қырағы ерлер,
Келгенін жаудың жақын көзі көрді.
Бақыттың, бостандықтың оғын кезеп,
Секілді темір қазық тебіренбеді.
Әдіспен, оймен қырды кезек шолып,
Ағызды аласұрып суық терді.

Ежелгі езген жауын ел тонаған,
 Көргенде көкірегін кек кернеді.
 Көктейін көк етінді қорғасынмен,
 Деп сұлу жеңін түріп жігерленеді.
 Біздегі таптың құші, тап жүрегі,
 Тап мақсаты тынбайды құртпай сені.
 Дем бітсе, дағдыр жетсе, данқым қалар...
 Өрленді, өлемін деп өкінбеді.

XIV

Ер бұзбас жаудан қорқып айтқан сертін,
 Тартса да қыйындықтың тақсіретін.
 Бұлт жамылған мұз балақ екі қыран,
 Мекендер жаудың бетін, елдің шетін.
 Ел кезіп іздегені ел тендігі,
 Ант еткен арылтам деп елдің дертін.
 Ел үшін елсізде жан тапсырса да,
 Көнгендей, көрінбейді өкінетін.
 Бақытын, бостандығын, елін үқкан,
 Кім сөгер, екі жастың қасиетін...
 Келгенше жауы жақын тырп етпеді,
 Көзбенен көрейік деп құдіретін.
 Жақында жан алқымға жау келгенде,
 Батырлар басты дәлдеп пулеметін.
 Үшқынын шатырлатып көкке атқан,
 Қорғасын, тойтарғандай жаудың бетін.
 Жауды оқ, жан-жағынан жарқыл қакты,
 Жан ұшырт, жасқанбады екі жетім.
 Пәк жаны әділ жүрек, таза қаны,
 Көрінді тас корғандай бекінетін.

* * *

Жап-жалпақ жауырыны, денесі емен,
 Апсиган алпамсадай күшке ерен.
 Алысса алып үрады, алып болсын,
 Жау қашып құтылмайтын жақын келген.
 Ақ беті айғыздалды офицердің,
 Тұскендей жайдың оғы тас тобеден.

Астынан аяғының атылған оқ,
Састьорды, салды еріксіз басын төмен.
Қызыл қан таспадай бол тарамданып,
Шимайлай қардың бетін мәнерленген.
Қайқандап қақ жүрегін қолмен басты,
Өкірді, омакасты етпетінен.
Құлады қол “серкесі” жол бастығы,
Шегінді серіктепе соңына ерген.
Қоштасты өмірімен ойда жоқта,
Оқ өтіп өкпесінен опық жеген..
Жанарап жасқа толып жаутандады,
Жан берем... жапан дала сөнем-сөнем!..
Сары ала сақылдаған сақ-сақ құлді,
Дегендей бөрі азығы сенің денен.
Тасқанға тосқан болар деді алыстан,
Күн қарап ақ торғыннан күлімдеген.
Етжүрек, ерлік женіп шындалғандай,
Куанды жауын көріп екі мерген.
Қан қылды қас дүшпанын, қайтпай беті,
Жалынды жас жүрегін кек кернеген.
Батыр қыз, бағындырып бақыт жауын,
Жұзіндей ұстараның төңкерілген.
Бауыры басын иді, кезек сұрап,
Сұрланды оғын суырып сүр жебеден.
— Қарағым, капылыста мерт боларсың.!
Баласың аузынан сұт кетпеген,
Жас батыр жалын атып тоқтамады,
Сөзіне апасының үгіттеген.
Жауына жақындаған, жар тасалап
Зулатты сүр жебені көлдененен.
Шектірді, төңкерілді көк төбеттей
Өкірді оқ өткенде өзегінен.
Сонда жау граннатан оқ жаудырды,
Дегендей қарсылассан қаның төгем...
Қасқайып қас батырша қарсы аттанды,
Сен төккенше, мен сенің төсің сөгем.!
Сен болсаң көрі бүркіт, мен жас қыран,
Түйіліп тас төбенде коктен шөгем!..

Тәуеттей ағызамын көзінді ойып,
Болсаң да сен айдаңар ирендерген.
Жаныңнан жүргінді сурып алдып,
Шапшытып қара қанын жерге төгем.
Талықсып тарықканға таң атырып,
Тап жауын тазартамын жер бетінен...

XV

Болғандай барлық дүние астан-кестен.
Секілді аспан сынып жерге түсken.
Қызырып күн тұтылды қырау шөкті,
Аязы ақ — алмастай тасты кесken.
От шашты, үшқын атты, оқ зулады,
Опырып Задолжаның жарын тесken.
Қаптады қара тұман қан сасыды,
Жөңкілді оқ түтіні бұлт бол көшken.
Иілді орман, тоғай, бұта, бытқыл,
Жасқанған, жасыл оқтан үрейі үшқан.
Атысты, арыбасты екі жағы,
Бой көрсетпей, бұғысты үндеместен.
Бір кезде жаудың оғы сирей бастад,
Болғандай батырлардың мерейі үстем.

* * *

Күрсінді, кенет сұлу ойға кетті.
Жас өмірі аз көрді ме өткелікті...
Тұрса да жан алқымда, жан таласып,
Ойында орында мақ айтқан сертті.
Қадалып жан-жағынан көзін алмай,
Шүйіліп, шолды ақырын төніректі.
Андыған ақ бандыға алдырмасқа,
Арымен адамшылық ант етті.
Жыландағы тас қойнында ирендерген,
Жақбардан жаудың бірі қылаң етті.
Қолында құлаш қанжар, кезеген оқ,
Бұтаны бетіне үстап жақын кепті.
Көрді де қыз, көздеді кок беренін,
Қаскайып қақ майданнан басып отті.
Шіріген түп тамыры көрі ағаштай,
Ылдиға мосқал дene құлап кетті.

Куанған қорыққанмен бірдей деген,
Суық тер мандайынан бұрқ еті.
Кекірегін кере сұлу демін алды,
Жауынан қайыргандай қанды кекті.

XVI

Белгісіз не болары бұдан өрі,
Шағын қалды батырларда оқ пен дәрі.
Тұңғиық алдағы өмір, бейне жұмбак,
Не болар жетпей қалса жауга әлі.
Тұнерді жауар бұлттай жарқыл қакты,
Жан алмай қояр емес жаудың кәрі.
Оқ тілді өзектерін, ойран салды,
Тұт-тұт болды тозаңы атып жалдың қары.
Есіркеп екі жасты аяғандай,
Жел боздап, бебеу қакты тоғай талы,
Сынғандай жердің белі солқылдаса,
Шатырлап жарылды мұз салалары.
Жан үшырып, жалдың қарын кезек қазып,
Алдағы сайға қарай жағалады.
Алысқан алып күшпен екі жасқа,
Таңданып тұрды қарап дүние бөрі.
Жастығын, жалғыздығын ойлатпаған,
Езілген еңіреген елдің зары...
Ел мұнын садақ қылып мойнына асқан,
Екі жас өлеміз деп ойламады.
Алысып, атысумен қызыл ерге,
Жеткізбек ел тілегін, ойлағаны.
Өнерлігे өлім жоқ деген осы,
Келеді өзір аман шыбын жаны.

* * *

Жанынан екі жастың жалын жанып.
Қияға қырандарша көзін салып.
Тайсалмай тәуекел деп тартып кетті,
Тік жарын терең сайдың қапталға алып.
Жасқанбай жан үшырды, құлаш ұрды,
Жүргегін оппа қардың кезек жарып.
Шұбырды мандайдан тер, бу бұрқырап,
Қызартты екі бетін аяз қарып.

Сыпырган томағасын жас қырандай,
 Жалтылдаш көзжанары шақпақ шағып.
 Алдында ала баған алыс емес,
 Алкынып, алас үрып келді қалып.
 Алпарысып атысқан жау естен шықты,
 Жас жаны жанталасқан, қанат қағып.
 Көлденен, күткен үміт көзге елестей,
 Толқыды ой, толықсыды қиялданып,
 Етегін қара бұлттың күн сөккендей,
 Нұр шашып бет алдынан түсті жарық.
 Асықты, адымдады, алға үмтүлды,
 Қара көз махаббатты, күлім қағып.

— Тапсырсақ аманатын қызыл ерге,
 Біз емген ақ сүтіне разы халық.
 Қосылып қырандарға аттанамыз,
 Ту ұстап тулпар мініп, жұлдыз тағып.
 Бас қоссақ бакытты елдің батырына,
 Серпілмек қара тұман елден анық.
 Ашамыз бостандықтың кең сарайын,
 Құламақ құлдық өмір адыра қалып.
 Шаңырағын зұлымдықтың қүретеміз,
 Қалса да шеті көкке шынжырланып.
 Деп сұлу, бауырына жалт қараған,
 Кірпігін қара шашақ қойды қағып.
 Кернеді жүректерін шаттық сезім,
 Кеткендей жан жанарына шырақ жағып.
 Оқ бойы алда келед батыр бала,
 Елеңдеп екі жағын көзбен шалып,
 Өз басы не көрсе де өкінбейді,
 Қыз келед жауын торып кейін қалып.
 Сарт етті, сатыр етті оң жағынан,
 Оқ, өтті көз алдынан жұлдызша ағып,
 Елсізде елеңдеген екі жасқа,
 Іс болды қапияда шошынарлық,
 Бірақ, шошып түрмады батыр бала,
 Қақайды көк беренін қолына алып,
 Ел үшін, бақыт үшін атылсын оқ,
 Деді де жауға үмтүлды ұран салып.

Жан үшырып, жан таласа басып жіберд,
 Қадалған қаракшыны көзі шалып,
 Жалғыз оқ жабысты да қанын шашты,
 Төсіне корғасыннан тана тағып.
 Қар беті қара қанмен шимайланды
 Үйшінің жосасындай қонырланып.
 Жайраған жапандагы жаудың қанын,
 Сімірді сайдың қары мейірі қанып.
 Қарақшы қарсыласқан қалды шөгіп,
 Қан құйылып екі көзі мұнарланып.
 Сөккендей темір тордың қабыргасын
 Жас батыр қайта үмтүлды қаһарланып.
 Сүйсініп бауырының ерлігіне,
 Батыр қыз насаттанды жайраң қағып.
 Қөлденең кенет тағы оқ атылды,
 Келгендей ажал зұлым дабыл қағып.
 Кезенген қолда мылтық, белде қылыш,
 Қырандай қыз да жетті ызаланып,
 Ызығырды қарғағандай бакыт жауын
 Үскірік, күннің көзі, әуе шаңыт.
 Атысты аянбады екі жағы,
 Болғандай сайдың іші бейне тамүқ.
 Қорку жоқ, қорғану жоқ, көрсө де азап,
 Тау шағылып, мұқар емес сірә налып.
 Бұғаудан босатпақшы туган елін,
 Шырағын бостандықтың қолдан жағып.
 Жаужүрек, алып күшті жас баланың
 Ал беті албырайды нұры тамып.
 Селк етті кенет дуние сілкінгендей,
 Тұскендей жайдың оғы көкті жарып.
 Қүйгендей көктің күні күренденіп,
 Төбеден төмен қарад қайғыланып.
 Иілді орман, тоғай етті тәжім,
 Күніренді, күрсінді жел демін алып.
 Өксіді, солқылдады суда жайын,
 Менкіді, мұзды тепті долыланып.
 Жөңкілген жердің аңы, көктің бұлты
 Қарады қабақ түйіп тұра қалып.

Ер ұлын Фин халқының оққа үшқан,
Сүм ажал сумаңдады құшаққа алып.
Жайнаған жай оғындај жауга айбары,
Батырга сайдың іші болды табыт.
Жабысты жаудын оғы қос өкпеден,
Жүргегін есіл ердің қанға малып.
— Ел үшін өлген өлім өкінішсіз, —
Деді де жер бауырлап жатты барып.
— Тау өрлеп, өзен бойлап, тоғай кездім,
Ақтауға ел тілегін мойныма алып.
Зор бақыт сендер үшін жан бергенім,
Ұмытпас адад ұлын қалың халық,
Құрбаны бостандықтың бір мен емес,
Талай ер, талай батыр, талай алып.
Алысып ар-намыспен өткен солар
Қалды өшпес қара таста қаны тамып.
Алдында әлем сотының тексерілсе
Өзі айғақ, өзге емес, көрі тарих...

XVII

Бауырын оққа үшқан қыз да көрді,
Жүргегін уландырып кек кернеді.
Тұскендей жайдың оғы тас төбеден
Шымырлап тұла бойы дірілдеді.
Ышқынып шыққан аңы дауысына
Селк етіп тау менен тас жер күніренді.
Ыскырып садақ тартқан сары аязда
Сұлудың зарлы үніне еміренді.
Сағынып мұздан моншақ көз жасынан
Елсізде ен далада еңіреді.
Көздің жасы сорғалап егіл-тегіл
Түйірленіп қар беті мөлдіреді.
Қанатынан қайырылған аксұңқардай
Ер жүргі сабаздың елжіреді.
Басын сүйеп қолынан сусын берер
Қайраны жок, қан майдан жатқан жері.
Жан серігі, жалғызы жапан түзде,
Батыр жайрап шыдар ма ердің ері.
Ашынғанда алып құш деген осы
Адымдал алға қарай жүре берді.

Касқайып, қайсарланды қайтпас беті.
Қайғысын қанжар қылын беліне ілді.
Жасаулы оқ, жүрегінен жатты атылып,
Тасқындаған терендегі кетті шері.
Жауменен жағаласты жалғыз өзі,
Бір көру бар арманы қызыл ерді.
Күн туды ер басына, ел басына
Алышып өмір өлім өршеленді.
Жатқанда көз алдында кім шыдайды
Жазықсыз жараланып елдің ері.
Боздаған бозінгендей ботасы өліп,
Далаңың ызындағы сұық желі,
Қамығып қалың орман қабак түйіп
Қайысып қабырғасы бүгіледі.
Такаббар тау бүркіті шынан қарап,
Құрсініп ойға батып тұнереді.
Майданда қан жамылған ерді көріп,
Күйінгендей шаңқ етіп жібереді.
Жолбарыс жонда жортқан тұра қалды,
Сезгендей сүм жүргегі әлде нені.
— Өмірдің алды қызық, арты жалған,
Деп дүние сырын айтып күніренеді.
Арыстан ақырғанда ашуланып,
Тітірет қалың орман ой мен өрі.
Басын шайқап сілікті бүйра жалын,
Неге өкінді, долданды кім біледі?..
Жазықсыз жан, жас қыршын, жатыр әне
Соны көріп жүргегі елжіреді.
Өмірдің әсем гүлі түсті үзіліп,
Сүм дүние сылаң қағып жүре берді.
Келеді салып ұрып жауажүрек қыз,
Ағызып жүрегінен қайғы селді.
Кек кернеп, ашу шертіп, ыза билеп,
Шығарды мандайынан сұық терді.
Асығып айналмадан бұрылғанда,
Қас жауы қарсы алдынан тұра келді.
Бас салып батыр қызбен түсті алыша
Аш қарын, арам жүрек, мосқал дене.

Алысты, ары басты, арпалысты,
 Қас жауы қарсыласты қайрап тісті.
 Жаздырмай жау адымын Маришка қыз,
 Жұлқыса, жудырықтаса кезек түсті.
 Тізеден қар қазылып болды шыйыр,
 Даң-даң бол кесек-кесек аспанға үшты.
 Үшқын атып қөздерінен от жарқылдап,
 Жан үшырып, жан таласып, жалын құшты.
 Шексе де қандай азап қажымастан
 Батыр қызы баса жұмсап алып құшті.
 Зулаған қекті тіліп жас қырандай,
 Шүйілді бүреійін деп қара құсты.
 Жарқ етіп жалт береді жай отындай,
 Жасқанып жау қалады қайрап тісті.
 Қағысты қанжарларын кезек сұрыып,
 Мұз кірпік, буырқанған екі сұсты.

* * *

Айнымас адалдыққа біткен жүрек,
 Қалса да жапан түзде жалғыз жүдеп.
 Ер туса ел қорғаны деген макал,
 Елінен аяған жан неге керек?..
 Торлаған Финнің халқын тұншықтырган,
 Көзіне елестейді қара түнек.
 Елсіз де елі жұрты көрген қырғын,
 Түсті еске, жігер күші кетті үдел.
 У жақты жас жанына қайғы жамап,
 Қан күшып жатқан бауыры жанын тіледі.
 Жүрекке салды бүлік, қөңілге дақ,
 Қайратын қайрағандай қайнаган кек.
 Жалаған сары аяздың тілін қырқып,
 Жұзі онға қанжарының төңкерілед.
 Екі жау аяр емес бірін-бірі,
 Женғені, женілгенін тірі жемек,
 Шұбырып жан терлері майдайынан,
 Ойқастап оқжыландағы бүктетіледі.
 Егесіп, екі қанжар алысқанда
 Еңкейіп екі батыр тізс бүгед.
 Қадалып бадана көз какпай кірпік
 Саспады, салғыласты табан тіреп.

Қасқайып, қас батырша қарсыласты,
 Ажалдың ақ қанжарын кезек білеп.
 Қанатын кара құстың жалпылдатты,
 Алтайдың ақиығы үшқан түлеп.
 Састьрды сақылдаған сақа жауды,
 Батыр қызы балуан білек, барыс жүрек.
 Майданның туын тігіп, дабыл қаққан,
 Қабақта қалың орман түр тітіреп.
 Таңданып табиғат та таңырқады,
 Тап жауын тай-таласқан қарғап, сілеп.
 Қадалып қағысады қанды балак,
 Қызарып екі көзі түр қанталап.
 Апсифан, алпамсадай, аш бөрідей
 Қаһары қабагынан түрдьы борап.
 Өршиді өзегіне от түскендей
 Абыржып алды артына кезек қарап.
 Қатыңқы, қажығандай қабақтары
 Жанышып қалың киім, қару-жарақ.
 Білектей білеуленіп күре тамыры
 Көзіне құйылады тер сорғалап.
 Ақсыйып азу тісі ырсияды
 Арсылдап аш бөрідей қызға қарап.
 Дөңбектей дөңес дене дөңкиеді,
 Тұксисе тұнереді аю қабак
 Жұлқынып жұлынады жер тебініп,
 Біле алмай неғыларын алас-ұрад.
 Талығып, таңдай кеуіп тамсанады,
 Кезерген кебір ернін кезек жалап.
 Шатынап, шарасынан көзі шығып,
 Аларып, адамсынып ызаланад.
 Желпілден танаулары желкөріктей.
 Дауылдай алған демі түр бүркырап,
 Қасқайып қарсы алдында батыр қызы түр.
 Қырандай көзін алмай жауын сынап.
 Тай-тай ғып үміт жүгін буды жүрек,
 Жанғандай жанарынан бақыт шырақ.
 “Алушы андушыны жеңед” деген
 Егерде алушысы болмаса олақ,

Халық үшін, бакыт үшін, тендік үшін
 Қамал жоқ ер алмайтын еткен талап.
 Жау үшін алған қайрап ақ алмасын
 Жалт беріп күресінен қалды қадап
 Шапшыды қара қаны көкке атты
 Жан үшырып тұра үмтүлды
 Жетлей құлап...
 Өркөкірек, жүрт жиренген, қарғалған жан,
 Қарық болды өз қанына ақкан бұлак.
 Гүлдеп күлді дүние көзге шүқып
 — Жауызға жер үстінде жоқ — деп — тұрак.
 Арсызға адамшылық ардан безген,
 Әлемде, айтындаршы кім қынжылад?..
 Ыскырып, әнін салып, биін билеп
 Шаттықтың орман кетті жырын жырлап.

XVIII

Қызыл ер қызыл туын шыңға қадап,
 Қызыл нұры қиядан күнді шалад.
 Қызыл сақшы Отаның ер үлдары
 Қызыл жүлдyz қырағы, ол мұз балак.
 Бостандықтың, бақыттың күзетінде
 Асынғаны ақ алмас киіп болат.
 Жаудың жолын тосуда күндіз-түні,
 Тұлпарлары тіке жал, құрыш қанат.
 Бұлшық еті бесіктей егей төстер,
 Арыстандай ақырып тартқан садақ.
 Көк құрыштан құйғандай жүректері
 Оққа төсеп кеудесін қарсы шабад.
 Екпінімен сілкінтіп жер мен көкті
 Тиген жауын қиратып ойран салад.
 Алып дене, айбатты батырлардың,
 Қынай беліне жарасқан қару жарак.
 Түлеп үшқан Отаның ақ-иығы,
 Коммунизм шыңына қанат қағад.
 Сол ерлердің бірі боп шекараға
 Тобылдың тұңғыш ұлы барған Мұрат
 Азаматтық борышын ақтамай ол
 Ұлы шеру, катарынан қайдан қалад.

Қайтпайтын ер қайраткер, қазак ұлы
Жау дегенде жалыны көкті шалад.
Амангелді, Махамбет, Ер Наурызбай,
Ағалары ел үшін көрген азап.
Қанын төгіп жан берген есіл ерлер,
Жау қолынан етем деп елін азат.
Дегеніне жете алмай өңшең ноян,...
Айрылып ед айбыннан қалың қазак,
Сол ерлердің үрпағы ту үстаған
Темір үзіп тепсінсе қамал бұзад.
Байтақ жерін басқаға бастырмайды
Отан десе олардың қаны қызад.
Тауды, тасты талқандап, суда сұнгіп,
Қанатымен бұлт жарып құнді сыйад.
Адамзаттың бақыты қорғағаны
Қол сүккәнға құрулы темір дүзак.

XIX

Ер Мұрат ертеменен тұрды шында,
Ерлерін Отанымның өлем тында!..
Соқтыққан содырларға соққы берген
Ерлікпен ел алдынан өткен сында.
Егескен елдің жауын екі бөлген,
Ел сүйген ер жүрегін ердің жырла!..
Белінде бес қаруы ерге лайық,
Шынжырлы қолында иті семсер қында.
Кереуке кереге көз, көк болаттай,
Жасалған оқтан сұлу алып тұлға.
Ақ алмас, берен құндақ, көк сұнгілі
Асынған алшысынан ақ болатын
Ақ жүзі төңкерілед оң мен солға.
Қадалад қаршыға көз қақпай кірпік,
Көрінсе жалғыз қара құба жонда.
Көркінен құніренген көргенде жау,
Жұлдызы мандайдағы тұған онға.
Алшайта аршын төсін кере түсіп,
Дүрбімен тұрды қарап ой мен қырға.
Аңғарын Задолжаның басты мұнар
Табиғат таңданғандай батыр ұлға.

Жау десе жауынгерлік елім салты,
 Қан кешіп қан майданда түспек сынға.
 Қан қайнап, намыс билеп ер жүрегін
 Ерлерім аттанады миллион-мыңға.
 Бастырмай туған жерін, сүйген елін,
 Содырлы, сокқы берген талай сүмға,
 Шеп құрган шекараның күзетінде
 Кешегі қазақ ұлы өскен құмда.
 Атылған мылтық даусы поста тұрған
 Батырдың құлағына келді сонда.
 Күтпеген, құдіктенген шекті сезім,
 Жүрегін жетектеді терең сырға.
 Арсылдап, овчарка ит шыр айналды
 Дегендей аттан-аттан, тұрма-тұрма!..
 Қайшылап қос құлағын жерді тырнап
 Секіріп жұлынады тұрмай қолға.
 Қиядан қызыл тулкі көрінгендей,
 Көзінің от ойнады жанарында.

XX

Жанғандай жүрегінен отты жалын,
 Keудеге құйылғандай күштен дарын.
 Тілгендей тастан таспа тал-тал қылып
 Жүзіндей дірілдейді ұстараның.
 Шат көніл, шабытты өмір, шалқыған ел
 Шаттықтың сарқылмайтын жұтқан балын.
 Қүйғандай қорғасыннан құрыш дене
 Қаскыйды қас батыры заманының.
 Сан жаудан сасар емес сасқалақтап,
 Сабыры сазартады бет ажарын
 Көз алмай күзетеді күні-түні
 Отанның ұздірмеске жалғыз талын.
 Тар жолда тайғак кешу тартпайды бас,
 Күн туса сынасатын ердің бағын.
 Ел қорып, жауын торып егей төстер,
 Ел үшін оққа ұстаган шыбын жанын.
 Арсылдап аргы бетте атысқан жау
 Қайнатты жүрегінің ыстық қанын.
 Қамданбай қарап қапыл қалмаймын деп,
 Біртіндеп жинай бастад жолдастарын.

Күтпей-ақ көрейік деп не болса да,
Ұмтылған болды ішінде бірлі жарым.
— Өлгені ердің екі сойлегені
Бұзбаймыз болмашиға елдің заңын.
“Сақтықта қорлық жоқ” деген бар деп
Кигіздің ийтінің ақ халатын.
Жан ұшырып жанындағы жан серігі
Жөнелді жеткізбекке жазған хатын.
Елшісін заставаға аттандырып
Кіжініп, күшін жанып түр Мұратын.
Белдескен, белін буган белгісіз жан,
Алышып, атысумен келді жақын.
Алдынан оқ жауса да, өрт жанса да,
Қорғанар көрінбейді қаймығатын.
Сенгендей сескенбестен келе жатыр.
Елінің тапсырмакқа аманатын.
Бір туып біте өскен бауырындай
Көрді ол, ұлы Отанның азаматын.
Деді ол поста отырган ерді көріп,
— Қорғаушым, қол берушім, күш-куатым.
Қара обадай қайғысын қайық қылып
Қалқытып есті жүрек тазаратын.
Әндептің әлем желі алып кетті
Саған да күн жетті деп қуанатын.

XXI

Дем алып екі иықтан қыз да келді,
Келгенін Фин қызының Мұрат көрді.
Есік пен төрдей жерден тіл қатып ед,
Батыр қыз қол көтеріп жауап берді.
Қызырып, қыз сөзіне түсіне алмай,
Батырың сонда өзіне өкінеді.
Бөгелгенін бойына мін көргендей,
Білінді маңдайының шып-шып тері.
Пакетті қойнындағы қыз ұсынып,
Құлпырды, құралай көз күлімдеді.
Қадалып қақпай кірпік қалды қарап,
Қайғы кашып, бетіне шаттық енді.
— Қыйғыры қыындықтың қылышылдаған
Қыраным, қызыл ерлер келші бері.
Шеп құрып, шеру тартқан шаңдоздарым,
Фин тілін іштерінде кім біледі?..

Шес беріп шыға келді бір жас қыран
 Бүйрығын командирдің естігенде.
 Езілген елден келген ерекше хат,
 Ынтығып, ел тілегін оқып көрді.
 Қайғысын, қан кешкенін қалған елдің
 Жол бойы көргендерін айта берді.
 Майданда бауырының оққа ұшқанын
 Айтуға аузы келмей еніреді.
 Жас жанға не көрсетпед зымыйандар,..
 Қанды жас, қарақат көз мөлдіреді
 Қолқасын жарагаған, қорқау қасқыр.
 Кеміріп елдің басын ермектеді.
 Жауыздар ушықтырып жан жарасын,
 Мендеткен, әлсіреткен қайғы женді.
 Батырлар тісін қайрап тұра алмады,
 Хал-жайын Фин елінің естігенде.
 Буырқанды, бурсанды болаттайын,
 Шыдамады жүрегін ашу керді,
 Ең қымбатты өмірдің капиталын,
 Құтқаруды, құлдықтан макұл көрді.
 Ел тілегін актауга ерден күткен
 Ер жүрегі ерлікпен антын берді,
 Іздегені алдынан табылған қыз
 Қырандарға қосылып қырық түледі.
 Адам үшін, ар үшін, бақыт үшін,
 Ақ бандыға аттанар кезі келді.
 Болат топшы қыраны Отанымның
 Нөсер төгіп ағызды оқтан селді.
 Ен бақыттың шолпаны ойнағанда
 Фин халқының тұманы көтерілді.
 Жау жүрегін жарагалап, жалын шашып,
 Қызыл туы бақыттың желбіреді.
 Оқтай тиіп ұраны жау жанына
 Сілкіндірді дүбірі көк пен жерді.
 Алыптардың ұранын естігенде
 Шымырлатып жүрегін жегі жеді.
 “Бір асқанға бір тосқан” деген рас,
 Болды мекен өзіне қазған көрі.
 Кірерге көр таба алмай Маннархейім,
 Көрінгенге қол созып дірілдеді.

“Сыраға бал, сыйға-сый” деген осы,
Күлді дүние, тарихқа қубірледі.
Әлем айғақ сөзіме, мақтан емес
Ерлік ісін ерімнің ел біледі,
Ел көсемі бастаган ерлерім бар
Еш жауызда кетпейді елдің кегі...

1940-1941

* * *

“Фин қызы” поэмасының араб әрпімен жазылған қолжазбасы КР орталық мемлекеттік архивінде сактаулы (№1744 қор №2 тізімдеме №32 іс). Бұрын еш жерде жарияланбagan сыңайты. Қолжазбамен бірге поэмага жазылған үш автордың пікірлері де сакталыпты. Ұлы отан соғысында қаза тапқан қазақтың талантты ақыны Абдолла Жұмағалиев: “*Фин қызы*” атты поэманы оқыды. Поэма жсаман жазылған сияқты. Тілі, көркемдік жағынан жазылып жүрген қыска-қыска поэмалардан қалыспайды. Сюжеті де біркелкі тәуір. Әйтсе де мінсіз нәрсе болмайды — кейбір жерлерде сөздің әлсіздігі де байқалады. Бірақ ол поэманың жалты нұсқасына кесел тигізбейді. Қорытып айтқанда, поэма тәуір ғой деп есептеймін” деп жазыпты. Сағынғали Сейітовтың поэмага қатысты білдірген пікіріне қарағанда “*Фин қызы*” 1941 жылдың 10 ақпанына шейін, 1940 жылы жазылған.

Көңіл айту Жоқтаулар Жұбату

*Қалаѝғана бөлінем сенен тірлік,
Ұзак уақыт ажыраспай бірге жүрдік.
Аз қуандым, көп жыладым, қайғы жұттым,
Шолак екен дүние,*
енде білдік.

*Жолбарыстай жүректі агаларым,
Әрқайсын ақылшым деп бағаладым.
Сендер тірі түрғанда еркеледім,
Бар-жоғына дүниенің қарамадым.*

*Арыстандай айбатты інілерім,
Мерекелі, думанды жүрген жерін.
Аға-інімнің бәрін де аттандырып,
Жар басында жалғыз қап,*
шықпайды үнім...

АРЫЗДАСЫП АҚЫРҒЫ РЕТ

1937 жылы Ақтөбе қаласында, Некрасов атындағы көшеде, №60 үйде тұрдық. 82 жаста атам, Нұржамал, Атымтай деген екі балам бар. Нұржамал 8 жаста. Сол жылы казақ мектебіне окуға бердім. Ұлым қатты ауырып қалды. Сапарғали Сәрсенбаев деген қайным 15 жаста. Қолымыздагының борін күнде шыгарып сатып, тамак етеміз. Бар тәуір дегендерімізді сатып мың сомға, бір жылға екі бөлмелі пәтер жалдадық. Сол уақытта Торғайлық Тұржанов Әли деген азаматтың үш қызы, жолдасы Рәзия бізге қарсы, біреудің астынғы үйінде тұрды. Үйлері оте нашар еді. Әли почтаның бастығы, Рәзия сол ауданды комсомол комитетінің бірінші секретары болатын. Әлиді ұстағаннан кейін Рәзияны комсомолдан, пәтерден, жұмыстан шыгарып тастады. Содан қалаға көшіп келді. Балалары қыстың күні қызылшамен ауырып, бір жетінің ішінде үшеуі де өлді. Жалғыз қалған Рәзия есігін бекітіп, біздің үйде тұрды. Өзінің ескілікті өкпе ауруы қозып, 1938 жылдың март айының басында ауруханада 25 жасында қайтыс болды, қолымнан жерледім. Басына аты-жөнін жазып, қаңылтырдан белгі қойдым.

* * *

Денеден кетіп тор еті,
Тарығып жатты бір жас жан.
Тірі адамның суреті,
Көзде нұр жок, бетте қан...

Кезерген ерні кеберіп,
Сөйлеуге тілі келмейді.
Шықпаған сұлде жатыр тек,
Көзі де еркін көрмейді.

Таралған қолы тарамыс,
Буындары қазылған.
Сарқылып біткен қуат-күш,
Шыққалы тұр шыбын жан.

Кусырылып танауы,
Демін қатты алады.
Жас жан қандай аяулы,
Езіліп жүрек барады...

Жатыр жалғыз бір бөлмеде,
Жатыр көзін ашып-жұмып.
Тулаған жан қеудеде,
Түр лыпылдаң кетпей тынып...

Мені көріп кетті ойға,
Қайта жұмып қара көзін.
Бар қуатын жиып бойға,
Айтқысы кеп соңғы сөзін.

Көзін ашып, қолын созды,
Арыздаспақ ақырғы рет.
“Қош бол досым” деген сөзді,
Қайталады бірнеше рет.

Қош, жаным, қош енді,
Қош разымын, досым саған.
Құшақташы ақтық мені,
Разы болсаң сен де маған!...

Деді де дос құшақ ашты,
Құшағына кірдім барып.
Жүргіне қысып басты,
Ақырғы жас көзден ағып.

Өксіп-өксіп аймаладым,
Сүйдім достың солған жүзін.
Қақты иегін, берді жанын,
Жұмды мәнгі қара көзін.

Әшті шырақ, өлді дос,
Құшты сүйқ қара жер.
Сені тербеп жырлады дос,
Дос құрметін қабыл көр!

Бұл өлең жазылғаннан кейін екі жыл өткенде, Әли Тұржанов ақталып келді. Бірақ артында қалған торт жаның олімін котерс алмай, соғыс жылдары Қостанай қаласында ауруханада қайтыс болды. Сөйтіл нақақтан-нақақ бір үйлі жан қырылып қалды. Кімнен көресін!...

СОҚПАЙДЫ ҮСТҮҮК ЖҮРЕГІН
(*Күлмайрам Дијарованың өліміне*)

Ізгі жанды, таза жүрек, жарқын жұз,
Орта бойлы, жұмыр дене, отты көз.
Қара шашы иығынан төгілген,
Еркін өмір еркесі едің ашық сөз.

Бас қосқанда базар едің жайнаған,
Ән салғанда бұлбұл едің сайраған.
Әзілдессен алдырмайтын құрбыға,
Ортеке едің ортамызда ойнаған.

Ақ көнілді, ашық қолды, береген,
Кең пейілді, кем-кетікті көреген.
Жалғыз дәнді жарып жеген жақынмен,
Еттің қызмет аз өмірінде төбеден.

Тарыққанда тар кезенде көрінген,
Сергелденде шығып едің көнілден.
Шын жаңынмен қайғыма ортақ болып ең,
Мен жүргенде сокқы көріп өмірден.

Сүйткен сенің көрдім міне өлімін,
Кимай бауырым, кетті бұзылып көнілім.
Кос ботасы қалды боздап артында,
Жас жүрегін жастай езіп қайғы-мүн.

Сүйген жарың көзден таса қылмайтын,
Сені көрмей жалғыз минут тұрмайтын.
Өз қолымен қойды салып табытқа,
Ұйқыдастың мәнгі бойы тұрмайтын.

Денең сұық, соқпайды ыстық жүрегің,
Солған жүзің, семген балғын білегің.
Ыстық жасы тұнық көзден домалай,
Асылады ақ төсіне бөбегің.

Бес жастағы шырылдайды Оразжан,
— Шын кеттің бе маматайым дүниеден.
Үш жастағы Марат бала таңданып,
Саған қарап мұнаяды сәби жан.

Жансыз ана жатыр төзіп балаға,
Жан шыққан соң анада ерік қала ма...
Қондырмаққа мекеніне мәнгілік,
Келдік алып табытпенен молаға.

Кірді ана, сұық жердің қойнына,
Қалды бала асылатын мойнына.
Қалды бәрі қара тұман ішінде,
Еркіне оны тағдыр шіркін қойды ма?..

Кош бол жаным, басымды идім, Күлмәйрам,
Өлгенімше кетпессің сен еш ойдан.
Жатқан жерің торқа болсын жас ару,
Ақын досың жырга бөлеп, мұңайған!

1941

ЖАЛҒЫЗ ЕДІҢ

Арада бір жыл өткенде, Күлмайрамның жары, НКВД-ның белді қызметкери Султан Дайыровтың өзі ауыр науқастан қаза болды. Бұл азаматтың туған жері Қостанай ауданы, “Красный Октябрь” (қазақтар “Дөлгей ауыл” дейтін) совхозында туып өсken, жалқы жігіт еді. Бұлардан қалған екі баланың Марат деген кішісі қайтыс болды. Ал Оразжанды нағашылары алыпты. Сырт естуім, — қазір Оразжан азамат, тракторист, балалы-шагалы, сол нағашыларына сініп кеткен көрінеді.

Бір жыл тудық, бір өлкенің бойында,
Бірге жүрдік қыры менен ойында.
Бір Тобылдың сүйін іштік таласып,
Балалықтың күнде базар тойында.

Ержеттік біз, еркеледік омірге,
Жақсы-жаман тартты сыйын өмір де.
Дүние деген кең сарайды шарладық,
Бірде шаттық, бірде қайғы көнілде.

Талаптаңдық, талай іске жетті қол,
Тап болды талай тар кезендер, тайғақ жол.
Тәуекел деп тайсақтамай өтуші ек,
Кездессе де алдымыздан құрған тор.

Соның бәрі бір құнгідей болмады,
Өтті өмір, тегершігі зырлады.
Отыз бестен жасың аса бергенде,
Болдың ғайып, тірлік шіркін тұрмады.

Жалғыз едің бір атадан сен қалған,
Сенен бұрын қаза болды Құлмәйрам.
Екі бала қалды зарлап панасыз,
Аянышты кетер емес сол ойдан.

Бала-бала дегенде көрген балалар,
Қалды жетім, енді кімді паналар.
Жетім демес, жеткізер ол, өсірер,
Тірі келсе Серғалидай ағалар.

Анаң мен деп, мен де құшақ ашармын,
Қүшактармын, жүрегіме басармын.
Сендер үшін мандай терді сыйрып,
Жеткізермін, жетім басын қосармын.

Жеткен күні, атынды атар бөбекін,
Жеткенінше сатулы емес көмегім.
Аланда май үйікта тыныш бауырлар,
Дос міндеттін өлгенінші ақтап көремін.

1942

БОТПАНШЫҚ

Откелін Ботпаншықтың өттім кесіп,
Тобылдың күміс сүйін жырмен есіп.
Шарқ ұрып сайрандаған қайран жерлер,
Құлазып, ку дала бол қалдың нешік?!

Ұл сүйіп, отау тіккен қонысым-ай,
Саянда таянып ем алтын бесік.
Үзіліп кірпігімнен ыстық жасым,
Егілдім өткен өмір еске түсіп.

Басайын өксігімді жәйіп қанат,
Аңсаған топырағынды сенің құшып.
Келін боп, желеқ жамылдып түскен жерім,
Көркінді бір көруге келдім сенің.

Иесіз көң, елсіз дала, үнсіз мола,
Жанымды улағандай болды менің.
Түйір боп, тұзды жасым домаласа,
Тұншығып, жалын атып алған демім.

Бензиннің битонына от бергендей,
Лап етіп кетті қайнап ішкі шерім.
Боздаған, ботасы өлген боз інгендей,
Тербейін Ботпаншықтың ылди-өрін.

Қойныңды қоныстанған елің қайда?
Өсірген ұлы-қызың сенің қайда.
Атқанда бакыт таны күншығыстан,
Кешегі қөркейген күнің қайда?..

Бүйра бас, жасыл жапырақ талың қайда,
Тік қабак, кемері кең, жарың қайда?
Әлпештеп, алақандай мені өсірген,
Кеңпейіл — кемпір менен шалың қайда?...

Ән шырқап асыр салған, ауылым қайда?
Тебіскен тай-құлындау бауырым қайда?
Аңсап келіп едім, әдейі іздеп,
Бір жан жоқ, дыбыс берер осы жайда .

Аға-іні, құрбы-құрдас, абысыным,
Көрінші тым болмаса көзге бірің.
Аңырап ән саламын асқақтата,
Сендерге жетер ме екен мұнды үнім.

Тірі жан, өлі аруақ елеңдесін,
Тигенде құлағына менің жырым.
Тіл қатпай, тебіренбей жатыр неге,
Анасын ұмытқан ба жалғыз ұлым.

Маманды бір иіскеши Зәқарияжан,
Аңсаған ана көкірек алсын тыным.
Жатқалы 24 жыл жер қойнында,
Көз нұрым, куанышым, қызыл гүлім.

Келем бе, келмеймін бе қасыңа енді
Тарқатып құмарымды сайра тілім!

Бұл өлең ақынның туған жеріне Академия экспедициясымен
барған сапарында жазылған. “Ботпаншық” — откелдің аты, Мәриям
апайдың 15 жасында отау тігіп, сәби сүйген ата қонысы.

ҚАЙРАТТЫ БОЛ, САҚТА ӨЗІНДІ

(Зайра Әбдібек келінінің інісі қайтыс болғандағы көңіл айту)

Жан бар ма дүниеде мәңгі өлмес,
Шырақ жоқ маздап тұрған мәңгі сөнбес.
Қайғымыз, тағдырымыз бәрі үқсас,
Жүректің сыры терең, адам білмес.
Қазаның қайыры болсын, жас боздағын,
Сапарға аттаныпты барса келмес!..

Бауырың-бауырынды езеді екен,
Шырқырап шықпаған жан төзеді екен.
Ой-қиялын уланып, ажал арпап,
Суық тартып, сүм жүрек сезеді екен.
Жүріс-тұрыс, мінезі түскенде еске,
Өн бойынды от-жалын кезеді екен.

Қайдан білсін басынан өтпеген жан,
Мұндай күйге әзірше жетпеген жан.
Досың жылап, дүшпаның сынаиды екен,
Жаны ашымас біреулер көреді тан.
Дүниеге шырқырап келген адам,
Ақыр бір күн өледі, өзгермес заң...

Жылама, жылағаннан келмейді екен,
Жаратқан көздің жасын көрмейді екен.
Іши-баурың елжіреп тұрсадағы,
Ажал жетпей, қалған жан өлмейді екен.
Қайтесің қайратты бол, сақта өзінді,
Бауыр шіркін, бар қайғынды тербейді екен.

Үрпағы бар артында қакқан қанат,
Алданасың, амал жоқ, соған қарап.
Ақылшы, сүйеніш бол сендер тұрсан,
Алтауы-алты жерден от бол жанат.
Септің, батырыңмен болсын аман,
Карағым, сабыр ет те қыл қанағат!..

1974

ЖАЛЫН БОП ЖАНЫП ЕДІҢ (Жамал Қаңлыбаевың табыты жасында)

Жатырсың тар табытта қайран Жамал,
Жамалға жан бітірер бар ма амал?!
Мамалап-Бибігулің сағынғанда,
Ақ жарқын, ақ жүзінді қайдан табар?!

Жалын боп жанып едің, лезде сондің,
Сүм ажал қайдан тауып, қалай төндің?
Ата-анаң қаусап қалды, белін бүгіп,
Карғам-ай бұл сапарға қалай көндің?

О, Жамал, жарық дүние қалды артында,
Разы боп ел-жұртың мен бар халқың да.
Өшпейді сенің атың, жаққан отың,
Гүлдейді, жайнай бермек сол қалпында!..

Ел-жұртың ұмытпайды ерке қызын,
Өлгенше көз алдымда сенің жүзін.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менін,
Кенеттен таусылат деп дәм-тұзын...

1974

ОТАН ҮШІН ОККА ҮШІКАН

Исмагұлов Самырал деген ағамыз майданнан оралмады. Оның зайыбы Қапан деген жемгеміз шиеттей торт баламен жесір қалды. Бір ұл, екі қызы дәрігер. Бір ұлы инженер. Өзі 1983 жылдың жазында кайтыс болды. 1984 жылдың коктемінде балалар шешесінің басына

көктас қойды. Оның қасына әкелерінің атына көк тас қойды. Сол тастарға мен мынадай сөздерді жазған едім:

Әкеміз біздің майдангер,
Отан үшін оққа ұшқан.
Оралмай кетті қайран ер,
Мәңгі өшпес от қүшқан.

Өзіңнен қалған төрт бала,
Келеміз күнде басыңа.
Сүйген жарың, жақсы ана,
Жатты келіп қасыңа.

Туган жердің төсіне,
Атына арнап қойдық тас.
Үрпағың алып есіне,
Аруағыңа идік бас!

АНАЛАРЫНА

Жастай қалып жарыңнан,
Еңбек еттің бала үшін.
Сенің мұнды зарыңнан,
Өксіп, тартқан дала ішін...

Талай ауыр күндерді,
Өз басыңнан өткіздің.
Жетектей жүріп біздерді,
Арман тауға жеткіздің.

Әке де болдың анашым,
Шеше де болдың анашым.
Ақ сүтінмен суардың,
Ұл-қызыңың санасын.

Сағынғанда анашым,
Қанатты құстай ұшамыз.
Анашым деп аймалап,
Көк тасынды қүшамыз...

1984

ЖЫҒЫЛМАДЫҚ ЖОЛЫМЫЗДАН...

Қамаш Ярылқамышова 1925 жылдан партия мүшесі, Шолпан Иманбаевың жаңындай көрген досы. 78 жасында 1978 жылы дүние салды. Тұған жері Семей облысы болатын. Бала да, бауыры да жоқ еді. Қоюын, жетісін, қырқын, жылын жолдастары мен Орталық Музейдің коллективі өткізді. Төмендегі өлеңді осы аяулы апамызға арнаймын.

Жан едің, жайсаң едің, ер мінезді,
Ақылшы апа деуші ек біздер, сізді.
Келбетің, кесек тұлғаң, кең қеудене,
Жарасқан нұр ойнайтын жүзінізде.

Ақ көңіл, дарқан едің бейілің кен,
Ақыл-ой, адамшылығың болмады кем.
Досы едің ақын Шолпан апамыздың,
Шолпан үшін аруағынды тербедім мен.

Жыл толды, оргамыздан кеткеніңе,
Жасыныз 78-ге жеткенінде.
Жаутаңдап жаттың-ау сен қайран сабаз,
Сүм дүние сылаң етіп өткенинде.

Ақ жуып, аруладық қолымыздан,
Жиналдық, жығылмағық жолымыздан.
Достықтың барлық шартын орындағық,
Атаусыз қалдырмадық соңыныздан.

Амал не, жер қойнына жаттың бойлап,
Аңсаймыз, сағынамыз кейде ойлап.
Балаң да, бауырың да біздер болдық,
Силасқан тіршілікте құліп-ойнап.

Қызы едің қазағымның белі берік,
Қайқайып қатар біткен келбет-көрік.
Топырағың торқа болсын Қамаш апа,
Гүл қойдық қабырыңа,
басына келіп.

Тату ек, тағдырлас ек мұнымыз бір,
Ақтарылып айтылатын көргенде сыр.
Ескерткіш өлең жаздым өзіңе арнап,
Достардың сый-құрметін рухыңмен біл.

ҚАБЫРҒАҢ ҚАУСАП ҚАЛДЫ-АУ...

1980 жылдың 7 июль айында Алматыдан үшатын үлкен самолет намыт болды. 162 адамның ажалы сол жерде жетті. Соның ішінде маған нағашы есепті Хамза Макуповтың жолдасы Аманқұл 10 класта оқитын ұлы, 5 жасар қызымен жанып кетті. Мен кезінде ести алмадым. Кейін естіп Хамзага қөніл айтып, хат жаздым. Хатты қара созбен бастап олеңмен аяқтадым:

ҚАДЫРЛЫ ХАМЗА!

Сенің қабырған қаусап, шаңырағың шайқалып, қайғылы қазага үшырап жатқаныңды енді естіп, есім шыкты. Мен хабарланбадым, арманда қалдым. Алдымнан кесіп отпеген, әдептің асылынан пішіп алғандай аяулы Аманқұл келінімді қос бобегімен акырғы сапарына шығарып салып, ыстық сезімімді, отты сөзімді табытына қадай алмай қалдым... Қатты өкіндім.

Амал қанша, тағдыр солай ракымсыз болса? Басы жұмыр пәнде бәрін де көтереді... Бәріне де конеді... Жүгін ауыр-ак. Қарағым, сабыр ет, ойлан. Азаматсың гой, шыдайсың да! “Орнында бар оналар” деген гой бұрынғылар. Қолындағы жалғыз талың аман болсың!

Ардагер азаматсың етің тірі,
Дей алмаймын мен көптің бірі.
Өрт шалғанда алма ағаштай қарауыттың,
Сабағынан үзілген бір шоқ гүлі.

Қабырғаң қаусап қалды қайран бауырим,
Шалқыған, шарықтаған отті дәуірің.
Үйірінен айрылған құландайын,
Арқаладың қапыда жүк ауырын.

Е, Хамза, сабыр етіп ойлан терең,
Қас қаққанша жоқ болды өншең өрен.
Зілдей басқан қайғынды бір серпуге,
Жарап ма екен жаным-ай, мынау өлең?!

Еріккеннен жазғам жоқ өлең жолын,
Жас кетті,
жетер емес соzsам қолым.
Қайғына ортақтын мен, ана атынан,
Жатса да алыс
жоғалтпас ақын орнын.

Сабыр ет деу де қын саған енді,
Самсаған үш шырағың қатар сөнді.
Отаныңың басынан не өтпелі,
Киналды, қындықтың бәрін женді.

Көне біл, көтере біл ауырлықты,
Алдымға ұстап айтамын бауырлықты.
Қазаның қайыры болсын қайран Хамза,
Көз жасы,
жан күйігі жыр боп шықты.

1980

ҚАРА ОРМАНДАЙ ҚАМҚОРЫМ

(Ата туралы жаңа жоқтау)

Ауыл-аймақ, ағайын
Мұнды айтып шағайын.
Атакем отті дүниеден,
Үндемей қалай қалайын?
Көңілдің қимас күйігін
Ортаңа әкеп салайын.
Жалғызың үшін жан атам,
Таршылықтың көрдің талайын.
Қара ормандай қамқорым,
Қалғандай қаусап маңайым.
Батар күндей батсаң да
Тіріге сізді балаймын.

Кеттің бе шын аташым,
Кеше гөр сөздің қатасын.
“Бақытты бол, балам!” деп,
Беріп ед талай батасын.
Болатын қалай ұмытар,
Еркелеткен атасын.
Ақаның қалай ұмытар,
Көрмеген үйдің жапасын.

Батагөй менің аташым,
Жаныма сондай батасың.
Қара жердің қойнында,
Қалай ғана жатасың?!

Ахметбек пен Болатың,
Артында қалған қанатың.
Өміріңің жалғасы,
Қос шырағың жанатын.
Ағайын-туған, ел-жұрттың,
Күн болды-ау бөлініп қалатын.
Жетті ме уақыт шынымен,
Жер қойнына қонағын.
Ақ күн тусын алдыңнан,
Артында ортаң толатын.
Тіршілікте кім білген,
Көз жұмылып, тіл тоқтап,
Қызыл жүздің солатынын.

Бақұл бол аттан Атекем,
Атынды мәңгі жат етем!
Ренжи көрме біздерге,
Біз разымыз сіздерге!

Торқа болсын топырағың,
Түспесін үзіліп жапырағың.
Қатеміз болса кеше көр,
Түйінің болса шеше көр!

Берекен қалсын артында,
Беделің қалсын халқында!
Орнасын бақыт еліңе,
Орнасын ырыс жеріңе.

Еңбегінді ақтайын,
Аз да болса жоқтайын.
Аруағыңа бас ұрып
Қасиетті қазактың.
Салт-санасын сақтайын.
Сөге көрме ел-жұрттың,
Сөзді ұзатпай шақтайын.
Файып болды-ау көзімнен,
Панаңы мол қарт қайын.
Кешіре ғөр әлеумет,
Токта десендер, тоқтайын!

*Бұл жеке тауды Жұмабай келіні Сақанның сұрауымен жазған
едім. Қарптары бар кейібір әйелдер көширіп алды.*

БӘЙТЕРЕККЕ ТЕҢ ЕДІН

(Ана туралы)

Жатырсың үйықтап өжекем,
Сен барда көнілім мәз еken.
Еркелеп келсем алдыңа,
Келбетің шуак, жаз еken.

Алаңы жоқ ана едін,
Алдында сенің бала едім.
Кең пейілді, керемет,
Шалқып жатқан дала едін.

Айбынды едің, асқақ ең,
Адалдыққа өзің бастап ең.
Куанып келсем құшақтап,
Ақ маманды жастап ең.

Аялы еді алақаның,
Мейірімді еді адад жаның.
Кекіргіме үялайтың,
Сенің айтқан ақылдарың.

Қызындаі бағып өсірдін,
Еркелігімді кешірдің.
“Жаралы жүрек жамауым,”
Дегенінді еске түсірдім.

Жаманымды жасырдың,
Жақсымды айтып асырдың.
Ренжіткен болсам кеше гөр,
Аруағыңа бас үрдым.

Тумадың деп көрмедін,
Тұғанына жүрттың бермедін.
Тұғаннан артық анашым,
Қимай сені енредім.

Үйдің де көркі сен едің,
Күйдің де көркі сен едін.
Бәйтерекке тең едін,
Еш нәрсені ойламай.
Балаша жүрген мен едім.

Баурыңа салған немерең,
Енді кімге еркелер.
“Әжем” деп құшактай алатын,
Әжесіз қалай күн көрер!

Бетіңе қарап көрмеген,
Жалғызың отыр басында.
Бір ауыз сөзге келмеген,
Достарың отыр қасында.

Көрерміз таңың атқанын,
Көрерміз күннің батқаның.
Есімнен кетпес бірақ та,
Мөлдіреп сенің жатқаның.

Анашым, менің Анашым,
Қай жаққа кетіп барасың?!
Шулатып тастап біздерді,
Әкеттің бе, ажал сүм!

Ақылыңды да сағынармын,
Ашуыңды да сағынармын.
“Қарағым” деген сөзінді,
Аңсап сенің,
ағылармын.

Топырағың торқа бол,
Жарық болсын жатқан жер.
Анамызды аялап,
Аттандырды туған ел.

Ақ күн туып алдыңнан,
Артың болсын қайырлы.
Сумандаған сүм ажал,
Анамыздан айырды.

Қош, анашым, бақыл бол,
Бар тілегім сол ғана.
Ұмытпаспын өлгенше,
Айтармын ансан толғана.

АЖАР АНАНЫң ЖОҚТАУЫ

Төмөндеңі олеңді Ажар Мусина деген 63 жастағы қарт ана — 1966 жылы елге барғанымда маған арнап айтқан еді. Автордың тұрағы Костанай облысы, Боровский ауданы, Қызылтас совхозы, Күзекшоқ селосы.

Хакімжанова Мәриям сенің атың,
Нәсілдес болып шықты нағашы затың.
Тұрганда тісім түгел, тілім тозбай,
Қолыма бір тимеді-ау жазған хатың.

Дүбірлеп лепіруші-ем, көрсем жиын,
Қазақтың алушы едім жүлде-сыйын.
Бұл кезде жасым озып, тұрмыс билеп,
Болмай жүр бұрынғыдай менің күйім.

Жорғалап тұрмаса да қолда қалам,
Кеудемнен күмбірлеген олең табам.
“Орамал тонға емес, жолға” деген,
Сый етіп олеңімді тартым саған.

Талайды жеткіздің гой созбен демеп,
Мендағы келіп тұрмын тілеп көмек.
Ауылым аттансан да Ажар ақын,
Газетке бір шықладым, неме керек.

Бұ кісінің тағдыры аса аянышты. Жалғыз ұлы Мақаш кіл бескес оқыпты. 11 жылдық мектепті жақсы бітіріп, орта білім алған. Кейін үстамалы ауруға шалдырып, әрі қарай оки алмайды. Әлгіндегі ауру болған соң оған қолайлы жұмыстың да реті келмейтіні белгілі, содан 1969 жылы жұмыс іздел кетеді. Жана жылға үйіне қайтып келе жатқанда жолда шофердің бензині бітіп қалады. Шофер бензин іздел кетеді. Мақаш машинада қалады. Шофер қайтып келсе, Мақаш жок. Арада бес күн откенде шофер машинада қалған Мақаштың шабаданын үйіне оқеп беріп, озін жоғалтып алғанын айтады. Содан жұрт сабылып іздейді. Мектептің спорт алаңына келіп құлан, өліп жатқан Мақаштың денесін табады. Үстіндегі тоуір, жылы киімдері жок.

Мақаштың анасы Ажар заманында ақын болған, айтысқа түсіп, жүлде алып жүрген кісі. Сауатсыз адам. Бірақ соз құрауды жақсы. Табанда суырып салып айтқан жоқтау жырын 1971 жылы жазып алған едім.

Елі-жұртым келді маған жиылып,
Сені естіртті, кетті деп жастай қызылып.
Ботасы өлген боз інгендей боздадым,
Қан аралас көздің жасы құзылып.

У толғандай өртенеді өзегім,
Жол менікі еді, саған тап болды кезегім.
Ақ боранмен алысып өткен құлымынам,
Жан таласып, қиналғаныңды сеземін.

Көзім көріп, естімедім үнінді,
Кімге айтайын ішім толған мұнымды.
Сар далада сарнап жатып жан бердің,
Кімнен сұрап, кімнен алам құнынды.

Айтшы-айтшы көргенінді жарғайың,
Айғақ болса,
арман бар ма, бар қайың..!
Жарқайыңда жоғалттым деп шофер тұр,
Сондықтан да саған келіп зарлаймын.

Әлде шофер тұр ма айтып өтірік,
Әлде өзі кетті ме еken өлтіріп?..
Өлтіретін өштескен жан емес ед,
Алды ма құдай өзі есебін келтіріп...

Ойлап кетсем өрттей лаулап күйігім,
Сен дегенде табам сөздің қынын.
Мұз жастанып, қар жамылған қыршыным,
Кім шешті еken,
Кім алды еken киімін?..

Қарғаймын да, зарлаймын да мен ғарып,
Ah, ұрамың, атыламын іш жанып.
Қардан киіп кебінінді жаттың сен,
Жаңа жылды өлігімен қарсы алып.

Қалай шықты жас кеуденен шыбын жан,
Мен білмеймін, сен айтпасаң өлі тән.
Шыныменен сұраусыз-ақ кеттің бе,
Қайда, қайда Ленин жазған ұлы заң?

Қандай жауыз шынарымды құлатты,
Қандай жауыз сорлы ананды жылатты?!
Бес құн бойы айтпай қойған шоферға,
Неге олай? Деп бір жан қоймайды сұракты.

Ойлаймын да іштен жанып күйемін,
Қатып қалған маңдайыңды сүйемін.
Тіл қатпайсың, тебіренбейсің құлыным,
Ұмыттың ба қызығын бұл дүниенің.

Құтылды шофер, қабагын да шытпады,
Тергеушілер шофердің сөзін құптады.
Сары аязда бес күн жатқан сарбазым,
Сенімен бірге неге жаным шықпады?!

Сеніменен бірге неге мені көмбеді,
Қалтылдаған көрі шырақ сөнбеді.
Қараталдан жұмыс таптай қаңғырдың,
Осыларың азаматтарым жөн бе еді?..

Жылатқандар мендей болып жыласын,
Сендей болып сере қатып сұласын.
“Жаны күйген қарғайды деген таңсірін”,
Күймегенде қорлыққа қалай шыдайсың.

Он бір жыл оқып ең сәулем білімді,
Жеткенде құдай солдырды қызыл гүлімді.
Қалай ғана ұмытармын Мақашым,
Айналайын, “анашибим!” деген тілінді!..

Қөрмеймін деп ойладым ба сонда мен,
Тұтқаны ұстап қарай бердің маған сен.
Ақсия күліп “Апа, қош” дедің де,
Автобусқа жүгіріп едің алмай дем.

Қыс та өтіп, келіп қалды нұрлы жаз,
Балапанын ертіп үйрек-қаз.
Қаймақшыған қара суда жүзіп жүр,
Балапаны бауырында, ана мәз.

Жаз да келді жасыл тонын жамылып,
Бәйшешектен бар түймесін тағынып.
Тобылды бойлап еңіреймін егіліп,
Қапыда кеткен Мақашымды сағынып.

Бала болып, балалық қызығын көрмедін,
Жігіт болып, өмірде еркін жүрмедін.
Мүгедек болып, қорғаладың, қорындың,
Кор боп бұлай олерінді білмедім.

Сен де арманда, мен де арманда жайсаңым,
Қай қылығынды айтып сенің тауысамын.
Топырағың торқа болсын қарагым,
Жел сүреген қаңбактай боп қаусадым.

Зарландым да, зарықтым да, жыладым,
Есім ауып, далада талай құладым.
Сорлы анаң сұығанша ұмытпас,
Қалғандардың жақсылығын сұрадым.

Ажар ақын бұл күнде дүниесден отіп кетіпті.

ӨЗІҢМЕН ЗАМАНЫМ БІР (Зүфнұн Нұрмақоваға)

Көрдім де келбетінді қарапайым.
Жақынымдай сезіндім көрген сайын.
Қолдан келсе достықпен аялайын,
Жанынды жарагалаған қайғы-уайым.

Жасым қатар, өзіңмен заманым бір,
Айтылмайтын ақында болмайды сыр.
Бастан өткен өмірдің бәрі де үқсас,
Түгел айтып беруге жетпейді тіл.

Қыындықты көтерген жастық екен,
Өкінішпен кей-кезде ойлап кетем.
Откен-өтіп кетті ғой орны бітпес,
Қара тұтып қалғанымызға сабыр етем.

Жас та кірді алпыстың құшағына,
Шаш та өзгерді акқуға үксады да.
Өмір жылжып барады алдап-арбап,
Сездірмейді, жіпсіз бізді тұсады да.

Берік бол өзінді-озін сергек ұста,
Беріктік өте қажет осы тұста.
“Нар котерер дегендей жүк ауырын”,
Осымен додарайын сөзді қысқа.

ЖҮРЕГІНДІ ЕМДЕЙІН

(Файни Хайруллинаға)

“Нашар ғана жаным бар Мәриям апай”,
 Деген сөзің қеудеме қалды-ау ұйып.
 Көптің бірі болсам да таныскан жай,
 Жан сырынды айттың-ау маған жиып.

Қапаланба, мұңайма Файни қалқам,
 Бере алмаспаз ажалға сені қыып.
 Жасық емес, жаралған жаның дарқан,
 Жүрегінді емдейін өлең құйып.

Көкжал қызы қазақтың сен емеспе ен,
 Кәкір-шүкір ауруды жібер айдал.
 Құс төресі ақкуға тең емеспен,
 Көккем өнер төріне шықшы жайнап.

Қасиетті сахнадан көріскенше,
 Деп ұсынам өзіңе жыр маржанын.
 Ескерткіші апаңның бүл ерекше,
 Қабыл ал аз да болса Файни жаным!

Файни Хайруллинамен 1966 жылы, 29 майда “Қаргалы” демалыс үйінде кездестім. Ол жастар театрының бас режиссеры екен. Жүрек ауруымен ауырады екен. Түсі жүдеу, қоңілі капа. Жолласы күніне екі мезгіл келіп, қыдыртып, қоңілін көтеріп кетеді.

От ауызды, орак тісті, ак қоңіл Файни маған да ұнады. Бірақ науқасы ауыр еді. Кей күні маған еріп серуенге шығады. Кей күні “Апай, менің бүгін халым нашар. Жүруге зауқым жок. Ренжімесеніз өлең оқып, әңгімелесіп үйде болайықшы” – дейтін.

Менің қайтатын күнім болып қалды. Сол жерде суретке түстік. Сол суреттің сыртына жазған өлеңімді, өзі бір баяу айтылатын әнге салып айтып жүретін. Қашан өзінен дәрмен кеткенше, хал білсіп түрдыш.

Мен командировкаға кеткен кезімде дүниеден отіп кетіпті аяулы ару, талант иесі.

1966

ХОШ ЖАЙСАЦЫМ
(Бауырым Жақияның табыты жасында)

Акқудайын құлаштап жүзген өмірді,
Ақ жарқыным, ақ мандағылым көнілді.
Ай қабакты, күн көкіректі көріктім,
Арман, қайғың аһ үрғызды, кемірді.
Аш көзінді, аяулым бір қараашы,
Анырап апаң, ақ жүзіне телмірді.
Арқа сүйер аскар тауым, ардағым,
Қақ төбемнен жай түскендей жемірді.

Кім әкеліп салды сені табытқа,
Жатамын деп ойлаппа едің табытта.
Бір адамға қабағын шытып көрмеген,
Жайдары едің, жайсан едің халыққа.
Сұлу мүшен сұлық жатыр сұнғақтым,
Көз жұмұлы қарамайсың жарыққа.
Қара жерге бойлагалы сен тұрсың,
Апаң анырап қалып барад жарықта...

Неге сүйқ сенің жазық мандағын,
Неге үндеңейд сенің бұлбұл тандайың.
Неге маған қарамайсың бауырим,
“Апашым” деп неге айтпайсың, зарлаймын.
Неге маған қатал болды бұл тағдыр,
Қындықтың арқаладым қандайың?!
Неге менен арылмайды қайғы, дерт,
Тагы тиді-ау қара тасқа мандағым.

Неге ашпайсың жарқыратып көзінді,
Неге айтпайсың “апа” деген сөзінді.
Неге маған еркелемей жатырсың,
Не сүйтты сенің аппақ жүзінді.
Неге маған тіл қатпайсың тебіреніп,
Неге үйіқтадың, неге ұмыттың өзінді.
Неге ғана тырп етпейсің бауырим,
Қайдан таптың тастай берік төзімді?!

Қакырады, қабыргам мениң сөгілді,
Күнірендім, көзімнің жасы төгілді.
Омырылып кеткендей бел омыртқам,
Қапсағай денем қармақтай болып бүгілді.
Ет жүрегім елжірессе егіліп,
Сом сүйегім бордай болып үгілді.
Өкінішпен уға толып озегім,
Жалақтап жалын он бойымда жүгірді.

Қасында түр алған жарын, ұл-қызын,
Өрімдей боп өскен сенің жүлдзынын.
Енірейді, егіледі, өксиді,
Күніренгенде музықадан зарлы ызын.
Үш ұйықтасақ ойда бар ма бауырым,
Таусылад деп кенет сенің дәм-тұзын.
Ағайын-туған, дос-жараның қаралы,
Түгел жұттық сүм қайғының көкмұзын.

Тебіренбей сен жатырсың тым-тырыс,
Кеуден сұық,

берер емес бір дыбыс.

Ата-ананың жоралғысы осы деп,
Саған деген дайын болды бір құыс.
Жер бесікке тапсырғалы отырмын,
Топырағың торқа болсын, ал тыныс.
Өзің жаққан отын мәңгі өшпесін,
Ұрпағыңа үласын бақ-тырыс.

Қарағымды құшактадың қара жер,
Жарығынды, жақсылығынды бере көр.
Жайдары жүз жатты келіп Жақиям,
Нұрың болса, жырың болса төге көр!
Ашылмаған асылың болса жер ана,
Балан үшін бар теңінді сөге көр!
Артық айтсам айып етпе халайық,
Көкірегімді кернеп барад қайғы-шер.

* * *

Жайсан жанды жатыр мұнда Жақиям,
Қалды артында сайрандаған кең дүниян.
Арқа сүйер, асқар тауым, ардағым,
Жайлы болсын, нұрлы болсын жаңа үян.
Күніреніп көк тасынды тербеген,
Мұнды апан, зарлы апаң Мәриям!

1973

ЖАҚИЯМ ЖОҚ ҚАСЫНДА
(*Naziraғa xat*)

Сен кеткелі ауылдан 12 күн,
Білмедім қалай өтті күн менен түн.
Еш нәрсеге қөңлім елеңдемей,
Басыңқы боп қалдым мен құлазып тым.

Шығарып сап, мандағынан сүйіп қалдым,
Жалынына Жакиямның күйіп қалдым.
“Назашым” деп сүйейтін қолтығынан,
Жайсаң жанның жоқтығын есіме алдым.

Аспанымның жарығын бұлт шалғандай,
Үңгірейіп астанам бос қалғандай.
Сенерім де, серігім жалғыз сенсің,
Қалай ғана отырам бір толғанбай?..

Сен жатырсың дем алып Сарыагашта,
Емі қонсын, тілегім жоқ одан басқа.
Әттең ғана Жакиям қасында жоқ,
Көзім толып кетеді ыстық жасқа.

Маған қарап мұнайма, бекі берік,
Белінді бу, көнілге берме ерік.
Қасында бар қадірлес Қарабаева,
Бір-бірінді жұбатындар қуат беріп.

Сынды қанат екі жан тынығындар,
Болған іске болаттай шынығындар.
Дер кезінде жесірлік оңай емсе,
Басына келмеген жан нені үтар?..

Анасындар, сүтіңмен өсірген гүл,
Екеуінің қайғың мен тағдырың бір.
Балалардың қызығын кезек көріп,
Дос-дүшпанға сыр бермей, сілкініңдер дүр.

ЕЛІМНІҢ АРДАҚТЫСЫ

Казактың марқаска ұлы Илияс Омаров қатты ауырып, Москваға барып операция жасатып, үйіне келді. Бұл кезде Илияс та мен де Калинин кошесінде 96-шы үйде корші тұратыныбыз. Мен оны бала күнінен білемін. Үлкен жазушылардың романына арқау болған атақты Игліктің жақын туысы. Илиястың асырап алған әкесі Омар. Өзінің туған әкесінің аты Дәуім болатын. Игліктің жалғызы баласы Кәдимның алғаны Ордабай хажының Ағжан деген қызы. Одан туған Оспанның алғаны менің әкемнің немере қарындасы Әминә. Илияс Қостанайды оқыды. Қозғайнекті сол бала кезінен киетін еді. Оқуға бара жатқанда, келе жатқанында Оспан жездем біздің үйге түсстін. Илиясты алып келетін де, апарып салатын да Оспан болатын. Бері келгенде Илияс мені ерекше сыйлайтын.

Қайран Илияс қармақтай боп үйге кіргенін әйнектен коріп, еніреп жылап отырып, осы оленді жазып, пошта жәшігіне салдым.

Келдің бе аман-есен, бауырласым,
Жолыңа төктім талай көздің жасын.
Ажаңмен арпалысып сен жатқанда,
Тіледі тілегінді ауылдасын.

“Жұқ ауырын нар көтерер” дегендейін,
Кеуденің оты қайта дауылдасын.
Елімнің ерен туған ардақтысы,
Өрлесін, ұзай берсін өмір жасын!

Ақ көңіл, ақылды жан, сабырлы жан,
Қасқайып қараушы едің омірге пан.
Досың түглі, қасың да жалған демес,
Қасиетінді ерекше өзіңе тән.

Сыпайы, кіші пейіл, мейірімділік,
Өзгеше өн бойына беретін сән.
Қосылдың үйіріңе аман келіп,
Қарағым — қайырлы таң,
қайырлы таң!

* * *

Арада бір жеті откенде, аман келгеніне жылқы сойын, жолдастарын, достарын шақырып қонақасы берді.

Келесі күні құдаларын, ағайындарын шақырганда, маган озі хабарласып: “Апай бүгін сағат екіде біздің үйге келініз! Сіздерді аман коргенім үшін азгана уақыт бірге отырғым келеді” деді.

Тамактан кейін менің өлеңімді төс қалтасынан алып: “Апа! Өз үнінді сағындым. Мына маған арнаған сөзінді өзің оқып берші,” — деді.

Мен қатты тебіреніп оқып бердім. Илияс өксіп-өксіп жылап, шаршап қалды. Аздан кейін қасыма келіп, бетімнен сүйіп алғыс айтқан еді. Аяулым!

1969

АСҚАР ТАУЫМ ҚҰЛАДЫ

Илияс Омаров қайтыс болғанда, қарындасты Әминаның сұрауымен жазылған жоқтау.

Сөге көрме ағайын,
Мұңымды айтып шағайын.
Аскар тауым құлап түр,
Үндемей қалай қалайын?
Сіздерден басқа кімім бар,
Ой жарандар құлақ сал.
Зарлап-зарлап алайын,
Арманда кеткен ардағым.
Бір жан үшін шарладын,
Жолына құрбан болайын!

Деп тілеп ем күн-түні,
Тілегім кетті даға.
Табылмады-ау бір шипа,
Кеудене түскен жараға.
Салмақ салдын санаға,
Қабағынды щытып көрмедин.
Ағайын-тұган балаға,
Ажалмен жалғыз алыстын,
Алдырмаймын деп жан аға!
Тура келген сүм тағдыр,
Жармаса берді-ау жағана.

Бар күшінді сарықтын,
Шаршадын да тарықтын.
Пышаққа түстің бел буып,
Шығар деп алдан жарық күн.
Қуат болды мейірімі,
Өзінді сүйген халықтын.

Дүниеден көштің құнірсіп,
Шырағы сөніп жарықтың.
Жастай кеткен жайсаңым,
Бір көруге аңсадым.
“Қарағым” деген сөзінді,
Қайталап айтшы,
зарықтым!..

Жетім едік жеткіздің,
Жетектеп жүріп бауырым.
Күрсінбедің көрсөң де,
Жоқшылықтың ауырын.
Қасқайып барып қарсы алдын,
Өмірдің дүлей дауылын.
Талантты туган тарланым,
Таусылмас айтсам арманым.
Өзінмен кетті, өкініш,
Бойыңа біткен қаруың.
Ілиясым деп енірейді,
Алыста жатқан ауылың.
Ашы үнім тербесін,
Көзімнің жасы көлдесін.
Бесігің болып атанған,
Сарыарқаның сауырын.

Көз алдымнан кетер ме,
Ақсия келіп құлгенің.
Көрген сайын қуанып,
Асыға басып жүргенің.
Кіндіктен жалғыз кербезім,
Кетерінді ерте білмедім.
Сен кеткенше дүниеден,
Мен бейбақ неге өлмедім.
Ақ сұнқарым, аккуым,
Табытқа жатам деп пе едін.
Бірге өлмедім, бір тудым,
Зарлап қалам деп пе едім?
Ортада жалғыз сен едің,
Біз сорлыға көп пе едің?
Ел қызығын көрмедің,
Жер қызығын көрмедің,
Тым болмаса бауырым.
Алпысқа да келмедің,
Сұнқылдал қалдым артында.

Соңынан неге ермедім?
Өзегім от бол жанады,
Көзімнен қан бол тамады.
Ағатайым, аяулым,
Аруағынды тербедім.

Бұл жоқтауды Мұхамеджан Дүзенов келіп оқып, егіле жылап еді. Сонда оның өзі ауырып жүр екен. Қайран, қазақтың асыл азаматтары...

1978

АРҚАНЫҢ АРДАҒЫ ЕДІҢ
(Қазов Мәнке Нұрманұлының рухына)

Үлкенге іні, кішіге үстаз Мәңкешім,
Мекендейсің Кенсайдың енді өлкесін.
Бір атадан қалған жалғыз сен едің,
Кара жер құшты, Арканың ардақ еркесін.

Фалым едің, дарын едің білімпаз,
Достарыңмен өсуші еді оркешің.
Анаңың келіп, жаттың бауырым жанына,
Аймаласын кенже ұлын, еркешін!

Апаларың төкті көзден қанды жас,
Оқ тигендей бүктетілді қарында.
Ағайын-тұған, дос-жаарандар күйзелді,
Сапар шектің қайтып бізге қайырылmas...

Алған жарың, екі ботаң, туыстар,
Басыңа келіп, топырағынды уыстар.
Аруағынды тебірендіріп карт апан,
Саған арнап өлең-жырдан ту үстар!

1989 .

ДАРА ТУҒАН

(Педагогика ғылымының докторы, профессор Мырзагали Төлегеновтың қазасына)

Ардагер азамат ең дара туған,
Бақытты, білімді де ала туған...

Толықсып тұрган шақта кеттің құлап,
Сүйген жар, жас балалар қалды жылап...
Кия алмай шәкіртерің, қаламдастын,
Құніреніп табытына иді басын.

Топырағы туған жердің болсын мамық,
Қарсы алсын перштегер шырақ жағып.

1991

СҮЙГЕН ЖАРЫҢ ҚАЙЫРЫЛМАС

(Фарида Төлегеноваға көніл айту)

Жарты жылдай тіл қата алмай жаттым мен,
Күйігінді сыртта жатып тарттым мен.
Ай маңдайлым деп сүюші ем аяулым,
Аңзы зарың шыбын жанға батты тым...

Баралмадым, болалмадым қасында,
Арпалысқан, ауыр күннің тұсында.
Бар қасіретін тартқан едім өмірдің,
Тұсіп қалдым кәрлік деген қысымға.

Сені ойласам, қамығамын, Фаридаш,
Қайғы жұтып қайыстың-ау қайран жас.
Қара жамылып қала бердің қарғам-ай,
Сапар шекті сүйген жарың қайырылмас.

Сапар шекті алыс жолға ардағын,
Езіліп жүрек, өксіп жылап зарладын.
Дүиіе жалған деген осы Фаридаш,
Ақырғы рет тіл қатысып қалмадын.

Айта берем арманың көп ішінде,
Ақылың да жеткілікті күшің де.
Еркелейтін Мырзагали жоқ енді,
Кірсе кірер сағынғанда тұсіне.

Екі талың аман болсын, бауырлар,
Келмесін қайта ызғарлы, қара дауылдар.
Жастар жетер, жылжып өтер, сүм өмір,
Өткен сайын салмағы да ауырлар.

Ата-анаң аман болсын қасында,
Суынбасын, сырт айналып досын да.
Болған іске болаттай бол аяулым,
Үғар болсаң көп мағына осында!..

1991

АПАЛАП КЕЛУШІ ЕДІН
(*Айсұлу Идрисованаң аруағына*)

Айсұлу, кайда кеттің айналайын?
Тебіреніп, аруағынды еске алайын.
Апалап келуші едің әдейі іздеп,
Мен қуаныш, қалушы едім келген сайын.

Алаңсыз өз анаңдай көруші едін,
Қайғымды, қасіретімді бөлуші едін.
Сыйласып, сырласқанда, сыр жасырмай,
Апаңың ақ пейіліне сенуші едін...

Еркелеп асылушы ең мойыныма,
Жатушы ең жас баладай қойыныма.
Сапарың құтты болсын, алдың ашық,
Кіріпсің қара жердің қойынына!

Артында қалды сенің ұлы-қызын,
Жас үрпак, немерелер жан жұлдызын.
Соларға ғұмыр берсін, бақыт берсін,
Солар тірі жүргендеге өшпейді ізін.

Апаңың үні жетсін құлағына,
Дүниеде адам мәнгі тұрады ма?..
Бәріміз де барамыз, уақыт жетсе,
Кездесейік жұмақтың шырағында.

Айсұлу Идрисова 1930-1934 жылдары ҚазПИ-дін жанынан ашылған рабфакта бірге оқыған қыз еді. Рабфакта 5000 қыз келіншектер, 500 ер-азаматтар оқыды. Қыздардың ішіндегі ең кішкентайы Айсұлу болатын. Келген күннен маған үйір болды. Өзі біреудің жалғыз қызы екен. Мейлінше ерке, өткір. Ол кезде тамақ

тапшы болатын. Қарны ашса домалап жата қалатын. Менсіз ешқайда бармайтын. Сабакқа өте зерек, алғыр болатын. Дене шынықтыруды жақсы көрестін. Рабфактан кейін бөріміз де тұрмыс құрып, ел қатарына ендік. Мениң жолдасым 1937 жылдың құрбаны болып кетті. Біз бір-бірімізден адасып қалдық. Мен екі жас бала, 85 жаста атам, екі жас қайнұммен қалдым. Жоқтықтың, қорлықтың бөрін де көрдім. Оның үстіне 1941 жылы соғыс басталды. Екі қайнұм майданға сұранып кетті. Атам қайтыс болды. Мені еш жерге қызметке алмайды. Үйге жарық, пешке отын бермейді. Жазғаныңды баспайды.

1957 жылы жолдасым өлідей акталды. Мениң еңбектерім жарық көре бастады. Көзі ашық Айсұлу мені ізде Алматыға келіп тапты. Оның жолдасы майданда қаза тапқан екен. Бір үл бала, екі қызы баламен қалыпты. Қыздары қыргызға шыққан екен. Бөрінен де немере сүйіп, жақсы аттанды. 1991 жылдың басында 79-ға қараған жасында қайтты.

1991

ЖЕТТИ ҮНІҢ КҮҢІРЕНГЕН

(Жансақыл келіні, менің нағашы жеңгем Қапанның
Сабыржан атты ұлы қаза болғанда коңіл айту)

Сабырлы, саналы едің, Қапан жеңгем,
Өмірден талай ауыр сокқы көрген.
Сарбазың Сабыржаның гайып болып,
Алыстан жетті үнің күңіренген.

Қайғыңа мен де ортақ, қадірлесім,
Бар еді сөз үгатын ақыл-есің.
Сексен жеті шідерлеп қойды мені,
Қартайдым,
жасырайын оны несін!..

Көзім кем, қулақ кеміс, жалқау аяқ,
Атандым ақсақ кемпір,
қолда таяқ.
Кешегі сайрап жүрген Мөриямді,
Көрілік алды қамап, аямай-ақ...

Бәрінді көргім келеді бауырларым,
Амал жоқ, сексен жетіні ауырладым...

Жасымнан жалын болып жансамдағы,
Көп көрдім,
бұл өмірдің дауылдарын!..

Енді көру жоқ шығар, қайран, Қапан,
Сыйласқан күндерімді,
сағынып жатам.
Балаларға бас-көз болып ақылынды айт,
Бақыл бол!
Көре алмаса жиен апаң!!!

1993

* * *

*Ақ тілек, адад жандар, шыдайды екен,
Заманың да, заның да сынайды екен.
Үзбейді үміт арқауын тіршілікте,
Қиналған жан, бір әділдік сұрайды екен.*

*Өлгендердің орыны толмайды екен,
Өлгеніңше ол үмыт болмайды екен.
Үрпақ қалса артында атын атар,
Боздақтардың шаңырағы солмайды екен!*

*Шаттықтың жарқылдаған жанды шамы,
Толқыды тулагандай жүрек қаны.
Кешегі қара түнек, сырын ашып,
Нұр шашты, әділдіктің атты таңы!..*

*Игіліктің жоқ деген ерте-кеши,
Өтті алдынан өмірдің талай көши.
Бар сырымды ақтарып айта салым,
Деген соң, немерелер айтып берші!..*

МАЗМҰНЫ

ӨЛЕҢДЕР

БӘРІЦЕ ДЕ ЖЕТЕРМІН.....	8
КОЗІННЕҢ ЖАНАДЫ ШОҚ.....	8
ҰМТЫЛ АЛҒА.....	8
ТАҒДЫРЛАС ЖАН.....	9
ТОЛҒАНЫП АНА ЖЫРЛАЙДЫ.....	10
ЖАН СЫРЫ.....	11
ҚАЙРАН ЕЛІМ!.....	13
ТОРҒАЙ ТОЛҒАУЫ.....	14
СЕКСЕН СЫРЫ.....	15
МЕНИҚ ҚӨРШІМ.....	17
МӨҮЕЛІ БӘЙТЕРЕГІМ.....	18
АНАНЫҚ АРНАУЫ.....	19
САМФАЙ БЕРШІ.....	21
ЖАҢА ЖЫЛ ТОЛҒАУЫ.....	22
ӨМІР ШІРКІН.....	24
МЕН КЕТЕРМІН.....	24
ПЕРИШТЕМ, ҚҰЛЫНЫМ АЙГУЛІМ!.....	25
ЖАЛМАЙМЫН ДЕП АТОММЕН.....	25
АҚОРДАМСЫҚ ШИПАГЕР.....	26
ӨЛЕҢ ӨРГЕН КӨК ТЕРЕК.....	26
ҚАНАТЫҢДЫ ҚАҒА БЕР.....	27
СЕКСЕН УШ.....	28
МАЙ КЕЛДІ.....	28
АҚ БАТА.....	28
ЖАН ШУАҒЫМ.....	29
ҚҰТТЫ БОЛСЫН ӨРІСІҢ.....	30
ЖАН-ЖАҒЫҢА ҚАРАҒЫН.....	30
ЖУЗІҢ ЖЫЛЫ.....	31
БАҒЫҢДЫ ІЗДЕ.....	31
ЖАРЫСА ӨСІП ЕРЖЕТТИК.....	32
ДОС ЛЕБІЗІ.....	33
ҚУАНЫШТЫҢ ҚҰДІРЕТИ.....	33
ЖАРҚЫН ЖУЗДІ ЖАЙСАҢЫМ.....	34
СЕН КЕЛГЕНДЕ.....	36

БӨБЕГІМ ДЕП ӨЛЕҢДЕТТІМ

БАЛ БӨБЕГІМ.....	38
АЛАҚАЙ.....	39
АЯЗ АТА.....	40
ҚАБЫЛ АЛШЫ.....	41
АРНАУ.....	42
КЕЛЕ ФОЙ.....	42
БӨБЕК ЖЫРЫ.....	43
КЕЛШІ МЕНИҚ БӨБЕГІМ.....	43

БАЛАМА.....	45
КЕЛШІ, ЖАНЫМ!.....	45
СӘУЛЕГЕ.....	47
АЙДАР МЕН ЭЖЕСІ.....	48
АНА ҚӨҢІЛ ШАЛҚИДЫ.....	49
АЙБАР МЕН ЛӘЙЛӘ.....	50
РАЙХАН.....	50
ЖҮРЕГІМДІ ТОСАМЫН.....	51
МӘРИЯШ ПЕН МАМАСЫ.....	52
МЕКТЕПКЕ БАРДЫ ҮРҮСЖАН.....	52
СЕНДЕР УШИН.....	54
БАҒБАН МӘРИЯШ.....	55
ФАЛИЯ МЕН ҚҰЫРШАҚ.....	55
МҰРАТ ПЕН МҰРАТБЕК.....	56
НЕМЕРЕМ МЕНИң, НЕМЕРЕМ.....	57
ӘЖЕНИң ӘЛДИҢНЕҢ.....	57
КІРДІ БІЛІМ ЕСІГІНЕ.....	58
ОҚЫ, ОЙНА.....	58
ҚУАНЫШ.....	59
АТ ҚОЮ.....	59
ТӘРБИЕ.....	60
МЕКТЕП.....	61
ЖАҚСЫ БОЛСА.....	62
КҮНДЕ БІР “БЕС” АЛЫП КЕЛЕР.....	62
АНА ТІЛЕГІ.....	62
БАСТАЛДЫ МЕКТЕП ДУМАНЫ.....	63
ОЗІМ ТІКТІМ ЖАЛЫҚПАЙ.....	65
СӘБИ ОЙЫ.....	65
СЕНДЕР ЛЕНИН ҮРПАҒЫ.....	66
АНАМА.....	67
АНАШЫМ.....	68
ӘЖЕ ҚУАНЫШЫ.....	69
БАҚЫТТЫ БОЛ, БӨБЕГІМ.....	70
СҮЙІПТІ ОЛ АНАСЫН.....	70
ЛЕНИН АТА – ТҮҮМЫЗ.....	71
МЕКТЕП – АНА.....	71
АСЫЛШЫ КЕЛІП МОЙНЫМА.....	71
МЕКТЕБІМ.....	72
СЕНТЯБРДІң ҚҮДІРЕТІ.....	73
ЖУЛДЕЛІ БАЛА.....	74
БАЛАЛАР КҮНІ – БАҚЫТ КҮНІ.....	74
ЕКІ ДОС.....	75
МҰРАТ ПЕН МӘДИНА.....	76
МАЙРА МЕН НҮРЖАН.....	76
БЕРЕСІң БОЙҒА ҚУАТ.....	77

БАЛА МЕНИҢ БОЛАШАФЫМ.....	78
СЕНДЕР МЕНИҢ ҮМІТІМ.....	78
КЕУДЕМЕ ЖЫР ҚҰЙЫЛАР.....	79
ЕРКЕТАЙЫМ	80
ТАРТУЫМ САҒАН.....	80
ЖАЛЫН БОЛЫП ЖАРҚЫЛДА.....	80
ҚЫЗЫҒЫҢА ТОЙМАЙДЫ.....	81
ЖАРҚЫРА ЖҰЛДЫЗДАЙ.....	82
ЕРКІН ӨС.....	83
АҢСАП КЕЛДІМ КӨРУТЕ.....	83
ЖАС БОТАМ.....	83
ТҮҢҚЫШ ТОЙЫҢ.....	84
ЖАННАФА.....	84
СЕНДЕР МЕНИҢ ҚАНАТЫМ.....	85
РАДИОНЫ ТЫҢДАУ ҚЫЗЫҚ.....	86
СЕРЕЖАНЫҢ САБАҚҚА ӘЗІРЛЕНГЕНІ.....	87
СЕН ЖУРДІ.....	88
ҚАРАТОРҒАЙ.....	89
ҚЫзық машина.....	89

ТОЛҒАУЛАР

ЖАМАЛДЫҢ ӨМІРІ.....	92
КУЛӘШ.....	96
АБАЙҒА.....	101
САМҒА, САМҒА, ТУЛЕГІМ.....	104
КӨКИҮҚ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ.....	104
БАҚЫТ ҚІЛТІ ТУРАЛЫ.....	106
ЗАМАНА ЖЫРЫ.....	108
ӨМІР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ.....	111
КӘМШАТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА.....	113
ТЫҢ ТОЛҒАУЫ.....	115
ТЫҢ КӨТЕРГЕН ЖАСТАРҒА.....	117
КОМСОМОЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ.....	120
МИЛЛИАРД ТОЛҒАУЫ.....	124
ҚАМҚОРЫМ СЕН.....	125
ҰМЫТЫЛМАС ЖАҚСЫЛЫҒЫҢ.....	127
ҚУАНЫШ ЖЫРЫ.....	129

АУДАРМАЛАР

ЕГЕР БОЛСАМ.....	132
О, ҚАРЫНДАС.....	132
НЕГЕ?.....	132
КУНІМ.....	133
ЖОЛДАСЫМ.....	133
НАЗБУБУ.....	134
ТЕЛЕФОННАН.....	135
ДАЙЫМ.....	135

ЕКЕУ.....	135
НЕ УШИН.....	136
“УМЫТ” ДЕДІҢ.....	136
КІМГЕ АЙТАМ?.....	137
СІЗГЕ.....	137
ЕЛЕСТЕTEM.....	138

ЕРЛІК ЖЫРЛАРЫ

ЕРЛЕРИМ.....	140
ЕГІСКЕ.....	140
БІЗДІҢ КЛИМ.....	141
ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ.....	142
СЕН ЛЕНИННІҢ ҮРПАҒЫ.....	143
АНТ ЕТЕМІН АНАМ САФАН.....	144
МОСКВА.....	146
ҚАМҚОР АНА.....	147
АТТАНДЫ ЖАС ПАТРИОТ.....	148
БОЛСЫН СОНДАЙ ЕРДІҢ ЖАРЫ.....	150
СЫНАЛАТЫН ЖЕРІҢ КЕЛДІ.....	152
ЕР ЖАБДЫҒЫН ЕЛМЕН БІРГЕ САЙЛАНДАР!.....	154
АНТ ЕТЕМІН.....	156
ҚАҚ ЖЕҢІСТІҢ ДАБЫЛЫН!.....	157
ЛЕНИНГРАД.....	159
АЛТЫН БЕСІК ЕЛДІҢ ІШІ.....	160
УКРАИНДЫҚ БАУЫРЛАРЫМ.....	161
КҮН СӨНБЕЙДІ.....	163

МӘНШҮГІМ – МАКТАНЫШЫМ

МӘНШҮКТІҢ ІЗІМЕН.....	166
МӘНШҮК.....	191
МӘНШҮК МӘМЕТОВА.....	216
ОТАН ҚЫЗЫ.....	234
ФИН ҚЫЗЫ.....	259

КӨНІЛ АЙТУ ЖОҚТАУЛАР ЖҰБАТУ

АРЫЗДАСЫП АҚЫРҒЫ РЕТ.....	292
СОҚПАЙДЫ ЫСТЫҚ ЖҮРЕГІН.....	294
ЖАЛҒЫЗ ЕДІҢ.....	295
БОТПАНШЫҚ.....	296
ҚАЙРАТТЫ БОЛ, САҚТА ӨЗІНДІ.....	298
ЖАЛЫН БОП ЖАНЫП ЕДІҢ.....	299
ОТАН ҮШИН ОҚҚА ҮШҚАН.....	299
АНАЛАРЫНА.....	300

ЖЫҒЫЛМАДЫҚ ЖОЛЫМЫЗДАН.....	301
ҚАБЫРҒАҢ ҚАУСАП ҚАЛДЫ-АУ.....	302
ҚАДЫРЛЫ ХАМЗА!.....	302
ҚАРА ОРМАНДАЙ ҚАМҚОРЫМ.....	303
БӘЙТЕРЕККЕ ТЕҢ ЕДІҢ.....	305
АЖАР АНАНЫҢ ЖОҚТАУЫ.....	307
ӨЗІНЦМЕН ЗАМАНЫМ БІР.....	310
ЖҮРЕГІНДІ ЕМДЕЙІН.....	311
ХОШ ЖАЙСАҢЫМ.....	312
ЖАҚИЯМ ЖОҚ ҚАСЫМДА.....	314
ЕЛІМНІҢ АРДАҚТЫСЫ.....	315
АСҚАР ТАУЫМ ҚҰЛАДЫ.....	316
АРҚАНЫҢ АРДАҒЫ ЕДІҢ.....	318
ДАРА ТУФАН.....	319
СҮЙГЕН ЖАРЫҚ ҚАЙЫРЫЛМАС.....	319
АПАЛАП КЕЛУШІ ЕДІҢ.....	320
ЖЕТТІ ҮНИҢ КҮҢІРЕНГЕН.....	321

МӘРИЯМ ХАКІМЖАНОВА

ШЫҒАРМАЛАРЫ

II-ТОМ

Редакторы Құралай Пионер
Суретшісі Нағым Нұрмұханбетов
Техникалық редакторы Әлия Құсайынова
Компьютерде беттеген Нұргұл Сейдахметова

ИБ № 852

Басуға 20.09.2006 қол қойылды. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 17,22 б.т. Есептік баспа табағы 17,0 б.т. Шартты бояулы табағы 17,22 б.т. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1131. Келісімді баға.

**“Ана тілі” баспасы ЖШС, 480009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй**

ISBN 9965-670-45-5



9 789965 670459



ЖШС РПБК “Дәуір”, 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 69-40-35, 42-47-69, 42-07-90,
E-mail: rpik-dauir_81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru

